

Орнықтылық, икемділік және қоғам үшін құндылық жасау

Eurasian Resources Group S.à r.l.
2022 жылғы Орнықты даму туралы есеп



ERG қызметкерлерінің саны шамамен 69 мың адам¹ болатын халықаралық тау-кен металлургиялық компания болып табылады және Қазақстандағы, Африка мен Бразилиядағы интеграцияланған геологиялық-барлау, тау-кен металлургиялық, қайта өңдеу, энергетикалық және логистикалық кәсіпорындарды қамтиды. Біз аса маңызды металдарды ірі өндіруші болып табыламыз және жаһандық энергетикалық көшуге жәрдемдесеміз.

БІЗДІҢ ПАЙЫМЫМЫЗ

Табиғи ресурстар саласындағы халықаралық, орнықты, әлеуметтік жауапты және тиімді компания.

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ

Өзіміз айналысатын істе үздік болу. Өз құндылықтарымызға адал бола отырып, әлеммен бірге даму. Жер мен адамзаттың әлеуетін ұқыпты аша отырып, бізге сенім артқандардың гүлденуін қамтамасыз ету.

БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



Қауіпсіздік



Бірлік



Тиімділік



Даму



Жауапкершілік

➔ Біздің құндылықтарымыз туралы толығырақ ақпарат 89-бетте ұсынылған

ЖЫЛДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ

ҚАРЖЫЛЫҚ

\$3 392 млн
ЕВІТДА базалық көрсеткіші
(2021 жыл: \$4 210 млн)

\$7 924 млн
Түсім
(2021 жыл: \$8 530 млн)

\$481 млн
Еркін ақша ағыны
(2021 жыл: \$1 830 млн)

ӨНДІРІСТІК

1 553 мың тонна
Ферроқорытпалардың өндірісі
(2021 жыл: 1 540 мың тонна)

23 мың тонна
Тауарлық кобальт гидроксидінің өндірісі
(2021 жыл: 20,7 мың тонна)

100 мың тонна
Тауарлық металл мыстың өндірісі
(2021 жыл: 95 мың тонна)

ОРНЫҚТЫ ДАМУ

0,91
Еңбекке қабілеттілік күндерін жоғалтумен жарақаттардың жиілігі (LTIFR)
(2021 жыл: 0,93)


29,9 млн тонна CO₂-бал
Парниктік газдардың шығарындылары²
(2021 жыл: 30,3 млн тонна CO₂-бал)

\$7 254 млн
Бөлінген экономикалық құн
(2021 жыл: \$6 240 млн)




Компания туралы толығырақ ақпарат eurasianresources.lu сайтында ұсынылған.

¹ Мердігерлерді қоспағанда.



8-бет

Орнықтылық



9-бет

Икемділік



10-бет

Қоғам үшін құндылық

Кіріспе

- 3 ERG Тобына шолу
- 5 Бас атқарушы директордың үндеуі
- 8 Біздің бизнес-моделіміз
- 12 Біздің стратегиямыз
- 14 Қызмет нәтижелері
- 17 Елеулі мәселелер

1. Бизнесімізді болашаққа дайындау

- 21 Активтерді дамыту және қолдау
- 26 Технологиялар, тиімділік және цифрландыру

2. Адамдарымыздың өркендеуіне көмектесе отырып

- 31 Денсаулық және өндірістік қауіпсіздік
- 35 Персоналды тарту, дамыту және ұстау
- 39 Еңбек қатынастары

3. Жергілікті қоғамдастықтарды дамыту және олардың әл-ауқаты

- 43 Жергілікті қоғамдастықтарға әсер
- 47 Әлеуметтік инвестициялар

4. Экология саласындағы тиімді басқару

- 55 Ауа мен суға әсерді басқару
- 59 Энергия және климаттың өзгеруі
- 63 Қалдыққоймалар мен қалдықтарды басқару

5. Қоғам өміріндегі ERG рөлі

- 66 Құндылықты бөлу
- 71 Адам құқықтарын қоса алғанда, әдеп және комплаенс
- 76 Жауапты өндірістік-өткізу тізбектері
- 81 Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл және заңнама

ҚОСЫМША

- 83 Корпоративтік басқару, оның құрылымы және тәуекел-менеджмент
- 89 Басқаруға қатысты көзқарастар
- 94 ERG үшін қандай мәселелер елеулі болып табылады және неліктен?
- 96 Стейкхолдерлермен өзара іс-қимылға шолу
- 100 БҰҰ ОДМ-ына сәйкестік
- 103 Сыртқы бастамаларға қатысудың негізгі мысалдары
- 104 Негізгі операциялық активтердің тізбесі
- 105 GRI мөлшерінің көрсеткіші
- 108 БҰҰ Жаһандық шарты көрсеткіштерінің кестесі
- 108 Өлшем бірліктері

Осы есеп туралы

Есепте ERG-дің 2022 жылғы орнықты даму саласындағы қызметі қаралады. Есеп ERG-дің пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өңдеу, энергетика, жобалау және көлік қызметі саласындағы қызметін қамтиды.

Есептің мазмұны Есептілік жөніндегі жаһандық бастама (Global Reporting Initiative, GRI) Стандарттарының талаптарын ескере отырып қалыптастырылды. Есепте ERG орнықты дамуының ең маңызды мәселелері қаралады (17-бет). Есептің мазмұнын үшінші тараптар куәландырмады, алайда оның ішкі тексеруі мен валидациясы жүргізілді.

ERG Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Жаһандық шартына қатысушы болып табылады. Осы есеп БҰҰ Жаһандық шартының Қағидаттарын енгізу туралы ақпаратты ашу жөніндегі міндеттемелерімізді орындау шеңберінде жарияланды.

Бұл есеп ағылшын, қазақ, орыс және қытай тілдерінде дайындалды. Қандай да бір сәйкессіздіктер анықталған жағдайда есептің ағылшын тіліндегі нұсқасы басым болып табылады.

Есепке ескертулер

«ERG» немесе «Топ» деп Eurasian Resources Group S.à r.l. компаниясы және (немесе) оның еншілес компаниялары түсініледі. Есеп болжамды мәлімдемелерді қамтиды.

Болжамды мәлімдемелер туралы ақпарат осы құжаттың соңғы өңірбетінде ұсынылған.

Осы есепте пайдаланылатын карталардағы елдердің масштабтары және олардың шекаралары болжалды болып табылады.

Біз кері байланыс алуға қуанышты боламыз. Қосымша ақпаратты беру туралы барлық түсініктемелерді немесе сұрау салуларды мына мекенжай бойынша жіберу қажет:

sd.report@erg.net.

ERG ТОБЫНА ШОЛУ

Энергетикалық көшуге жәрдемдесетін табиғи ресурстарды игеру саласындағы әртараптандырылған компания

ERG Қазақстан Республикасының тау-кен металлургия секторының үштен бірін құрайды және хромның құрамы бойынша жоғары көміртекті феррохромды жетекші әлемдік өндіруші, Еуразияда темір кені, алюминий мен глиноземнің ірі өндірушісі, сондай-ақ электр энергиясын, өнеркәсіптік жабдықтарды өндіруші және теміржол операторы болып табылады.

ҚДР-дегі Metalkol кәсіпорнымыз әлемдегі екінші ірі кобальтты өндіруші болып табылады. Сонымен қатар, ERG ҚДР-де ірі мыс өндіруші болып табылады және Малиде, Мозамбикте, ОАР мен Зимбабведе басқа да пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру жөніндегі жобаларды іске асырады. Бұл өңірде біз SABOT компаниясымен трансшекаралық тасымалдарды жүзеге асырамыз.

Бразилияда біздің BAMIN атты интеграцияланған темір кенді және логистикалық кәсіпорнымызды дамыту жалғасуда.

ТОПТЫҢ ДИВИЗИОНДАРЫ




Ферроқорытпалар

\$2 813 млн

Түсім

\$1 465 млн

EBITDA




Темір кені

\$1 122 млн

Түсім

\$435 млн

EBITDA




Глинозем мен алюминий

\$1 178 млн

Түсім

\$303 млн

EBITDA



Кобальт, мыс және басқа түсті металдар

\$2 392 млн

Түсім

\$1 028 млн

EBITDA



Энергетика

\$657 млн

Түсім

\$196 млн

EBITDA



Логистика

\$303 млн

Түсім

\$60 млн

EBITDA

БІЗДІ БАСҚАЛАРДАН НЕ ЕРЕКШЕЛЕНДІРЕДІ



> Шығындар деңгейі төмен және өсу әлеуеті жоғары кәсіпорындарды қамтитын әртараптандырылған портфель



> Интеграцияланған тау-кен металлургиялық, қайта өңдейтін, энергетикалық, логистикалық және маркетингтік кәсіпорындар



> Жауапты түрде өндірілген кобальтты әлемдегі ең ірі берушілердің бірі



> Бүкіл әлем бойынша көпжылдық әртараптандырылған клиенттер базасы



> Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасына қатысу – Еуразия орталығында стратегиялық орналасу



> Жаһандық операциялық қатысуымен Қазақстандағы көпжылдық қызмет

Біздің әлемдегі орнымыз

- Өндірістік өңірлер: Бразилия | ҚДР | Замбия¹ | Қазақстан
- Даму өңірлері: Мали | Мозамбик | Зимбабве | Сауд Арабиясы | ОАР



ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанда ERG-дің өндірістік активтері мен персоналының басым бөлігі шоғырланған. Мұнда Қазхром, ССКӨБ, Қашар кені, Қазақстан алюминийі, Қазақстан электролиз зауыты (ҚЭЗ), Еуроазиятық энергетикалық корпорациясы (ЕЭК), Шұбаркөл Көмір, 3-Энергоорталық, Транском және ERG Service кәсіпорындары орналасқан. Қазақстанда алюминий мен ферроқорытпалар өндіріледі, олар жаһандық энергетикалық көшуде маңызды рөл атқарады.

Негізгі өнімдер мен қызметтер

Ферроқорытпалар, темір кені, глинозем мен алюминий, энергетика, логистика

Персоналдың саны

64 246

Бөлінген экономикалық құн

\$4 339 млн

LTIFR

0,99

Орнықты даму мәнмәтіні: Біздің басым міндетіміз шалғайдағы моноқалалардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту, сондай-ақ өзіміз жұмыс істейтін өңірлердегі ауаның сапасын арттыру болып табылады. Бұдан бөлек, біз ұлттық деңгейде әлеуметтік-экономикалық дамуға елеулі үлес қосамыз (xx-бет). Біз сондай-ақ кәсіпорындарымыздың парниктік газдар шығарындыларын азайтудың маңыздылығын түсінеміз, жаңартылатын энергетика саласындағы жобаларды іске асырамыз (61-бет).



АФРИКА

ҚДР-дегі Metalkol кәсіпорны қалдықтарды қайта өңдеуді жүзеге асырады және әлемдегі ең ірі кобальт өндірушілерінің бірі болып табылады. Metalkol металл мысты да өндіреді. ҚДР мен Замбия арасындағы шекарада орналасқан Frontier кенішінде сульфидті мыс концентраты өндіріледі. 2022 жылғы желтоқсанда кобальт пен мысты өндіру жөніндегі ҚДР-дегі кәсіпорымыз Boss Mining² жұмысын қайта бастады (xx-бет). Біздің логистикалық компаниямыз SABOT өз қызметіне де, басқа да клиенттерге қызмет көрсетеді.

Негізгі өнімдер мен қызметтер

Кобальт, мыс, логистика

Персоналдың саны

4 062

Бөлінген экономикалық құн

\$1 858 млн

LTIFR

0,26

Орнықты даму мәнмәтіні: Біздің өндірісімізде артельді және шағын ауқымды өндіруден алынған шикізат пайдаланылмайды. Дегенмен, ERG осы мәселеге қатысты бірқатар проблемаларды шешумен айналысады. Metalkol-да жинақталған қалдықтарды қайта өңдеу және қауіпсіз сақтау да қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуды қамтамасыз етеді. 2022 жылы Metalkol кәсіпорнында RMAP RMI процесі шеңберінде аудит жүргізілді, ол RMI стандарттарына сәйкестікті растады (77-бет).



БРАЗИЛИЯ

Баия штатындағы BAMIN интеграцияланған кәсіпорны құрамындағы өте жоғары сапалы кен бар Педра де Ферро темір кен орнын, сондай-ақ FIOL трансконтиненттік теміржолының учаскесін және Порту Сул тереңсулы портын қамтиды. BAMIN темір кенін өндірудің жоспарланған көлемі 26 миллион тонна болатын Бразилиядағы инфрақұрылымды дамытудың ең ірі жобалардың бірі болып табылады.

Негізгі өнім

Темір кені

Персоналдың саны

277

Бөлінген экономикалық құн

\$235 млн

LTIFR

0,0

Орнықты даму мәнмәтіні: Ірі инфрақұрылымдық жоба ретінде BAMIN өзінің экологиялық және әлеуметтік әсерін үнемі бақылауды талап етеді. Бұл жоба Баия штаты үшін елеулі экономикалық артықшылықтар, оның ішінде жалпыға ортақ пайдаланылатын маңызды логистикалық дәлізді құру және құрамында қоспалары аз жоғары сапалы темір кенін экспорттау есебінен жасайды деп күтілуде.

Корпоративтік кеңселер

Еуропа: Амстердам | Люксембург | Штайнхаузен Азия: Астана | Бейжің Африка: Йоханнесбург | Лубумбаши | Маврикий Таяу Шығыс: Джедда | Дубай Оңтүстік Америка: Сальвадор

1 Замбиядағы Chambishi Metals кәсіпорны қазіргі уақытта консервацияланған.

2 2023 жылғы маусымда Boss Mining кәсіпорны уақытша тоқтатыла тұрған болатын. Толығырақ ақпарат xx-бетте ұсынылған.

Болашаққа дайындығымызды қамтамасыз ету



33

Біз өз бизнесіміздің жаһандық энергокөшуге жәрдемдесіп, күтілетін шикізат суперциклінен артықшылықтарды алуы үшін шаралар қабылдауды жалғастырдық

2022 жылы біз шикізаттық тауарлар бағасының төмендеуін, пайыздық мөлшерлемелердің өсуін және Ресей мен Украина арасындағы жалғасып жатқан қақтығысты қоса алғанда, сыртқы факторлардың жағымсыз әсерлерін еңсеру қабілетін тағы бір рет көрсеттік. Біз орнықтылық пен икемділікті көрсеттік, бұл біздің операциялық және қаржылық көрсеткіштерімізге осы факторлардың әсерін шектеуге мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, біз өз бизнесіміздің энергокөшуге жәрдемдесіп, күтілетін шикізат суперциклінен артықшылықтарды алуы үшін шаралар қабылдауды жалғастырдық.

Біз атмосфералық ауаға шығарындыларды қысқарту, өндірістік-өткізу тізбектерін жауапты басқару, адам құқықтарының сақталуын кешенді тексеру және қалдыққоймаларды басқару сияқты бағыттарды қоса алғанда, халықаралық озық практикаларды енгізу жөніндегі жұмысты да жалғастырдық.

Менің үлкен өкінішіме қарай, Қазақстанда өндірістегі жазатайым оқиғалардың салдарынан бес қызметкер мен екі мердігер қайтыс болды. Мұндай оқиғалар жол бергісіз болып табылады және оларды болғызбау біз үшін сөзсіз басымдық болып қала береді. Осыны ескере отырып, біз барлық кәсіпорындарымызда өндірістік қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін мақсатты шараларды іске асырамыз.

Атап айтқанда, 2023 жылы Қазақстанда ауқымды бес жылдық бағдарлама іске қосылады (34-бет). Өкінішке қарай, бұған қоса, біздің тағы бір қызметкеріміз COVID-19-дан қайтыс болды. Бүкіл ERG ұжымының атынан қайтыс болған адамдардың туыстарына, достары мен әріптестеріне шын жүректен көңіл айтамын.

Сонымен қатар, 2023 жылдың наурызында ҚДР-дегі су тасқыны Boss Mining кәсіпорны мен жақын маңдағы қауымдастықтарға әсер етті. Жергілікті тұрғындармен, уәкілетті ведомстволармен және азаматтық қоғам ұйымдарымен ынтымақтастықта біз зардап шеккендерге қолдау көрсетіп, осы табиғи апаттың мән-жайын анықтау үшін шаралар қабылдадық.

ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

2022 жылдың қорытындысы бойынша EBITDA көрсеткіші 20%-ға жуық төмендеді, бұл ретте 2021 жылы ол 108%-ға өскен. 2022 жылы бұл көрсеткіштің динамикасы Ресейге темір кенінің жеткізілімдерін тоқтата тұруды, кобальт нарығындағы артық ұсынысты және темір кені мен мыс бағасының төмендеуін қоса алғанда, бірқатар факторлардың әсерінен түсімнің 7%-ға қысқаруына негізделді. Дегенмен, Standard and Poor's агенттігі ERG-дің кредиттік рейтингін B-тен B-ге дейін көтерді, ал Moody's агенттігі ERG-ге берілген кредиттік рейтингті B1 деңгейінде растады. Екі рейтинг бойынша да болжам – «тұрақты».

Біз металл мыс (5%) пен кобальт гидроксидінің (9%) өндірісін ұлғайттық. Сонымен бірге, Ресейге жеткізілімдердің тоқтатыла тұруына байланысты темір кенін өндіру 29%-ға қысқарды. Бұдан басқа, Қазақстан электролиз зауытындағы өндірістік оқыс оқиғаның нәтижесінде алюминий өндірісі 5%-ға

қысқарды, оның салдары қазіргі уақытқа қарай жойылды, ал мыс концентратының өндірісі ҚДР-дегі Frontier кәсіпорнындағы тау-кен жұмыстарының жоспарына сәйкес 12%-ға төмендеді.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Бизнестің орнықтылығын және оның болашаққа дайындығын қамтамасыз ету

2022 жылы басқарушылық міндеттердің анағұрлым кең ауқымын өңірлер деңгейіне беру мақсатында ішкі қайта ұйымдастыру басталды. Бұл өңірлік ерекшелікті ескере отырып, шешімдер қабылдау тиімділігін қамтамасыз етеді және ұйымдық тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, біз активтерімізді дамыту және қолдау мәселелеріне баса назар аудардық және күрделі шығындарды 54%-ға арттырдық. Бұл 2021 жылдан бері кейінге қалдырылған инвестицияларды, сондай-ақ операциялық, коммерциялық және экологиялық тұрғыдан олардың болашаққа дайын болуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстандағы жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға инвестицияларды қамтыды. Күрделі шығындарды арттыру Африкадағы өндірісті ұлғайту (біз ҚДР-де мыс пен кобальт өндірісін екі есе арттыруды жоспарлап отырмыз) және жаңартылатын энергия көздерін дамытуды қоса алғанда, Бразилиядағы BAMBIN кәсіпорнын одан әрі дамыту жөніндегі стратегиялық бастамаларымызды іске асыруды да қамтамасыз етеді.

БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ ЖАЛҒАСЫ

Бұған қоса, өзіміз жұмыс істейтін ағымдағы өңірлерде геологиялық-барлау жұмыстарының көлемін кеңейтіп, Сауд Арабиясындағы жаңа мүмкіндіктерді зерделеп жатырмыз. Бұл мыстан бастап сирек кездесетін металдарға дейін болашақта сұранысқа ие болатын пайдалы қазбалардың кен орындарын барлауды қамтиды.

Жиынтығында осының бәрі бізге жаһандық энергетикалық көшуге негізделген металдарға сұраныстың болжамды елеулі өсуін қанағаттандыруға, сондай-ақ жауапты түрде өндірілетін аса маңызды пайдалы қазбалар жеткізілімдерінің сенімділігін қамтамасыз ету жөніндегі жаһандық күш-жігерге жәрдемдесуге мүмкіндік береді.

Өндірісіміздің көміртегі сыйымдылығына назар аудару

Ұзақ мерзімді перспективада біз Қазақстанда көмірден электр энергиясын пайдалануды біртіндеп қысқарту, энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергетика саласындағы жобаларды іске асыру арқылы өндірісіміздің көміртегі сыйымдылығын төмендетуді жоспарлап отырмыз. Атап айтқанда, 2024 жылы Дөң ТКБК ауданында қуаты 155 МВт Хромтау-1 жел электр станциясын пайдалануға беру жоспарланып отыр. Бұдан басқа, Қазақстанда көміртегісіздендіру жөніндегі ұзақ мерзімді бастамаларды бағалау шеңберінде біз көміртегінің ішкі бағасын қолданамыз. Бұл жұмыстың Қазақстанда электр энергиясының қысқа мерзімді тапшылығы аясында жүргізіліп жатқанын айта кеткен жөн, бұл оны жою және елдегі энергиямен жабдықтау тапшылығын толтыру үшін көмірден электр энергиясын өндіруді ұлғайту қажеттілігін негіздеді.

Пайдалы қазбалардың жауапты өндірістік-өткізу тізбектерін қалыптастыру

Айқын, жауапты және ынтымақтастыққа негізделген пайдалы қазбалардың өндірістік-өткізу тізбектерін құру үшін істеп жатқанымызды мақтан тұтамын. 2022 жылы Metalkol кәсіпорнында Пайдалы қазбаларды жауапты берушілерді таңдау жөніндегі бастаманың (RMI) Минералды ресурстардың жауапты шығу тегін қамтамасыз ету процесінің (RMAP) шеңберінде алғашқы аудит жүргізілді. Аудиттің қорытындысы бойынша кәсіпорынның қызметі тиісті RMI стандарттарының талаптарына сай келетіні анықталды. 2023 жылы бұл сәйкестікті қайтадан растау алынды. Сонымен қатар, біз Metalkol кәсіпорнының «Таза кобальт және мыс» бағдарламасының қағидаттарына сәйкестігі туралы екінші және үшінші есептерді, сондай-ақ сәйкесінше 2022 жылдың шілдесінде және 2023 жылдың маусымында PwC компаниясының оларды тәуелсіз растауы туралы қорытындыларды жарияладық.

Біз 135 мүшесі бар, негізін қалаушылардың бірі ERG болып табылатын көпжақты ұйым – Аккумуляторлық батареялар секторы үшін жаһандық альянстың (GBA) қызметінде жетекші рөл атқаруды жалғастырдық. 2023 жылдың басында Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форумның жыл сайынғы отырысында GBA ұсынған әлемдегі алғашқы Аккумуляторлық батареялар паспортының пилоттық іске қосылғанын атап өтуге қуаныштымын.

Паспорттың мақсаты стейкхолдерлерге орнықты даму аспектілерін қоса алғанда, батареяларда пайдаланылатын материалдардың шығу тегі туралы толық көріністі беру болып табылады. Біз GBA-дің Battery Pass жобасы және Орнықты нарықтар жөніндегі бастама (SMI) сияқты осы саладағы басқа ұйымдармен ынтымақтастығына да белсенді жәрдем көрсетеміз. SMI орнықты даму саласындағы жаһандық мақсаттарға қол жеткізуде жекеменшік сектордың рөлін одан әрі арттыруға жәрдемдеседі. 2023 жылы мен SMI-дің атқарушы емес директоры-құрылтайшысы болып тағайындалдым, бұл мен үшін үлкен мәртебе болды.

Біздің қызметіміз аккумуляторлық батареяларды өндіруде пайдаланылатын металдармен шектелмейді. Біз Лондон металдар биржасының (LME) өнім берушілерді таңдауға қатысты Жауапты көзқарасының талаптарын «Алюминийді жауапты өндіру» бағдарламасын іске асыруды жалғастырдық. Бұдан басқа, Халықаралық хром өндірушілерінің қауымдастығы (ICDA) Қазхромға «Жауапты хром өндірушісі» мәртебесін берді. Бұл кәсіпорын EcoVadis рейтингтік агенттігінің Платина медалін алды.

Қызметкерлерімізді қолдау және дамыту

Бизнестің икемділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету үшін білікті және ынталы қызметкерлер қажет. Қазақстанда 60 мыңнан астам қызметкер үшін жалақыны сараланған көтеру жүргізілді, моноқалалардағы еңбек жағдайларын жақсарту және өмір сүру деңгейін арттыру бойынша іс-шаралар іске асырылды, сондай-ақ озық мамандандырылған дағдыларды дамытуға ерекше назар аударып, біліктілікті арттыру бағдарламалары кеңейтілді. Сонымен қатар, біздің корпоративтік мәдениетімізді, оның ішінде ERG Way Өндірістік жүйесін енгізу арқылы трансформациялау жалғасуда.

Африкада операциялық қызметтің ұлғаюына байланысты (Metalkol кәсіпорнының екінші кезегіндегі өндірісті ұлғайтуды және Frontier кәсіпорнында өз күшімен кен орнын игеруге көшуді қоса алғанда), сондай-ақ тұтастай алғанда, осы өңірдегі қызметті жоспарланып отырған кеңейту тұрғысынан қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламалары кеңейтілді. BAMIN кәсіпорны Great Place to Work® сертификатын алған Бразилияда персоналды жалдау және оның біліктілігін арттыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс та осы өңірде өндірісті ұлғайтуды қолдауға бағытталған.

БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ ЖАЛҒАСЫ

Өзіміз жұмыс істейтін елдердегі жергілікті қоғамдастықтар мен тұтастай алғанда, қоғам үшін құндылық жасау

2022 жылы қызметкерлерді, өнім берушілерді (жергілікті және халықаралық) және өзіміз жұмыс істейтін елдердің үкіметтерін қоса алғанда, ERG жұмыс істейтін елдердегі стейкхолдерлер арасында бөлінген экономикалық құн 7 254 млн АҚШ долларын құрады (2021 жыл: 6 240 млн АҚШ доллары). Бұл сома 1 257 млн АҚШ доллары көлеміндегі салық төлемдерін қамтиды (2021 жыл: 1 426 млн АҚШ доллары).

Топтың әлеуметтік инвестицияларының көлемі 96 млн АҚШ долларына дейін өсті (2021 жыл: 65,2 млн АҚШ доллары). Атап айтқанда, «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорын құруды қолдауға 65 млн АҚШ доллары бөлінді. Осы және басқа да бастамалар шеңберінде біз Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған ұлттық әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге белсенді жәрдем көрсетеміз. Осы елдегі әлеуметтік инвестицияларымыз моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесуге, жастардың кәсіби біліктілігін арттыруға және халықтың жергілікті басқаруға қатысуын қамтамасыз етуге де бағытталған.

ҚДР-де Міндеттемелердің тізілімдері шеңберіндегі іс-шараларды іске асыру жалғасын тапты. Бұл көзқарас жергілікті қоғамдастықтардың олардың дамуының басым бағыттарын айқындауға қатысуын қамтамасыз етеді. Бұл ретте баламалы кіріс көздерін (оның ішінде кен іздеуші қауымдар үшін) құруға, таза суға, денсаулық сақтау мен білім алуға қол жеткізуді қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінді.

Бразилияда BAMIN кәсіпорны Баия штатында жалпыға ортақ пайдаланылатын теміржол және порт инфрақұрылымын құрады. Ол кәсіпорын өндіретін темір кенін, сондай-ақ бөгде ұйымдардың жүктерін тасымалдау үшін пайдаланылатын болады.

Бұл жоба өңір экономикасының ұзақ мерзімді өсуіне үлес қосады деп күтілуде. Біз жүзеге асыратын әлеуметтік инвестициялармен бірге бұл жергілікті қоғамдастықтар үшін, сондай-ақ тұтастай алғанда, Баия штатының халқы үшін артықшылықтар жасайды.

Жоспарлар мен перспективалар

Біз стейкхолдерлер мен жалпы қоғамның кең ауқымы үшін құндылық тудыратын икемді және тұрақты бизнесті дамытуға бағытталған бастамаларымыздың арқасында тұрақты өсудің сенімді негізін қаладық. Сонымен бірге, біз өз қызметімізді жаһандық энергетикалық көшуге жәрдемдесіп, тарихтағы ең ауқымды болатын жауапты түрде өндірілген металдарға сұраныстың күтілетін өсуінен артықшылықтар алатындай етіп құруды жалғастырамыз.



Бенедикт Сobotка
Бас атқарушы директор

БІЗДІҢ БИЗНЕС-МОДЕЛІМІЗ

Стейкхолдерлердің кең тобы үшін құндылық жасау

РЕСУРСТАР

Қаржылық капитал

Адами капитал

Әлеуметтік капитал

Табиғи капитал

Өндірістік капитал

Зияткерлік капитал

ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ӨНДІРІС



БІЗДІҢ ӨНІМДЕРІМІЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПАЙДАЛАНЫЛУ

БОЛАШАҚ/ ЖАСЫЛ ЭНЕРГЕТИКА МЕТАЛДАРЫ



Кобальт
Литий-ионды батареялар



Мыс
Инфрақұрылым, көлік, электроника



Глинозем мен алюминий
Инфрақұрылым, құрылыс, көлік

БАСҚА ДА МЕТАЛДАР/ ӨНІМ ТҮРЛЕРІ



Ферроқорытпалар
Болат құю өнеркәсібі



Темір кені
Болат құю өнеркәсібі



Көмір
Электр энергиясын өндіру

ТОПТЫҢ ӨНІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

\$3 392 млн

ЕБИТДА базалық көрсеткіші

0,91

LTIFR

\$7 924 млн

Түсім

68 776¹

Персоналдың саны


29,9 млн тонна CO₂e

Парниктік газдардың шығарындылары

1 989 млн м³

Суды тұтыну

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰНДЫ БӨЛУ



Жиыны \$7 254 млн²

➤ Құндылықты жасауымыз бен бөлуіміз туралы толығырақ 66-бетте.

➤ Тұтастай алғанда, біздің қоғамға әсеріміз туралы толығырақ 11-бетте.

¹ Мердігерлерді қоспағанда.

² Бұл көрсеткіштің толық бөлінуі 68-беттегі кестеде ұсынылған.

Құндылықтар

➤ 89-бет.

Стратегия

➤ 12-бет.

Корпоративтік басқару

➤ 83-бет.

Стейкхолдерлер

➤ 96-бет.

Тәуекелдер

➤ 85-бет.

Елеулі мәселелер

➤ 17-бет.



Бизнестің

Орнықтылығы

\$3 392 млн

ЕБИТДА базалық көрсеткіші
(2021 жыл: \$4 210 млн)

\$481 млн

еркін ақша ағыны
(2021 жыл: \$1 830 млн)

БҮГІН ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАДА БИЗНЕСТІҢ ОРНЫҚТЫЛЫҒЫ

2022 жылы біз геосаяси жағдайдың өзгеруін қоса алғанда, бірқатар қиындықтарға тап болдық (18-бет). Осыған қарамастан, біз бизнесіміздің қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ете алдық. Атап айтқанда, біздің кредиттік рейтингтеріміз бұрынғы деңгейінде қалды немесе көтерілді (15-бет).

Алайда, осы күрделі жағдайлар біздің қаржылық жағдайымызды одан әрі нығайту қажеттілігін ерекше атап көрсетті. Бұл тұрғыда біз:

- Берешектің жалпы көлемін шамамен 240 млн АҚШ долларына қысқарттық, бұл кейбір кредиторларға қарсы санкциялардың енгізілуіне ішінара негізделді;
- Борыштық портфельді әртараптандыру жөніндегі жұмысты жалғастырдық;
- Біздің комплаенс саласындағы саясаттарымызға сәйкес барлық қаржылық ковенанттарды, сондай-ақ барлық қолданылатын санкцияларды сақтауды жалғастырдық (92-бет).

Бұдан бөлек, біз операциялық қызметіміздің орнықтылығын қамтамасыз етуге және соның салдары ретінде, ұзақ мерзімді перспективада орнықтылығымызды қамтамасыз етуге де инвестиция салдық. Бұл мыналарды қамтыды:

- Өндіріс деңгейін қолдау, ұзақ мерзімді минералды-шикізат базасын қалыптастыру және болашақта шығындарды қысқарту мақсатында Топтың Қазақстанда жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарына қомақты инвестициялар (22-бет);
- Көміртексіздендіру жөніндегі ұзақ мерзімді бастамалар шеңберінде Қазақстанда жаңартылатын энергетиканы дамыту (61-бет);
- Қазақстан мен Африкада геологиялық-барлау жұмыстарын қамтуды кеңейту, сондай-ақ Сауд Арабиясындағы мүмкіндіктерді зерделеу (21-бет);
- ҚДР-де Metalkol кәсіпорнының екінші кезегінде өндірісті ұлғайту (23-бет);
- Әлемдік деңгейдегі интеграцияланған темір кенді және логистикалық кәсіпорын – BAMIN қызметін Бразилияда ықтимал кеңейтуге дайындық (24-бет).

Сонымен қатар, біз Топты ұйымдық трансформациялау жөніндегі жұмысты бастадық. Шешімдер қабылдаудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында басқарушылық міндеттерді өңірлік бөлімшелер деңгейіне беруге ерекше көңіл бөлінеді.



Жаңа жағдайларға

бейімделу

Қаржылық келісімдерді
қайта қарау

Өнімнің жеткізілімдерін жаңа
нарықтарға қайта бағыттау

ГЕОСАЯСИ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ

2022 жылы геосаяси жағдай күрделі әрі өзгермелі болды. Бұл шешімдер жедел әрі тиімді қабылдау және қызметімізді белсенді басқару қажеттілігін негіздеді. Атап айтқанда, Ресей мен Украина арасындағы қарулы қақтығыс әлемдік тауар және қаржы нарықтарына едәуір әсер етті. Бірқатар елдер мен халықаралық ұйымдар Ресей үкіметіне, бірқатар компанияларға, Ресейдің ірі банктері мен жеке тұлғаларына қарсы санкциялар енгізді¹. Қақтығыс Ресей мен Украина аумағы арқылы өткен тауар ағындарына да айтарлықтай теріс әсер етті.

Бұл оқиғалар ERG-ге әсер етті. Атап айтқанда, Топтың кейбір кредиторларына және темір кенін ірі сатып алушылардың біріне қарсы санкциялар енгізілді. Сонымен бірге, энергетикалық көмірдің бағасы өсті, өйткені көптеген Еуропа елдері Ресейдің табиғи газы мен көміріне балама іздей бастады. Топтың басқа шикізат тауарларының нарықтарындағы баға конъюнктурасы онша қолайлы болмады (15-бет).

Топ бұл ретте барлық қолданылатын санкцияларды толығымен сақтай отырып, осы күрделі жағдайларға сәтті бейімделді. Арнайы құрылған Жаһандық дағдарыс штабының басшылығымен (72-бет) және Комплаенс функциясының тарапынан белсенді жәрдемдесу кезінде стратегиялық ден қою шаралары іске асырылды. Негізгі іс-шаралар мыналарды қамтыды:

- Келісімдердің талаптарына өзгерістер енгізуді келісу және (немесе) өздеріне қатысты санкциялар енгізілген кредиторлармен бірқатар мәмілелерді тоқтату (72-бет);
- Өздеріне қатысты санкциялар енгізілген клиенттерге өнімнің жеткізілімдерін тоқтата тұру және жеткізілімдерді баламалы нарықтарға қайта бағыттау (14-бет);
- Өздеріне қатысты санкциялар енгізілген өнім берушілермен ынтымақтастықты тоқтату, баламалы өнім берушілерді іздеу және өндірістік қызметті қамтамасыз ету үшін маңызды құрамдастардың қорларын қалыптастыру;
- Мәскеудегі ERG кеңсесін жабуға дайындау шеңберінде оны қысқарту.

Осы және басқа да іс-шаралар бізге осы оқиғалардың біздің қызметімізге әлеуетті теріс әсерін азайтуға мүмкіндік берді.

¹ Санкцияларды, өзгелермен қатар, АҚШ, Еуропалық одақ, Швейцария және Ұлыбритания қолданды.

Қоғам үшін құндылық

жасау

\$7 254 млн

бөлінген экономикалық құн¹
(2021 жыл: \$6 240 млн)

\$96 млн

әлеуметтік инвестициялар
(2021 жыл: \$65,2 млн)

Қоғам үшін құндылық жасауға қосылған үлесі

Жаһандық энергетикалық көшуге жәрдемдесу	59-бет
Жергілікті өнім берушілерді қолдау	66-бет
Жауапты өндірістік-өткізу тізбектерін қалыптастыру	76-бет
Қазақстандағы дамуға жәрдемдесу	20-бет
Қазақстанда инновациялық жұмыс күшін құру	35-бет
Қазақстанда өндірісті жаңғыртуға жәрдемдесу	20-бет
ҚДР-де өмір сүру жағдайларын жақсарту	51-бет
Бразилия экономикасының дамуына жәрдемдесу	67-бет

СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРДІҢ КЕҢ ТОБЫ МЕН ТҰТАСТАЙ АЛҒАНДА, ҚОҒАМ ҮШІН ҚҰНДЫЛЫҚ ЖАСАУ

Біздің бизнесіміз жаһандық және әртарапандырылған болып табылғандықтан, біз бірқатар елдерде жергілікті, өңірлік және ұлттық деңгейде қоғам үшін құндылық жасаймыз.

Біздің ең маңызды экономикалық әсеріміз салықтар мен жалақы төлеуді, жергілікті өнім берушілерден сатып алуды және әлеуметтік инвестицияларды қоса алғанда, стейкхолдерлеріміз арасында экономикалық құнды тікелей бөлу түрінде көрініс табады. Өз кезегінде бұл жұмыс орындарын құруды және қызметкерлеріміздің, мердігерлеріміз бен өнім берушілеріміздің шығыстары нәтижесіндегі оң әсерді қоса алғанда, тікелей емес және жанама экономикалық әсер жасауға жәрдемдеседі.

Бұдан басқа, негізгі экспорттық нарықтарға жоғары сапалы, жауапты түрде өндірілген өнімнің жеткізілімдері инфрақұрылымды дамытудан бастап электромобильдерді өндіруге дейінгі әртүрлі қызмет түрлерін қолдауға ықпал етеді. Біз өндіретін кобальт, мыс, алюминий және ферроқорытпалар жаһандық энергетикалық көшуге жәрдемдеседі және жауапты өндірістік-өткізу тізбегін қамтамасыз етудің жоғары кепілдіктер деңгейін ұсынады.

Осыған ұқсас Қазақстанда біз өндіретін электр энергиясы мен өнеркәсіптік жабдықтарды, сондай-ақ теміржол қызметтерін әртүрлі өнеркәсіптік және тұрмыстық тұтынушылар пайдаланады.

Бұған қосымша, Қазақстанда жергілікті қоғамдастықтармен бұрыннан бері келе жатқан әрі тығыз қарым-қатынасымыздың қалыптасқанына, ал ERG акцияларының 40%-ы Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігінде болуына байланысты, ERG моноқалалар мен өзі жұмыс істейтін өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде бірегей рөл атқарады, сондай-ақ ұлттық деңгейде әлеуметтік жобаларды іске асыруға елеулі үлес қосады. (47-бет).

Африка мен Бразилиядағы кәсіпорындарымыз жұмыс істейтін елдер мен жергілікті қоғамдастықтардың дамуына маңызды үлес қосады. Бұл ҚДР-дегі ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдауға инвестицияларды, оның ішінде Міңдеттемелердің тізілімдері шеңберіндегі инвестицияларды (50-бет), сондай-ақ біздің BMIN кәсіпорнымыздың қызметі нәтижесінде Бразилиядағы Баия штатындағы оң әлеуметтік-экономикалық әсерді қамтиды (67-бет).

¹ Әлеуметтік инвестицияларды қоса алғанда

БІЗДІҢ СТРАТЕГИЯМЫЗ

Бизнестің орнықты дамуын қамтамасыз ету

БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

ERG үшін орнықты даму қоршаған ортаға әсер ету, әлеуметтік даму және корпоративтік басқару саласындағы жауапты басқаруды ғана емес, сондай-ақ:

- Бизнесіміздің тұрақты жұмыс істеуін, оның болашақ өзгерістерге дайындығын және ұзақ мерзімді перспективада құндылық жасау қабілетін қамтамасыз етуді;
- Қызметкерлерді, акционерлерді, клиенттерді, бизнес-серіктестерді, өзіміз жұмыс істейтін елдердің жергілікті қоғамдастықтары мен үкіметтерін қоса алғанда, стейкхолдерлерімізге артықшылықтар жасауды;
- Кобальт, мыс және алюминий сияқты негізгі металдарға, сондай-ақ феррокорытпаларға (газ, жел және атом энергетикасы үшін жаңа инфрақұрылымды дамыту тұрғысында) өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру арқылы жаһандық энергетикалық көшуге жәрдемдесуді де білдіреді.

Бұл көзқарас біздің 2025-Стратегиямызда көрініс тапқан, оның мақсаты бизнестің орнықтылығына қол жеткізу болып табылады.

Сонымен қатар, ERG Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Жаһандық шартына қатысушы болып табылады және БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарын (бұдан әрі – ОДМ) қолдайды. Біз мыналарды:

- ОДМ-ға жету мен Топ қызметінің ықтимал синергиясын;
- Топтың ОДМ-ға жетуге әсер ету мүмкіндігін;
- Біздің қызметіміздің бағыттары үшін ОДМ-ның әрқайсысына жетудің өзектілік дәрежесін ескере отырып, ERG үшін ең релевантты ОДМ-ны¹ айқындадық.

🕒 Біздің елеулі мәселелеріміздің БҰҰ-ның релевантты ОДМ-ына сәйкестігі туралы толығырақ ақпарат 100-беттегі Қосымшада келтірілген.

Орнықты даму қағидаттарын енгізу

2022 жылы ұзақ мерзімді ESG-стратегиясын әзірлеу жалғасты. Атап айтқанда, 2030 жылға дейінгі ESG-мақсаттары мен негізгі бағыттар бойынша тиісті іс-шаралар жоспарларын әзірлеу жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, Топтың орнықты дамуға бірыңғай дәйекті көзқарасын қалыптастыру үшін қажетті қағидаттарды, көзқарастарды және басқару жүйелерін енгізуді қамтамасыз ететін орнықты даму саласындағы жаңа Саясат қабылданды (eurasianresources.lu қараңыз).

2023 жылдың басында Топтың Қазақстандағы кәсіпорындары үшін климат өзгеруінің әсері мен оған бейімделуді басқару жөніндегі жаңа Саясатты әзірлеу аяқталды. Өзгелермен қатар, онда шығарындылардың нөлдік деңгейіне қол жеткізу мақсатында орта және ұзақ мерзімді перспективада парниктік газдардың шығарындыларын қысқарту бойынша нысаналы көрсеткіштерді белгілеу жөніндегі міндеттемелеріміз бекітілді (60-бет).

2021 жылы құрылған Қазақстандағы көміртектендіру жөніндегі ERG талдау орталығы осы саладағы құзыреттер орталығы ретінде әрекет етеді. Орталық біздің өндірісіміздің көміртегі сыйымдылығын төмендету жөніндегі бастамаларды іске асыруға басшылық жасайды және сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады. Орталық Қазақстанның экономикасын көміртектендіру жөніндегі

бірқатар мемлекеттік бастамаларды іске асыруға да қатысады.

2022 жылы ESG Комитеті төрт отырыс өткізіп, мынадай мәселелерді қарады:

- Өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы көрсеткіштер;
- Орнықты даму саласындағы корпоративтік есептілік туралы ЕО директивасының ережелерін қоса алғанда, орнықты даму саласындағы есептілікке қойылатын талаптар;
- ESG-рейтингтерінің талаптары;
- Қоршаған ортаны қорғау;
- Энергия тиімділігін арттыру бағдарламалары;
- Өндіріс қалдықтарын қайталама пайдалану және кәдеге жарату;
- Жасыл қаржыландыруды тарту мүмкіндіктері.

Орнықты даму қағидаттары



Нөлдік нұқсан



Көшбасшылық



Есеп беру



Теңгерімділік



Адалдық



Инновациялар



1 Сіздің назарыңызды БҰҰ ОДМ-ына сілтемелер біздің әсерімізді, тәуекелдерімізді, мүмкіндіктеріміз бен нәтижелерімізді қарау үшін мәнмәтін ретінде келтірілгеніне және ERG-дің ресми қабылданған мақсаттары болып табылмайтынына аударамыз.

БІЗДІҢ СТРАТЕГИЯМЫЗ ЖАЛҒАСЫ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАР	СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР		НЕГІЗГІ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР	
<p>Теңгерімді түрде өсіп келе жатқан портфель Қазақстанда және шетелде активтер портфелінің тұрақты өсуі мен дамуы</p>	<ul style="list-style-type: none"> Қазақстанда бар активтерді одан әрі дамыту Халықаралық активтердің ағымдағы портфелінен қайтарымды ұлғайту Табиғи ресурстарды пайдаланудың және (немесе) активтерді сатудың жаңа мүмкіндіктері есебінен портфельді оңтайландыру 	<ul style="list-style-type: none"> Жаңартылатын энергетика саласындағы жобаларды және қосымша икемді теңгерімдік қуаттар құруды қоса алғанда, Топтың энергетикалық жобалар портфелін одан әрі дамыту 	<ul style="list-style-type: none"> Акционерлер Жұмыс істейтін елдердің үкіметтері Жергілікті қоғамдастықтар 	<ul style="list-style-type: none"> Клиенттер Өнім берушілер / мердігерлер Кредиторлар
<p>Бақытты және кәсіпқой ұжым Қызметкерлердің кәсіби және жеке өсуі үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және олардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатына қамқорлық жасау</p>	<ul style="list-style-type: none"> Қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, қызметкерлердің денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын қолдау Қолайлы еңбек жағдайларын жасау Қызметкерлерге берілетін әлеуметтік жеңілдіктер пакетін кеңейтуді қоса алғанда, жұмыс беруші ретінде ERG тартымдылығын арттыру 	<ul style="list-style-type: none"> Корпоративтік мәдениетті дамыту Кадр резерві мен көшбасшылық әлеуетті дамытуды қоса алғанда, қызметкерлердің стратегиялық дағдылары мен құзыреттерін дамыту 	<ul style="list-style-type: none"> Қызметкерлер Жұмыс істейтін елдердің үкіметтері 	<ul style="list-style-type: none"> Реттеуші органдар Жергілікті қоғамдастықтар
<p>Жұмыс істейтін өңірлердің орнықты дамуы Жұмыс істейтін өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен әл-ауқатына</p>	<ul style="list-style-type: none"> Жұмыс істейтін өңірлерде қоғамның амандығы мен әл-ауқатын арттыру Халықаралық экологиялық стандарттарға, оның ішінде суға, ауаға және топыраққа қатысты стандарттарға сәйкестік 	<ul style="list-style-type: none"> Жергілікті кәсіпкерлікті дамыту және жергілікті бизнес-ортаны құру 	<ul style="list-style-type: none"> Жергілікті қоғамдастықтар Реттеуші органдар 	<ul style="list-style-type: none"> Өңірлік билік органдары Азаматтық қоғам ұйымдары
<p>Барлық нәрседегі тиімділік Жекелеген активтер мен корпоративтік кеңсе деңгейіндегі толық ауқымды операциялық тиімділік бағдарламасы</p>	<ul style="list-style-type: none"> Осал жерлерді жою және өнімділікті арттыру есебінен үлестік шығындарды қысқарту Ұйымдастырушылық тиімділікті арттыру 	<ul style="list-style-type: none"> Сату тиімділігінің өсуі Үздіксіз жақсарту мәдениеті мен құралдарын қалыптастыру 	<ul style="list-style-type: none"> Акционерлер Клиенттер Қызметкерлер 	
<p>Қаржылық тұрақтылық Одан әрі қаржылық тұрақтандыру және акционерлер үшін кірістілікті қолайлы деңгейде қамтамасыз ету</p>	<ul style="list-style-type: none"> Акционерлер үшін қолайлы дивидендтік кірістілікті қамтамасыз ету Инвестицияланған капиталдың жоғары рентабельділігін қамтамасыз ету 	<ul style="list-style-type: none"> Қолайлы борыштық жүктемеге қол жеткізу және оны ұстап тұру Нарықтық конъюнктураға қарамастан, бизнестің орнықтылығын қамтамасыз ету үшін өтімділіктің жоғары деңгейін ұстап тұру 	<ul style="list-style-type: none"> Акционерлер Кредиторлар Қызметкерлер Өнім берушілер / мердігерлер 	<ul style="list-style-type: none"> Жұмыс істейтін елдердің үкіметтері Жергілікті қоғамдастықтар

ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қиын-қыстау кезеңде орнықтылықты сақтай отырып

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ НАРЫҚТЫҢ КОНЬЮНКТУРАСЫ

- **Тауарлық кобальт гидроксидінің өндірісі**

+8,7%

- **Тауарлық металл мыстың өндірісі**

+5,4%

2022 жылы біз күрделі макроэкономикалық және геосаяси тұрғыда бизнесіміздің орнықтылығы мен икемділігін тағы бір рет көрсеттік.

Пандемиядан кейін байқалған шикізатқа әлемдік сұраныстың қарқынды өсуі құлдыраумен алмасты және жыл ішінде олардың көбіне бағаның төмендеуі байқалды. Мұның себептері коронавирус салдарынан Қытайдағы локдаундар, АҚШ-тағы пайыздық мөлшерлемелердің жоғарылауы және Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстан туындаған энергетикалық дағдарыс болды.

2023 жылы біз осы факторлардың әлсіреуін, сондай-ақ жаһандық энергетикалық көшуге негізделген өнімдеріміздің көптеген түрлеріне сұраныс тұрғысынан оң өзгерістерді күтеміз.

Атап айтқанда, 2022 – 2030 жылдар аралығындағы кезеңде кобальтқа деген жиынтық сұраныс 108%-ға артып, 388 мың тоннаға дерлік жетеді деп болжанып отыр¹.

Болжам бойынша, 2035 жылға қарай мысқа деген әлемдік сұраныс екі есе дерлік – жылына 25 млн тоннадан жылына шамамен 50 млн тоннаға дейін артады – және алдағы уақытта бұл деңгейде сақталады².

Негізгі өндірістік көрсеткіштердің динамикасы және нарықтық үрдістер 15-беттегі кестеде ұсынылған.

ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

- **2022 жылы кредиттік рейтингтерді қолдау және арттыру**

- **Күрделі шығындар**

+54,4%

2021 жылы EBITDA базалық көрсеткіші 108,1%-ға ұлғайды, алайда 2022 жылы ол 19,4%-ға 3 392 млн АҚШ долларына дейін төмендеді (2021 жыл: 4 210 млн АҚШ доллары). Бұл түсімнің 7,1%-ға 7 924 млн АҚШ долларына дейін қысқаруына негізделді (2021 жыл: 8 530 млн АҚШ доллары), бұл Ресейге жеткізілімдерді тоқтата тұру нәтижесінде темір кенді концентрат пен шекемтастарды сату көлемінің төмендеуінен, сондай-ақ кобальт сатылымдарының төмендеуінен туындады, бұл нарықтағы ұсыныстың артық болуына және басқа да бірқатар факторларға байланысты болды. Түсімнің динамикасына сульфидті мыс концентратын өндірудің қысқаруы және темір кені мен мыс бағасының төмендеуі де әсер етті. Алайда бұл факторлардың әсері ферроқорытпалар мен алюминий бағасының өсуі, сондай-ақ жеткізілімдерді басқа нарықтар мен басқа клиенттерге, бірінші кезекте, Қытай мен Қазақстанда қайта бағыттау арқылы ішінара өтелді.

Жылдың қорытындысы бойынша күрделі шығындар 54,4%-ға 1 135 млн АҚШ долларына дейін өсті (2021 жыл: 735 млн АҚШ доллары). Күрделі шығындарды ұлғайту бірінші кезекте қолданыстағы активтердің әлеуетін ашуға, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау, өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау, көлік пен өндірістік жабдықтар саласындағы жаңа жобаларды іске асыруға бағытталды.

Борыштық жүктеме және қаржылық келісімдер

ERG комплаенс-саясаттарына сәйкес бірқатар қаржылық келісімдердің шарттарына өзгерістер енгізілді, сондай-ақ өздеріне қатысты санкциялар енгізілген ірі кредиторлармен белгілі бір мәмілелер мен операциялар тоқтатылды. Топ өз қызметіне қатысты қолданылатын барлық санкцияларды сақтауды жалғастыруда.

Бұл жағдайға бейімделу үшін бірқатар шараларды қабылдау талап етілді, бұл ретте олардың кейбіреулері ERG үшін елеулі шығындармен ұштасты. Олар мыналарды қамтыды:

- 550 млн АҚШ доллары сомасына пайдаланылмаған кепілдік берілген кредиттік желіден бас тарту;
- 372 млн АҚШ доллары сомасына бірқатар кредиттік және лизингтік келісімдер бойынша берешекті мерзімінен бұрын өтеу;
- Металдардың бағасын хеджирлеу мақсатында жасалған туынды қаржы құралдарының мерзімінен бұрын бұзылуына байланысты 218 млн АҚШ доллары сомасына төлемдер;

- Негізгі берешек пен пайыздарды өтеуді кемінде бір жылға және үш жылға дейінгі мерзімге кейінге қалдыру.

Сонымен қатар, 2022 жылғы желтоқсанда Топтың кредиторлары бірінің еншілес қоғамдарымен келісім жасалды, ол болашақта төлем міндеттемелерін орындамауды болғызбау үшін санкциялардың сақталуын ескере отырып, төлемдерді жасау тетігін белгілейді.

Біз барлық қолданылатын санкциялардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында кредиторлармен келіссөздер жүргізуді жалғастырып жатырмыз.

Сонымен бірге, Қазақстанда, Еуразияда және басқа да өңірлерде жаңа қаржыландыру көздерін іздеуді қоса алғанда, Топтың борыштық портфелін әртараптандыру жөніндегі жұмыс жалғасты. 2022 жылы Еуразиялық даму банкімен ол бойынша 55 млн АҚШ доллары берілген кредиттік келісім, сондай-ақ Қазақстанның Даму Банкімен 78 млн АҚШ долларына дейінгі сомаға кредиттік желі ашу туралы келісім жасалды (осы сомадан 43 млн АҚШ доллары алынды).

Бұл тұрғыда Топ берешегін өтеуді жалғастырды, соның нәтижесінде ERG берешегінің сомасы алдыңғы жылмен салыстырғанда шамамен 240 млн АҚШ долларына қысқарды. Күрделі жағдайға қарамастан, Топтың борыштық жүктемесі айтарлықтай төмендеді, бұл ERG қаржылық тұрақтылығы мен орнықтылығының артуына ықпал етті.

1 Кобальт институты, 2021 жылғы Кобальт нарығы бойынша есеп (2022 жылғы мамырда жарияланды), cobaltinstitute.org

2 S&P Global, «Мыс нарығының болашағы», 2022 жылғы шілде, spglobal.com

ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік рейтингтерді қолдау және арттыру

2022 жылғы маусымда Standard and Poor's рейтингтік агенттігі Топқа берілген кредиттік рейтингті «В-»-тен «Тұрақты» болжаммен «В»-ге дейін көтерді, өйткені алдағы жылдары ERG негізгі қызметтен түсетін ақша қаражатының (FFO) берешекке арақатынасын 20%-дан жоғары деңгейде сақтайды деп күтілуде. Содан кейін 2022 жылғы желтоқсанда Moody's агенттігі Топқа берілген В1 рейтингін «Тұрақты» болжаммен растады. Бұл алдағы жылдары Топтың таза борышы өспейді деген болжалға негізделді.

2022 ЖЫЛЫ НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ НАРЫҚТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ

Дивизион	Өнім	2022 жылғы динамика
Ферро-қорытпалар	Ферроқорытпалар ▲ 0,8%	<ul style="list-style-type: none"> Ферроқорытпалар өндірісінің болмашы өсуі Қазхромда ферросиликомарганец өндірісінің ұлғаюына байланысты болды. Еуропа мен АҚШ нарықтарындағы феррохром бағасы жылдық мәнде тиісінше шамамен 80% және 105%-ға ұлғайып, тарихи максимумға жетті. Бұл ұсыныстың шектеулі болуына және Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстан туындаған энергетикалық дағдарысқа негізделді.
	2022: 1 553 мың тонна (нетто) 2021: 1 540 мың тонна (нетто)	
Темір кені	Тауарлық темір кенді концентрат пен шекемтастар ▼ (29,1%)	<ul style="list-style-type: none"> Өндірістің қысқаруы Ресейге жеткізілімдердің тоқтатыла тұруына байланысты болды. Жеткізілімдердің көлемдері Қытай мен Қазақстанды қоса алғанда, баламалы нарықтарға ішінара қайта бағытталды. Сонымен қатар, BAMIN кәсіпорнындағы өндіріс 643 мың тоннаға дейін қысқарды (2021 жыл: 1 008 мың тонна), өйткені өнімнің жинақталған қорларын өткізуге баса назар аударылды.
	2022: 11 142 мың тонна 2021: 15 722 мың тонна ²	
Глинозем және алюминий	Глинозем ▲ 1,7%	<ul style="list-style-type: none"> Алюминий өндірісінің қысқаруы анодтардың сапасына және электролиз процесіне байланысты проблемаларға негізделді, бұл проблемалар шешілді. Сазбалшық өндірісі халықаралық сатып алушыларға жеткізілімдердің ұлғаюы арқасында болмашы өсуді көрсетті. 2021 жылы байқалған айтарлықтай тапшылықтан кейін алюминий нарығы Қытайдан жеткізілімдердің өсуі нәтижесінде тепе-теңдікке жақындады.
	2022: 1 338 мың тонна 2021: 1 315 мың тонна	
	Алюминий ▼ (5,1%)	
	2022: 249 мың тонна 2021: 262 мың тонна	<ul style="list-style-type: none"> Оның үстіне, наурызда алюминий бағасы тоннасына 4100 доллардан асып, тарихи максимумға жетті. Екінші жартыжылдықта бағаның айтарлықтай түзетілуіне қарамастан, алюминийдің де, сазбалшықтың да орташа жылдық бағасы 2021 жылғы деңгейден шамамен 10%-ға асып түсті.

1 Сіздің назарыңызды 2023 жылғы наурызда Standard & Poor's агенттігі Компанияның сұрау салуы бойынша ERG кредиттік рейтингін кері қайтарып алғанына аударамыз. Рейтингті кері қайтарып алу кезіне болжам тұрақты болған.

2 Қайта есептеу.

ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖАЛҒАСЫ

Дивизион	Өнім	2022 жылғы динамика
Кобальт, мыс және өзге де түсті металдар	Тауарлық металл мыс 2022: 100 мың тонна 2021: 95 мың тонна	▲ 5,4%
	Концентраттағы тауарлық мыс 2022: 91 мың тонна 2021: 102 тыс. тонн	▼ (11,6)%
	Тауарлық кобальт гидроксиді 2022: 23 мың тонна 2021: 21 мың тонна	▲ 8,7%
Энергетика	Көмір 2022: 29 967 мың тонна 2021: 29 891 мың тонна	▲ 0,3%
	Электр энергиясы 2022: 15 426 ГВт*сағ 2021: 16 000 ГВт*сағ	▼ (3,6)%
	Логистика (тасымалдар көлемі) 2022: 45 345 мың тонна 2021: 52 139 мың тонна	▼ (13,0)%

- Металл мыс пен кобальт гидроксиді өндірісінің ұлғаюы Metalkol кәсіпорнының екінші кезегінде өндірістің ұлғаюына, сондай-ақ металды алу көрсеткіштері мен шикізат сапасының артуына байланысты болды.
- Frontier кәсіпорнында тауарлық мыс концентратын өндіру «Контур-3» жобасы үшін тау-кен жұмыстарының жоспарына сәйкес төмендеді/ 2022 жылы кен орнын игеру мерзімін ұзарту мақсатында «Контур-4» жобасын іске асыру басталды, 23-бет.
- Лондон металдар биржасында мыстың споттық баға белгіленімдерінің орташа мәні жылдық мәнде 5,6%-ға төмендеп, тоннасына 8 797 АҚШ долларын құрады. Бұл АҚШ ФРЖ ақша-кредиттік саясатының қатаңдатылуына, Қытайдағы коронавирустық локдаундарға және әлемдік экономика өсуінің баяулауына байланысты болды.
- Стандартты сападағы металл кобальттың орташа ең төмен бағасы 2022 жылы өткен жылмен салыстырғанда 26,3%-ға көтеріліп, бір фунт үшін 30,29 АҚШ долларын құрады. Осы кезеңде кобальттың гидроксидтегі төлеуге жататын құрамының орташа ең төмен көрсеткіші жылдық мәнде 19,9%-ға 71,4%-ға дейін төмендеді.
- Жылдың алғашқы төрт айында металл кобальт бағасына жоғары сұраныс пен жеткізілімдердегі іркілістер сияқты факторлар қолдау көрсетті, алайда содан кейін олар нарықтағы ұсыныстың шамадан тыс болуына байланысты күрт төмендеп кетті.
- Көмірге деген әлемдік сұраныс тарихи максимумға жетті, бұл Еуропадағы энергетикалық дағдарыс аясында газдың рекордтық жоғары бағасына негізделді. Бұл ретте энергетикалық көмірге негізгі баға бенчмарктері алдыңғы жылмен салыстырғанда 140-170%-ға өсті.
- Электр энергиясын өндірудің төмендеуі 2021 жылы кейінге қалдырылған энергия желілеріне жөндеу жүргізу қажеттілігіне байланысты болды.
- Ресейге темір кенді өнімдер жеткізілімдері көлемінің төмендеуі нәтижесінде тасымалдар көлемі қысқарды.

ЕЛЕУЛІ МӘСЕЛЕЛЕР

Ең маңызды мәселелерді айқындау

2022 жылы және 2023 жылдың басында нәтижелер жаңартылып, ERG-дің елеулі мәселелерін бағалау процесі жетілдірілді (төмендегі панельді қараңыз), оның нәтижелері орнықты даму саласындағы есептілігімізді дайындау кезінде, сондай-ақ тұтастай алғанда, қызметімізді басқару кезінде есепке алынады.

Бағалауда Орнықты даму саласындағы корпоративтік есептілік туралы ЕО директивасының (CSRD) және Қаржылық есептілік жөніндегі еуропалық консультативтік топ (EFRAG) әзірлеген орнықты даму саласындағы тиісті еуропалық есептілік стандарттары (ESRS) жобасының талаптарын

қоса алғанда, озық практикадағы өзгерістер ескерілді. Бұл стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасау нәтижелерін есепке алуға қатысты ережелерді қамтиды.

Елеулі мәселелердің басымдығы «ішкі/ сыртқы» немесе «қосарланған» елеулілік тұжырымдамасына сәйкес сандық скорингтік жүйені пайдалана отырып айқындалды. Осы тұжырымдамаға сәйкес келесілер бағаланады:

- **Әсер етудің елеулілігі** (немесе сыртқы ортаға әсер ету), яғни ERG қызметінің қысқа, орта және ұзақ мерзімді перспективада адамдарға немесе қоршаған ортаға іс жүзінде немесе әлеуетті, оң немесе теріс, тікелей немесе жанама әсері;

- **Қаржылық елеулілік** (немесе Топқа әсер ету), яғни орнықты даму мәселелері тұрғысынан ERG-ге елеулі қаржылық әсер ету.

Егер қандай да бір мәселе елеулі деп белгіленбеген болса, бұл оның релевантты болып табылмайтынын және басқаруға жатпайтынын білдірмейді. Бұл осы есепте егжей-тегжейлі қарау үшін бұл мәселенің маңыздылығы айтарлықтай жоғары емес екенін білдіреді.

Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару жүйеміз бизнесіміздің орнықтылығы үшін әлеуетті қауіптерді,

сондай-ақ тиісті мүмкіндіктерді тиісінше анықтау мен талдауды қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді бағалау нәтижелері елеулілікті бағалау шеңберінде (әлеуетті қаржылық салдарды түсінуді қоса алғанда) орнықты дамудың неғұрлым маңызды мәселелерін айқындау кезінде ескеріледі. ERG ұшырайтын негізгі тәуекелдер 85-беттегі Қосымшада ұсынылған.

ЕЛЕУЛІЛІКТІ БАҒАЛАУ ПРОЦЕСІНЕ ШОЛУ

1 Құжаттамалық

Ішкі және сыртқы материалдар, сондай-ақ тәуелсіз талдау нәтижелері негізінде ERG-ге және (немесе) ERG стейкхолдерлеріне әсер ететін орнықты дамудың әлеуетті елеулі мәселелерінің басымдығын бағалау.

Басымдылық анықтамасы «Қосарланған елеулілік» өлшемшарттарын пайдаланып, скорингтік бағалауға негізделген, сонымен қатар топтың тәуекелдерді бағалау нәтижелерін және сыртқы дереккөздерден алынған ақпаратты қоса алғанда, бірқатар басқа параметрлерді ескереді.

2 Ішкі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасау

Алынған кері байланысқа сәйкес бағалауды кейіннен түзете отырып, Топтың басшылығы мен функционалдық менеджерлерінің құжаттамалық талдау нәтижелерін валидациялауы.

3 Сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасау

Бағалаудың аралық нәтижелерін валидациялау және оларды кейіннен түзету мақсатында сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасау, ол мыналарды қамтыды:

- ERG клиенттерін, YEҰ-ларды, тау-кен металлургия секторы мен аккумулятор өнеркәсібі секторындағы компанияларды қоса алғанда, 14 стейкхолдермен сұхбат;
- Клиенттерді, өнім берушілерді, трейдерлерді, мемлекеттік органдар мен академиялық қоғамдастықтың өкілдерін қоса алғанда, 44 стейкхолдер қатысқан онлайн-сауалнама.

4 Бағалаудың валидациясы мен аяқталуы

Есепте кейіннен ашу және тиісті бағыттарды басқару кезінде есепке алу үшін нәтижелерді ішкі қарау және валидациялау.

5 Есептілікте ашу

Есептіліктегі елеулі мәселелерді ашу тәртібін айқындау мақсатында нәтижелерді GRI стандарттарымен салыстырып тексеру.

ЕЛЕУЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖАЛҒАСЫ

БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Елеулілікті бағалау қорытындысы бойынша мыналарды қоса алғанда, бірқатар мәселелердің басымдық деңгейі көтерілді:

- **Технологиялар, тиімділік және цифрландыру:** Маңыздылықтың ұлғаюуы басқарушылық жауапкершілікті өңірлерге беруді қоса алғанда, Топтың ұйымдық тиімділігін арттыруға бағытталған ағымдағы бастамаларды көрсетеді. Ұлғаюу стейкхолдерлердің озық технологияларды қолдану мен цифрландырудың арқасында ERG үшін ғана емес, сондай-ақ тұтастай алғанда, тау-кен металлургия секторы үшін маңызды операциялық мүмкіндіктерге қатысты түсініктемелеріне де негізделген;
- **Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл және заңнама:** Бұл мәселе маңыздылығының артуы Қазақстанда елдің экономикалық дамуы, халықтың өмір сүру деңгейін арттыру және әлеуметтік үйлесімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ осы міндеттерді шешуде ірі компаниялар тарапынан қолдау мәселелеріне назар аударудың күшеюіне негізделген;
- **Жауапты өндірістік-өткізу тізбектері:** Бұл мәселе маңыздылығының артуы нарық тарапынан КДР-де кобальттың ғана емес, сондай-ақ басқа да металдардың шығу тегіне назар аударудың артуына байланысты. Жаһандық энергетикалық көшу үшін қажетті металдарға әлемдік сұраныстың күтілетін айтарлықтай өсуі тұрғысында стейкхолдерлер (оның ішінде ERG клиенттері) осы металдарды өндіруге байланысты әлеуметтік және экологиялық әсерлер тұрғысынан айқындық пен кепілдіктердің көбірек деңгейін талап етеді. Бағалаудағы өзгеріс ERG түсімінде кобальтты өндіру үлесінің

артуын және аккумуляторлық батареялардың өндірістік-өткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде сенімділікті қамтамасыз етудегі Топ рөлінің маңыздылығын да ескереді.

Елеулі мәселелердің тізбесіне «Геосаясат» деген жаңа мәселе де енгізілді, бұл Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстың, мысалы, санкциялар, логистикадағы іркілістер және шикізат тауарларына сұраныс пен ұсыныстың өңірлік құрылымының өзгеруі тұрғысынан әсеріне байланысты. Сонымен қатар, бұл тұтастай алғанда, әлемдік геосаяси жағдайдың динамикасына байланысты стратегиялық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді ескереді.

Бұдан бөлек, сыртқы стейкхолдерлер тау-кен металлургия секторының компаниялары алдағы уақытта ескеруі қажет болатын келесі жаңа мәселелерді айқындады:

- Ұзақ мерзімді сауда қатынастарының құрылымына, сондай-ақ халықаралық өндірістік-өткізу тізбектерінің тұрақтылығына әсер етуі мүмкін әлемдік геосаясаттағы стратегиялық өзгерістер;
- Саладағы компаниялар тұйық цикл экономикасын ұзақ мерзімді дамыту жөніндегі бастамаларды ескере отырып, өз қызметін қалайша құрады, қалдықтарды қайтадан пайдалануға, қайта өңдеуге және кәдеге жаратуға байланысты мүмкіндіктерді қоса алғанда, осы бастамаларды іске асыруға жәрдемдеседі және (немесе) одан артықшылықтар алады;
- Табиғи капиталды басқаруға және оны қалпына келтіруге, сондай-ақ биоәртүрлілікті қолдау мен экожүйелік қызметтерді басқаруға қатысты анағұрлым кешенді көзқарастарды қолдану мәселелеріне бөлінетін көңілді күшейту;



- Болашақта көмір өндіру жөніндегі кәсіпорындардың жабылуына байланысты әлеуметтік-экономикалық әсерлерді басқаруды қоса алғанда, жаһандық энергетикалық көшудің әділдігін қамтамасыз етуге байланысты мәселелер;
- Алып тастаудан өндірудің осы түрін заңдастыруға жәрдемдесуге, жауапты өндіріс / өнімнің шығу тегін бақылау стандарттарын енгізуге, сондай-ақ жаһандық өндірістік-өткізу тізбегіне интеграциялануға көшуді қоса алғанда, артельдік және шағын ауқымды өндіруге қатысты көзқарастарды дамыту.

ЕЛЕУЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖАЛҒАСЫ

ERG елеулі мәселелері төмендегі кестеде ұсынылған. Сіздің назарыңызды «Адам құқықтары» мәселесі бірқатар басқа (мысалы, қызметкерлерге, өндірістік-өткізу тізбектеріне және жергілікті қоғамдастықтарға қатысты) мәселелердің құрамдас бөлігі болып табылатындығына және олардың әрқайсысын талдау шеңберінде қаралатынына аударамыз (яғни, жеке тармақ ретінде қаралмайды). Адам құқықтарын басқару мәселелеріне қатысты ERG-дің жалпы көзқарасына шолу 74-бетте ұсынылған.

📌 Елеулі мәселелер туралы қосымша ақпарат 94-беттегі Қосымшада келтірілген.

ЕЛЕУЛІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ТІЗБЕСІ¹

Мәселелердің толық тізбесі	Бағалау нәтижесіндегі елеулі мәселелер
<p>Бизнесімізді болашаққа дайындау</p> <ul style="list-style-type: none"> Активтерді дамыту және қолдау Технологиялар, тиімділік және цифрландыру Қаржылық нәтижелер және құндылықты бөлу 	<p>Активтерді дамыту және қолдау Минералды ресурстарды толықтыру және ұлғайту, сондай-ақ ERG бизнесінің орнықтылығын қамтамасыз ететін өндірістік және қайта өңдеу активтерін сатып алу, дамыту және (немесе) қолдау</p> <p>Технологиялар, тиімділік және цифрландыру Жетілдірілген және (немесе) инновациялық технологиялық, операциялық практикалар мен процестерді пайдалану арқылы қызметтің тиімділігін арттыру</p> <p>Қаржылық нәтижелер және құндылықты бөлу Экономикалық құндылықты жасау және оны ERG стейкхолдерлері арасында бөлу, сондай-ақ нарықтық конъюнктураның Top қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсері</p>
<p>Адамдарымыздың өркендеуіне көмектесе отырып</p> <ul style="list-style-type: none"> Денсаулық және өндірістік қауіпсіздік Персоналды тарту, дамыту және ұстап тұру Еңбек қатынастары Саналуандық пен инклюзивтілік 	<p>Денсаулық және өндірістік қауіпсіздік Қауіпсіз жұмыс ортасын қамтамасыз ету және қауіпсіз өндірістік практикаларды дамыту</p> <p>Персоналды тарту, дамыту және ұстап тұру Қызметкерлердің дағдылары мен біліктіліктерін лайықты деңгейде ұстап тұру және дамыту</p> <p>Еңбек қатынастары Қызметкерлермен және олардың заңды өкілдерімен еңбек қызметіне байланысты және байланысты емес негізгі мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау (мысалы, өмір сапасына, отбасылардың әл-ауқатына қатысты және т.б.), сондай-ақ туындайтын мәселелерді шешуге арналған іс-шаралар</p>
<p>Жергілікті қоғамдастықтарды дамыту және олардың әл-ауқаты</p> <ul style="list-style-type: none"> Жергілікті қоғамдастықтарға әсер Әлеуметтік инвестициялар Байырғы және дәстүрлі халықтар 	<p>Жергілікті қоғамдастықтарға әсер ERG-дің, оның қызметі мен оның бизнес-серіктестерінің жергілікті қоғамдастықтарға оң және теріс әсері (әлеуметтік инвестицияларды қоспағанда, олар бөлек қаралады)</p> <p>Әлеуметтік инвестициялар Өзіміз жұмыс істейтін елдердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жақсартуға бағытталған ерікті және (немесе) міндетті шығыстар²</p>
<p>Экология саласындағы тиімді басқару</p> <ul style="list-style-type: none"> Ауа мен суға әсерді басқару Энергия және климаттың өзгеруі Қалдыққоймалар мен қалдықтарды басқару Жауапты жабу және беру Судың қолжетімділігі Биоәртүрлілік 	<p>Ауа мен суға әсерді басқару Қатты бөлшектердің, азот пен күкірт оксидтерінің шығарындыларын, технологиялық судың төгінділері мен ағындарды қоса алғанда, қоршаған ортаға ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділерін жауапты басқару</p> <p>Энергия және климаттың өзгеруі Энергияның сан алуан түрлерін тұтыну және (немесе) өндіру және парниктік газдардың ілеспе шығарындылары, сондай-ақ климат өзгеруінің ERG мен басқа да стейкхолдерлерге әсері</p> <p>Қалдыққоймалар мен қалдықтарды басқару Қалдыққоймаларды жауапты басқару, сондай-ақ қалдықтардың түзілуіне, олармен жұмыс істеуге және оларды кәдеге жаратуға (аршуды, қожды, жалпы өнеркәсіптік қалдықтарды және т.б. қоса алғанда) қатысты жауапты көзқарасты қолдану</p>
<p>ERG-дің қоғам өміріндегі рөлі</p> <ul style="list-style-type: none"> Әдеп және комплаенс Жауапты өндірістік-өткізу тізбектері Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл және заңнама Геосаясат 	<p>Әдеп және комплаенс Заңнаманың талаптары мен ERG қабылдаған комплаенс-міндеттемелерді, сондай-ақ анағұрлым кең мағынасында іскерлік әдеп талаптарын (адам құқықтарын қоса алғанда) сақтау</p> <p>Жауапты өндірістік-өткізу тізбектері Жеткізілімдер тізбегіндегі жанама әсерді жауапты басқару және пайдалы қазбалар жеткізілімдерінің жауапты тізбегін қамтамасыз ету</p> <p>Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл және заңнама Өзара әсер етуді қоса алғанда, ERG мен жұмыс істейтін елдердің және басқа да елдердің үкіметтері арасындағы қатынастар</p> <p>Геосаясат Санкцияларға, операциялық іркілістерге, саяси тәуекелдерге және нарықтардың тұрақсыздануына байланысты әсерді қоса алғанда, халықаралық қатынастардың, геосаяси факторлардың және (немесе) қақтығыстардың әсері</p>

1 «Корпоративтік басқару» және «Тәуекелдерді басқару» мәселелері барлық бизнес-процестердің ажырамас бөлігі болып табылады және осы бағалау шеңберіндегі барлық мәселелер үшін релевантты болып табылады. Осыған байланысты олар бөлек қаралмайды.

2 Қызметкерлерге бағытталған әлеуметтік инвестициялар «Еңбек қатынастары» бөлімінде қаралады.

Бизнесімізді болашаққа дайындау

Біздің 2025-Стратегиямыздың басымдықтарының бірі қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады, бұл қолайлы борыштық жүктемені және өтімділіктің жеткілікті деңгейін қолдауды қамтиды (14-бет).

Бұған қоса, келесі стратегиялық басымдықтар ең релевантты болып табылады:

- Үлестік шығындарды қысқарту, ұйымдық тиімділікті арттыру және үздіксіз жақсартулар мәдениетін қалыптастыру арқылы барлық нәрседегі тиімділікке қол жеткізу;
- Қолданыстағы активтерімізді дамыту, активтерден қайтарымды арттыру және жаңа мүмкіндіктерді дамыту арқылы теңгерімді өсіп келе жатқан портфельді қолдау.

Бұдан бөлек, біз шешімдерді тиімді қабылдауды қамтамасыз ету және ұйымдық тиімділікті арттыру мақсатында Топтың құрылымына бірқатар стратегиялық өзгерістерді енгіземіз.

2022 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРДЫҢ МЫСАЛДАРЫ

- > Қазақстандағы ҚТОШ-та екінші кезекті игеруге дайындық
- > ҚДР-дегі Metalkol кәсіпорнының екінші кезегінде мыс және кобальттың өндірісін ұлғайту
- > Қазақстанда, Африка мен Бразилияда геологиялық-барлау жұмыстарының көлемін ұлғайту

ЕЛЕУЛІ МӘСЕЛЕЛЕР

АКТИВТЕРДІ ДАМУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

🔗 Толығырақ 21-бетте

ТЕХНОЛОГИЯЛАР, ТИІМДІЛІК ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ

🔗 Толығырақ 26-бетте



АКТИВТЕРДІ ДАМУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНМӘТІН

Теңгерімді өсіп келе жатқан портфель: Біздің 2025-Стратегиямыздың шеңберіндегі басым міндеттердің бірі біздің активтеріміз портфелінің орнықты өсуі мен дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл біздің Қазақстандағы активтерімізді дамытуды, сондай-ақ халықаралық активтеріміздің рентабельділігін арттыруды көздейді. Бұдан басқа, біз табиғи ресурстарды пайдаланудың және (немесе) активтерді сатудың жаңа мүмкіндіктері есебінен портфелімізді оңтайландыруға ерекше көңіл бөлеміз, сондай-ақ Топтың энергетикалық бизнесін одан әрі дамытуды қамтамасыз етуге ұмтыламыз.

Релевантты БҰҰ ОДМ

БҰҰ ОДМ тиісті міндеттері 100-бетте ұсынылған



Біз ұзақ мерзімді перспективада бизнесіміздің орнықтылығын қамтамасыз ететін бірқатар даму жобаларын іске асырамыз. Бұл қолданыстағы және жаңа кен орындарында геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізуді, Топтың жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарын дамытуды, консервацияланған кәсіпорындардың жұмысын қалпына келтіруді және жаңа кәсіпорындар құруды қамтиды. Бұл жұмыс Топ жұмыс істейтін елдерде де, Топ үшін жаңа мүмкіндіктер ашылатын басқа елдерде де жүргізіледі.

Бұл жобалар Топтың минералды-шикізат базасын толықтыруды қамтамасыз етіп қана қоймайды, сондай-ақ өндірістік активтердің перспективалы портфелін қалыптастыруға ықпал етеді, соның арқасында Топ жаһандық энергетикалық көшуге үлес қоса алады, оған байланысты мүмкіндіктерді пайдаланып, шикізаттық суперцикл жағдайында пайда таба алады. Бұдан басқа, бұл бізге Топ жұмыс істейтін елдердегі жергілікті қоғамдастықтар мен қоғам үшін құндылық жасауды жалғастыруға мүмкіндік береді.

Ұзақ мерзімді минералды-шикізат базасын қамтамасыз ету үшін геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу

Қазақстан

ERG Exploration компаниясы Топтың Қазақстандағы минералды-шикізат базасын толықтыруға бағытталған бірқатар геологиялық-барлау жобаларын басқарады. Олардың қатарына бокситтер, хром және темір кені, сондай-ақ мыс, алтын және сирек кездесетін жер металдары сияқты Топ өндіретін пайдалы қазбалардың негізгі түрлеріне басым назар аудара отырып, Ақтөбе және Қостанай облыстарында пайдалы қазбаларды өндіру үшін мүмкіндіктерді іздеу жөніндегі жобалар кіреді. 2021 жылы компания бұрғылау жұмыстарын жүргізуді бастады, ал 2022 жылы бұрғылау көлемін ұлғайтты (төменде қараңыз). ERG Exploration өз қызметін CRIRSCO (Минералды қорлар бойынша халықаралық есептілік стандарттары жөніндегі комитет) стандарттарын және JORC Кодексін қоса

Топтың кәсіпорындарында гео-3D-модельдеуді енгізу

Біз «Тиімді кеніш» жобасы шеңберінде кен орындарының геологиялық модельдерін жаңарту және кеніштерімізде тау-кен жұмыстарын жоспарлау процесін жақсарту мақсатында тәуелсіз сарапшылармен ынтымақтастық жасауды жалғастырып жатырмыз. 2022 жылы осы бағыттағы жұмыс Metalkol кәсіпорнында аяқталып, «Шығыс» көмір разрезінде (ЕЭК) басталды. Бұл бағдарлама қазірдің өзінде Дөң КБК-де (Қазхром) және Қашар карьерінде іске асырылған. Оны іске асыру нәтижелері тау-кен жұмыстары мен өндірістік тізбектерді ұзақ мерзімді жоспарлауға негіз болады.

алғанда, озық практикаларды ескере отырып әзірленген KAZRC стандарттарына сәйкес жүргізеді.

2022 жылы ERG Exploration:

- Ақтөбе облысында алтын, мыс, мырыш және хром кен орындарын іздеу мақсатында төрт бұрғылау қондырғысын пайдалана отырып, жаңа бұрғылау жұмыстарын бастады;
- Геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізуге төрт жаңа лицензия алуға өтінімдерді ойдағыдай берді;
- Ұшқышсыз ұшу аппараттарын, топографиялық түсірілім мен магнитті барлауды қолдана отырып, топогеодезиялық қызметті құрды;
- Қазақстанның бүкіл аумағы бойынша геологиялық ақпаратты цифрландыру бойынша Ұлттық геологиялық қызметтің үш жылдық жобасын іске асыруға қосылды.

Африка

Біз ҚДР-дегі активтерімізді дамыту жөніндегі жұмыстың көлемін ұлғайттық. 2023 жылға қолданыстағы кен орындарының жанында, сондай-ақ тұтастай алғанда, өңірде геологиялық-барлау жұмыстарының көлемін кеңейту жоспарланған. Атап айтқанда, біз қолданыстағы және жаңа кен орындарын игеру жобаларының теңгерімді портфелін қолдауды және ұзақ пайдалану мерзімі бар ірі активтерді дамыту арқылы қорларды толықтыруды жоспарлап отырмыз.

Бұл ретте біздің минералды-шикізат базамыздың жаһандық энергетикалық көшу тұрғысындағы қажеттіліктерге сәйкестігін қамтамасыз етуге басты назар аударылатын болады.

Мыналарды:

- Ірі тау-кен байыту кәсіпорнын құру мүмкіндігімен елде орналасқан Ұлы Дайка сілемінің құрамына кіретін жоғары сұрыпты кеннің таяз жатқан соңғы кен орындарының бірі – Зимбабведегі Бокай платина кен орнын игеруді;
- Жоғары тазалықтағы қышқыл сұрыпты флюоритті өндіру үшін айтарлықтай мүмкіндіктер анықталған ОАР-да әлемдегі ең ірі флюорит кен орнын игеру жөніндегі жобаны қоса алғанда, ҚДР-дің шегінен тыс жерде қызметті дамытуға арналған мүмкіндіктер де зерделеніп жатыр.

Бразилия

Бразилияда геологиялық-барлау жұмыстарын Pedra Cinza еншілес кәсіпорны орындайды. Өзгелерден бөлек, кәсіпорынның қызметі:

- VAMIN кәсіпорнының FIOЛ 1 теміржолын пайдалану нәтижесінде логистикалық артықшылықтар алуға;
- Жаһандық энергетикалық көшу үшін қажетті металдарға өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыруға мүмкіндік беретін жобаларды іске асыруға жұмылдырылған.

Бұл тұрғыда кәсіпорын қазірдің өзінде темір кенінің, мыс пен никель кендерінің, графиттің, литий мен сирек кездесетін металдардың кен орындарын ерте барлау жөніндегі жобаларды іске асырып жатыр.

2022 жылы Бразилияда геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізуге жұмсалған шығындар 15,9 млн АҚШ долларын құрады. Бұл темір кенінің, мырыштың, кварцтың, литийдің, марганецтің, мыс пен фосфаттардың кен орындарын барлауды қамтыды.

Сауд Арабиясы

2022 жылы «Пайым-2030» бағдарламасы шеңберінде экономиканы әртараптандыру жөніндегі бастамалар іске асырылатын осы елдегі кен орындарын барлау мен игеруге арналған мүмкіндіктерді зерделеу мақсатында Сауд Арабиясында жаңа кеңсе ашылды.

Қазіргі уақытта негізгі міндет базалық металдардың кен орындарын, сондай-ақ энергетикалық көшу үшін қажетті металдарды іздеу, пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге және озық технологияларға сүйене отырып, орнықты дамуды қамтамасыз етуге қатысты «зияткерлік» көзқарасты енгізу болып табылады. Сонымен қатар, біз осы дамып жатқан секторды «саудтандыруға», яғни Сауд Арабиясының азаматтарын жұмысқа орналастырудың тиісті нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуге жәрдем көрсетеміз.

Капитал жұмсалымдарын басқаруға қатысты көзқарасымыз

2022 жылы күрделі шығындар 1 135 млн АҚШ долларына дейін өсті (2021 жыл: 735 млн АҚШ доллары). Ұлғаю қолданыстағы активтердің әлеуетін ашуға бағытталған іс-шараларды, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау, өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау, көлік пен өндірістік жабдықтар саласындағы жаңа жобаларды іске асыруға байланысты болды.

Жобаларды тәуелсіз талдау (ЖТТ) ERG командалары ERG-дің Қазақстандағы, Африка мен Бразилиядағы ішкі жобаларына сараптама жүргізеді.

ЖТТ мыналарды қоса алғанда, бірқатар техникалық-экономикалық параметрлерді қамтиды:

- Жобаның жалпы мәртебесі;
- Жобаны іске асыру жоспарларының, рәсімдері мен кестесінің дұрыстығы;
- Жобалау командасының тиісті көрсеткіштерге (қауіпсіздік, жобалау жұмыстарының көлемі, сапа, құн және нысаналы мерзімдер бөлігінде) қол жеткізуді қамтамасыз ету қабілеті.

Күрделі жобаларды басқару жөніндегі ERG командалары жобалардың барлық санаттары бойынша әдіснамалық қолдап отыру мен ұйымдастырушылық аспектілер, сондай-ақ Топтың ең ірі және неғұрлым стратегиялық маңызы бар жобаларын әзірлеу мен іске асыру үшін жауап береді.

2022 жылы осы бағытты дамыту жөніндегі жұмыс жалғасты, ол икемділікті, есептілікті, ашықтық пен тиімділікті арттыру мақсатында басқару жүйесін одан әрі жетілдіруді қамтыды.

Осы бағыттағы бастамаларға мыналарды қамтыды:

- Жауапкершілікті анағұрлым нақты бөлу және шешімдер қабылдауды беру;
- Қазақстандағы мамандарымыздың біліктілігін арттыру мақсатында Жобалық басқару академиясын құру;
- НТК мен жетілдірілген ішкі есептілікті енгізуді қоса алғанда, BАMIN жобасын іске асыру тиімділігін арттыру үшін қосымша шаралар қабылдау.

ФЕРРОҚОРЫТПАЛАР

- **2022 жылғы түсім:**

\$2 813 млн

- **Жұмыс істейтін елдер:** Қазақстан

- **Сертификаттау/ аудиттер:**

- Халықаралық хром өндірушілер қауымдастығының «Жауапты хром өндірушісі» мәртебесін беру (xx-бет), EcoVadis платина медалі (xx-бет)

ҚТОШ-тың¹ екінші кезегін игеруге дайындық

2022 жылы Дөң КБК хром кені кен орнының екінші кезегін игеру жөніндегі жұмыс жобаларын дайындау басталды. Өндірудің негізгі әдістері ретінде қабатастылық опырылу мен қазылған кеңістікті сала отырып игерудің жетілдірілген технологиялары таңдалды. Бұл жоба хром кенін өндіруді жылына 7,5 млн тоннаға дейін арттыруды қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ҚТОШ-тың бірінші кезегі мен «Молодежная» шахтасындағы кеннің азайып жатқан көлемдерін ауыстырып қана қоймай, сондай-ақ жалпы өндіріс көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Дөң ТКБК-де шламды қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі «ERG Green»² жобасын іске асыру

ERG Green жобасы Дөң ТКБК-де жинақталған шламды қалдықтарды қайта өңдеуді көздейді, онда жыл ішінде қайта өңдеу кешенінің бас ғимаратын реконструкциялау аяқталды. Сонымен қатар, кешеннің бірінші кезегін (гравитациялық байыту секциясы) пайдалануға беру жөніндегі жұмыс басталды, оның аяқталуы 2023 жылға белгіленген.

Бастапқы кезде ол 2022 жылға жоспарланған болатын, бірақ содан кейін геосаяси оқиғаларға негізделген жеткізілімдер тізбегіндегі қиындықтарға байланысты кейінге қалдырылды. Сонымен қатар, ERG Green учаскесінің үйінді шламдары үшін жаңа қалдыққойманы салу басталды.

ERG Green жобасының келесі кезеңі флотациялық байыту секциясын салуды, байыту фабрикасының ағымдағы қалдықтарын қайта өңдеуге тартуды көздейді. Толық қуатына шыққаннан кейін кешеннің өнімділігі жылына 500 мың тоннадан астам хром концентратын құрайды деп күтілуде.

Ақтөбе ферроқорытпа зауыты № 4 цехының жұмысын оңтайландыру

2022 жылы Ақтөбе ферроқорытпа зауытының № 4 цехындағы тұрақты тоқ пештері жобалық қуатымен жұмыс жасауды жалғастырды. Бұған дейін цехта конвейерлік жүйені, пештерді, газ тазарту жүйесі мен қоюландырғыштарды қоса алғанда, әртүрлі өндірістік жабдықтардың өнімділігін арттыру бойынша жұмыс жүргізілген болатын. Осы іс-шараларды іске асыру аяқталғаннан кейін басты назар цех жұмысының параметрлерін оңтайландыруға жұмылдырылды.

1 «Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасы.

2 Ертеректе «Шламы-2» жобасы.

МЫС, КОБАЛЬТ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ТҮСТІ МЕТАЛДАР

• 2022 жылғы түсім:

\$2 392 млн

- **Жұмыс істейтін елдер:** ҚДР мен Замбия¹
- **Сертификаттау/ аудиттер** (Metalkol ғана):
 - Кобальт өндірушілерді кешенді тексеру жөніндегі RMAP стандартының (2018 жылғы) және Мыс, қорғасын, никель және мырыш қосылыстарын өндірушілерді кешенді тексеру жөніндегі RMAP бірлескен стандартының (2021 жылғы) талаптарына сәйкестік (77-бет)
 - Тәуелсіз растаманы қоса алғанда, «Таза кобальт пен мыс» бағдарламасы (77-бет)

Metalkol кәсіпорнының екінші кезегінде өндірісті ұлғайту және оның жұмысын оңтайландыру бойынша мүмкіндіктерді зерделеу

2022 жылы Metalkol кәсіпорнының екінші кезегінде мыс пен кобальт гидроксидінің өндірісі тиісінше 99,8 мың тоннаға және 22,5 мың тоннаға дейін ұлғайтылды (2021 жыл: тиісінше 94,8 мың тонна және 20,7 мың тонна). Кәсіпорын мыс өндірісін жобалық қуатына (жылына 105 мың тонна) шығаруға табысты алға жылжып келеді және қазірдің өзінде кобальт гидроксиді өндірісінің жобалық деңгейіне (жылына 20 мың тонна) жетті.

Бұдан басқа, кәсіпорын жұмысының тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда:

- Сұйықтық экстракциясы технологиясын жетілдіру;

- Қышқыл бағасының құбылмалылығы мен өңірлік логистикаға байланысты проблемаларды шешу үшін күкірт қышқылын өндіру жөніндегі зауытты салу;
- Жаңартылатын көздерден энергияны пайдалану және аккумуляторлық батареялар негізінде резервтік электрмен жабдықтауды ұйымдастыру үшін мүмкіндіктерді зерделеу жоспарланып отыр (61-бет).

Frontier карьерін кеңейту – «Контур-3» жобасы және «Контур-4» жобасын бекіту

Frontier карьерін кеңейту жөніндегі «Контур-3» жобасы кен орнында өндірудің тұрақты деңгейін қамтамасыз етуді (тау-кен жұмыстарының жоспарына сәйкес концентратта 90,5 мың тонна мыс; 2021 жыл: 102,4 мың тонна) және Топтың EBITDA көрсеткішіне оң әсер етуді жалғастырды (14-бет). 2022 – 2024 жылдар ішінде «Контур-3» жобасын іске асыру концентраттағы мыс өндірісінің көлемін 174 мың тонна деңгейінде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кен орнын игеру мерзімін тағы 10 жылға ұзартуға мүмкіндік беретін карьерді одан әрі кеңейту («Контур-4» жобасы) бекітілді. 2022 жылдың соңында біз «Контур-4» жобасында алдын ала аршу жұмыстарын бастадық.

2022 жылдың басында мердігерлердің кен орнын игеруінен кәсіпорынның өз күшімен игеруге көшу жүзеге асырылды, бұл операциялық шығындардың төмендеуін және кәсіпорындағы өндірістің орнықты деңгейін қамтамасыз етеді.

Тау-кен жұмыстарын одан әрі оңтайландыру және кәсіпорынның тотыққан кен қорларынан барынша пайда алу мүмкіндіктерін зерделеу жөніндегі жоспарлар әзірленді.



«Экологиялық таза энергия көздеріне көшу өздеріне деген сұраныс экспоненциалды түрде өсетін кобальт, мыс және алюминий сияқты материалдарға тарихта ең үлкен тапсырысты құрайды»,

Бенедикт Соботка
ERG Бас атқарушы директоры

Boss Mining кәсіпорнының жұмысын қайта бастау

2022 жылғы желтоқсанда Boss Mining кәсіпорнында өндіріс қайта басталды. Жыл сайын шамамен 25 мың тонна мыс пен 3 мың тоннадан астам кобальтты өндіру жоспарлануда. Бұрын кәсіпорында қолмен де, шаңда сілтісіздендіру де қолданылған, алайда болашақта анағұрлым жоғары шығарып алу көрсеткіштерін қамтамасыз ететін шаңда сілтісіздендіру технологиясы ғана пайдаланылады. Сонымен қатар, кәсіпорынды жаңа диірменмен жарақтандыру мүмкіндігі қаралуда, бұл шикізаттың анағұрлым ірі фракцияларын қайта өңдеу кезінде үймелік сілтісіздендіруден шаңда сілтісіздендіруге көшуге мүмкіндік береді. Boss Mining жұмысын қайта бастау нәтижесінде 571 жаңа жұмыс орны құрылды. Көптеген лауазымдарға жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындары алынды.

Алайда 2023 жылғы маусымда ҚДР-дегі су тасқыны салдарынан Boss Mining кәсіпорны уақытша тоқтатыла тұрды. Толығырақ ақпарат хх-бетте ұсынылған.

Біз бұл уақытты Тау-кен өнеркәсібі министрлігінің Қоршаған ортаны қорғау басқармасының (DPEM) ұсынымдарын пысықтауды, сондай-ақ жаңа жабдықтарды орнатуды және қолдаудың белсенді шараларын жүзеге асыруды қоса алғанда, кәсіпорында жақсартуларды енгізу үшін пайдаланамыз.

Comide кәсіпорнында жаңа қайта өңдеу зауытын салу үшін мүмкіндіктерді зерделеу

Біз Comide кәсіпорнында (қазіргі кезде консервацияланған) мыс пен кобальтты өндіруге арналған жаңа қайта өңдеу зауытын салу үшін мүмкіндіктерді зерделеу жатырмыз. Бұрын осы кәсіпорын өндірген кен жергілікті нарыққа жеткізілген немесе оны Boss Mining кәсіпорны қайта өңдеген. Егер бұл жоба бекітілсе, зауыттың бірінші кезегінің өндіріс көлемі кейіннен ұлғайту мүмкіндігімен шамамен 31 мың тонна мыс пен 5,6 мың тонна кобальтты құрайды. Зауытта өзінің шикізаты ғана (бастапқы кезеңде – кәсіпорын кенінің қорлары мен қалдықтар, ал кейіннен – өндірілетін кен) қайта өңделеді. Бұдан басқа, кәсіпорын «Таза кобальт пен мыс» бағдарламасына қатысатын болады (77-бет). Ағымдағы жоспарларға сәйкес, жер қазу жұмыстары 2023 жылдың соңына дейін басталады.

Chambishi Metals кәсіпорнының одан әрі қызметі үшін мүмкіндіктерді зерделеу

Біз консервацияланған күйінде қалып отырған Замбиядағы Chambishi Metals кәсіпорнының коммерциялық орнықтылығын қолдауға арналған мүмкіндіктерді бағалауды жалғастырамыз.

¹ Замбиядағы Chambishi Metals кәсіпорны қазіргі уақытта консервацияланған.



Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларын қысқарту

2022 жылы Павлодар алюминий зауытында № 4 және № 5 қақтау пештерінде төрт жетілдірілген электр сүзгісін орнату бойынша құны 44 млн АҚШ доллары болатын жобаны іске асыру жалғастырылды. Бұл жұмыс Павлодарда және басқа өңірлерде атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларын қысқарту бойынша құны 480 млн АҚШ доллары¹ болатын он жылдық бағдарлама шеңберінде жүргізіліп жатыр (55-бет).

Сонымен қатар, Қазақстан алюминий кәсіпорнының электр станциясында екі экологиялық жоба басталды (55-бет), олар мыналарды көздейді:

- Электр станциясын қатты бөлшектердің шығарындыларын одан әрі қысқарту үшін жетілдірілген Соготак сүзгілеу жүйесімен жаратқандыру;
- Күлтұтқыш қондырғыны ауыстыру жөніндегі жұмысты бастау.

ТЕМІР КЕНІ

- **2022 жылғы түсім:**

\$1 122 млн

- **Жұмыс істейтін елдер:** Қазақстан, Бразилия

Темір кенін қайта өңдеу жөніндегі фабрикаларды жаңғырту (ССКӨБ)

Рудныйдағы (Қазақстан) қайта өңдеу фабрикаларының өнімділігі жылына 17 млн тонна темір кенді концентрат пен жылына 8 млн тонна шекемтасты құрайды.

2022 жылы байыту тиімділігін арттыру мақсатында фабрикаларды жаңғырту жөніндегі жұмыстар жалғастырылды, сондай-ақ клиенттердің портфелін әртараптандыру мақсатында жоғары сапалы концентрат пен домендік шекемтастарды өндіру басталды.

Сонымен қатар, ыстықтай брикеттелген темір өндіретін зауыт салу бойынша ауқымды жобаны пысықтау шеңберінде техникалық-экономикалық негіздеме дайындау басталды. Жоба мақұлданған жағдайда зауыттағы өндіріс толық жүктеме кезінде 2 млн тоннаға жетуі мүмкін. Бұл ретте жаңа жұмыс орындарының едәуір саны құрылатын болады.

Басқа да жобалар

2022 жылы өндірістің жетілдірілген әдістерін енгізу және өнімділікті арттыру жөніндегі бағдарламаны қоса алғанда, Қазақстандағы Қашар карьерін жаңғырту бағдарламасын іске асыру баяулады. Бұл кәсіпорын өнімдерінің Ресейге жеткізілімдерінің төмендеуіне байланысты болды.

VAMIN кәсіпорнында өндірісті ұлғайтуға дайындық

2022 жылы Бразилиядағы VAMIN интеграцияланған темір кенді мен логистикалық кәсіпорны үшін техникалық-экономикалық негіздеме мен пайдалы қазбалардың қорын бағалау аяқталды, оның құрамына мынадай объектілер кіреді:

Педра-де-Ферро кен орны²

Педра-де-Ферро кен орны игерудің бірінші кезеңінде. Оның жобалық қуаты жылына 2 млн тоннаға дейін құрайды.

ГЛИНОЗЕМ ЖӘНЕ АЛЮМИНИЙ

- **2022 жылғы түсім:**

\$1 178 млн

- **Жұмыс істейтін елдер:** Қазақстан
- **Сертификаттау/ аудиттер** (ҚЭЗ ғана):
 - «Жауапты алюминий өндірісі» ERG бағдарламасы (xx-бет)
 - Лондон металдар биржасының (LME) өнім берушілерді таңдауға қатысты Жауапты көзқарасының талаптарына сәйкестік (xx-бет)

Глинозем пен алюминий өндірісінің тұрақты деңгейін қолдау

ҚЭЗ кәсіпорнында электролиз процесінде тоқ күшін арттыруды және электролиздегіштерді қаптамалау үшін жаңа материалды пайдалануды қоса алғанда, технологиялық жетілдірулерді енгізу жалғастырылды.

Жыл ішінде алюминий өндірісінің көлемі анодтардың сапасы мен электролиз процесіне байланысты проблемалардың салдарынан 249 мың тоннаға дейін қысқарды (2021 жыл: 262 мың тонна), бұл проблемалар осы уақытқа дейін шешілген. Сонымен бірге, Қазақстан алюминий кәсіпорнында глинозем өндірісі 1 338 мың тоннаға дейін өсті (2021 жыл: 1 315 мың тонна).

Шығыс Аят кен орны мен Красногор боксит кенішіндегі карьерлерді игере қазу жалғастырылды, бұл тиісінше 1,1 млн тонна және 3,1 млн тонна көлемінде боксит өндіруді қамтамасыз етті. Бұдан басқа, осы кен орындарында жұмыс істеп тұрған жеті карьерде (салынып жатқан екі карьерді қоса алғанда) көлемі 45,2 млн м3 аршу жұмыстары жүргізілді.

1 2022 жылы бағдарламаның құнын бағалау инфляция, бағдарламаның қамтуына жаңа жобаларды енгізу, бағалар бойынша жаңартылған ақпарат және жаңа өнім берушілерді тарту сияқты факторларды ескере отырып жаңартылды.

2 Осы кезеңде жұмыстың негізгі бағыттары аршу жұмыстары және логистикалық инфрақұрылымды дамыту болып табылады.

2022 жылы кен орнында өндіру көлемі 643 мың тоннаны құрады, ал 2027 жылға қарай өндірісті жылына 26 млн тоннаға дейін ұлғайту жоспарлануда. Бұл кен орнының кені қоспалардың төмен мөлшерімен сипатталады, ал оның құрамындағы темірдің мөлшері орташа есеппен 65%-ды құрайды. Бұл өнімімізді сатып алушыларға балқыту және тасымалдау процесінің нәтижесіндегі парниктік газдарды айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, кәсіпорында қалдықтарды құрғақ жинап қою технологиясы қолданылатын болады, бұл физикалық және экологиялық тәуекелдердің айтарлықтай төмендеуін, сондай-ақ суды тұтынудың қысқаруын қамтамасыз етеді (64-бет).

FIOL 1 теміржолы

Батыс – Шығыс трансконтиненттік теміржолы (FIOL) Бразилиядағы ең ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі болып табылады. Құрылысы аяқталғаннан кейін ол темір кенін Педра-де-Ферро кен орнынан жағалауға Порту-Сул терминалы арқылы (төменде қараңыз) экспорттау үшін тасымалдау, сондай-ақ басқа да жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатын болады. VAMIN кәсіпорны Каэтите пен Ильеусты байланыстыратын бірінші теміржол учаскесін (FIOL 1) салу мен пайдалануға 35 жылдық концессиялық келісім жасасты.

Теміржол қуаттының шамамен 50%-ы бөгде ұйымдардың жүктерін тасымалдау үшін пайдаланылатын болады. Порту-Сул терминалын пайдаланумен қатар, бұл аумағы арқылы теміржол өтетін 19 муниципалитеттің экономикалық дамуына ықпал етеді.

Порту-Сул порттық терминалы

Салынып жатқан Порту-Сул порттық терминалы Ильеус қаласының Аритагуа ауданында орналасқан.

2022 жылы портта жол инфрақұрылымын құру бойынша дайындық жұмыстары аяқталды. Ағымдағы жоспарлар оны FIOL 1 теміржолы арқылы темір кенін тасымалдау басталғанда 2027 жылға қарай пайдалануға беруді көздейді. FIOL 1 теміржолы сияқты, порт қуаттарының шамамен 60%-ы бөгде ұйымдардың басқа да жүктерін өңдеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

ЭНЕРГЕТИКА

- **2022 жылғы түсім:**
\$657 млн
- **Жұмыс істейтін елдер:** Қазақстан

Өндірістің көміртегі сыйымдылығын төмендету жөніндегі шаралар

Біз ұзақ мерзімді перспективада өндірісіміздің көміртегі сыйымдылығын төмендету үшін шаралар қабылдап жатырмыз. Бұл ретте қысқа мерзімді перспективада біздің негізгі кәсіпорындарымызды сенімді әрі тиімді энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету біздің басымдығымыз болып табылады (59-бет). Осы тұрғыда біз жаңартылатын энергетика саласындағы ұлттық мақсаттарға¹ сәйкес кәсіпорындарымыз қажеттілігінің белгілі бір бөлігін қанағаттандыру үшін жаңартылатын көздерден электр энергиясын өндіруді немесе сатып алуды жоспарлап отырмыз.

Атап айтқанда, Дөң ТКБК ауданында қуаты 155 МВт жел электр станциясын (Хромтау-1) салу жөніндегі жобаны іске асыру жоспарлануда (61-бет). 2022 жылы жобалауға, сатып алуға, салуға және қаржыландыруды ұсынуға келісімшарттарды жасасу жөніндегі жұмыс басталды. Жобалау мен құрылыстың басталуы 2024 жылы пайдалануға беріле отырып, 2023 жылға жоспарланған.

Сонымен қатар, алдағы 5-10 жылда жаңартылатын энергетика (жел және күн генерациясы) саласындағы ауқымды жобаларды іске асыру үшін Қазақстандағы басқа да алаңдарды бағалау жүргізіледі.

Бұған қоса, шығарылған технологиялық газдарды пайдалы энергетикалық кәдеге жаратуды ұлғайту жөніндегі жұмыс жалғасып жатыр.

Қазіргі уақытта Ақтөбе ферроқорытпа зауыты мен Шұбаркөл Көмір кәсіпорнында арнайы коксты өндіру жөніндегі зауыт перспективалы алаңдар болып табылады.

Ұзақ мерзімді перспективада біз көмір өндіруге және көмір электр станцияларына жаңа капитал жұмсалымдарын қысқартуды жоспарлап отырмыз, алайда қысқа мерзімді перспективада Қазақстандағы көзқарасымыз мынадай факторларға негізделген:

- ЕО-да энергетикалық көмірге деген жоғары сұраныс, өйткені ЕО-ға мүше елдер ресейлік көмір мен газдың импортына қатысты санкциялық шектеулердің салдарын жұмсартуға ұмтылуда;
- Елдің энергетикалық жүйесіндегі тапшылықты жою мақсатында көмір электр станцияларын жаңғырту және салу бойынша Қазақстан Үкіметінің жоспарлары (59-бет).

ӨЗГЕ ДЕ ЖОБАЛАР

Шұбаркөл Көмір кәсіпорнында арнайы коксты өндіру жөніндегі жаңа зауыт салу

2022 жылы Қазақстандағы Шұбаркөл Көмір кәсіпорнында қуаты жылына 400 мың тонна болатын арнайы коксты өндіру жөніндегі зауытты салу жалғасты. 2023 жылы пайдалануға берілгеннен кейін зауытта Қазхромның балқыту цехтарында пайдалану үшін, сондай-ақ бөгде сатып алушыларға өткізу үшін экономикалық тиімді қалпына келтіргіштер шығарылатын болады.

Бұдан басқа, зауыт Шұбаркөл Көмір кәсіпорнының көмірінен жылына 70 мың тоннадан астам көмір шайыры мен майын өндіретін болады.

Жоғарыда көрсетілгендей, арнайы коксты өндіру жөніндегі зауыттың шығарылған газдары отын ретінде қызмет ететін электр станциясын салу мүмкіндігін зерделеу жалғасуда. Осы жұмыстың аясында техникалық-экономикалық негіздемені дайындау аяқталды.

АЛДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

2023 жылға келесі бағыттар бойынша жұмыс жоспарланды:

- Қазақстанда ыстықтай брикеттелген темірді өндіру жобасы бойынша инвестициялық шешім қабылдау;
- Дөң ТКБК ауданында Хромтау-1 жел электр станциясының құрылысын бастау;
- Comide кәсіпорнында қайта өңдеу зауытын салу үшін мүмкіндіктерді пысықтау, ОАР мен Зимбабведегі кәсіпорындарды дамыту, сондай-ақ КДР мен Мозамбиктегі қолданыстағы және жаңа кен орындарында геологиялық-барлау жұмыстарының көлемін кеңейту;
- VAMIN кәсіпорнында FIOL 1 теміржолының инфрақұрылымын одан әрі дамыту.

¹ Қазақстан 2022 – 2025 жылдар аралығында елдегі парниктік газдардың шығарындыларын жылына 1,5%-ға қысқарту, 2030 жылға қарай олардың 15%-ға төмендеуін қамтамасыз ету, ал 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу міндеттемесін өзіне алды.

ТЕХНОЛОГИЯЛАР, ТИІМДІЛІК ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНМӘТІН

Барлық нәрседегі тиімділік: Біздің 2025-Стратегиямыздың басымдықтарының бірі Топ пен жекелеген активтер деңгейінде тиімділікті арттыру болып табылады. Атап айтқанда, бұл осал жерлерді жою және өнімділікті арттыру есебінен үлестік шығындарды қысқартуды көздейді.

Релевантты БҰҰ ОДМ

БҰҰ ОДМ тиісті міндеттері 100-бетте ұсынылған



Бизнесіміздің орнықтылығын қамтамасыз ету үшін біз инновациялық технологияларды әзірлеу мен енгізуге инвестиция саламыз, сондай-ақ ресурстардың тиімділігі мен ұқыпты пайдаланылуын арттыру үшін шаралар қабылдаймыз. Бұл бізге өнімділігімізді қазір жақсартуға көмектесіп қана қоймай, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада құндылық жасау қабілетімізді нығайтады.

БІЗДІҢ ЖОБАЛАРЫМЫЗ БЕН БАСТАМАЛАРЫМЫЗ

Операциялық тиімділік

Қазақстандағы операциялық тиімділік жөніндегі бөлімше тиімділік пен өнімділікті тұрақты, біртіндеп жақсартуды қамтамасыз ететін жүйелі көзқарасты қолданады. Ол мыналарды көздейді:

- Ұқыпты өндіріс қағидаттарын енгізу;
- Барлық деңгейдегі қызметкерлердің бірлескен жұмысына жәрдемдесу;
- Қызметкерлер ұсынған жақсарту бойынша ұсыныстарды іске асыру.

Бұл бөлімше ERG Way Өндірістік жүйесі шеңберінде инновациялар мәдениетін, сындарлы өзара іс-қимылды және үздіксіз жақсартуларды қалыптастыру бойынша анағұрлым ауқымды міндетті шешуге де үлес қосады (одан әрі қараңыз). Бұл бизнесіміздің алдағы көптеген жылдарға орнықтылығын қамтамасыз етеді.

2022 жылы операциялық тиімділік жөніндегі бөлімшенің басшылығымен Жабдықтың жалпы тиімділігін есептеу мен өндірістегі ысыраптарды талдаудың жаңа әдістемесі және Қазақстандағы кәсіпорындар үшін өндірістің жаңа ішкі стандарты бекітілді.

Сонымен қатар, ERG қызметкерлері мен үшінші тараптардың жақсарту жөніндегі ұсыныстарын анықтау және іске асыру үшін құралдарды қолдану жалғасты. Бұл мыналарды қамтыды:

- **Идеялар фабрикасы:** осы бастама шеңберінде 2022 жылы 64 624 идея ұсынылды, оның 38 030-ы іске асыруға қабылданды (2021 жыл: тиісінше 31 900 және 17 174). Бұл шығындарды 34 млн АҚШ долларына қысқартады деп күтілуде (2021 жыл: 25 млн АҚШ доллары);
- **Инноваторлар форумы:** 2022 жылы Инноваторлар форумына ERG-дің 174 қызметкері қатысты, олар 87 жобаны ұсынды (2021 жыл: 180 қызметкер және 74 жоба).

Форум инновациялық бастамаларды әзірлеуге және оларды іске асыруға, сондай-ақ ұқыпты өндіріс қағидаттарын қолдануға арналған;

- **Инновациялар порталы:** (erg-innovation.kz): алпыға бірдей қолжетімді Инновациялар порталында ERG өзінің өндірістік қызметінде тап болатын негізгі сын-қатерлер ұсынылған, ал үшінші тараптарға осы проблемаларды шешу бойынша идеяларын беру ұсынылады. Бастапқы бағалаудан сәтті өткен идеялар одан әрі әзірлеу мүмкіндіктері және сайып келгенде, коммерциялық енгізу тұрғысынан бағаланады. 2022 жылы 160-тан астам ұсыныс алынды (2021 жыл: 160-тан астам).

ҚАЗАҚСТАНДА ТҚЖЖ¹ ПРОЦЕСТЕРІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ БАСТАМАЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ МЫСАЛДАРЫ

Жоба	Сипаттамасы	2022 жылғы нәтижелер
Стационарлық дірілді диагностикалау жүйелері	Стационарлық дірілді диагностикалау жүйелері жоғары сыни өндірістік жабдықта роторлы тораптардың жұмысы кезінде авариялықты болғызбауға мүмкіндік береді. Топтың жеті кәсіпорнында 2 500 бақылау нүктесі бойынша жабдықтауға тәулік бойы диагностика жүргізіледі. Бағалау бойынша, пайдалануға берілген кезден бастап бұл жүйелер 400-ден астам әлеуетті аварияны болғызбауға мүмкіндік берді.	Әлеуетті экономикалық ысыраптарды болғызбау +\$12 млн
Сенімділікті қамтамасыз ету және диагностика	Сенімділікті қамтамасыз ету және диагностика қызметтері диагностикалық жабдық арқылы ақауларды ерте сатыда анықтау жөніндегі жұмыстарды орындайды, жоспардан тыс бос тұрып қалудың түпкі себептерін айқындайды және олардың қайталануын болғызбау/барынша азайту бойынша түзету шараларын әзірлейді.	Әлеуетті экономикалық ысыраптарды болғызбау +\$30 млн
Қызметкерлерді 3D-оқыту	2022 жылы іштен жану қозғалтқыштары, сорғылар мен ферроқорытпа пештері саласындағы үш жобаны қоса алғанда, 3D-оқытудың инновациялық форматын енгізу бойынша алты жоба іске асырылды.	ТҚЖЖ қызметкерлерінің құзыреттерін арттыру

1 Техникалық қызмет көрсету және жөндеулер.

Ұқыпты өндіріс қағидаттарын қолдану – Ақтөбе ферроқорытпа зауытындағы сыртқы аудит

2022 жылы ERG Ақтөбе ферроқорытпа зауытында ұқыпты өндіріс жүйесінің қолданылуына сыртқы аудит жүргізуді ұйымдастырды. Toyota Engineering Corporation жүргізген аудиттің нәтижелері бойынша кәсіпорын 2,11 бағасын алды, бұл алғаш рет аудиттен өтіп отырған компания үшін жоғары баға болып есептеледі. Аудиторлар Total Toyota Production System жалпыға бірдей өндірістік жүйесінің қағидаттары негізінде жақсартулар бойынша ұсыныстарын да ұсынды.

Аудиттің қорытындысы бойынша ERG Way Өндірістік жүйесін енгізуге жауапты бөлімше Toyota аудиторлары пайдаланатын өлшемшарттардың негізінде ұқыпты өндіріс қағидаттарын қолдануды бағалаудың ішкі стандартын әзірледі.

🔗 Толығырақ ақпарат мына сілтеме бойынша ұсынылған: www.erg.kz

Инновациялық шешімдерді әзірлеуді ERG жеке ғылыми-зерттеу зертханалары да, сыртқы ғылыми ұйымдармен ынтымақтастықта да жүзеге асырады. Шешімдерді сыртқы әзірлеушілерді тарту мақсатында

Инновациялар порталы (26-бет) пайдаланылады, онда ERG-дің F3TKJ саласындағы басым міндеттері ұсынылған, ал стартаптарды іздеу және бағалау үшін мамандандырылған компаниялар тартылады.

ҒЗИДО ЖОБАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ МЫСАЛДАРЫ

Жоба	Кәсіпорын	Сипаттамасы	Мәртебесі
Ұяшықты құйғыш мұльдаларды пайдалану	Қазхром	Ақсу ферроқорытпа зауытында жалпақ құйғыш мұльдалардан ұяшықты мұльдаларға көшу, бұл ферроқорытпа ұсақ-түйектерінің түзілуін төмендетуді қамтамасыз етеді.	🔗
Шламды қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі ERG Green жобасы (xx-бет)	Қазхром	ERG Green жобасы шеңберінде аралас гравитациялық-флотациялық технология қолданылатын болады, бұл құрамында хром оксиді бар шламды қалдықтарды байытуды едәуір жақсартуға мүмкіндік береді. 2022 жылы FЗИО флотация технологиясына ауқымды тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар жүргізді. Соның нәтижесінде нысаналы техникалық параметрлерге қол жеткізілді, кондициялық хром концентраты алынды және 60%-дан асатын шығарып алу көрсеткішіне қол жеткізілді.	🔗
Агломерациялық цехтың өнімділігін арттыру	Қазхром	Ақсу ферроқорытпа зауытының агломерациялық цехында инновациялық технологияларды енгізу арқылы өнімділікті арттыру бойынша бірқатар іс-шаралар іске асырылды. Соның нәтижесінде өнімділіктің 20%-дан астам өсуі қамтамасыз етілді.	✅
Қақтау цехында баланстан тыс бокситтерді пайдалану	Қазақстан алюминийі	Баланстан тыс бокситтерді (олар төмен сапасы үшін өндіріске бұрын тартылмаған) өнеркәсіптік пайдалану басталды. Есеп-қисаптар мен сынақтардың нәтижелері баланстан тыс бокситті үлесі 40%-дан аспайтын қақтау шихтасына тарту оңтайлы техникалық-экономикалық көрсеткіштерді сақтайтынын көрсетті, бұл өндірілетін сазбалшықтың өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді.	🔗
Көміртегі өнімдері	Шұбаркөл Көмір	Арнайы кокс зауытының ұсақ-түйектерінен белсендірілген көмір (өнеркәсіптік кәсіпорындардың шығарындыларын тазартуға арналған сорбенттер) өндірісін құру.	✅

🔗 Иске асырылып жатыр ✅ Иске асырылды

Қазақстанда ERG Way Өндірістік жүйесін енгізу

2022 жылы ERG Way Өндірістік жүйесін пилоттық енгізу аяқталды және оны Қазхром, ССКӨБ, Қазақстан алюминийі, ЕЭК, ERG Service және Шұбаркөл Көмір кәсіпорындарында жүйелі түрде қолдану басталды. Сонымен қатар, өндірістік қызметкерлерді осы көзқарасты қолдануға жүйелі түрде оқыту үшін ERG Way School мектебі іске қосылды.

Жыл ішінде Қазақстандағы Top кәсіпорындарының 13 мыңнан астам қызметкері 5S жүйесі¹, проблемаларды шешу әдістемесі, техникалық қызмет көрсету мен жөндеулердің негіздері сияқты және т.б. бағыттар бойынша оқытудан өтті.

ERG Way Өндірістік жүйесі анағұрлым тиімді өндірістік мәдениетті қалыптастыруға ықпал етуге арналған. Ол өнімнің бүкіл өмірлік циклі бойында, оның ішінде ұқыпты өндіріс қағидаттарын қолдану арқылы тиімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ERG Way негізгі мақсаттары мыналарды қамтиды:

- Жабдықтардың өнімділігін арттыру және шығындарды орнықты түрде төмендету;
- Басқарудың бірыңғай қағидаттарын енгізуге және әрі жекелеген қызметкерлер, әрі тұтастай алғанда, бөлімшелер арасындағы тиімді өзара іс-қимылға жәрдемдесу;
- Өндірістік процесте, оның ішінде қызметкерлердің мүмкіндіктерін кеңейту және әртүрлі функционалдық бөлімшелер арасындағы ынтымақтастық арқылы өзгерістерді жүйелі басқаруды қолдау.

Технологиялық инновациялар Қазақстан

Қазақстандағы Ғылыми-зерттеу инженерингтік орталығымыздың (FЗИО) қызметі ішкі және сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасауға негізделген ашық жүйе қағидаты бойынша құрылған.

¹ Sort, Straighten, Shine, Standardise, and Sustain (сұрыптау, тәртіпті сақтау, таза ұстау, стандарттау және жетілдіру).

2022 жылы инновациялық идеяларды іздеу және бағалау, сондай-ақ оларды Инновациялар порталын пайдалана отырып басқару рәсімдері енгізілді. Рәсімдер жаңа технологияларды бекіту мен оларды өндіріске енгізуге қатысты кезеңдік көзқарасты қолдануды көздейді.

Сонымен қатар, өндіріс тиімділігін арттыруға ерекше назар аударып отырып, ҒЗТҚЖ-нің негізгі бағыттары айқындалды.

Олар мыналарды қамтиды:

- Пирометаллургияның жаңа технологияларын қолдана отырып, көміртегі ізі төмен хром өндірісі;
- Осы өнімнің көміртегі ізін қысқартуға мүмкіндік беретін сазбалшықты өндірудің жаңа технологиялары;
- Хром өндірісі мен қалдықтарды қайта өңдеуге баса назар аударып отырып, гидрометаллургиядағы жаңа көзқарастар;
- Қауіпті қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату;
- Көмірді газдандыру (және қайта өңдеудің басқа да бөліністері/ әдістері).

Африка

Африкада энергиямен жабдықтаудағы іркілістердің нәтижесінде өндірістегі іркілістер мен электр энергиясына шығындардың өсуін қоса алғанда, Metalkol кәсіпорнын энергиямен жабдықтауға байланысты проблемаларды еңсеру үшін инновациялық шешімдерді іздеу жүргізілуде. Мүмкін болатын шешімдер іркілістер болған жағдайда дереу ауысып-қосу мүмкіндігімен электр генераторларын пайдалануды, сондай-ақ аккумуляторлық батареялар негізінде резервтік электрмен жабдықтауды ұйымдастыруды қамтиды ([xx]-бет).

Frontier кәсіпорнында жабдықтардың жалпы тиімділігін арттыру мақсатында көлік құралдарының паркін басқарудың жетілдірілген жүйесін енгізу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Африкада геологиялық-барлау бағытын дамыту шеңберінде литосфераның сипаттамаларын талдау негізінде объектілерді іздеудің озық технологиялары, сондай-ақ қашықтықтан зондтау әдістері енгізілуде. Бұдан басқа, деректерді жинау процестерін жетілдіру және стандарттау мақсатында тау-кен жыныстары мен жынысөзекті сканерлеуге арналған мультисенсорлық тұғырнамалар енгізіліп жатыр. Бұған қоса, біз командалар арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға және геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруды оңтайландыруға мүмкіндік беретін жаһандық геоақпараттық тұғырнаманы жасауды жоспарлап отырмыз.

Бразилия

Бразилиядағы VAMIN кәсіпорнында осы әлемдік деңгейдегі кәсіпорынның қызметіне инновациялық шешімдер мен озық технологияларды енгізуге жауап беретін Инновациялар департаменті құрылды. Оның жұмысының негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

- Көміртексіздендіру және экологиялық таза энергияны пайдалану (b1-бет);
- Цифрлық инжиниринг және пайдалы қазбалардың кен орындарын барлауда озық технологияларды/талдауды қолдану;
- Логистикалық процестерді есептік модельдеу;
- Микрошекемтастар өндірісін, брикеттеу және суық кесектеуді қоса алғанда, өнімнің жаңа түрлерін игеру.

2022 жылы мынадай негізгі бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді:

- SENAI CIMATEC ғылыми-зерттеу институтымен ынтымақтастықты бастау;
- Жынысөзекті сканерлеудің жетілдірілген әдістерін қолдану;
- Суық кесектеуді қолдану.

Цифрлық инновациялар және автоматтандыру

Біз ERG-дің цифрландыру жөніндегі стратегиялары шеңберінде автоматтандыру саласындағы бастамаларды іске асыруды және «Индустрия 4.0» тұжырымдамасын енгізу жөніндегі жұмысты жалғастырып жатырмыз. Бұл жұмыстың негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

- Жасанды интеллект және өндірістің инновациялық технологиялары негізінде «цифрлық кеңесшілерді» әзірлеу;
- Экономикалық тиімді цифрлық инвестициялық шешімдер қабылдау;
- Тұрақты «жоғары маңызы бар» цифрлық шешімдерді өзіндік әзірлеуді қоса алғанда, өндірістік қызметті және тұтастай алғанда, бизнесті қолдау үшін бейімді/модульдік цифрлық сәулеттерді құру.

Бұл жұмыс өзара байланысты деректердің интеграцияланған «ғаламын» құруға бағытталған. Оларды қолдану біздің бизнесіміздің әртүрлі бағыттарының тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда компанияның әртүрлі бөлімшелерінен келіп түсетін барлық операциялық деректер бірыңғай «деректер көліне» жиналады. Алдағы уақытта бұл бізге жұмыс процестері мен шешім қабылдау тиімділігін арттыру мақсатында жасанды интеллект құралдарын қолдануға мүмкіндік береді.


2022 жылы «Индустрия 4.0» тұжырымдамасын практикалық қолдану мысалдары:

- Ақсу ферроқорытпалар зауытында кескіндерді автоматты өңдеу және машиналық оқыту арқылы балқыту цехтарының өнімділігін арттыруды қамтамасыз ететін «цифрлық кеңесшілерді» енгізу жөніндегі жұмысты аяқтау. Бұл шешім нақты уақыт режимінде шихта материалдарының фракциялық құрамын талдауды жүзеге асырады және өнімділікті арттыру бойынша ұсынымдар береді;
- Ақсу ферроқорытпалар зауытында қож құрамындағы металдың ысыраптарын қысқарту үшін, оның ішінде тереңдетілген талдауды қолдану арқылы технологияны тәжірибелік енгізу.

Сонымен қатар, Қазақстанда мыналарды қоса алғанда, автоматтандыру саласындағы бірқатар ағымдағы жобаларды іске асыру аяқталды:

- Қоржынкөл, Сарыбай және Соколов карьерлерінде (ССКӨБ), сондай-ақ «Шығыс» көмір разрезінде (ЕЭК) «Ақылды карьер» жүйесін¹ енгізу. Бұл қозғалатын жабдықтарды басқару жүйесі мамандандырылған диспетчерлік жүйелер мен бағдарламалық жабдықтарды, сондай-ақ 4G желілерін пайдалану арқылы өндірісті оңтайландыруға жәрдемдеседі;
- Ақтөбе ферроқорытпа зауытындағы өндірістік процестерге Өндірісті басқару жүйесін (MES) енгізу, сондай-ақ оны ҚЭЗ-ге енгізуді жобалау;
- Біздің барлық кәсіпорындарымызда (Қашар кенінен басқа) ТП АБЖ деректерін жинау, сақтау және бастапқы өңдеу үшін технологиялық процестерді автоматтандырылған басқару жүйелері (ТП АБЖ) деректерінің бірыңғай Қоймасын әзірлеу;
- ССКӨБ-те, Қашар кені мен Дөң ТКБК-де тау-кен жұмыстарын интеграцияланған жоспарлау жүйелерін енгізу.

1 Тау-кен көлік кешенін басқарудың автоматтандырылған жүйесі (Hexagon).



Бұдан бөлек, Қазақстанда автоматтандыру саласындағы бірқатар жаңа жобаларды іске асыру басталды, оның ішінде:

- Қашар кені және Жәйрем марганеці кәсіпорындарында 4G LTE (Long-Term Evolution) стандартының жекеменшік желілерін өрістету. Бұл технология біздің өндірістік объектілерімізді корпоративтік деректер беру желісіне Wi-Fi арқылы сымсыз кең жолақты қосылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;
- Топтың сатып алу процестерін дамыту және нарықтық бағаларды талдау үшін жасанды интеллектті пайдалану.

Өндірістік-өткізу тізбегіне қатысушыларға кепілдіктер беру үшін блокчейн технологиясын қолдану

Біз ҚДР-дегі кобальтымыздың шығу тегін қадағалау және тиісті кепілдіктерді қамтамасыз ету үшін блокчейн технологиясын пайдалану мүмкіндіктерін талдау мақсатында бірқатар стейкхолдерлермен ынтымақтастықты жалғастырамыз.

Атап айтқанда, бұл ERG-дің аккумуляторлық батареялар секторы үшін Жаһандық альянсқа мүшелігін, сондай-ақ Glencore және IXM (СМОС еншілес кәсіпорны) компанияларымен бірлесе отырып, ReSource блокчейн тұғырнамасын құруды қамтиды. Қазірдің өзінде тұғырнама Metalkol кәсіпорны кобальтының қозғалысын қадағалау үшін сәтті қолданылып келеді.

АЛДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

2023 жылы және одан әрі мынадай бағыттар бойынша жұмыс жоспарланып отыр:

- Операциялық тиімділікті арттыруға ерекше көңіл бөле отырып және Жабдықтың жалпы тиімділігін есептеу және өндірістегі ысыраптарды талдау әдістемесіне сүйене отырып, Қазақстанда ERG Way Өндірістік жүйесін дамытуды жалғастыру. Бұл бағыттағы жұмыс әр кәсіпорында Six Sigma әдістемесіне оқытудан өткен процесс инженерін тағайындауды қамтиды. Сонымен қатар, кәсіпорындардың өндірістің жаңа ішкі стандартына сәйкестігін бағалауды жүргізу жоспарлануда;
- Топтың Қазақстандағы кәсіпорындарында автоматтандыру және «Индустрия 4.0» тұжырымдамасын енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыру;
- Өндірісті оңтайландыру, шикізаттың қозғалысын қадағалау және оны Metalkol кәсіпорнының қайта өңдеу зауытында салыстырып тексеру мақсатында жасанды интеллект негізінде шешімдер қабылдауды қолдау тұғырнамаларын қолдану;
- Жабдықтардың жалпы тиімділігін арттыру мақсатында Frontier кәсіпорнында көлік құралдарының паркін басқарудың жетілдірілген жүйесін енгізуді жалғастыру;
- Кен орындарын анағұрлым тез анықтауды қамтамасыз ету үшін қашықтықтан зондтаудың озық технологиялары мен кешенді машиналық оқытуды қолдана отырып, геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу үшін объектілерді іздеу стратегиясын іске асыруды жалғастыру.

Сауд Арабиясында әлемдегі алғашқы топырақ сынамаларын алуға арналған дербес аппаратты жасау жоспарлануда, бұл өңірдегі топырақтың беткі қабатының геохимиялық сипаттамалары туралы жоғары ажыратымдылықтағы деректерді жинауды жеделдетуге мүмкіндік береді.

Адамдарымыздың өркендеуіне КӨМЕКТЕСЕ

ОТЫРЫП

Персоналды басқару саласындағы стратегияға сәйкес біз өз қызметіміздің барлық аспектілерінде қызметкерлерге басым көңіл бөлеміз. Стратегия біздің персоналдың инновациялық тәсілдерді қолдануын дамытуға бағытталған, бұл біздің бизнесіміздің ұзақ мерзімді перспективада орнықты дамуы үшін негіз жасайды.

Стратегияның негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

- Дағдылар мен құзыреттерді дамыту;
- Қызметкерлердің қауіпсіздігі мен әл-ауқатына қамқорлық жасау;
- Жеке және кәсіби өсуді қолдау;
- Жайлы жұмыс орындары мен тұру жағдайларын қамтамасыз ету;

Бұл тұрғыда Стратегия-2025 негізгі басымдықтарының бірі бақытты және кәсіби ұжымды қалыптастыру және қолдау болып табылады.

- Осы саладағы басқаруға қатысты көзқарасымыз туралы қосымша ақпарат Қосымшаның 89-бетінде ұсынылған.

2022 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРДЫҢ МЫСАЛДАРЫ

- > \$12,5 млн – Қазақстандағы кәсіпорындардағы санитариялық-тұрмыстық үй-жайларды жақсартуға инвестициялар 2016 жылдан бері \$73 млн)
- > Африкада өндірісті ұлғайтуды қолдау үшін персоналды дамыту бағдарламаларын кеңейту
- > BAMIN кәсіпорнында Great Place to Work® сертификаттауы

ЕЛЕУЛІ МӘСЕЛЕЛЕР

ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК

- Толығырақ 31-бетте

ПЕРСОНАЛДЫ ТARTУ, ДАМУЫ ЖӘНЕ ҰСТАУ

- Толығырақ 35-бетте

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

- Толығырақ 39-бетте

ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНМӘТІН

Бақытты және кәсіби ұжым: Біздің 2025-Стратегиямыздың басымдықтарының бірі қызметкерлеріміздің қауіпсіздігі мен әл-ауқатына қамқорлық жасау болып табылады. Атап айтқанда, бұл қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуді, қызметкерлердің денсаулығын нығайтуды және салауатты өмір салтын қолдауды қамтиды.

Релевантты БҰҰ ОДМ

🕒 БҰҰ ОДМ тиісті міндеттері
100-бетте ұсынылған



Біздің Құндылықтарымызға сәйкес, өндірістік қауіпсіздік біздің басты басымдығымыз болып табылады. Біз өндірісте нөлдік нұқсанға қол жеткізу жөніндегі жұмысты жалғастырып жатырмыз.

Қазақстандағы барлық кәсіпорындарымыз¹ ISO 45001 стандартына сәйкес сертификатталған. ҚДР-дегі Metalkol кәсіпорнында осы стандарт бойынша сертификаттауды алуға дайындық жалғасуда. Топтың Африкадағы басқа кәсіпорындарында ISO 45001 стандартын ескере отырып әзірленген өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесі қолданылады. Бразилиядағы VAMIN интеграцияланған темір кенді және логистикалық кәсіпорнында ISO 45001 стандартының талаптарын ескере отырып әзірленген өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесі қолданылады.

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Үлкен өкінішімізге қарай, өткен жылы өндірістегі жазатайым оқиғалардың салдарынан бес қызметкер мен екі мердігер қайтыс болды. Барлық жазатайым оқиғалар Топтың Қазақстандағы кәсіпорындарында орын алды.

Біз қайтыс болған адамдардың туыстары мен жақындарына шын жүректен көңіл айтамыз. Өлімге алып келетін жазатайым оқиғалар жол бергісіз болып табылады әрі біз өз кәсіпорындарымызда оларды болғызбау бойынша белсенді жұмысты жалғастырудамыз.

Осы оқиғаларды тергеп-тексеру қорытындысы бойынша мынадай шаралар қабылданды:

- Көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету мен оларды қарап-тексерудің жетілдірілген рәсімдерін енгізуді, жүргізушілер жұмысының жетілдірілген регламенттері мен жүргізушілер ауысымдылығының қайта қаралған кестелерін енгізуді қоса алғанда, көлік қауіпсіздігін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру (32-бет);

1 «3-Энергоорталық» АҚ кәсіпорнын қоспағанда.
2 Қызметкерлер ғана. Өлімге алып келген жағдайларды қамтиды.
3 Қызметкерлер ғана. Өлімге алып келген жағдайларды қамтиды.

ЖЫЛДАР БОЙЫНША ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш		2022	2021	2020	2019	2018
Өлімге алып келген жазатайым оқиғалар	қызметкерлер ғана	5	7	3	10	1
	мердігерлер ғана	2	3	1	1	4
Еңбекке қабілеттілік күндерін уақытша жоғалтумен жарақаттар	қызметкерлер ғана	105	101	67	85	70
	мердігерлер ғана	30	17	13	17	13
Еңбекке қабілеттілік күндерін уақытша жоғалтумен жарақаттардың жиілігі	қызметкерлер ғана	0,91	0,93	0,61	0,83	0,58

ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш		Қазақстан	Африка	Бразилия
Өлімге алып келген жазатайым оқиғалар	қызметкерлер ғана	5	0	0
	мердігерлер ғана	2	0	0
Еңбекке қабілеттілік күндерін уақытша жоғалтумен жарақаттар	қызметкерлер ғана	102	3	0
	мердігерлер ғана	29	1	0
Еңбекке қабілеттілік күндерін уақытша жоғалтумен жарақаттардың жиілігі	қызметкерлер ғана	0,99	0,26	0

- Мердігерлердің жұмысын бақылауды күшейту және шарттарды жасамас бұрын мердігерлердің қауіпсіздік қағидаларын сақтауын анағұрлым мұқият тексеру (32-бет);
- Тәуекел деңгейі жоғары жұмыстарға ерекше назар аудара отырып және өткен оқиғалардан қорытындыларды игере отырып, өндірістік қауіпсіздік саласында мамандандырылған оқыту жүргізу.

Бұған қоса, өлімге алып келетін жазатайым оқиғаларды болғызбауға ықпал ететін бірқатар басқа іс-шаралар іске асырылып жатыр. Олар Қазақстанда жүргізушілердің шаршауын автоматтандырылған бақылау жүйелерін, сондай-ақ жабдықтарды бұғаттау мен таңбалаудың заманауи жүйелерін (ЛОТО)

жоспарланып отырған енгізуді қамтиды (32-бет). Бұдан бөлек, біз мердігерлік ұйымдарда қауіпсіздік деңгейін арттыру жөніндегі жұмысты да жалғастырудамыз (33-бет).

Өкінішке қарай, 2022 жылы біздің қызметкерлердің бірі COVID-19 туғызған асқынудан қайтыс болды (2021 жыл: 30).

2022 жылы еңбекке уақытша қабілеттілікті жоғалтумен (LTI) өндірістік жарақаттардың саны 110-ға² дейін өсті (2021 жыл: 108). Соның нәтижесінде еңбекке қабілеттілік күндерін жоғалтумен жарақаттардың көрсеткіші (LTIFR) 0,91-ді³ құрады (2021 жыл: 0,93).

Бразилиядағы BAMIN кәсіпорнында 2019 жылғы қазаннан бері еңбекке қабілеттілік күндерін жоғалтумен жарақаттарсыз үздіксіз жұмыс істелген 6,7 миллионнан астам сағат тіркелді (қызметкерлер мен мердігерлер).

БІЗДІҢ ЖОБАЛАРЫМЫЗ БЕН БАСТАМАЛАРЫМЫЗ

Қазақстанда қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Өткен жылы Өндірістік қауіпсіздік (ӨҚ) саласындағы стратегияны енгізу жөніндегі іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспарларын әзірлеу жалғасын тапты. Сонымен қатар, тәуекелге бағдарланған интеграцияланған ӨҚ-ны басқару жүйесін қолдану жалғасты.

Осы жұмыс аясында бірқатар нысаналы іс-шаралар іске асырылды. Қазақстанда күрделі шығындардың артуы (xx-бет) да ӨҚ мәселелеріне ерекше назар аударудың көрінісі болды, бұл Дөң КБК-ні автоматты жолда сигнал беру жүйесімен және жетілдірілген газ детекторларымен (726 мың АҚШ доллары) жарақтандыруды, Рудныйдағы оқу орталығы үшін тренажер-симуляторды сатып алуды (655 мың АҚШ доллары) және Шұбаркөл Көмірді көлікті мониторингтеу мен бақылаудың жетілдірілген жүйесімен жарақтандыруды (257 мың АҚШ доллары) қамтыды.

ӨҚ саласындағы басқа да негізгі бастамалар мыналарды қамтыды:

- **Оқыту:** өндірістік қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және ілгерілету мақсатында оқыту бағдарламаларының қамтуын кеңейтуге ерекше назар аударылды. Бұл бағыттағы жұмыс мыналарды өткізуді қамтыды:
 - Әртүрлі кәсіпорындардың 1,2 мыңнан астам қызметкері үшін «Алғашқы медициналық көмек» курсы бойынша оқыту;

- ЕЭК және ERG Service¹ менеджерлері үшін сыртқы сертификаттаудан өте отырып, ӨҚ саласындағы оқыту, оның шеңберінде қасшылардың ӨҚ-ны қамтамасыз етуге қатысуына, сондай-ақ тәуекелдерді тереңдетілген бағалауға ерекше көңіл бөлінді;
- Тәуекел деңгейі жоғары жұмыстарды орындайтын қызметкерлер үшін ӨҚ саласындағы қосымша оқыту (төменде қараңыз);

Сонымен қатар, міндетті оқытудың орталықтандырылған бағдарламасы шеңберінде әртүрлі кәсіпорындардың 50 мыңнан астам қызметкері үшін ӨҚ саласында көзбе-көз және қашықтықтан оқыту өткізілді.

- **Өлім тәуекелдерін бақылау:** өлім тәуекелдерін бақылаудың тиімділігін арттыру жөніндегі көпжылдық бағдарламаны іске асыру жалғасты, оның ішінде мынадай бағыттар бойынша:

- **Биіктіктегі жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасы:** биіктіктегі жұмыстарды орындайтын шамамен 15 мың қызметкер үшін кәсіпорындардың оқу-жаттығу полигондарында қашықтықтан оқыту мен практиканы ұйымдастыру, сондай-ақ төрт кәсіпорында биіктіктегі жұмыстар жүргізілетін орындарды жетілдірілген анкерлік жүйелермен жарақтандыру;
- **Көлік қауіпсіздігі:** әртүрлі кәсіпорындардың шамамен 800 қызметкері үшін «Қорғайтын жүргізу» курсы бойынша оқыту, сондай-ақ үш кәсіпорында көлікті спутниктік бақылаудың, талдау мен басқарудың жетілдірілген жүйесін енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыру;

- **Тәуекелдерді бағалау:** қауіптерді анықтау әдістемесіне (HAZID) сәйкес тәуекелдерді жыл сайынғы бағалауды жүргізу, сондай-ақ тиісті жылдық іс-шаралар жоспарларын жаңарту;

- **Жабдықтардың қауіпсіздігін арттыру:** өңірдегі барлық кәсіпорындарда қауіпсіздік аудитін жүргізу, оның нәтижелері алдағы уақытта жабдықтарды бұғаттау мен таңбалау жүйелерін (ЛОТО) енгізу кезінде ескерілетін болады. Бұл жүйелерді пайдалану техникалық қызмет көрсетуді немесе жөндеуді жүргізу алдында қауіпті жабдықты сенімді оқшаулауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Кейіннен өңірдегі барлық кәсіпорындарда 2024 жылы енгізе отырып, оларды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру 2023 жылға жоспарланған;
- **ӨҚ мәдениеті:** «Кәсіпқойлар лигасы» шеңберінде қауіпсіздік мәселелері бойынша диалогті қамтамасыз ету (35-бет), сондай-ақ ERG Way Өндірістік жүйесі шеңберінде қауіпсіздік деңгейін бағалау мақсатында басшылардың өндірістік алаңдарға тұрақты түрде баруын жүргізу (27-бет).

Бұдан басқа, деректерді басқару процестерін цифрландыру мен ӨҚ саласындағы есептілікті дайындауға қатысты көзқарас қайта қаралды. Қазіргі кезде осы бағыт үшін бірнеше ықтимал шешім қаралып жатыр.

Африкада қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Африкадағы кәсіпорындарда IsoMetric бағдарламалық қамтылымы пайдаланыла отырып, денсаулықты, өндірістік қауіпсіздік пен орнықты дамуды басқарудың интеграцияланған жүйесі (SHS) қолданылады.

2022 жылы өндірістік қауіпсіздік саласындағы негізгі бастамалар мыналарды қамтыды:

- **Оқыту:** біздің барлық кәсіпорындарымызда, оның ішінде Frontier кәсіпорнында кен орнын өз күшімен игеруге көшуге (23-бет) және «Контур-4» жобасы шеңберінде өндірісті ұлғайтуға байланысты (23-бет) ӨҚ саласында мамандандырылған оқыту бағдарламаларын іске асыруды жалғастыру;
- **ӨҚ мәдениеті:** Metalkol және Frontier кәсіпорындарында Visible Felt Leadership бағдарламасын іске асыруды жалғастыру, сондай-ақ қызметкерлер мен мердігерлер арасында ӨҚ мәдениетінің деңгейін арттыруға бағытталған жаңа өңірлік бағдарламаны іске асыруды бастау;
- **ӨҚ талаптарының сақталуын мониторингтеу:** өндірістік объектілерде өндірістік қауіпсіздіктің тұрақты аудиттері мен тексерулерді жүргізу, сондай-ақ SHS саясаты мен тиісті рәсімдерді мерзімді түрде қайта қарау;
- **Негізгі тиімділік көрсеткіштері (НТК):** Африкадағы кәсіпорындарда қолданылатын ӨҚ саласындағы қолданыстағы НТК-ге қосымша, барлық Metalkol қызметкерлері үшін сыйақы беру жүйесіне еңбекке қабілеттілік күндерін жоғалтумен жарақаттарсыз жұмыс істелген сағаттардың саны бойынша НТК-ні енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыру.

1 ERG Service кәсіпорны Қазақстандағы ERG кәсіпорындарына жөндеу қызметтерін ұсынады.

Бразилияда қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Бразилиядағы BAMIN интеграцияланған темір кенді және логистикалық кәсіпорнында 2022 жылы қызметкерлер мен мердігерлер арасында еңбекке қабілеттілік күндерін уақытша жоғалтумен жарақаттар тіркелген жоқ (2021 жыл: 0). Кәсіпорында ӨҚ-ны басқарудың кешенді жүйесі қолданылады. Өткен жылы осы жүйені енгізу жөніндегі жұмыс аясында Еңбекті қорғау жөніндегі жаңа комитет құрылды, оның құрамына кәсіпорын басшылығының өкілдері кіреді. Келешекте осы жүйе мен тиісті рәсімдерге ішкі аудит жүргізу жоспарлануда.

Бұдан басқа, кәсіпорынның қызметін дамыту шеңберінде қауіпсіздік мәдениетін ілгерілету және тиісті оқыту бағдарламаларының қамтуын кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастырылды. Бұл тұрғыда BAMIN қызметкерлері үшін осы саладағы оқыту көлемі айтарлықтай ұлғайтылған болатын.

Мердігерлік ұйымдармен жұмыс

Қазақстандағы екі жазатайым оқиғаның салдарынан ЕЭК пен Дөң ТКБК-де (Қазхром) екі мердігер қайтыс болды. Мұндай оқиғалардың алдағы уақытта қайталану тәуекелін болғызбау үшін бірқатар іс-шаралар іске асырылды. Атап айтқанда, ЕЭК-те мердігерлік ұйымдарды жобалар бойынша жұмыстарды орындауға жіберу тәртібі жетілдірілді, сондай-ақ мердігерлермен жасалатын шарттарда қауіпсіздік саласындағы талаптарды одан әрі арттыру жоспарланып отыр. Дөң ТКБК-де мердігерлік жұмыстардың кейбір түрлерін орындау жоспарлары қайта қаралды, сондай-ақ тиісті жабдықтың қауіпсіздік сипаттамаларын арттыру мақсатында жабдықты өндірушімен жұмыс жүргізілді.

Атаулы іс-шараларды іске асырудан бөлек, біз мердігерлердің жұмыстарды орындауын мұқият бақылауды және қауіпсіздік қағидаларының сақталуына тұрақты және тиісті бақылауды қамтамасыз ету мақсатында тұрақты нұсқамалықтар жүргізуді жалғастырудамыз.

Африкада мердігерлердің ӨҚ стандарттарын сақтауын бақылауды күшейту мақсатында осы өңір үшін сатып алу рәсімдеріне осы саладағы жоғары талаптар енгізілді. Бұған қоса, біздің барлық кәсіпорындарымызда мердігерлердің жұмыстарды орындауы кезіндегі тәуекелдерді тұрақты бағалау, сондай-ақ өндірістік объектілерді инспекциялау және ӨҚ мәселелері бойынша нұсқамалықтар жалғасты.

Бразилиядағы BAMIN кәсіпорнында мердігерлер үшін қауіпсіздік бойынша кешенді нұсқамалықтар, сондай-ақ осы саладағы саясаттар мен рәсімдерге оқыту жалғасты. Сонымен қатар, жоспарланып отырған мердігерлік жұмыстар үшін қауіпсіздікті жобалау мен бағалаудың жетілдірілген рәсімі әзірленді.

Денсаулықты қорғау

Қазақстан

Проактивті басқару болмаған кезде кейбір жұмыс түрлері қызметкерлеріміздің денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін. Оларға шаң, шу, дiрiл және жылу бөлшектерінің әлеуетті әсері жатады. Бұл проблеманы шешу үшін біздің барлық қызметкерлеріміз үшін кәсіптік аурулардың профилактикасы мен сауықтырудың кешенді бағдарламалары іске асырылады.

Қазақстандағы іс-шаралар мыналарды қамтиды:

- Міндетті жыл сайынғы медициналық қарап-тексерулер;
- Қызметкерлердің жекелеген топтары үшін ауысым алдындағы медициналық қарап-тексерулер;
- Тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, жұмыс орындарында денсаулық үшін тәуекелдерді бағалау;
- Еңбек жағдайларына қарай қызметкерлерді медициналық орталықтың базасында сауықтыру (34-бет).



Африка

Metalkol және Frontier кәсіпорындарында өнеркәсіптік гигиена бағдарламасын және тәуекелге бағдарланған мониторинг стратегиясын іске асыру жалғасты. Бұл бағыттағы жұмыс тәуекелдерді мониторингтеу мен талдауды, сондай-ақ шаңның, шудың, дiрiлдiң, газ бен жарықтандырудың әсері сияқты тақырыптар бойынша қызметкерлер арасында ақпараттық жұмыс жүргізуді қамтыды.

Metalkol кәсіпорнында Кингамьямбо қалдыққоймасында ауадағы кремний-топырақты шаңның мөлшерін бақылау жөніндегі шаралар сәтті іске асырылды. Бұған дейін 2021 жылы құрғақ мезгілде бұл көрсеткіш ішкі нормативтерден асып түскені анықталған болатын. Сонымен қатар, кәсіпорында атмосфералық ауадағы шаңның мөлшерін мониторингтеу, шаңды басу мақсатында суару, сондай-ақ қызметкерлерді жақсартылған жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс және жартыжылдық медициналық қарап-тексерулер жүргізу жалғасты.

Бразилия

BAMIN кәсіпорнында медициналық пункт үшін медициналық персоналды ұсыну туралы тәуелсіз мамандандырылған ұйыммен шарт жасалды. Медициналық пункт персоналының құрамына дәрігер, мейіргер, көмекші персонал және жедел жәрдем көлігінің жүргізушілері кіреді. 2022 жылы F10L-1 жобасы аясында жұмыс істеу үшін де дәрігер тартылды. Бұған қоса, біз барлық қызметкерлерге жыл сайынғы медициналық қарап-тексерулер өткізуді жалғастырдық.

Жеке денсаулық және салауатты өмір салтын қолдау

Біз кәсіптік емес аурулардың профилактикасына, оларды анықтау мен емдеуге және Топ қызметкерлерінің жеке денсаулығын қолдауға бағытталған бірқатар бастамаларды іске асырамыз.

Қазақстан

Өткен жылы Қазақстандағы мамандандырылған медициналық орталықтың базасында психологтермен көзбе-көз консультацияларды, жұмыс орындарында қызметкерлерге арналған тренингтерді, сондай-ақ психологиялық денсаулық мәселелері бойынша психотерапевт мамандармен онлайн-семинарларды қоса алғанда, қызметкерлерді психологиялық қолдау бағдарламасын іске асыру басталды.

Сонымен қатар, 14 мыңнан астам қызметкердің қатысуымен екі ауқымды зерттеу жүргізілді. Осы зерттеулердің нәтижелері кәсіпорындарымыздағы психологиялық әл-ауқат деңгейін бағалауға және психологтердің жұмысын қай жерде күшейту қажет екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, қызметкерлерге біздің медициналық орталығымыздың базасында тегін медициналық қызмет көрсетуді ұсыну жалғасты. Біз қызметкерлер үшін медициналық қызметтерге жұмсалатын шығыстарды жабуға да қосымша (заңнамада белгіленген көлемнен тыс) қаражат бөлеміз. Бұл амбулаториялық медициналық көмекті, оның ішінде стоматологиялық қызмет көрсетуді, дәрілік қамтамасыз етуді және сауықтыру мақсатындағы емдеуді қамтиды. 2022 жылы осы бағдарламаларды іске асыруға 4,6 млн АҚШ доллары бөлінді (2021 жыл: 5 млн АҚШ доллары).

Бұдан басқа, 40 жастан асқан ер адамдарда жүректің ишемиялық ауруын анықтау үшін диагностикалық зерттеп-қарауларды және 40 жастан асқан әйелдерде сүт безінің қатерлі ісігіне скринингті қамтитын кеңейтілген профилактикалық қарап-тексерулер бағдарламасы іске асырылады. 2022 жылы ЕЭК және Ақсу ферроқорытпалар зауытының қызметкерлері үшін онкологиялық скринингтің пилоттық бағдарламасын іске асыру басталды, ал 2023 жылы осы бағдарламаны басқа кәсіпорындарға кеңейту жоспарланып отыр.

Дене шынықтыру саласындағы бағдарламаларымыз, сондай-ақ Қазақстандағы қызметкерлеріміз үшін спорттық іс-шаралар туралы ақпарат 50-бетте ұсынылған.

Африка

Африкадағы қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне тегін медициналық көмек ұсынылады. Бұдан бөлек, біз:

- Metalkol, Frontier және Comide кәсіпорындарының қызметкерлері үшін шіркейге қарсы заттарды бүрку мен фумигацияны қоса алғанда, ақпараттық-ағарту іс-шаралары мен безгек профилактикасының бағдарламаларын іске асырамыз;
- Metalkol, Frontier және Boss Mining қызметкерлері үшін (тиісті мемлекеттік ведомстволармен ынтымақтастықта) ақпараттық-ағарту іс-шараларын, ерікті консультация беру мен АИТВ-ге/ЖИТС-ке тестілеуді өткіземіз;
- Мемлекеттік вакцинациялау бағдарламаларын іске асыруға қатысамыз;
- Сүт безі қатерлі ісігін анықтау және оның профилактикасы туралы өңірлік ақпараттық-ағарту іс-шараларын өткіземіз.

Кәсіпорынның қызметкерлері мен олардың отбасыларына кеңейтілген медициналық қызмет көрсетуді ұсыну мақсатында Metalkol кәсіпорны Колвези мен Лубумбашидегі екі клиникамен ынтымақтастық жасайды. Атап айтқанда, 2022 жылы кәсіпорынның әйел қызметкерлері үшін жатыр мойнының қатерлі ісігіне скрининг жүргізілді.

Frontier қызметкерлері мен олардың отбасыларына медициналық қызмет көрсету кәсіпорынның клиникасы мен жергілікті ауруханаларда ұсынылады.

Boss Mining компаниясының қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне кәсіпорын толығымен қолдайтын сыртқы клиникада тегін медициналық қызмет көрсету ұсынылады. Бұл Каканда ауданындағы жалғыз клиника болғандықтан, онда жергілікті халық үшін жедел медициналық көмек те көрсетеді (51-бет).

Йоханнесбургтегі корпоративтік кеңсенің қызметкерлері үшін тегін психологиялық консультациялар мен өмірлік қиын жағдайларда қолдауды қамтитын сауықтыру бағдарламасы іске асырылады.

Бразилия

Бразилияда біз қызметкерлердің медициналық сақтандыруын ішінара төлейміз (COVID-19-дан емделуге арналған шығыстарды қоса алғанда) және қызметкерлер мен олардың отбасыларының стоматологиялық қызмет көрсетуге жұмсалатын шығыстарын толығымен өтейміз. Сонымен қатар, спортзалға тегін абонементтер ұсынуды, диетологтердің консультацияларын, онлайн-консультациялар форматындағы психологиялық көмекті және қаржылық мәселелер бойынша ұсынымдарды қамтитын қызметкерлерге арналған жеке жеңілдіктер бағдарламасы бар.

АЛДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

Қазақстанда 2023 жылы кәсіпорындарымызда ӨҚ деңгейін арттыруға бағытталған бес жылдық ауқымды бағдарламаны іске асыруды бастау жоспарлануда. Бұл бағдарламаны іске асыру оқиғаларды тергеп-тексеру нәтижелері бойынша анықталған негізгі кемшіліктерді жоюға мүмкіндік береді, сондай-ақ қауіпсіздік мәдениетін дамытуға, сондай-ақ өндірістік процестердің қауіпсіздігін арттыруға ықпал етеді. Бағдарлама оқыту және коммуникация саласындағы ұйымдасты-рушылық-техникалық іс-шаралар мен бастамаларды қамтиды.

Бұған қоса, Қазақстанда мынадай бағыттар бойынша іс-шараларды іске асыру жалғасады:

- ӨҚ саласындағы саясат пен басқару жүйесін одан әрі жетілдіру;
- ӨҚ тәуекелдерін басқару, оқиғаларды тергеп-тексеру және мердігер ұйымдардың қауіпсіздігін басқару стандарттарын қайта қарау;
- Тиімділіктің «озыңқы» негізгі көрсеткіштерін енгізу.

Африкада Visible Felt Leadership бағдарламасын қоса алғанда, ӨҚ және өнеркәсіптік гигиена саласындағы процестерді одан әрі жетілдіру бойынша бірқатар іс-шараларды, сондай-ақ өнеркәсіптік гигиенаны мониторингтеу және қауіпсіз жүргізу дағдыларын үйрету бағдарламасын іске асыру жоспарлануда. Бұдан басқа, Metalkol кәсіпорнында қауіпсіз жүріс-тұрыстың жаңа бағдарламасын іске асыруды бастау жоспарланып отыр.

Бразилияда мердігерлік жұмыстардың қауіпсіздігін жобалау мен бағалаудың жетілдірілген рәсімін енгізу, сондай-ақ қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру мақсатында мамандандырылған оқытуды жүргізу жоспарлануда.

ПЕРСОНАЛДЫ ТАРТУ, ДАМУЫ ЖӘНЕ ҰСТАУ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНМӘТІН

Бақытты және кәсіби ұжым: Біздің 2025-Стратегиямыздың басымдықтарының бірі қызметкерлеріміздің құзыреттерін дамыту болып табылады. Бұл саладағы жұмыс стратегиялық дағдыларды, біліктілік пен корпоративтік мәдениетті дамытуды, сондай-ақ кадр резервін қалыптастыруды және көшбасшылық әлеуетті дамытуды қамтиды. Сонымен қатар, біз қызметкерлердің ынтасын арттыру, оларға ұсынылатын әлеуметтік жеңілдіктер пакетін кеңейту және жұмыс беруші ретінде ERG тартымдылығын арттыру бойынша жұмыс істейміз.

Релевантты БҰҰ ОДМ

БҰҰ ОДМ тиісті міндеттері 100-бетте ұсынылған




Бизнесіміздің орнықтылығы ұзақ мерзімді перспективада ERG-дің үздік мамандарды тарту, дамыту және ұстап қалу қабілетіне байланысты болады.

Біздің Құндылықтарымыз бен Персоналды басқару саласындағы стратегиямызға сәйкес біз икемділігімен ерекшеленетін және инновациялық жұмыс әдістерін пайдаланатын персоналды дамытуға ерекше мән береміз. Бұл қызметкерлеріміздің жаңа стратегиялық құзыреттерін дамытуға жәрдемдесуді, корпоративтік мәдениетімізді ілгерілетуді, сондай-ақ әлеуеті жоғары қызметкерлер мен болашақ басшыларды жедел дамуын қолдауды қамтиды.

Біз жұмыс нәтижелеріне байланыстырып, бәсекеге қабілетті еңбекке ақы төлеуді қамтамасыз ете отырып, сондай-ақ қызметкерлерге берілетін әлеуметтік жеңілдіктерді кеңейту шараларын іске асыра отырып, ERG-дің жұмыс беруші ретіндегі тартымдылығын арттыру бойынша жұмыс істеуді де жалғастырып жатырмыз.

ERG-дің Қазақстандағы ағымдағы және болашақ персоналының дағдыларын дамыту

Жоғарыда санамаланған дағдыларды дамыту бағдарламаларына қосымша, ERG-дің ағымдағы және болашақ персоналын дамытуға бағытталған бірқатар бастамалар да іске асырылып жатыр:



БІЗДІҢ ЖОБАЛАРЫМЫЗ БЕН БАСТАМАЛАРЫМЫЗ

Қазақстандағы персоналды басқару

Дағдыларды дамытудың жетілдірілген бағдарламалары

Қазақстанда кәсіби және көшбасшылық құзыреттерді дамыту, қызметкерлердің тиімділігін арттыру және инновациялық жұмыс әдістерін енгізу бағдарламаларының қамтуын кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастырылды.

Негізгі бағыттар мыналарды қамтыды:

- Біліктілікті арттыру:** энергия менеджменті жөніндегі курстарды, тау-кен жұмыстарын жоспарлаудың цифрлық құралдары мен басқа да негізгі функционалдық және көшбасшылық құзыреттерді үйретуді қоса алғанда, қызметкерлердің жекелеген топтары үшін (жалпы алғанда, 20 мыңнан астам адам) оқыту жүргізу;

- Жобалық басқару құзыреттерін дамыту:** Топтың Қазақстандағы стратегиялық күрделі жобаларын іске асыруды қолдау үшін Жобалық басқару академиясының тұжырымдамасы мен 75 модульден тұратын жаңа бағдарламасын әзірлеу;

- Операциялық тиімділік дағдыларына оқыту:** шамамен 12 мың өндірістік маман үшін ERG Way Өндірістік жүйесі бойынша оқыту (2021 жыл: 2,5 мың).

Бұл бастамалар мынадай тұғырнамаларды пайдалана отырып іске асырылады:

- ERG цифрлық университеті:** бір жыл ішінде жобаларды басқарудан бастап эмоционалды интеллектті дамытуға дейінгі әртүрлі тақырыптар бойынша көптеген¹ оқу курсы өткізілген қашықтықтан оқытуға арналған интерактивті тұғырнама;

<ul style="list-style-type: none"> Ақтөбе, Қостанай және Павлодар облыстарының орта мектептерінде STEM -оқытуды дамытуға бағытталған «ERG мектепке» бағдарламасын іске асыруды жалғастыру (49-бет); Жеті ЖОО мен 16 колледждің 5,7 мың оқушысы арасында 	оқушылардың мансаптық жоспарлары, олардың жалақы мөлшеріне қатысты болжалдары мен ERG-ге қатысты қабылдау туралы анағұрлым толық түсінік алу үшін сауалнама жүргізу;	«ERG колледжге» бағдарламасын іске қосу (36-бет);
<ul style="list-style-type: none"> Қазақстанда жас мамандардың қарым-қатынасы мен кәсіби дамуына мүмкіндік беретін Жастар кеңесінің бағдарламасын іске асыруды жалғастыру, сондай-ақ Топтың Жастар 	кеңесінің алғашқы отырысын өткізу, оған әртүрлі елдерден Топ кәсіпорындарының 223 жас өндірістік маманы қатысты;	<ul style="list-style-type: none"> ERG кәсіпорындарында 2,8 мыңнан астам студент үшін өндірістік практиканы ұйымдастыру, оның қорытындысы бойынша 335 түлек жұмысқа қабылданды.
<ul style="list-style-type: none"> ERG Way Өндірістік жүйесін енгізу шеңберінде 30 навигатор жаттықтырушыны даярлау (27-бет); 	<ul style="list-style-type: none"> Өндірістік мамандардың кәсіби дамуына жәрдемдесуге арналған «Кәсіпқойлар лигасы» бағдарламасын іске 	асыруды жалғастыру. Өткен жылы 694 қызметкер мамандандырылған дайындық бағдарламасынан өтті.

¹ Ғылым, технологиялар, инжиниринг және математика.

- **ERG Talent:** таланттарды басқаруға арналған цифрлық тұғырнама. 2023 жылы толық іске қосылғаннан кейін бұл тұғырнама заңнама мен корпоративтік стандарттардың талаптары негізінде міндетті оқытудың стандартталған жоспарларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, онда қызметкерлерді дамытудың жеке жоспарлары орналастырылып, оқытушы онлайн-ресурстарға қолжетімділік ұсынылатын болады.

Сонымен бірге, біздің кәсіпорындарымызда қауіпсіздік мәдениетін дамыту және ілгерілету мақсатында өндірістік қауіпсіздік саласындағы бірқатар оқыту бағдарламаларын іске асыру жалғасты (32-бет).

Корпоративтік мәдениеттің трансформациясы

Біз Тиімділік, Қауіпсіздік, Жауапкершілік, Даму және Бірлік деген ERG Құндылықтарына негізделген корпоративтік мәдениетті қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастырып жатырмыз (89-бет). 2022 жылы осы бағыттағы жұмыс мыналарды қамтыды:

- Топтың барлық кәсіпорындарында жүргізілген, 7,5 мыңға жуық қызметкер қатысқан сауалнама жүргізуді қамтыған корпоративтік мәдениетті диагностикалық бағалау қорытындысы бойынша ЕЭК-те, BTS¹ пен Қазақстандағы персоналды басқару функциясында мәдени трансформацияның пилоттық бағдарламасын іске асырудың басталуы;
- ERG Құндылықтарына бейілділігі үшін қызметкерлерді көтермелеу бағдарламасын іске қосу, сондай-ақ Қазақстандағы «Кәсіпқойлар лигасы» бағдарламасы шеңберінде Құндылықтарға арналған іс-шараны өткізу (35-бет).

ҚАЗАҚСТАНДА КӘСІБИ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ СЫРТҚЫ БАСТАМАЛАРҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

ERG Қазақстанда болашақ кәсіби дағдыларды дамыту жөніндегі бірқатар бастамаларға жәрдем көрсетеді, олардың көбі біздің еншілес компаниямыз BTS Education басшылығымен іске асырылады. Бұл ERG-дің болашақ кадр резервін проактивті дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ Қазақстандағы жұмысқа орналасатын жастарға еңбек нарығындағы құбылмалы жағдайда табысқа жетуге көмектеседі. Сонымен бірге, біз Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен және өзгелермен қатар, елдің білім беру жүйесін бейімдеуді көздейтін Халықтың кірістерін арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыруға жәрдем көрсетеміз. Осы бағыттың шеңберіндегі негізгі бастамалар бұдан әрі сипатталған

«Мамандығым – болашағым» («Моя профессия – мое будущее»)
2022 жылы ERG Үкіметтің басшылығымен іске асырылатын «Мамандығым – болашағым» («Моя профессия – мое будущее») ұлттық бағдарламасы шеңберінде «Жаңа кәсіптер атласын»² қолдануға техникалық және әдіснамалық қолдау көрсетті. Жаңа бағдарламаның

негізгі міндеттерінің бірі Халықтың кірістерін арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық білім беру жүйесін трансформациялау және еңбек нарығының перспективаларын стратегиялық болжау болып табылады.

ERG қолдауымен Қазақстанның әртүрлі аудандарында өңірлік білім беру жүйелерін трансформациялауды, оның ішінде колледждер мен жоғары оқу орындары үшін перспективалы білім беру бағдарламаларын әзірлеу арқылы қолдауға бағытталған «өңірлік Атластарды» енгізу жөніндегі жұмыс та жалғасты.

Сонымен қатар, ERG Павлодар облысындағы 27 мыңға жуық мектеп оқушысы үшін кәсіптік бағдар беру іс-шараларын өткізуді, сондай-ақ осы өңірдегі 300-ден астам мектеп мұғалімі үшін кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу бойынша оқытуды ұйымдастырды. Бұл іс-шаралар оқушыларға болашақ кәсібін таңдауға көмектесу үшін BTS Education әзірлеген *EduNavigator.kz* цифрлық тұғырнамасын пайдалана отырып, кәсіптік бағдар беру бойынша білікті мамандардың қолдауымен іске асырылды.

«ERG колледждерге» бағдарламасы
2022 жылы біздің кәсіпорындар орналасқан Ақтөбе, Павлодар және Қостанай облыстарындағы 14 колледжбен ERG стратегиялық серіктестігі болып табылатын «ERG колледждерге» бағдарламасын іске асыру басталды. Бағдарлама кең бейінді мамандарға деген қажеттіліктерімізді ескере отырып, сондай-ақ «Жаңа кәсіптер атласында» көрсетілген болашақ кәсіптердің тізбесін ескере отырып, осы оқу орындарында оқытуды ұйымдастыруға бағытталған. Ол бейіндік пәндер бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламалары үшін, сондай-ақ ЖОО түлектерінің ERG мен басқа да ұйымдарда тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру үшін негіз болады.

Осы жұмыстың шеңберінде болашаққа бағдарланған білім беру жүйесін дамытуға жәрдемдесу мақсатында Үкімет, білім беру мекемелері мен бизнес арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған «Колледждер альянсы» бағдарламасын да іске асыру басталды.

Сонымен қатар, біз «ERG мектепке» бағдарламасы аясында жұмыс істейтін өңірлердегі орта білім беретін білім беру мекемелерін трансформациялауға жәрдем көрсетуді жалғастырдық (49-бет).

¹ Business & Technology Services (BTS) – бизнес-процестердің реинжинирингі және Топ үшін заманауи ақпараттық технологиялар инфрақұрылымын құру үшін жауап беретін ERG-дің еншілес кәсіпорны.

² «Атлас» алдағы 10-15 жылға ең маңызды және сұранысқа ие кәсіптердің перспективалы болжамын қамтитын стратегиялық жоспарлаудың маңызды құралы болып табылады. Оның негізінде Халықаралық еңбек ұйымы мойындаған құзыреттерге болашақ қажеттіліктерді айқындауға арналған технологиялық форсайт әдістемесі (Skills Technology Foresight) жатыр.

Таланттардың пулдары

Әлеуеті жоғары қызметкерлерді жеделдетіп дамыту және сабақтастықты жоспарлау мақсатында стратегиялық «таланттардың пулдары» құрылды. 2022 жылы пулдардың қамтуы Қазақстанда 300-ден астам негізгі лауазымға кеңейтілді. Осы саладағы негізгі іс-шаралар мынадай бағдарламаларды іске асырудың басталуын қамтыды:

- 52 жоғары буын басшысына арналған даму бағдарламасы;
- Цех бастықтарына арналған көшбасшылық дағдыларды дамыту бағдарламасы, оның шеңберінде 2023 жылы 29 қызметкер басқару дағдылары мен көшбасшылық қасиеттерді дамыту бойынша оқытудан өтеді;
- Перспективалы жас мамандарды іріктеу және оқытудың көшбасшылық бағдарламасын іске қосу жөніндегі «ЛИФТ» жобасының екінші кезеңі, оның шеңберінде Қазақстандағы Нархоз университетінің базасында көшбасшылық дағдыларды дамыту бойынша оқытудан өту үшін 75 жас көшбасшы іріктеп алынды.

Қызметкерлердің құзыреттерін бағалау

2022 жылы Қазақстанда ұйымдық құрылым мен корпоративтік мәдениетті ауқымды талдау шеңберінде қызметкерлердің құзыреттерін бағалау бағдарламасы қайта қаралып, жетілдірілді. Бұл жобалық басқару жөніндегі құзыреттердің моделін әзірлеу мен бекітуді, сондай-ақ 769 қызметкердің құзыреттерін бағалауды қамтыды. Келешекте осы өңірдің кәсіпорындары үшін тиімділікті бағалау үшін қолданылатын көшбасшылық құзыреттер моделін әзірлеу жоспарланып отыр.

Ынталандыру және сыйақы беру

Біз НТК-ке қол жеткізудің құрылымдалған бағалауына сүйенетін және қызметкерлердің сыйақы мөлшері мен жұмыс тиімділігі арасындағы сәйкестікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметкерлерді ынталандыру мен оларға сыйақы беруге қатысты жүйелі және ашық көзқарасты қолданамыз.

Осы көзқарас шеңберінде қызметкерлерді ынталандыру жүйесін енгізу жөніндегі жұмыс жалғасуда, ол да ERG стратегиялық мақсаттарын қасқаттауды қамтамасыз етеді. 2022 жылы бұл бағыттағы жұмыс тиімділікке бағалау жүргізуді және жұмыс нәтижелеріне байланыстыра отырып, Қазақстандағы, Африкада мен корпоративтік кеңселердегі 15 мыңға жуық қызметкер үшін сыйлықақы беру жүйесін енгізуді қамтыды (38-беттегі «Нәтижелілік көрсеткіштері» бөлімін қараңыз).

Африкадағы персоналды басқару

Африкадағы кәсіпорындардағы персоналды басқару жөніндегі жұмысымыз өндірістің айтарлықтай кеңеюін, сондай-ақ персоналдың саны мен құрылымының тиісті өзгерістерін ескере отырып ұйымдастырылды. Бұл мыналарды қамтыды:

- **Metalkol:** кәсіпорынның екінші кезегінде өндірісті ұлғайтуды жалғастыру, бұл 490-ға жуық жаңа қызметкерді жалдау (олардың көбі жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындарынан алынды), сондай-ақ 405-ке жуық мердігерді тарту қажеттілігін негіздеді;

- **Frontier:** кәсіпорынның өз күшімен кен орнын игеруге біртіндеп көшу, оның шеңберінде бұрын кәсіпорында мердігер ретінде жұмыс істеген 511-ге жуық жаңа қызметкер жалданатын болады;
- **Boss Mining:** 2019 жылы консервацияланған кәсіпорынның жұмысын біртіндеп қайта бастау. Бірінші кезеңде 2022 жылы 571 жұмыс орны құрылды, олардың көбі жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындарына ұсынылды.

Бұл тұрғыда кәсіптік даярлаудың мамандандырылған бағдарламаларын іске асыруға, сондай-ақ болашақ кадр резервін қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Атап айтқанда, Колвези университетімен Metalkol кәсіпорнының базасында «ERG тау-кен академиясын» құру жөніндегі бірлескен бастама пысықталды. Осы бастаманың шеңберінде ҚДР-дегі жоғары оқу орындарының 200 түлегі үшін стипендия беріле отырып, тау-кен өндіру өнеркәсібіне байланысты мамандықтар бойынша оқыту ұйымдастырылатын болады (оқушылардың бірінші легін қабылдау 2023 жылға жоспарланған).

ERG стипендиялық бағдарлама үшін қаржыландыруды ұсынады, сондай-ақ оқыту бағдарламасын әзірлеуге жәрдем көрсетеді, оқу материалдарын ұсынады және қашықтықтан оқытуға арналған онлайн-тұғырнаманы әзірлейді.

Бұл бағдарлама жергілікті ЖОО-лардың түлектеріне тау-кен өндіру өнеркәсібі үшін құзыреттерді дамытуға көмектеседі және оларды жұмысқа орналастыру үшін мүмкіндіктерді кеңейтеді. Сонымен қатар, бұл болашақта білікті мамандарға деген қажеттіліктерімізді қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, кәсіпорынның өз күшімен кен орнын игеруге көшу шеңберінде Frontier кәсіпорнында механиктерді, автоэлектриктерді және басқа да мамандықтардың жұмысшыларын кәсіби даярлаудың бірқатар бағдарламалары іске асырылды.

Сонымен қатар, персоналды басқару жүйелері мен процестерін стандарттау және тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыс жалғасты. Атап айтқанда, персоналды басқарудың цифрлық жүйесін енгізу басталды, оның аяқталуы 2023 жылға жоспарланған.

Бразилиядағы персоналды басқару

VAMIN кәсіпорнында өндірістің ұлғаюына байланысты штаттық персоналдың санын арттыру шеңберінде әртүрлі бейіндегі жоғары білікті мамандарды тартуға басты назар аударылды. Бұл тұрғыда персоналдың кемінде 60%-ы (кәсіпорынның қызметкерлері мен мердігерлерді қоса алғанда) жергілікті тұрғындардың арасынан жалдануға тиіс деген лицензиялық келісімдердің талаптарын орындау жөніндегі жұмыс жалғасты.



АЛДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

2023 жылы мыналар жоспарланып отыр:

- Мәдени трансформация бағдарламасын және бірқатар мамандандырылған оқыту бағдарламаларын іске асыру арқылы Қазақстанда корпоративтік мәдениетті одан әрі дамыту;
- Негізгі дағдыларға ерекше назар аудара отырып, Қазақстанда қызметкерлерді тарту және ұстап қалу стратегиясын іске асыру;
- Жеке НТК-ні қалыптастырудың стандартталған қағидаттарын енгізуді қоса алғанда, Қазақстанда қызметкерлерді ынталандыру жүйесін жетілдіру;
- Барлық кәсіпорындарымызда негізгі құзыреттерді дамытуды қолдау және өзгерістерді басқару мақсатында Қазақстанда ERG жаңа Корпоративтік университетін іске қосу;
- Қазақстанда SAP® жалақыны есептеуді басқару жүйесін одан әрі жетілдіру, сондай-ақ Африка мен Бразилияда SAP® персоналды басқаруға арналған тұғырнамасын енгізуді бастау;
- Колвези университетімен ынтымақтастықта Metalkol кәсіпорнының базасында «ERG тау-кен академиясын» іске қосу;
- Бразилиядағы әйел қызметкерлерге арналған біліктілікті арттыру және тәлімгерлік бағдарламасын, сондай-ақ басшыларды даярлаудың жаңа бағдарламасын іске қосу.

Бұдан басқа, BAMIN кәсіпорнында барлық деңгейдегі қызметкерлердің тиімділігін кешенді бағалау мен біліктілігін арттыруға арналған жұмыс тиімділігін басқарудың жаңа моделі енгізілді. Сонымен бірге, кәсіпорынның ағымдағы және болашақ басшыларын дамытуды қамтамасыз етуге арналған көшбасшылық дағдыларды дамытудың жаңа бағдарламасын іске асыру басталды. Осы бағдарлама аясында 82 басшы корпоративтік стратегияны, тиімділікті басқаруды және Топтың Құндылықтарын енгізуді қоса алғанда, бірқатар тақырыптар бойынша оқытудан өтті.

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Жоғарыда көрсетілгендей, қызметкерлерді ынталандыру жүйесін енгізу жөніндегі жұмыс жалғасты. Қазіргі уақытта ол Қазақстанда жалпы саны 13 мыңнан асатын өндірістік және әкімшілік персоналды, сондай-ақ корпоративтік кеңселердің 250 қызметкерін қамтиды. Бұл жүйе КДР-дегі Metalkol кәсіпорнының өндірістік және өндірістік емес персоналы үшін де енгізілді (тиісінше 1 150 адам және 550 адам).

Қазақстанда персоналды оқыту мен біліктілігін арттыруға инвестициялар шамамен 7 млн АҚШ долларын¹ құрады (2021 жыл: шамамен 6 млн АҚШ доллары). Инвестициялар көлемінің ұлғаюы, ең алдымен, оқыту

бағдарламаларымен қамтылған қызметкерлер санының өсуіне, сондай-ақ бірқатар жаңа оқыту бағдарламаларын іске асырудың басталуына байланысты болды.

Африкада қызметкерлерді оқыту және олардың біліктілігін арттыруға арналған шығыстар 1 млн АҚШ долларын құрады (2021 жыл: 162 мың АҚШ доллары). Шығыстардың ұлғаюы өңірдегі өндірістік қызметті кеңейту нәтижесінде қызметкерлердің біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралар қамтуының едәуір кеңеюіне негізделді. Бұдан басқа, Бразилиядағы BAMIN интеграцияланған темір кенді және логистикалық кәсіпорнының қызметкерлерін оқыту және біліктілігін арттыру үшін 219 мың АҚШ доллары бөлінді.

¹ Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде міндетті оқытуды және қызметкерлерді дамыту жөніндегі ірі іс шараларды қоса алғанда.

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНМӘТІН

Бақытты және кәсіби ұжым: Біздің 2025-Стратегиямыздың басымдықтарының бірі қызметкерлеріміздің құзыреттерін дамыту және олардың қауіпсіздігі мен әлауқатына қамқорлық жасау болып табылады. Бұл қызметкерлердің денсаулығын нығайту мен салауатты өмір салтын қолдауды ғана емес, сондай-ақ қолайлы еңбек жағдайларын жасауды да көздейді.

Релевантты БҰҰ ОДМ

🔗 БҰҰ ОДМ тиісті міндеттері 100-бетте ұсынылған



Еңбек қатынастарына қатысты көзқарасымыздың негізінде кәсіподақтармен сындарлы өзара іс-қимыл жасау жатыр. Біз қызметкерлердің кәсіподақтарға кіру және ұжымдық шарттар жасасуға еркін қатысу құқығын құрметтейміз.

Біз жалпыға бірдей танылған адам құқықтары мен еңбек нормаларын мүлтіксіз сақтауға бейілміз. Біз тең мүмкіндіктер қағидатын ұстанамыз және кемсітушіліксіз әділ әрі инклюзивті еңбек жағдайларын жасаймыз. Бұл қағидаттар қызметкерлерімізге де, өнім берушілер мен мердігерлерге де қолданылады.

Қазақстанда біздің еңбек қатынастарына қатысты көзқарасымыз қызметкерлеріміз бен жергілікті қоғамдастықтардың тығыз қарым-қатынасына негізделеді. Осыған байланысты біз өзіміз жұмыс істейтін өңірлердегі қызметкерлеріміз бен олардың отбасыларының әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға ерекше көңіл бөлеміз. Сонымен қатар, біз қолданыстағы қажеттіліктерді айқындау және қанағаттандыру мақсатында халық арасында сауалнамалар мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларға салыстырмалы талдауды үнемі жүргізіп тұрамыз.

🔗 Топтың адам құқықтарын сақтауға деген көзқарасы туралы толығырақ ақпарат 74-бетте келтірілген.

БІЗДІҢ ЖОБАЛАРЫМЫЗ БЕН БАСТАМАЛАРЫМЫЗ

Қазақстандағы еңбек қатынастары

Еңбек қатынастарына қатысты кешенді көзқарасымыз қолайлы еңбек жағдайларын жасауға және қызметкерлер үшін бәсекеге қабілетті жеңілдіктер жинағын ұсынуға, сондай-ақ біздің қызметкерлеріміз бен олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға басым көңіл бөлуді көздейді.

- 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ERG-мен жазбаша еңбек шарты бар қызметкерлердің саны. Бұл көрсеткіш мердігерлерді қамтымайды.
- Ұжымдық шарттар өндірістік кәсіпорындарымыздың көбінде жасалған.
- Бұл көрсеткіш Еуропадағы, Ресейдегі, БАӘ мен Қытайдағы кеңселердің қызметкерлерін қамтиды. Қазақстандағы, Африка мен Бразилиядағы ERG корпоративтік кеңселері персоналының саны тиісті өңір үшін көрсеткіштің құрамында ескерілген. 2022 жылы Мәскеудегі ERG корпоративтік кеңсесінің қызметі оның жоспарланып отырған жабылуына дайындық кезінде едәуір қысқартылды.
- Бұл көрсеткіш 860 пәтерге арналған үйлер салуды көздеген алдыңғы жоспармен салыстырғанда түзетілді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗДІҢ ПРОФИЛІ

68 776

Жылдың соңына қызметкерлердің саны¹

25%	32%	87%	93%
Топ қызметкерлерін әйелдер құрайды	Топ қызметкерлері 35 жасқа толмаған	Топ қызметкерлері кәсіподақтардың мүшелері болып табылады ²	Топ қызметкерлері Қазақстанда

ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ПЕРСОНАЛДЫҢ САНЫ

Өңір	2022	2021
Қазақстан	64 246	63 899
Африка	4 062	3 539
Бразилия	277	192
Корпоративтік кеңселер ³	191	271
Барлығы	68 776	67 901

Жайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету

Біз кәсіпорындарымыздағы еңбек жағдайларын жақсартуға және олардың бірыңғай стандартқа сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды іске асыруды жалғастырамыз. Толығырақ ақпарат 40-бетте келтірілген.

Қызметкерлердің өмір сүру деңгейін арттыру

Кәсіпорындардағы еңбек жағдайларын жақсартудан бөлек, біз қызметкерлеріміз бен олардың отбасыларының өмір сүру деңгейін арттыру жөніндегі жұмысты да жалғастырамыз. 2022 жылы жұмыс мынадай бағыттарда жүргізілді.

- Тұрғын үймен қамтамасыз ету: қызметкерлерге жеңілдікті қаржылық шарттармен тұрғын үй беру үшін Қолжетімді тұрғын үй бағдарламасы (2025 жылға қарай жалпы алғанда, 832⁴ пәтерге арналған жаңа үйлер салуды көздейтін) шеңберінде Ақсу және Хромтау қалаларында 120 пәтерге арналған екі жаңа үйді жобалау мен жоспарлауды бастау. Бірінші кезекте пәтерлер жас мамандарға, негізгі мамандықтардың қызметкерлеріне, көпбалалы және (немесе) әлеуметтік қорғалмаған отбасыларға беріледі;

- **Әлеуметтік инфрақұрылым:** медициналық орталықтарды, спорттық инфрақұрылым мен іс-шараларды, сондай-ақ мәдени-демалыс объектілерін қоса алғанда, өзіміз жұмыс істейтін өңірлердегі әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне инвестициялар (48-бет);
- **Білім беру және кәсіпкерлік:** ұзақ мерзімді перспективада өңірдің экономикасын әртараптандыруға жәрдемдесу және қызметкерлеріміздің балалары үшін жұмысқа орналасу перспективаларын құру үшін оқыту және кәсіпкерлік бағдарламаларының кең спектріне инвестициялар (49-бет).

Жыл ішінде алты моноқаладағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды салыстырмалы талдау шеңберінде жергілікті тұрғындарға (қызметкерлерімізді қоса алғанда) екі ауқымды сауалнама жүргізілді (49-бет).

Қызметкерлердің салауатты өмір салтын қолдау

Спорт және СӨС бойынша бағдарламаларды іске асыруды жаңарту, қамтуын кеңейту және жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылды, олардың көбі бұрын COVID-19 пандемиясына байланысты тоқтатыла тұрған болатын. Атап айтқанда, біз жұмыс істейтін өңірлердегі қызметкерлерге арналған спорт залдары қайта ашылды. Сонымен қатар, 2022 жылғы қыркүйекте өткен ауқымды Еуразиялық ойындарды қоса алғанда, қызметкерлер үшін бірқатар бұқаралық спорттық іс-шаралар, сондай-ақ командалық спорт түрлері бойынша көптеген жарыстар ұйымдастырылды. Бұдан басқа, жүгіру клубтарындағы тұрақты сабақтар мен жаппай жүгіруге қатысушылардың саны едәуір өсті, оларға қызметкерлер де, барлық ниет білдірушілер де қатыса алады.

Сонымен қатар, спорттық инфрақұрылымымызды жаңғырту және стандарттау бағдарламасын іске асыру қайта басталды. Бұл бағыттағы жұмыс кәсіпорындарымыздағы жаттығу залдарын, бассейндер мен спорттық құрылысжайларды жөндеуді қамтыды.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАРДАҒЫ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫН ЖАҚСARTU ЖӘНЕ СТАНДАРТТАУ

2016 жылдан бері ERG-де Қазақстандағы кәсіпорындарда еңбек жағдайларын жақсарту және стандарттау жөніндегі ауқымды бағдарлама іске асырылып келеді. Бағдарлама біздің қызметкерлеріміздің денсаулығы мен әл-ауқатын қолдауға бағытталған, бұл, өз кезегінде, олардың еңбек өнімділігінің артуына ықпал етеді. 2022 жылы бағдарлама аясында іске асырылған іс-шаралар мыналарды қамтыды:

- **Санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар:** ССКӨБ-тегі үй-жайларды қайта жаңартудың ауқымды бағдарламасын қоса алғанда, санитариялық-тұрмыстық және тұрғын үй-жайларды жақсартуға шамамен 12,5 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі инвестициялар;
- **Тамақтану:** тағы екі кәсіпорында (Дөң ТКБК және Ақтөбе ферроқорытпа зауыты) қоғамдық тамақтану қызметтерін ұсыну жөніндегі бірыңғай қызметті құру және барлық кәсіпорындарымызда тұрақты жоғары сапалы тамақтандыруды қамтамасыз ету мақсатында тамақтандыруды ұйымдастыруды басқару жүйелерін автоматтандыру;
- **Көлік:** 16 жаңа автобусты (2021 жыл: 25) сатып алу мақсатында 1,9 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі инвестицияларды қоса алғанда, ERG-дің меншікті автопаркі мен шарттық негізде жұмыс істейтін көлік құралдарын кезең-кезеңімен жаңартуды көздейтін қызметкерлерді көліктік қамтамасыз етуді бірыңғай стандартқа келтіру бағдарламасы шеңберіндегі жұмысты жалғастыру.

Қызметкерлердің осы іс-шаралардың нәтижелеріне қанағаттану дәрежесін бағалау үшін 2022 жылы 10 мыңнан астам қызметкер қатысқан сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың нәтижелері тиісті іс-шаралар жоспарларын әзірлеу кезінде ескерілді.



БІЗДІҢ ӘСЕРІМІЗ ЦИФРМЕН

\$73_{млн}

Санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар мен қоғамдық тамақтану объектілерін жақсартуға инвестиция (2016-2022)

8 455

Санитариялық-тұрмыстық үй-жай мен қоғамдық тамақтану объектісі 10 кәсіпорында жөнделді және (немесе) салынды (2016-2022)

74%

Санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар мен қоғамдық тамақтану объектілері жақсы техникалық жай-күйде деп танылды (2022 жылғы ішкі тексерулердің нәтижелері бойынша)

\$11_{млн}

Көліктік қызмет көрсету сапасын арттыруға инвестиция, оның ішінде 116 заманауи автобусты сатып алу (2018-2022)

Жалақыны сараланған арттыру

Қазақстандағы қызметкерлеріміздің жалақы деңгейіне егжей-тегжейлі салыстырмалы талдау жүргізу жалғасуда. Оның нәтижелері бойынша 60 мыңнан астам қызметкер үшін (2022 жылғы қаңтар мен 2023 жылғы қаңтардан бастап) жалақыны екі рет сараланған көтеру жүргізілді. 2022 жылы «тапшы» мамандықтардың 5 мыңнан астам қызметкері үшін жалақыны қосымша сараланған көтеру жүргізілді.

Африкадағы еңбек қатынастары

Біз Африкадағы кәсіпорындарымызда сындарлы еңбек қатынастарын сақтауға едәуір көңіл бөлеміз. Жоғарыда аталып өткендей, ҚДР-дегі кәсіпорындардағы персоналды басқару жөніндегі жұмысымыз өндірістің айтарлықтай кеңейіп, сондай-ақ персоналдың саны мен құрылымының өзгерістерін ескере отырып ұйымдастырылды (37-бет).

ҚДР-дегі кәсіпорындарда барлық қызметкерлер мен мердігерлер үшін кемсітусіз әділ еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған саясаттар мен рәсімдер қолданылады. Бұл ERG Корпоративтік тәртіп кодексі, ERG өнім жеткізушілерінің тәртіп кодексі және Адам құқықтарын сақтау саясатын қолдануды қамтиды (74-бет). Сонымен қатар, жедел желінің жұмысы және ол туралы белсенді түрде ақпарат беру ұйымдастырылды, ал кәсіпорындарда шағымдарды беру және қарау тетіктері жұмыс істейді, олардың көмегімен қызметкерлер әлеуетті проблемалар туралы хабарлай алады. 2022 жылы Африкада қызметкерлер үшін ERG Корпоративтік тәртіп кодексі және ERG мердігерлері үшін ERG өнім жеткізушілерінің тәртіп кодексі бойынша оқыту жүргізілді (74-бет).

Біз ұжымдық шарттардың талаптары мен заңнаманың талаптарына сәйкес еңбекке ақы төлеудің бәсекеге қабілетті деңгейін қамтамасыз етеміз. ҚДР азаматтарының арасынан штаттық қызметкерлерге мектептердегі оқуына ақы төлеуге, тұрғын үй ақысын, көлік шығыстарын төлеуге берілетін

жәрдемақылар мен отбасыларға берілетін жәрдемақылар, сондай-ақ басқа да әлеуметтік жеңілдіктер төленеді.

Metalkol кәсіпорнындағы мердігерлердің еңбек жағдайлары

2021 жылғы қарашада and Accountability in Development (RAID) үкіметтік емес ұйымы ҚДР-дегі мыс пен кобальттың бірқатар өнеркәсіптік кен орындарында жұмыс істейтін Конго азаматтарын қанау мен олардың еңбек құқықтарын бұзудың болжалды жағдайлары туралы баяндаманы жариялады. Атап айтқанда, баяндамада Metalkol кәсіпорнында бұрын бірқатар бұзушылықтарға жол берілді деп айтылған. Бұл мәлімдемелер, баяндамада айтылғандай, бұрын қосалқы мердігерлер қолданған практикаларға қатысты.

ERG және Metalkol RAID баяндамасындағы мәлімдемелерді зерделеп, тиісті ден қою шараларын қабылдады. Metalkol-дың егжей-тегжейлі мәлімдемесі *ergafrica.com* сайтында ашық қолжетімділікте орналастырылған.

🔗 Толығырақ ақпарат **74-бетте** ұсынылған.

Бразилиядағы еңбек қатынастары

BAMIN кәсіпорнының қызметін дамыту шеңберінде кәсіподақтармен сындарлы әрі ашық қарым-қатынастар құру жөніндегі жұмыс жалғасты.

Бұған қоса, кәсіпорын қызметкерлерінің қатысуына зерттеу жүргізілді (зерттеудің деректері 2019 жылдан бері жыл сайын жүргізіледі). Қатысудың қорытынды көрсеткіші 89%-ға дейін өсті (2021 жыл: 82%), бұл Great Place to Work® беделді ұйымы жүргізген сертификаттау нәтижелерін растауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, қатысуды алдыңғы зерттеу барысында анықталған мәселелерді шешу бойынша бірқатар іс-шаралар іске асырылды. Бұл бағыттағы жұмыс салыстырмалы талдауды және жалақы мен жәрдемақы деңгейін көтеруді, сондай-ақ үлкен жұмыс өтілі бар қызметкерлердің сіңірген

еңбегін тану бағдарламасын іске қосуды қамтыды.

BAMIN кәсіпорнында әртүрлілік, теңдік және инклюзивтілік бағдарламасын басқа компаниялардың бағдарламаларымен салыстыруды, персоналдың әртүрлілік көрсеткіштерін талдауды және әртүрлі функционалдық бөлімшелер арасындағы мақсатты өзара іс-қимыл жасауды қоса алғанда, оны қайта қарау және кеңейту жөніндегі жобаны іске асыру да басталды. Бұған қоса, BAMIN осы сектордағы гендерлік инклюзивтілікті ілгерілету жөніндегі жұмыс аясында «Бразилиядағы тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі әйелдер» бастамасына қатысуды жалғастырды.

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

2022 жылы біздің кәсіпорындарымызда:

- Қызметкерлердің бірлестіктерге қатысу бостандығы мен ұжымдық шарттар жасасу құқықтарына нұқсан келтіру жағдайлары;
- Кемсітушілік жағдайлары;
- Топтың Қазақстанның, Африка мен Бразилиядағы кәсіпорындарында ереуіл жағдайлары анықталған жоқ.

2022 жылғы қаңтарда Қазақстанда елеулі, бірақ қысқа мерзімді әлеуметтік наразылық байқалды. Тәртіпсіздіктер біз жұмыс істейтін өңірлерден тыс жерде орын алғанына қарамастан, Дөң ҚБК (Қазхром) қызметкерлерінің аз бөлігі наразылық акцияларына қатысты. Бұл шектеулі сипатта болды және өндірістік қызметке айтарлықтай әсер етпеді. Оқыс оқиға компанияның басшылығы мен еңбек ұжымы арасындағы сындарлы келіссөздер нәтижесінде бейбіт жолмен жедел реттелді. Осы оқиғаларға байланысты бизнестің операциялық орнықтылығын арттыру бойынша шаралар күшейтілді.

Сонымен қатар, әлеуметтік даму мәселелері бойынша мемлекеттік билік органдарымен жұмыс жүргізіліп жатыр (47-бет).

АЛДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

Қазақстанда біз жұмыстың мынадай негізгі бағыттарына баса назар аударуды жоспарлап отырмыз:

- **Тұрғын үймен қамтамасыз ету:** 2025 жылға қарай Қолжетімді тұрғын үй бағдарламасы шеңберінде қызметкерлер үшін 832 пәтерге арналған үйлер салуды жалғастыру, сондай-ақ Қарағанды облысының әкімдігімен және «Отбасы банк» АҚ-мен ынтымақтастықта Шұбаркөл Көмір кәсіпорнының қызметкерлеріне жеңілдікті шарттармен ипотекалық кредиттер беру үшін құны 2,4 млн АҚШ доллары болатын бағдарламаны іске асыру (оның ішінде 865 мың АҚШ долларын ERG береді);
- **Санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар және тамақтану:** 2023 жылға қарай кәсіпорындарда қоғамдық тамақтану қызметтерін ұсыну және санитариялық-тұрмыстық үй-жайларды жақсарту жөніндегі бірыңғай қызметті құруға бағытталған ауқымды инвестициялық бағдарламаларды іске асыруды аяқтау;
- **Спорт және салауатты өмір салты:** қызметкерлер үшін ауқымды спорттық іс-шаралардың қамтуын кеңейтуді жалғастыру, сондай-ақ осы іс-шараларға қатысатын қызметкерлер санының өсуін ескере отырып, тиісті тұғырнамаларды цифрландыру.

Африкада Metalkol екінші кезегінің өндірісін ұлғайту, Boss Mining жұмысын біртіндеп қайта бастау, сондай-ақ Frontier кәсіпорнында кен орнын өз күшімен игеруге көшу және басқа да күрделі жобаларды іске асыру шеңберінде тұрақты штаттық өндірістік персоналдың санын одан әрі ұлғайту жоспарлануда.

Бразилияда біз 2023 жылы кеңейтілген әртүрлілік, теңдік және инклюзивтілік бағдарламасын іске асыруды жоспарлап отырмыз.

1 «Бразилиядағы тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі әйелдер» (*wimbrasil.org*) –International Women in Mining ұйымының бастамасы.

Жергілікті қоғам- дастықтарды дамыту және олардың әл-ауқаты

Әлеуметтік инвестициялар 2025-Стратегиямыздың ажырамас бөлігі болып табылады, оған сәйкес біз өзіміз жұмыс істейтін өңірлердің орнықты дамуына жәрдемдесуге ұмтыламыз. Топтың осы саладағы көзқарасы құрылымдалған және айқын өзара іс-қимыл жасауды ескере отырып, жергілікті қоғамдастықтарға әсерімізді белсенді басқаруға негізделеді.

Қазақстанда біз моноқалаларымызда және тұтастай алғанда, өзіміз жұмыс істейтін өңірлерде әлеуметтік-экономикалық даму мен экономиканы әртараптандыруға қолдау көрсетеміз. Сонымен бірге, біз Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған ұлттық даму міндеттерін шешуге көмектесе отырып, ұлттық деңгейде әлеуметтік жобаларды іске асыруға елеулі үлес қосып келеміз.

Біз Африка мен Бразилиядағы кәсіпорындарымыздың жанында тұратын жергілікті қоғамдастықтардың басым міндеттерін шешуге де жәрдемдесеміз, олардың көбі елеулі әлеуметтік-экономикалық қиындықтарға тап болып отыр.

🔗 Осы саладағы басқаруға қатысты көзқарасымыз туралы қосымша ақпарат Қосымшаның 90-бетінде ұсынылған.

2022 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРДЫҢ МЫСАЛДАРЫ

- > \$96 млн – Топтың әлеуметтік инвестициялары (2021 жыл: \$65,2 млн)
- > > Қазақстанда халықтың жергілікті басқаруға қатысуын қамтамасыз ету – «Туған қала» және «Белсенді қала тұрғыны мектебі» бағдарламаларын іске асыру

ЕЛЕУЛІ
МӘСЕЛЕЛЕР

ЖЕРГІЛІКТІ
ҚОҒАМДАСТЫҚТАРҒА ӘСЕР
🔗 Толығырақ 43-бетте

ӘЛЕУМЕТТІК
ИНВЕСТИЦИЯЛАР
🔗 Толығырақ 47-бетте

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРҒА ӘСЕР

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНМӘТІН

Өзіміз жұмыс істейтін өңірлердің орнықты дамуы: Біздің 2025-Стратегиямыздың басымдықтарының бірі жұмыс істейтін өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен әлауқатына үлес қосу болып табылады. Бұл, өзгелермен қатар, жергілікті қоғамдастықтармен үнемі өзара іс-қимыл жасауды және халықаралық экологиялық стандарттарды сақтауды көздейді.

Релевантты БҰҰ ОДМ

📌 БҰҰ ОДМ тиісті міндеттері **100-бетте** ұсынылған



Құндылықтарымызға, сондай-ақ Адам құқықтарын сақтау саясатымызға сәйкес, біз өз қызметіміздің теріс әсерін азайтуға ұмтыламыз және өзіміз жұмыс істейтін өңірлердегі мәдени дәстүрлерге құрметпен қараймыз. Сонымен бір мезгілде біз өз қызметіміздің оң әсерін, оның ішінде әлеуметтік инвестициялар (47-бет) және өзіміз жұмыс істейтін елдердегі жергілікті өндірушілерді қолдау (66-бет) арқылы арттыруға ұмтыламыз.

БІЗДІҢ ЖОБАЛАРЫМЫЗ БЕН БАСТАМАЛАРЫМЫЗ

Әсерімізді басқару – Қазақстан

Кез келген ірі жобаларды немесе операциялық өзгерістерді іске асыру басталғанға дейін әсерді кешенді бағалау және қоғамдық тыңдау өткізіледі. Бұл жұмыс жергілікті заңнамаға және қолданылатын халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Мәселен, 2022 жылы Қазхром, ЕЭК, ҚЭЗ, Шұбаркөл Көмір және Қазақстан алюминий кәсіпорындарының операциялық қызметіне байланысты мәселелер бойынша қоғамдық тыңдау өткізілді. Бұдан басқа, 2022 жылы ERG Recycling бұрын бөгде ұйымдар қалдықтарды заңсыз көму үшін пайдаланған Ақтөбедегі қараусыз қалған карьерді қалпына келтіру жобасы бойынша әсерді бағалау мен қоғамдық тыңдаулар өткізді. Карьер ERG-ге тиесілі болмаса да, ERG оны пайдаланбаса да, бұл бастаманы жергілікті халықтың өмір сүру жағдайларын жақсарту жөніндегі жұмысымыздың аясында іске асыру жоспарланған болатын. Тыңдаудың қорытындысы бойынша осы жобаны іске асырудан бас тарту туралы шешім қабылданды.

Бұған қоса, жергілікті қоғамдастықтардың өкілдері арасында ауқымды сауалнамалар және біздің моноқалаларымыздағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға салыстырмалы талдау жүргізіледі (оң жақтан қараңыз).

Қазақстандағы жергілікті қоғамдастықтардың пікірлерін түсіну және есепке алу

2022 жылғы сәуір мен қазанда екі ауқымды сауалнама жүргізілді, оған алты моноқаланың 8,3 мыңнан астам тұрғыны (оның ішінде ERG қызметкерлері) қатысты. Бұл сауалнамалар әкімдіктердің (өңірлік атқарушы билік органдарының) қолдауымен жүргізілді.

Қазандағы сауалнаманың нәтижелері жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларын бағалау сәуірмен салыстырғанда біршама жоғарылағанын көрсетті. Дегенмен, сауалнама барысында өмір сүру құнының өсуін және денсаулық сақтаудың, муниципалдық қызметтер мен жол

инфрақұрылымының сапасын одан әрі жақсарту қажеттілігін қоса алғанда, жергілікті тұрғындар тап болуын жалғастырып отырған бірқатар проблемалар анықталды.

Осы сауалнамалардың нәтижелері біздің әлеуметтік бағдарламаларымыздың бағытын айқындау кезінде (47-бет), сондай-ақ осы қалалардың әкімдіктері іске асыратын ұқсас жобаларды әзірлеу кезінде ескерілетін болады. Бұдан басқа, Қазақстандағы кәсіпорындарымыздың 60 мыңнан астам қызметкері үшін жалақыны сараланған көтеру жүргізілді (41-бет).

Бұдан басқа, жергілікті қоғамдастық өкілдерінің шағымдарды беруі үшін Топтың жалпыға бірдей қолжетімді Жедел желісі пайдаланылады (erg.integrityline.org).

Әсерімізді басқару – Африка

Әсерді басқару және шағымдарды реттеу

Африкада жергілікті қоғамдастықтарға әсерді басқару денсаулықты, өндірістік қауіпсіздік пен орнықты дамуды басқарудың интеграцияланған жүйесі (SHS) арқылы жүзеге асырылады. Біз SHS саласындағы деректерді есепке алу, орталықтандыру және талдау үшін, сондай-ақ әсерлерді төмендету жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру үшін IsoMetric бағдарламалық қамтылымын пайдаланамыз.

Сонымен қатар, Африкадағы кәсіпорындарымызда Халықаралық қаржы корпорациясы (ХКК) қызметінің Стандарттарын және БҰҰ-ның Адам құқықтары аспектісіндегі кәсіпкерлік қызметтің басшылық қағидаттарын ескере отырып әзірленген қоғамдастықтардан

шағымдарды реттеуге арналған тетіктер мен тиісті рәсімдер қолданылады. Олар туралы ақпарат кәсіпорынның қызметкерлері үшін кең қолжетімділікте орналастырылған және жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимылымыз шеңберінде жергілікті халықтың назарына жеткізіледі. Біз шағымдарды беру үшін көптеген арналарды, оның ішінде халықпен байланыс жөніндегі қызметкерлеріміз арқылы, сондай-ақ елді мекендерде орналасқан шағымдарды қабылдау пункттері арқылы ұсынамыз.

Біздің көзқарасымыз жергілікті қоғамдастықтармен, оның ішінде ҚДР заңнамасында көзделген Міндеттемелердің тізілімін қалыптастыру шеңберінде тұрақты тығыз өзара іс-қимылға сүйенеді (50-бет).

📌 Топтың адам құқықтарын сақтауға қатысты көзқарасы туралы ақпарат **74-бетте** ұсынылған.

1 Лисаков, Рудный, Ақсу, Хромтау, Қашар және Октябрь.

Біздің кәсіпорындарымыздың жанындағы артельдік және шағын ауқымды өндіруге байланысты мәселелерді шешу

Артельдік және шағын ауқымды өндіруге байланысты мәселелерді басқаруға қатысты көзқарас

Біздің кәсіпорындарымыз Metalkol мен Boss Mining жанында пайдалы қазбаларды артельдік және шағын ауқымды өндіру жүргізіледі¹, алайда біз өндірісте осылайша алынған шикізатты пайдаланбаймыз. Сонымен бірге, біз артельдік және шағын ауқымды өндірудің ҚДР халқы үшін өмірлік маңызды кіріс көзі болып табылатынын түсінеміз. Осыған байланысты, біздің әлеуметтік бастамаларымыз баламалы кіріс көздерін жасауды қоса алғанда, кен іздеуші қауымдардың әлеуметтік-экономикалық өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған іс-шараларды қамтиды (51-бет). Бұдан басқа, біз сыртқы серіктестермен ынтымақтастықта артельдік және шағын ауқымды өндіруді заңдастыруға жәрдемдесу мүмкіндіктерін зерделеуді жалғастырамыз (52-бет).

Metalkol кәсіпорнында осы мәселелерді қарау бойынша жұмыс тобы да жұмыс істейді, оның құрамына әртүрлі функционалдық бөлімшелердің өкілдері кірді.

Жұмыс тобы тұрақты отырыстар өткізеді, тиісті ақпаратты зерделеу мен бағалау үшін жауап береді, тәуекелдер мен оқыс оқиғаларды қарайды, сондай-ақ қарымта және (немесе) профилактикалық шараларды қабылдау мақсатында ұсынымдар әзірлейді.

Кен іздеушілердің қызметі

Кингамьямбо қалдыққоймасының айналасындағы қоршаудың сыртында Metalkol кәсіпорнының концессиялық учаскесінің шекарасында көптеген кен іздеуші қауым қызметін жүргізеді. Біз қауымның мүшелері үшін оқытуды ұйымдастыру мақсатында ҮЕҰ-мен ынтымақтастықты жалғастырамыз. Бұл ынтымақтастық сындарлы қарым-қатынастарды құруға және кен іздеушілердің

заңсыз қызметінің теріс әсерін азайтуға бағытталған. Бұл саладағы жұмыстың негізгі бағыттары еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғауды, гигиенаны, қалдықтар мен жұмыс істеуді және қаржылық менеджмент негіздерін қамтиды.

Сонымен қатар, Boss Mining кәсіпорнының Мукондо кенішінде және оның аумағының шегінен тыс жерлерде пайдалы қазбаларды заңсыз артельдік және шағын ауқымды өндіру жалғасуда. ERG негізгі өндіру аймақтарына қол жеткізуді шектеу бойынша шаралар қабылдап, осы проблеманың орнықты шешімін тұжырымдау мақсатында Тау-кен өндіру өнеркәсібі министрлігімен және азаматтық қоғам ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасауды жалғастырып жатыр.

Экологиялық және әлеуметтік әсерді бағалау

2022 жылы ҚДР-дегі экологиялық және әлеуметтік әсерді бағалау (ЭӘӘБ) қорытындылары бойынша айқындалған міндеттерді шешуге бағытталған бірқатар бағдарламаларды іске асыру жалғасты.

Толығырақ ақпарат 50 және 51 беттерінде берілген.

2021 жылдың басында ұсынылған Metalkol кәсіпорны үшін жаңартылған ЭӘӘБ нәтижелерін мемлекет бекітті. Кәсіпорын осы алаңда пайдалы қазбаларды қайта өңдеу жөніндегі қызметті жоспарланып отырған кеңейту үшін қосымша ЭӘӘБ нәтижелерін де бекітуге ұсынды. Сонымен қатар, Frontier кәсіпорны үшін жаңартылған ЭӘӘБ нәтижелері ұсынылды. Comide кәсіпорны үшін жаңартылған ЭӘӘБ нәтижелерін мемлекет 2021 жылы бекітті².

ЭӘӘБ-ден бөлек, біздің әлеуметтік бағдарламаларымызды әзірлеу кезінде біз «Міндеттемелердің тізілімдері» шеңберінде ҚДР-ға әлеуметтік инвестицияларға көзқарасты қалыптастыру бойынша ресми консультациялардың нәтижелерін де ескереміз.

🕒 Міндеттемелердің тізілімдері шеңберінде іске асырылған жобалар туралы толығырақ ақпарат 50-бетте ұсынылған.

ҚДР-дегі су тасқыны және Boss Mining кәсіпорнын тоқтата тұру

2023 жылдың наурызында Boss Mining кәсіпорны мен Каканда қаласының аумағына бұрын-соңды болмаған үлкен көлемдегі су келіп, жоғарыдағы бөгде кәсіпорындардың қалдық қоймаларын су басып, оның толып кетуіне және жақын маңдағы Каканда өзеніне ағып кетуіне әкелді. Нөсер жаңбыр мен олар тудырған су тасқыны Boss Mining кәсіпорнына және оның жанында орналасқан елді мекендерге әсер етті. Ластануды талдау нәтижелері бойынша судың қауіпті ластануы анықталған жоқ.

Тікелей осы оқиғаға дейін Boss Mining кәсіпорны халықты болжамды қатты жаңбыр туралы құлақтандырды және жергілікті билік органдарын ескертті. Сонымен қатар, кәсіпорын жақын маңдағы кенттердің тұрғындарын эвакуациялау туралы сұрау салу жіберді және эвакуация жүргізілді (қалуды жөн көрген тұрғындардың болмашы санын қоспағанда). Су тасқынынан кейін кәсіпорын дереу жергілікті атқарушы органдармен, ҮЕҰ-мен және қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасауды бастады, сондай-ақ зардап шеккендерге қаржылық және медициналық көмек көрсетіп, азық-түлік өнімдері мен ең қажетті заттарды ұсынды. Қазіргі уақытта кәсіпорын су тасқынының мән-жайларын анықтау, оның салдарын бағалау, сондай-ақ оларды жою бойынша қажетті шараларды айқындау мақсатында тиісті ведомстволармен ынтымақтастық жасап жатыр.

2023 жылғы сәуірде Тау-кен өндіру өнеркәсібі министрлігінің Қоршаған ортаны қорғау басқармасы (DPEM) Boss Mining кәсіпорны іске асыруға тиіс бірқатар ұсынымдар мен түзету шараларының тізбесін шығарды. Осыған байланысты, 2023 жылғы 15 маусымда кәсіпорын 90 күнге арналған іс-шаралар жоспарын ұсынуға тиіс еді. Тиісті талап орындалды. Дегенмен, 2023 жылғы 29 мамырда (Boss Mining іс-шаралар жоспарын ұсынғанға дейін) Тау-кен өндіру өнеркәсібі министрлігі кәсіпорынға үш айға жұмысын тоқтата тұру туралы нұсқама берді. Бұл шешімге шағым жасалды. Есеп жасалған кезге Министрліктен жауап күтілуде.

Қазіргі уақытта біз DPEM ұсынымдарын белгіленген мерзімде пысықтауды, сондай-ақ кәсіпорынның технологиялық процестерін жетілдіруді қоса алғанда, кәсіпорында жақсартуларды енгізуге назар аударамыз.

1. Топтың ҚДР-дегі тағы бір жұмыс істеп тұрған кәсіпорны – Frontier-ге жақын жерде артельдік және шағын ауқымды өндіру кен орнының геологиялық ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асырылмайды.

2. Frontier және Comide кәсіпорындары үшін ЭӘӘБ нәтижелері бес жылдық лицензияның талаптарына сәйкес жаңартылған болатын.

ВАМИН кәсіпорнындағы міндетті табиғат қорғау іс-шараларының жоспарлары

Біздің лицензияларымыздың талаптарына сәйкес Педра-де-Ферро кен орны мен салынып жатқан Порту-Сул порты үшін Міндетті табиғат қорғау іс-шараларының жоспарлары әзірленді (Projeto Básico Ambiental, PBA)¹. Заңнамада көзделген осы жоспарларды бекітуді және олардың іске асырылуын бақылауды тиісті мемлекеттік табиғат қорғау ведомстволары жүзеге асырады.

PBA экологиялық әсерді бағалау барысында анықталған біздің қызметіміздің жергілікті қоғамдастықтарға әлеуетті және (немесе) іс жүзіндегі әсерін азайту үшін іске асырылуы қажет әлеуметтік және экологиялық бағдарламалардың тізбесін белгілейді (52-бет).

Metalkol қызметіне байланысты қоныс аудару

Біз Metalkol кәсіпорнының жанында орналасқан Самуконга кентінен қоныс аударылған 16 отбасыға қолдау көрсетуді жалғастырып келеміз. 2018 жылы бұл отбасылар жергілікті заңнаманың талаптары мен ХҚК стандарттарына сәйкес жаңа ауылға (Камимби II) ойдағыдай көшірілді².

Жыл ішінде Лубумбаши университетімен ынтымақтастықта кент тұрғындары үшін баламалы кіріс көздерін қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлеу шеңберінде ауыл шаруашылығы сараптамасы жүргізілді, оны іске асыру 2023 жылға жоспарланған³. Сонымен қатар, біз ай сайынғы азық-түлікпен қамтамасыз етуді және сумен жабдықтау жүйелеріне, күн батареяларынан жұмыс істейтін энергиямен жабдықтау жүйелеріне және ауылдың тұрғын үй қорына қызмет көрсетуде жәрдемдесуді жалғастырдық.

Камимби II және Самуконга кенттерінің тұрғындары орнықты кіріс көздерін құру жөніндегі бағдарламаларымызды іске асыру нәтижесінде де артықшылықтарды алып отыр (50-бет).

Әсерімізді басқару – Бразилия

ВАМИН кәсіпорны Педра-де-Ферро кен орны мен салынып жатқан Порту-Сул портының жанында тұратын аз қамтылған қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдауда маңызды рөл атқарады. Бұл жұмыс жергілікті заңнаманың талаптарына сәйкес біздің қызметіміздің тікелей және жанама әсерін басқаруға қатысты тәуекелге бағдарланған көзқарасқа және жергілікті халықпен сындарлы өзара іс-қимыл жасауға сүйенеді. Бұл күш-жігер ұзақ мерзімді перспективада кәсіпорынның табысты дамуына ықпал ете отырып, біздің қызмет жүргізуге арналған әлеуметтік лицензиямыздың сақталуын тікелей қамтамасыз етеді.

1 2022 жылы FIOLE 1 теміржолына арналған PBA тиісті мемлекеттік ведомстволардың қарауында болды.

2 Қоныс аудару қажеттілігі жаңа Metalkol қалдыққоймасының жақындығына байланысты біз жүргізген ЭЭӘБ нәтижелері бойынша анықталды. ERG тұрғын үй жағдайлары бұрын қоныс аударылған отбасылар тұрған жағдайларға қарағанда әлдеқайда жақсы ауыл құрылысын қаржыландырды.

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасау және әсерді басқару

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасау бағдарламалары 2022 жылы Педра-де-Ферро кен орнының маңында тұратын 108 қоғамдастықты және Порту-Сул портының ауданында тұратын 31 қоғамдастықты қамтыды (толығырақ ақпарат 91-беттегі Қосымшада ұсынылған). Құрылыс жұмыстары басталғаннан кейін жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасау бағдарламасының қамтуына FIOLE 1 теміржолын салу жобасы да қосылды.

Бұған қосымша:

- 2011 жылы заңнаманың талаптарына сәйкес қоныс аударылған жақын маңдағы Фазенда-Лапа елді мекенінен 15 отбасы⁴ үшін ауыл шаруашылығы өндірісін жақсарту жөніндегі бағдарламаны іске асыру жалғасты;
- Жақын маңдағы елді мекендердегі жезкешелікке байланысты зорлық-зомбылық пен жыныстық қанауды болғызбауға бағытталған сыртқы бастамаларды қолдаудың қамтуы кеңейтілді.

Порту-Сул портының құрылысына байланысты әсерлер

Лицензиялық келісімнің талаптарына сәйкес Порту-Сул портын салу жөніндегі жобамызды іске асыру ауыл шаруашылығы мақсатындағы 212 шағын жер учаскесін міндетті түрде сатып алуды көздейді. Көптеген учаскелерді сатып алу 2022 жылы аяқталды. Бұл шаралар 320-ға жуық отбасыны қозғады, олардың көбі осы жер учаскелерінде тұрмайды.

2019 жылы басталған жер учаскелерін міндетті сатып алу процесін Баия штатының әкімшілігі тәуелсіз комитет пен адвокатураның қатысуымен іске асырып жатыр. Жер иелеріне өтемақы төленеді, ал иелері болып табылмайтын, бірақ сатып алынатын учаскелерде тұратын және жұмыс істейтін тұрғындарға басқа жерлерге қоныс аудару кезінде қолдау көрсетіледі және жергілікті заңнаманың талаптарына сәйкес өтемақы төленеді.

ВАМИН кәсіпорны тәуелсіз консультанттардың қолдауымен бұл процесің ашықтығын қамтамасыз ету және жергілікті халықпен сындарлы қарым-қатынасты қолдау үшін оны мұқият бақылайды. Жер учаскелерін міндетті сатып алу және жергілікті тұрғындарды көшіру ХҚК стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, балық аулауды мониторингтеу бойынша бірлескен кешенді бағдарлама, сондай-ақ өтемақыларды төлеу бағдарламасы іске асырылуда. Бұл бағдарламалар порт құрылысының осы өңірде тұратын жергілікті халық үшін негізгі кіріс көзі болып табылатын майдагерлік балық аулау кәсіпшіліктеріне тигізетін әлеуетті теріс әсерін болғызбауға арналған.

Байырғы халық

Жүргізілген ЭЭӘБ нәтижелері бойынша Порту-Сул портын салу байырғы халыққа айтарлықтай әсер етпейтіні анықталды. Бұл тұрғыда лицензияларды алу процесінің шеңберінде Үндістердің ұлттық қорынан (Fundação Nacional dos Povos Indígenas, FUNAI) – байырғы халықтардың құқықтарын қорғау үшін жауап беретін мемлекеттік ведомстводан ресми мақұлдау алынды.

3 Бұрын бағдарламаны іске асыру COVID-19 пандемиясы және сатып алуды ұйымдастыруға байланысты проблемалар салдарынан кейінге қалдырылған болатын.

4 Осы көрсеткіштің есебінен жер учаскелеріне құқықтардан бас тартқан үш отбасы алып тасталды. Дегенмен, біз мониторинг пен барлық 18 отбасыға қолдау көрсетуді жалғастырамыз.

Бұл ретте Ильеус қаласында Порту-Сул порты құрылысының тікелей әсер ету аймағында (объектіден шамамен 45 км жерде) тупинамба байырғы халқының өкілдері тұрады. Жобаны іске асыру оларға айтарлықтай әсер етпесе де, 2022 жылы біз осы қауымдардың өмір сүру жағдайларын жақсарту бойынша ерікті жұмысты бастадық. Атап айтқанда, біз осы қауымдардың кейбіреуі тұратын аумақтар арқылы ағып жатқан өзеннің маңында жүргізілетін орманды қалпына келтіру жұмыстары аясында жергілікті ағаш тұқымдарының 5 мың көшетін ұсындық. 2023 жылы жергілікті байырғы халықтың 20 өкілі үшін «Canteiro Escola» («Өндірістік мектеп») бағдарламасы шеңберінде кәсіптік оқытуды ұйымдастыру жоспарланып отыр (52-бет).

Бұдан басқа, Порту-Сул портының әсер ету аймағының шегінен тыс жерде объектіден шамамен 60 км қашықтықта киломбу байырғы халқы өкілдерінің (афро-бразилиялықтар) бес қауымы тұрып жатыр. Бұл қауымдар да РВА-да портты салу үшін көзделген әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру нәтижесінде артықшылықтар алады (52-бет)¹.

Шаңның теріс әсерін азайту

Жыл ішінде біз Педра-де-Ферро кен орнында шаң басуға күшейтілген бақылау мен мониторингті жүзеге асыруды жалғастырдық. Бұл желден қорғау құрылысжайларын салуды, жолдарға су құю мен кен қоймаларын полимерлер негізіндегі шаң басатын құралдармен өңдеуді қамтиды. Бұған дейін жергілікті халықтан кен орнын игеру кезінде темір кенді шаңның түзілуіне және кенді тасымалдау кезінде жолдардың тозаңдануына байланысты шағымдар алынды.

2022 жылы мониторинг жөніндегі бірлескен қоғамдық комитет өткізген екі кездесу барысында жергілікті қоғамдастықтардың өкілдері іске асырылған кейбір іс-шараларға қанағаттануын білдірді. Бұдан басқа, жүргізілген мониторингтің нәтижелері бойынша желтоқсанда сынамалар алудың бір кезеңін қоспағанда, 2022 жылы ауада диаметрі 10 мкм-ге дейінгі және 2,5 мкм-ге дейінгі қатты бөлшектердің концентрациясы нормативтік шектерден аспағаны анықталды.

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қазақстанда жобалардағы өзгерістерге байланысты 42 қоғамдық тыңдау өткізілді (2021 жыл: 35). Тыңдау барысында, сондай-ақ басқа да қолжетімді байланыс арналары арқылы елеулі шағымдар қойылған жоқ.

Африкада 2022 жылы қолданыстағы арналар арқылы бес шағым түсті (2021 жыл: 16); кейіннен олардың бәрі реттелді. Олардың үшеуі ERG қызметіне тікелей байланысты болды және супервайзорлардың әрекеттеріне, әлеуметтік жобаларды іске асырудағы кідірістерге және қызметкерлердің жалақы деңгейіне қойған талаптарына қатысты болды.

Қалған екі шағым үшінші тараптарға қатысты және мыналарға байланысты болды:

- Мемлекеттік күзет ұйымдары персоналының әрекеттері; осы шағымдарға жауап ретінде біз Қауіпсіздік пен адам құқықтарына қатысты ерікті қағидаттарды қолдану мәселелері бойынша ақпараттық жұмыс пен оқытуды ұйымдастырдық;
- Мердігерлік ұйымның қызметкерлеріне жалақы төлеудегі кідірістер. Алдағы уақытта біздің жәрдемдесуіміз кезінде ERG өнім берушілерінің жүріс-тұрыс кодексінің ережелеріне сәйкес жалақы төлеуді қамтамасыз ету үшін тараптар арасында өзара іс-қимыл жолға қойылды.



Бразилияда шағымдарды реттеу және жергілікті халықпен өзара іс-қимыл жасау жүйесі арқылы 83 шағым берілді (2021 жыл: 151), оның ішінде 71-і бір жыл ішінде шешілді, ал 12 шағым 2023 жылы шешілді. Негізгі шағымдар шаң шығарындыларына, мердігерлік ұйымдардағы еңбек жағдайларына, мүлікке қол жеткізудегі шектеулерге, сондай-ақ көлік қауіпсіздігіне байланысты тәуекелдерге қатысты болды.

АЛДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

Қазақстанда 2023 жылы алты моноқалада кезекті ауқымды әлеуметтанушылық зерттеуді жүргізу жоспарланып отыр, оның нәтижелері біздің әлеуметтік бастамаларымызды жоспарлау кезінде, сондай-ақ өңірлік даму міндеттерін айқындау кезінде ескерілетін болады.

Африкада біз қоғамдық тыңдау өткізуді қоса алғанда, кәсіпорындарымыздың Міндеттемелер тізілімдерін қалыптастыру және енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыруды жоспарлап отырымыз ([xx]бет).

Бразилияда стейкхолдерлердің карталарын жасау, әлеуметтік әсерлерді бағалау мен Педра-де-Ферро кен орны, Порту-Сул порты және FIOLE 1 теміржолының ауданында тұратын жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық өмір сүру жағдайларына салыстырмалы талдау жүргізу жөніндегі қосымша жұмыс жоспарлануда.

1 Болашақта ресми түрде танылған байырғы халықтар өкілдері қауымдарының жалпы саны FUNAI жүргізетін тану процестерінің нәтижелері бойынша артуы мүмкін.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНМӘТІН

Өзіміз жұмыс істейтін өңірлердің орнықты дамуы: Біздің 2025-Стратегиямыздың басымдықтарының бірі жұмыс істейтін өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады. Бұл халықтың өмір сүру жағдайларын жақсарту мен әл-ауқатын арттыруды, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдауды және жергілікті бизнес-ортаны құруды көздейді.

Релевантты БҰҰ ОДМ

🕒 БҰҰ ОДМ тиісті міндеттері 100-бетте ұсынылған



Қазақстанда біз моноқалаларымызда, сондай-ақ тұтастай алғанда, өзіміз жұмыс істейтін өңірлерде әлеуметтік-экономикалық даму мен экономиканы әртараптандыруға жәрдемдесеміз. Сонымен қатар, біз Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған ұлттық даму міндеттеріне сәйкес елдегі аса маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге көмектесе отырып, ұлттық деңгейдегі әлеуметтік жобаларға қатысамыз.

Африкада кедейлікті қоса алғанда, өзіміз жұмыс істейтін өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың алдында тұрған неғұрлым көкейкесті проблемаларды шешуге баса назар аударылады. ҚДР-де бұл жұмыс әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жақсартуға, сондай-ақ жергілікті кен іздеу қауымдастықтары үшін балама табыс көздерін құруға бағытталған іс-шараларды қамтиды. Бразилияда біз өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына және біздің кәсіпорнымыздың жанында тұратын жергілікті қоғамдастықтардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға жәрдем көрсетеміз.

Топтың осы мәселелерді шешуге қатысты көзқарасы Топтың Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және демеушілік қолдау саласындағы жобалар жөніндегі саясатында айқындалады (90-бет).

🕒 Осы саладағы біздің басқаруға қатысты көзқарасымыз туралы қосымша ақпарат Қосымшаның 89-бетінде ұсынылған.

БІЗДІҢ ЖОБАЛАРЫМЫЗ БЕН БАСТАМАЛАРЫМЫЗ – ҚАЗАҚСТАН¹

Өңірлердің дамуына жәрдемдесу

2022 жылы өзіміз жұмыс істейтін моноқалалар мен өңірлерде ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған өңірлік даму бағдарламызды іске асыру жалғасты. Бағдарлама ұлттық және өңірлік деңгейлердегі мемлекеттік органдармен серіктестікте, оның ішінде өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдар арқылы іске асырылады². Бағдарлама жыл сайынғы арнайы әлеуметтанушылық зерттеулер, сондай-ақ Tugan Qala («Родной город») және «Белсенді қала тұрғыны мектебі» бағдарламалары (49-бет) арқылы анықталатын жұмыс істейтін өңірлердің әрқайсысының қажеттіліктерін ескереді.

Жұмыстың осы бағыты шеңберінде мынадай басым міндеттер айқындалды:

- Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды, қоғамдық көлікті және қалалық кеңістікті абаттандыруды қоса алғанда, өмір сүру деңгейін арттыру;
- Жергілікті білім беру және кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларын қолдауды, сондай-ақ мектептерге, колледждер мен жоғары оқу орындарына нысаналы инвестицияларды қоса алғанда, жастарға білім беру және олардың кәсіби біліктілігін арттыру;
- Медициналық мекемелерді жаңғырту мен дәрігерлердің біліктілігін арттыруды қоса алғанда, денсаулық сақтау;
- Жергілікті спорт инфрақұрылымын және жастар спорт лигаларын дамытуды қоса алғанда, спорт пен салауатты өмір салтын кеңінен танымал ету.

«Қазақстан халқына» ұлттық қоғамдық әлеуметтік қорын қолдау

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған ұлттық дамудың басым міндеттерін шешуге жәрдемдесу жөніндегі жұмыс шеңберінде 2022 жылғы қаңтарда ERG «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорының құрылуын қолдауға 65 млн АҚШ долларын³ бағыттады. Қор денсаулық сақтауды, білім беру мен әлеуметтік қызметтерді жетілдіруді қоса

алғанда, ұлттық дамудың басым міндеттерін шешу мақсатында құрылды.

Қор жұмысының басым бағыттары қайырымдылық ұйымдарымен және қайырымдылық жасаушы компаниялармен (ERG-ді қоса алғанда) құрылымдалған өзара іс-қимыл нәтижесінде айқындалады.

- 1 Сіздің назарыңызды осы бөлімде біздің жергілікті қоғамдастықтарымызға бағдарланған жобалардың қаралатынына аударамыз (бұл қолданылатын жерде біздің қызметкерлеріміз бен олардың отбасы мүшелерін қоса алғанда). Қызметкерлерге ғана бағдарланған жобалар «Еңбек қатынастары» бөлімінде қаралды (xxj-бет).
- 2 Өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған ERG мен өңірлік атқарушы билік органдары арасындағы стратегиялық әріптестіктерді білдіреді (кейбір әлеуметтік жобалар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша міндеттемелерді орындаудың бір бөлігі болып табылады).
- 3 Осы есепте және 2021 жылғы Орнықты даму туралы есепте осы көрсеткіштің мәндері арасындағы алшақтық теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамының өзгеруіне негізделген.

Осы есептің мақсаттары үшін бұл бөлім осы басым бағыттар бойынша құрылымдалған. Олар өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдар (яғни, өңірлерді дамыту бағдарламасын іске асыруға бағытталған атқарушы билік органдарымен серіктестіктер) шеңберінде іске асырылатын бастамаларды да, біз тікелей жүзеге асыратын әлеуметтік инвестицияларды да (яғни, осы бағдарламаның шеңберінен тыс) қамтиды.

Өмір сүру деңгейін арттыру
 Ұзақ мерзімді перспективада біздің мақсатымыз моноқалалар мен өзіміз жұмыс істейтін өңірлерде болашақ ұрпақ (оның ішінде біздің қызметкерлеріміздің балалары) өмір сүру және жұмыс істеу үшін таңдайтын жайлы қалалық ортаны дамытуды қолдау болып табылады. Біз жергілікті қоғамдастықтарға осы саладағы дамудың басым бағыттарын айқындауға

қатысуға мүмкіндік беруге ұмтыламыз, сондай-ақ Қазақстан азаматтарының (біздің қызметкерлерімізді қоса алғанда) жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысуын кеңейтуге жәрдемдесеміз. Атап айтқанда, бұл мынадай бастамаларды қамтиды:

- **Tugan Qala («Туған қала»):** Ақтөбе, Павлодар және Қостанай облыстарында іске асырылатын осы бағдарламаның қамтуын одан әрі кеңейту¹. Tugan Qala бағдарламасы аясында біз жергілікті халықты облыс әкімдіктерімен жасалған өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар шеңберінде қаражатты бөлу туралы шешімдер қабылдауға тартамыз.

Қазақстандағы әлеуметтік инвестицияларға көзқарас

Біздің әлеуметтік инвестицияларға қатысты кешенді көзқарасымыз өңірлік және ұлттық деңгейде дамудың басым міндеттерін шешуге, сондай-ақ біздің қызметкерлеріміз бен олардың отбасыларының әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. ERG-де біздің моноқалаларымыздың тұрғындарына (біздің қызметкерлеріміз бен олардың отбасыларын қоса алғанда) дамудың басым бағыттарын айқындауға қатысуға мүмкіндік беруге тиіс бірқатар кері байланыс тетіктері енгізілді. Бұл біздің әлеуметтік бастамаларымызды іске асыру кезінде жергілікті халықтың пікірін ескеруді қамтамасыз етеді. Біздің әлеуметтік бастамаларымыздың едәуір бөлігі Қазақстан Республикасының Үкіметімен ұлттық және өңірлік деңгейлерде құрылымдалған және айқын ынтымақтастық шеңберінде іске асырылады және ұлттық дамудың басым міндеттерін шешуге жәрдемдесуге бағытталған.

СТРАТЕГИЯ

ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ

Топтың КӘЖ және демеушілік қолдау саласындағы жобалар бойынша саясаты
 және оларды іске асыруды қамтамасыз ететін рәсімдер

Тікелей әлеуметтік инвестициялар
 Жергілікті қоғамдастықтарға оң әсерімізді арттыруға және теріс әсерімізді азайтуға бағытталған

\$67,8млн
2022 жылғы тікелей әлеуметтік инвестициялар

Өңірлік даму бағдарламасы
 Біз жұмыс істейтін өңірлерде ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету

Өңірлік меморандумдар
 Өңірлік атқарушы билік органдарымен стратегиялық серіктестіктер

\$18,2млн
2022 жылы меморандумдар шеңберіндегі инвестициялар

ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Ұлттық даму
 Біз елдің ең маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге және ұлттық мәдени мұраны сақтауға көмектесе отырып, ұлттық деңгейдегі әлеуметтік жобаларға қатысамыз

Өңірлік даму
 Біздің әлеуметтік инвестицияларымыздың едәуір бөлігі өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдауға бағытталған (бірінші кезекте өңірлік меморандумдар шеңберінде)

Моноқалаларды дамыту
 Көптеген жергілікті қоғамдастықтар біздің кәсіпорындарымыздың өндірістік қызметі нәтижесінде құрылған болатын. Осыны ескере отырып, біздің әлеуметтік инвестицияларымыз жергілікті тұрғындардың ұзақ мерзімді перспективада ERG-ге тәуелділігін азайтуға бағытталған

Жергілікті қоғамдастықтарда тұратын қызметкерлер
 Әлеуметтік инвестициялардың бір бөлігі біздің қызметкерлеріміз бен олардың отбасы мүшелерінің жұмыстан тыс өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған

КЕРІ БАЙЛАНЫС ТЕТІКТЕРІ

Tugan Qala («Туған қала»)
 Бағдарлама моноқалалардағы жергілікті қоғамдастықтарға олардың даму басымдықтарын айқындауға қатысу мүмкіндігін ұсынады (жоғарыдан қараңыз)

«Белсенді азамат мектебі»
 Соның шеңберінде ERG қызметкерлері «Халық қатысатын бюджет» мемлекеттік бағдарламасына белсенді қатысу үшін практикалық оқытудан өтетін бағдарлама (49-бет)

Жыл сайынғы ауқымды зерттеулер
 Біздің көзқарасымыздың жергілікті басымдықтарға сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін біз жергілікті қоғамдастықтардың өкілдері арасында (ERG қызметкерлерін қоса алғанда) зерттеулер жүргізімізді қамтамасыз етуімізге мұқият болуымызға мұқият

СЕРІКТЕСТЕР

Қазақстан Республикасының Үкіметі

Жергілікті атқарушы билік органдар

Азаматтық қоғам ұйымдары

Жергілікті қоғамдастықтар

Қызметкерлер және олардың өкілдері

¹ Бұл бағдарламаны іске асыру Хромтау (Ақтөбе облысы), Ақсу (Павлодар облысы) және Рудный (Қостанай облысы) қалаларында жалғасты. Бұдан басқа, бағдарламаның қамтуына Қостанай облысының Қашар және Октябрь кенттері қосылды.

- Тұрғындар қалалық ортаны жақсартуға бағытталған жобаларға бастамашылық жасайды. Жеңімпаз жобаларды іріктеу тұрғындар арасындағы онлайн-дауыс беру нәтижелері бойынша жүргізіледі, ал оларды іске асыру толығымен меморандумдар шеңберінде қаржыландырылады.
- **«Белсенді қала тұрғыны мектебі»:** «Халық қатысатын бюджет» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде¹ жергілікті өзін-өзі басқаруға қатыса отырып, тұрғындар соның шеңберінде бастамашыл бюджеттеудің мемлекеттік тетіктерін пайдалануға оқытылатын және өздері тұратын қалаларды абаттандыруға жәрдемдесетін бағдарламаны іске асыруды жалғастыру. 2022 жылы Павлодар, Ақтөбе және Қостанай облыстарындағы кәсіпорындарымыздың 60-тан астам қызметкері оқытудан өтті. Бұдан басқа, жергілікті билік органдарының қолдауымен қоғамдық балалар алаңын, баскетбол алаңы мен жаңа автобус аялдамаларын салуды қоса алғанда, 2021 жылы ERG қызметкерлері ұсынған бірқатар жеңімпаз жобалар іске асырылды. Қалған жобаларды іске асыру 2023 жылға жоспарланған. 2023 жылдан бастап бағдарламаға моноқалаларымыздың тұрғындары да қатыса алады.

Өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдар шеңберінде іске асырылған басқа жобалар мынадай бастамаларды қаржыландыруды қамтыды:

- Ақтөбе облысындағы ERG қызметкерлері, сондай-ақ зейнеткерлер тұратын тұрғын ғимараттарды жаңғырту (648 мың АҚШ доллары);
- Павлодар облысында 16 қоғамдық ауланы абаттандыру (631 мың АҚШ доллары);
- Қостанай облысында жылумен жабдықтау жүйелеріне техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жүргізуге дайындық

(614 мың АҚШ доллары) және тұрғын ғимараттарды қайта жаңарту (72 мың АҚШ доллары).

Жастарға білім беру және олардың кәсіби біліктілігін арттыру

Біз оқушыларға болашақта еңбек нарығында табысқа жету үшін қажетті кешенді дағдыларды игеруге мүмкіндік беру үшін өңірлік білім беру мекемелерінің дамуына және педагогтердің

біліктілігін арттыруға жәрдемдесеміз. Бұл жұмыс ұзақ мерзімді перспективада өзіміз жұмыс істейтін өңірлердің экономикасын әртараптандыруға ықпал етуге де арналған.

Өткен жылы ERG «Студенттік кәсіпкерліктің экожүйесі» бағдарламасын (*ecosystemerg.kz*)² қолдауға 93,6 мың АҚШ долларын бөлді, ол өңірлік университеттер мен колледждерді кәсіпкерлікті дамыту орталықтары етіп

өзгертуге ықпал етеді. Ұзақ мерзімді перспективада бұл өзіміз жұмыс істейтін өңірлердегі жаңа стартаптардың қызметіне қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. 2022 жылы бағдарлама шеңберінде кәсіпкерлік дағдыларды дамыту жөніндегі іс-шаралар өткізілді, оған 1,8 мыңнан астам студент пен 200 оқытушы қатысты.

«ERG МЕКТЕПКЕ» («ERG ДЛЯ ШКОЛ») БАҒДАРЛАМАСЫ

2022 жылы «ERG Мектепке» («ERG для школ») бағдарламасын іске асыру жалғасты. Жыл ішінде бұл бағдарлама Ақтөбе, Қостанай және Павлодар облыстарының 200-ден астам орта мектебінде STEM³-оқытуды дамытуға ықпал етті. Бағдарлама жетекші бөгде оқу ұйымдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының білім министрлігімен серіктестікте іске асырылады.

2022 жылы өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдар шеңберінде осы бағдарламаға инвестициялар 702 мың АҚШ долларын құрады (2021 жыл: 347 мың АҚШ доллары). Жұмыстың негізгі бағыттары мыналарды қамтыды:

- Қашықтықтан оқытуға арналған онлайн-тұғырнаманы енгізу, оның көмегімен 60 мыңнан астам оқушы STEM-пәндер бойынша интерактивті оқу ресурстарына қол жеткізді;
- 4,7 мыңнан астам мұғалім үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізу.

2023 жылы біз мұғалімдер мен мектептер менеджментінің кәсіби біліктілігін арттыру құралдарының жинағын кеңейтуді жоспарлап отырмыз.



1 Бұл бағдарламаны іске асыру Хромтау (Ақтөбе облысы), Ақсу (Павлодар облысы) және Рудный (Қостанай облысы) қалаларында жалғасты. Бұдан басқа, бағдарламаның қамтуына Қостанай облысының Қашар және Октябрь кенттері қосылды.

2 Бағдарлама Қазақстандағы Тель-Авив университетінің Достар қауымдастығымен және Алматы менеджмент университетімен (AlmaU) серіктестікте іске асырылады.

3 Ғылым, технологиялар, инжиниринг және математика.

Бұдан бөлек, біз өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдар шеңберінде бірқатар білім беру мекемелеріне қаржыландыруды ұсынуды жалғастырып келеміз. 2022 жылы бұл мынадай бастамаларды қаржыландыруды қамтыды:

- Павлодар облысындағы колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған кәсіптік даярлау бағдарламалары (508 мың АҚШ доллары);
- Шымкент қаласында жаңа мектеп автобустарын сатып алу (133 мың АҚШ доллары);
- Қостанай облысында мұғалімдерді кәсіптік даярлау бағдарламалары (108 мың АҚШ доллары), сондай-ақ Рудный индустриялық институты үшін оқу материалдарын сатып алу (43 мың АҚШ доллары);
- Ақтөбе облысындағы Хромтау тау-кен техникалық колледжі үшін оқу материалдары мен компьютерлерді сатып алу (106 мың АҚШ доллары).

Бұдан басқа, біз жоғары білім беру жүйесін дамытуға және ERG перспективалы мамандарының пулын қалыптастыруға бағытталған «Жаңа кәсіптер атласы» бағдарламасы шеңберінде бірқатар стратегиялық бастамаларды іске асыруға жәрдемдесуді жалғастырамыз (36-бет).

Денсаулық сақтау

Өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдар шеңберінде біз қызметкерлеріміз бен олардың отбасыларына, сондай-ақ өзіміз жұмыс істейтін өңірлердің халқына медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында қазіргі заманғы денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытуды қаржыландырамыз. 2022 жылы бұл мынадай бастамаларды қаржыландыруды қамтыды:

- Ақтөбе облысындағы аурухананың жедел жәрдем бөлімшесі үшін заманауи медициналық жабдықтарды сатып алу (936 мың АҚШ доллары);

- Павлодар облысындағы ауруханалардың бірінде шала туған балаларды күту бөлімшесін қайта жаңарту (910 мың АҚШ доллары).

Спорт және салауатты өмір салты

Қоғамның шынайы әл-ауқаты экономикалық дамумен шектелмейді. Сондықтан біз өзіміз жұмыс істейтін өңірлерде бұқаралық және жастар спорты мен жергілікті спорт инфрақұрылымын дамытуға инвестицияларды жүзеге асырамыз.

2022 жылы өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдар шеңберінде мынадай бастамаларды іске асыруға қаржыландыру бөлінді:

- Жасанды шөптен жасалған жабынды төсеуді, қоршауды, қақпалар мен жарықтандыруды орнатуды қоса алғанда, Екібастұздағы № 6 арнайы мектептің аумағында футбол алаңын жайластыру (64 мың АҚШ доллары);
- Павлодар облысында бес қоғамдық футбол алаңын (205 мың АҚШ доллары), сондай-ақ ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған мектеп жанындағы футбол алаңын (65 мың АҚШ доллары) жайластыру.

Бұдан басқа, біз өз қызметкерлерімізді спортпен шұғылдануға және салауатты өмір салтын ілгерілетуге тарту жөніндегі жұмыстың қамтуын кеңейттік (40-бет).

БІЗДІҢ ЖОБАЛАРЫМЫЗ БЕН БАСТАМАЛАРЫМЫЗ – АФРИКА

ҚДР-дегі ERG кәсіпорындарының Міндеттемелер тізілімдері

ҚДР-дегі 2018 жылғы Жер қойнауы туралы кодекс тау-кен өндіру секторы үшін қоғамдастықтарға әлеуметтік инвестициялар бойынша міндеттемелерді белгілейді. Кодекс кәсіпорындардың әлеуметтік-экономикалық әсерін бағалау (ЭӘӘБ) нәтижелерін жаңартып отыру кезінде бес жылда бір рет жаңартылатын міндетті әлеуметтік жобалардың (немесе

Metalkol Міндеттемелер тізілімінде көзделген бастамаларды іске асыру

Metalkol кәсіпорнында 2020 жылы бекітілген Міндеттемелердің тізілімі шеңберінде бірқатар жобаларды іске асыруға 2.1 млн АҚШ доллары бөлінді. Бұл жобалар тоғыз елді мекенді дамытудың басым міндеттерін шешуге бағытталған көпжылдық бағдарламаға кіреді. 2022 жылы жұмыс мынадай негізгі бағыттар бойынша жүргізілді:

- Жүгері тұқымдары мен ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды, сондай-ақ халықты оқытуды қоса алғанда, 476 үй шаруашылығы үшін Орнықты ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасын іске асыруды жалғастыру. Өткен жылы 739 тонна жүгері жиналды;

- 145 үй шаруашылығы үшін баламалы кіріс көзін қамтамасыз ету мақсатында 16 балық өсіру тоғанын (2021 жыл: 10¹) жайластыру. Жобаны іске қосу 2023 жылға жоспарланған;
- Аяқталуы 2023 жылға жоспарланған жергілікті клиниканы салу;
- Камимби II кентінде бірлескен бастауыш және орта мектепті салу, оның аяқталуы кейіннен мектепті мемлекетке бере отырып, 2023 жылға жоспарланған;
- Жақын маңдағы елді мекендерде төрт құдықты бұрғылау және күн энергиясында жұмыс істейтін су тарту құрылысжайларын салу.

«Міндеттемелер тізілімдерінің») тізбесін әзірлеуді көздейді.

Міндеттемелердің тізілімі жергілікті дамудың басым бағыттарын айқындау мақсатында өткізілетін негізгі стейкхолдерлердің қатысуымен ресми қоғамдық тыңдаудың нәтижелері бойынша жасалады; оны қайта қарау мен бекітуді жергілікті билік органдары жүзеге асырады. Тиісті міндеттемелердің орындалуын бағалау үшін жыл сайын тәуелсіз мониторинг жүргізіледі.

Бұдан басқа, Кодекстің ережелеріне сәйкес барлық тау-кен өндіру компаниялары бизнестің жылдық айналымының 0,3%-ын өздерін басқаруды әртүрлі стейкхолдерлердің қатысуымен орган жүзеге асыратын жергілікті

қоғамдастықтарды орнықты дамыту қорына жіберуге міндетті.

Біздің кәсіпорындарымыздың Міндеттемелер тізілімдері шеңберінде, атап айтқанда, ауыл шаруашылығын дамыту, суға, денсаулық сақтау мен білім беруге қол жеткізуді қамтамасыз ету сияқты бағыттарға ерекше көңіл бөлінеді².

Frontier кәсіпорнының Міндеттемелер тізілімі 2022 жылғы тамызда мемлекеттік ведомстволармен келісілді. Жақын маңдағы алты елді мекенді дамытуды қолдауға бағытталған жобаларды толыққанды іске асыру 2023 жылы басталады. Сонымен бірге, Frontier-де Орнықты ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасын іске асыру жалғасты, ол енді кәсіпорынның Міндеттемелер тізіліміне қосылды.

1 Нақтылау: 2021 жылғы Орнықты даму туралы есепте 2021 жылғы көрсеткіштің қате мәні көрсетілген (16).

2 Міндеттемелердің тізілімдерін жасау кезінде жергілікті халықтың қатысуымен әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау қорытындысы бойынша айқындалған басым міндеттер, сондай-ақ ЭӘӘБ барысында анықталған басым міндеттер ескеріледі. 2017 жылы 19 жергілікті қоғамдастықтың қатысуымен әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау жүргізілді..

Бағдарлама аясында 2022 жылы жаңадан реконструкцияланған астықты қайта өңдеу кешенінде жергілікті тұрғындар үшін жүгері ұны өндірілді. Негізгі болашақ жобалар екі бастауыш және екі орта мектептің жоспарланып отырған құрылысын қамтиды.

Сонымен қатар, Metalkol және Frontier кәсіпорындарында басқару құрылымдарын және кәсіпорындардың жылдық айналымының 0,3%-ын жергілікті қоғамдастықтарды орнықты дамытудың арнайы қорына бөлу үшін тиісті

рәсімдерді құруға қатысты мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау жалғасты (50-панельді қараңыз)¹.

Бұған қоса, Boss Mining және Comide кәсіпорындарының Міндеттемелер тізілімдерін қалыптастыру бойынша стейкхолдерлермен ресми консультациялар жүргізілді және оларды мемлекеттік органдардың келісуі бойынша жұмыс басталды.

КДР-дегі өзге де әлеуметтік бастамалар

Міндеттемелердің тізілімдерінде көзделген іс-шаралардан бөлек, біз жергілікті қоғамдастықтарды дамытудың басым міндеттерін шешуге бағытталған басқа жобаларды жүзеге асыруды да жалғастырдық (төмендегі панельді қараңыз). Осы саладағы жұмыс бағыттарының көбі біздің лицензияларымыздың міндетті талаптарымен айқындалады.

Мы также продолжаем оказывать содействие работе Международного фонда Good Shepherd International Foundation (GSIF), направленной на улучшение социально-экономических условий и создание альтернативных источников дохода для старательских общин, проживающих вблизи предприятия Metalkol (см. ниже).

КДР-дегі әлеуметтік жобалардың негізгі мысалдары

Metalkol және Frontier кәсіпорындары мемлекеттік вакцинациялау бағдарламаларын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы басқа да бағдарламаларды іске асыруға жәрдемдесуді жалғастырды. Бұдан басқа, Comide кәсіпорны ерікті әлеуметтік бастамалар шеңберінде жергілікті клиниканы қолдау мақсатында \$45 мың бөлді. Boss Mining кәсіпорнының жанында тұратын жергілікті тұрғындарға Каканда ауданындағы жалғыз клиника болып табылатын кәсіпорын толық қолдайтын клиникада алғашқы жедел медициналық көмек көрсетіледі (34 бет). Бұдан басқа, аталған клиника мемлекетке және мемлекеттік емес ұйымдарға вакцинациялау бағдарламаларын іске асыруда жәрдем көрсетеді.


Frontier кәсіпорнында жергілікті атқарушы органдармен ынтымақтастықта жақын маңдағы Сакания қаласында үй шаруашылықтарын таза сумен жабдықтау мақсатында ауқымды сумен жабдықтау жүйесін салу аяқталды. Бұл су сорғыларын жөндеуді, қосымша құдықтарды бұрғылауды, ұңғымаларды қалпына келтіруді, сондай-ақ күн батареяларынан жұмыс істейтін сорғыларды орнатуды қамтиды. Metalkol кәсіпорнының жанында құдықтарды бұрғылау мен су тарату құрылыстарын салуды бастау 2023 жылға жоспарланған ².

Boss Mining жанында Орнықты ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасын қолдау мақсатында 303 мың АҚШ доллары көлеміндегі қаржыландыру. 2022 жылы бағдарлама 187 үй шаруашылығы үшін тікелей артықшылықтарды қамтамасыз етті. Сонымен қатар, \$110 мың Comide жанындағы 100 үй шаруашылығы үшін Ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасын іске асыруға бағытталды.

Boss Mining кәсіпорны Каканда қаласын энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін \$635 мың бөлді.

Metalkol кәсіпорны ашылуы 2023 жылға жоспарланған екі қоғамдық футбол алаңын жайластыру үшін шамамен \$127 мың көлемінде ерікті қаржыландыруды ұсынды

Boss Mining кәсіпорны Каканда қаласында білім беру бастамаларын қаржыландыруды жалғастырды. Атап айтқанда, 4 мыңнан астам оқушыны (2021 жыл: 4,4 мың) және 130 мұғалімді (2021 жыл: 150) қолдау мақсатында \$2 млн бөлді. Metalkol кәсіпорнында 2021 жылы басталған жергілікті тұрғындар арасынан сегіз оқушы (олардың төртеуі – әйелдер) үшін ұзақтығы 18 ай болатын өндірістік оқытудың пилоттық бағдарламасын іске асыру жалғасты.



1 Қазіргі уақытта тиісті талап Metalkol мен Frontier-ге қатысты ғана қолданылады, өйткені бұл кәсіпорындар кірісті генерациялайды.

2 Бұрғылау 2022 жылға жоспарланған болатын, алайда сатып алуды ұйымдастыруға байланысты бұл жұмыстарды орындау кейінге қалдырылды. Біз бағдарламаны жергілікті халықтың қатысуымен әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау барысында айқындалған қоғамдастықтың бірінші кезектегі қажеттіліктерін ескере отырып, сондай-ақ Кингамьямбо қалдыққоймасының дамбасын қоршауды қоса алғанда, жобамыздың кейбір әсерлерін ескере отырып іске қостық, бұл бірқатар жергілікті тұрғындар үшін суға қол жеткізуді шектеді.

Пайдалы қазбаларды артельдік және шағын ауқымды өндіру

«Таза кобальт пен мыс» бағдарламыздың талаптарына сәйкес (77-бет), біз мыс пен кобальтты өндіру кезінде артельдік және шағын ауқымды өндіру нәтижесінде алынған шикізатты пайдаланбаймыз. Сонымен бірге, ол ҚДР халқы үшін маңызды кіріс көзі екенін түсінеміз.

2017 жылдан бері біз Metalkol кәсіпорнының көпжылдық бағдарламасы шеңберінде Good Shepherd International Foundation (GSIF) қорына қолдау көрсетіп келеміз. Бұл ретте балаларды қорғауға, әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге, баламалы кіріс көздерін құруға және әлеуетті дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Мысалы, жыл ішінде біз Тсхала кентінде GSIF Bon Pasteur бағдарламасын жүзеге асыруға жәрдем көрсетуді жалғастырдық, оның шеңберінде 13 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды. 2022 жылы бағдарлама үшін қаржыландырудың бүкіл көлемін ERG ұсынды.

Мынадай іс-шаралар іске асырылды:

- 202 бала (100 ұл және 102 қыз) үшін білім алуға қолжетімділікті ұсыну;
- Кооперативтердің 268 мүшесі үшін тұқымдар мен тыңайтқыштарды қоса алғанда, ауыл шаруашылығы материалдарын ұсыну;
- 389 жергілікті тұрғын (325 әйел және 64 ер) үшін қаржылық сауаттылықты оқытуды ұйымдастыру;
- 1 354 жергілікті тұрғын үшін балалардың құқықтары және балалар еңбегін пайдалануға байланысты тәуекелдер бойынша ақпараттық жұмыс жүргізу.

Бұдан басқа, Metalkol және Boss Mining кәсіпорындарының жанында тұратын кен іздеуші қауымдар баламалы кіріс көздерін құру бағдарламаларын және осы кәсіпорындардың Міндеттемелер тізілімінде көзделген тиісті әлеуметтік бастамаларды іске асыру нәтижесінде артықшылықтар алады (50-бет).

Сонымен қатар, біз ҚДР-де жауапты артельдік және шағын ауқымды өндіруді дамытуға жәрдем көрсету жөніндегі мүмкіндіктерді зерделеуді жалғастырамыз.

Кобальт пен мыстың жауапты жаһандық өндірістік-өткізу тізбектерін қалыптастыру мақсатында басқа ұйымдармен ынтымақтастығымыз туралы ақпарат 76-беттегі «Жауапты өндірістік-өткізу тізбектері» бөлімінде ұсынылған.

БІЗДІҢ ЖОБАЛАРЫМЫЗ БЕН БАСТАМАЛАРЫМЫЗ – БРАЗИЛИЯ

BAMIN кәсіпорнының жанындағы көптеген жергілікті қоғамдастықтар кедейлік шегінен төмен тұрады және ресми жұмысқа орналасудың шектеулі мүмкіндіктеріне ие. Осыған байланысты ERG бизнес-инкубаторларды дамытуға, кәсіптік оқытуға және жұмысқа орналасу үшін мүмкіндіктер жасауға, білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз етуге, инфрақұрылымды дамытуға, сондай-ақ қоршаған ортаны қалпына келтіруге ерекше назар аударады.

2022 жылы табиғат қорғау іс-шаралары жоспарларының (PBA) шеңберіндегі негізгі жұмыс бағыттары мыналарды қамтыды:

- Каэтите, Лисиниу-ди-Алмейда және Пиндаи муниципалитеттерінде жабдықтар мен тауарлар беруді, сондай-ақ 120 жергілікті кәсіпкердің әлеуетін дамытуды қамтитын «Трансформация» («Transforma») жобасын іске асыруды жалғастыру;
- «Қалдықтардың өмірлік циклі» («Circuito do Lixo») бағдарламасын іске асыруды жалғастыру, оның шеңберінде жергілікті кәсіпорындар Педра-де-Ферро кен орнында түзілетін қалдықтарды жинау мен қайта өңдеуді жүзеге асыра отырып, түсім ала алады. 2010 жылдан бері бағдарламаға жергілікті қоғамдастықтардың 40-қа жуық өкілі қатысты және шамамен 3 млн тонна қатты қалдық қайта өңделді, олардың құны шамамен 397 мың АҚШ доллары деп бағаланады;



- «Canteiro Escola» («Өндірістік мектеп») бастамасы аясында 2021-2022 оқу жылында аз қамтылған жергілікті қоғамдастықтардан 200-ге жуық жас адам үшін кәсіптік оқытуды ұйымдастыру. Бастама BAMIN кәсіпорнында немесе басқа да коммерциялық кәсіпорындарда жастарды жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсетуге бағытталған;
- Universidade Estadual de Santa Cruz университетімен ынтымақтастықта төрт жылдық бағдарламаны іске асыруды бастау. 2022 жылы бағдарлама шеңберінде Порту-Сулда 40 студент пен оқытушы әлеуметтік және экологиялық зерттеулерге қатысты.

PBA-да көзделген іс-шаралардан бөлек, біз жергілікті қоғамдастықтарды дамыту жөніндегі бірқатар бастамаларға ерікті қолдау көрсетуді де жалғастырдық.

Бұл бағыттағы жұмыс мыналарды қамтыды:

- Азық-түлікті, су мен ең қажетті заттарды сатып алу, сондай-ақ Баия штатындағы нәсер жаңбырдан зардап шеккен жергілікті тұрғындар үшін көшелерді тазалауға арналған техниканы жалға алу үшін шамамен 105 мың АҚШ доллары көлеміндегі қаржыландыруды ұсыну;
- Каэтите муниципалитетінде техникалық колледж жанындағы бір экологиялық және бір тау-кен техникалық зертхананы салу және жарақтандыру үшін шамамен 156 мың АҚШ доллары көлеміндегі қаржыландыруды ұсыну;
- Ильеус қаласындағы São José – Santa Casa de Misericórdia Hospital ауруханасын қолдау шеңберінде шамамен 125 мың АҚШ доллары көлеміндегі қаржыландыруды ұсыну (2021 жыл: шамамен 129 мың АҚШ доллары), бұл пациенттерге, олардың туыстарына және аурухананың қызметкерлеріне тамақтандыруды ұйымдастыруға мүмкіндік берді.


ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР (\$ МЛН)

Өңір	2022	2021
Қазақстан	86,0	58,1
Африка	7,8	6,3
Бразилия	2,2	0,8

ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ ТИПІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР (\$ МЛН)

Инвестициялардың типі	2022	2021
Тікелей инвестициялар	67,8	36,7
Өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар	18,2	21,4

ЖЫЛДАР БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ (\$ МЛН)



НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

2022 жылы ERG-дің жұмыс істейтін елдердегі әлеуметтік инвестициялары 96 млн АҚШ долларын құрады (2021 жыл: шамамен 65,2 млн АҚШ доллары).

Қазақстандағы әлеуметтік инвестициялар 86 млн АҚШ долларын құрады (2021 жыл: 58,1 млн АҚШ доллары). Оның ішінде «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорының құрылуын қолдауға 65 млн АҚШ долларын қоса алғанда (47-бет), республикалық маңызы бар әлеуметтік жобаларды іске асыруға қаражат бөлінді. Бұдан басқа, өңірлерді дамыту бағдарламамыздың аясында (47-бет) өңірлік атқарушы билік органдарымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдарда көзделген жобаларды қаржыландыруға 18,2 млн АҚШ доллары бөлінді (2021 жыл: 21,4 млн АҚШ доллары).

Африкадағы әлеуметтік инвестициялар 7,8 млн АҚШ долларын құрады (2021 жыл: 6,3 млн АҚШ доллары). Қаражат Міндеттемелердің тізілімдері шеңберінде бірқатар жобаларды іске асыруға, сондай-ақ ерікті бастамаларды іске асыруға бағытталды.

Бразилиядағы әлеуметтік инвестициялар 2,2 млн АҚШ долларын құрады (2021 жыл: 0,8 млн АҚШ доллары). Қаражат міндетті РВА-да көзделген бірқатар бастамаларды іске асыруға, сондай-ақ ерікті бастамаларды іске асыруға бағытталды.

АЛДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

Қазақстанда біз:

- Өңірлік даму бағдарламасы шеңберінде бірқатар әлеуметтік бастамаларды іске асыруды жалғастыруды;
- Өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдар шеңберінде Рудный қаласында (Қостанай облысы) 1,2 мың оқушы үшін цифрлық технологияларды пайдалана отырып, заманауи орта мектеп салуға 10,8 млн АҚШ долларын бөлуді;
- Хромтау қаласында (Ақтөбе облысы) шағын және орта кәсіпорындардың дамуына қолдау көрсету және жәрдемдесу мақсатында ERG,

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен Ақтөбе облысының әкімдігі арасында серіктестік құруға 1,1 млн АҚШ долларын бөлуді жоспарлап отырмыз.

Африкада біз Міндеттемелердің тізілімдері шеңберінде бірқатар әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруды жалғастыруды жоспарлап отырмыз. Атап айтқанда, Metalkol кәсіпорнында ауыл шаруашылығы бағдарламасын толыққанды іске қосу, сондай-ақ бірлескен бастауыш және орта мектеп пен жергілікті клиниканың құрылысын аяқтау жоспарлануда. Frontier кәсіпорнында екі бастауыш және екі орта мектепті салу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Metalkol және Frontier кәсіпорындары жылдық айналымның 0,3%-ын жергілікті қоғамдастықтарды орнықты дамытудың арнайы қорына жіберу мақсатында үкіметпен және басқа да стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасауды жалғастырады. Metalkol және Frontier кәсіпорындары жергілікті қоғамдастықтарды орнықты дамытудың арнайы қорының компаниялардың жылдық айналымының 0,3%-ын пайдалануына қатысты мемлекеттік органдармен және басқа да стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасауды да жалғастырады. Сонымен бірге, Boss Mining және Comide кәсіпорындарының Міндеттемелер тізілімдерін мемлекеттік ведомстволардың қарауы мен келісуін аяқтау жоспарда бар.

Бразилияда біз «Өндірістік мектеп» бағдарламасын іске асыруды жалғастыруды жоспарлап отырмыз. Атап айтқанда, 2023 жылы жергілікті қоғамдастықтардан саны 500-ге дейін жастарды кәсіптік оқыту ұйымдастырылады.

ЭКОЛОГИЯ

саласындағы тиімді басқару

Экология саласындағы жауапты басқару 2025-Стратегиямыздың ажырамас бөлігі болып табылады, онда өзіміз жұмыс істейтін өңірлерді орнықты дамытуға басымдық беріледі.

Қазақстандағы кәсіпорындарымыз ISO 14001 стандартына сәйкес сертификатталған. Африкадағы кәсіпорындарымызда денсаулықты, өндірістік қауіпсіздік пен орнықты дамуды басқару жүйесі (SHS) ISO 14001 стандартының талаптарын ескере отырып әзірленген.

Бұдан басқа, ҚДР-дегі жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда міндетті тәуелсіз Экологиялық және әлеуметтік әсерді бағалау (ЭӘӘБ) жүргізіледі және тиісті іс-шаралар жоспарлары әзірленеді. Бразилиядағы BAMIN кәсіпорнында экологиялық лицензиялардың барлық талаптарын сақтауды және міндетті табиғат қорғау іс-шараларының жоспарларын тиісінше іске асыруды қамтамасыз етуге арналған экологиялық менеджмент жүйесі енгізілді (толығырақ 51-бетте).

➤ Осы саладағы басқаруға қатысты көзқарасымыз туралы қосымша ақпарат Қосымшаның 91-бетінде ұсынылған.

2022 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРДЫҢ МЫСАЛДАРЫ

- > Қазақстанда атмосфералық ауаға шығарындыларды қысқарту бойынша құны \$480 млн болатын 10 жылдық бағдарламаны іске асыру
- > Қазақстандағы инвестициялық жобаларды бағалау кезінде көміртегінің ішкі бағасы енгізілді
- > Metalkol кәсіпорны жинақталған қалдықтардың 8,2 млн тоннасын қайта өңдеді

ЕЛЕУЛІ МӘСЕЛЕЛЕР

АУА МЕН СУҒА ӘСЕРДІ БАСҚАРУ

➤ Толығырақ 55-бетте

ЭНЕРГИЯ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

➤ Толығырақ 59-бетте

ҚАЛДЫҚҚОЙМАЛАР МЕН ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

➤ Толығырақ 63-бетте

АУА МЕН СУҒА ӘСЕРДІ БАСҚАРУ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНМӘТІН

Өзіміз жұмыс істейтін өңірлердің орнықты дамуы: Біздің 2025-Стратегиямыздың басымдықтарының бірі өзіміз жұмыс істейтін өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың әл-ауқатын арттыру болып табылады. Бұл жұмыстың негізгі бағыттарының бірі – қоршаған ортаға кез келген әлеуетті теріс әсерді, оның ішінде релевантты халықаралық стандарттарды сақтау арқылы болғызбау және (немесе) азайту.

Релевантты БҰҰ ОДМ

🕒 БҰҰ ОДМ тиісті міндеттері **100-бетте** ұсынылған



Топтың Қазақстанда іске асырылатын Экологиялық стратегиясы шеңберінде атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларын азайтуға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл Топ кәсіпорындарының елдегі қызметінің сипаты мен орналасуына негізделген – ERG қызметі Павлодар мен оның айналасында¹ ең елеулі әсер етеді.

Бұдан бөлек, Топ кәсіпорындарының Африка мен Бразилиядағы атмосфералық ауаның сапасына әсерін басқару, сондай-ақ Топ жұмыс істейтін барлық өңірлердегі судың сапасына әсерді басқару жөніндегі жұмыс жалғасуда.

БІЗДІҢ ЖОБАЛАРЫМЫЗ БЕН БАСТАМАЛАРЫМЫЗ

Қазақстандағы экологиялық стратегия

Қазақстандағы экология саласындағы басқаруға қатысты көзқарасымыз 2022 жылы жаңартылған 10 жылдық Экологиялық стратегияда айқындалады. Оның негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

- Шығарындылар мен төгінділерді қысқарту;
- Су ресурстарын сақтау;
- Бүлінген жерлерді қалпына келтіру;
- Қалдықтарды басқару;
- Биоәртүрлілікті сақтау;
- Экологиялық мониторингтің тиімділігін арттыру.

- 1 Павлодарда Қазақстан алюминийі (Павлодар алюминий зауыты және жылу электр станциясы), Қазақстан электролиз зауыты және ERG Service кәсіпорындары орналасқан. Сонымен қатар, өңірде Ақсу электр станциясы мен «Шығыс» көмір разрезі (ЕЭК), сондай-ақ Ақсу ферроқорытпа зауыты (Қазхром) орналасқан.
- 2 Тиісті өндірістік объектіде (мысалы, энергетикалық блокта, агломерациялық цехта, пеште және т.б.) жылына атмосфералық ауаға қатты бөлшектердің шығарындыларын азайту.

ҚАЗАҚСТАНДА АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА ҚАТТЫ БӨЛШЕКТЕРДІҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН ҚЫСҚАРТУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАР

Іске асырылған іс-шаралар

Облыс	Кәсіпорын	Іс-шаралар	Іске асыру жылы	Қысқарту ²
Павлодар	ЕЭК	№ 5 энергетикалық блокты реконструкциялау шеңберінде жетілдірілген сүзгіні орнату	2020	-82%
	Қазақстан алюминийі	Павлодар алюминий зауытындағы қақтау цехындағы пештердің бірінде екі жетілдірілген сүзгіні пайдалануға беру	2021	-100%
	Ақсу ферроқорытпа зауыты	№ 4 балқыту цехындағы сүзгілерді жаңғырту	2021	-58%
Ақтөбе	Ақтөбе ферроқорытпа зауыты	№ 4 цехтағы аспирациялық қондырғыларды реконструкциялау	2021	-70%

Іске асыру сатысындағы іс-шаралар

Облыс	Кәсіпорын	Іс-шаралар	Тиісті өндірістік объектіде күтілетін қысқарту, жылы-на мың тонна (%)
Павлодар	Қазақстан алюминийі	Электр станциясындағы күл ұстағыш қондырғыны тиімді-лігі жоғары жеңқұбырлық сүз-гіге ауыстыру	-93%
		Қолданыстағы электр сүзгісінің тиімділігін арттыру үшін электр станциясын Cogomax сүзгілеу жүйесімен жарақтандыру	-53%
		2021 жылы екі жетілдірілген сүзгі пайдалануға берілгеннен кейін Павлодар алюминий зауытының қақтау цехында төрт жаңа гибриді сүзгіні орнату	-99%
Ақтөбе	Ақтөбе ферроқорытпа зауыты	№ 1 және 2 цехтардағы аспирациялық қондырғыларды өнімділігі анағұрлым жоғары жаңа қондырғыларға ауыстыру, сондай-ақ № 2 цехтағы сүзгілерді ауыстыру	-33%
Қостанай облысы	ССКӨБ	Күл ұстайтын қондырғыларды ауыстыруды қоса алғанда, Рудный ЖЭО № 1 және № 3 қазандық агрегаттарын реконструкциялау жөніндегі жұмысты жалғастыру	-99%

Экологиялық стратегия біздің қызметімізді халықаралық озық практикаларға сәйкес келтіруге және 2021 жылы күшіне енген Қазақстан Республикасы Экология кодексінің талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған. 2022 жылы Экология кодексінің талаптарын орындауға қатысты жаңа көзқарасты әзірлеу аяқталды. Ол мыналарды қамтиды:

- Кешенді технологиялық аудиттер және ең үздік қолжетімді технологиялар бойынша анықтамалықтарды әзірлеу;
- Жер қойнауын пайдалану объектілерін жабуды және қалпына келтіруді регламенттейтін тиісті рәсімдер мен ұсынымдар;
- Объектілерді жабу бойынша қосымша қаржылық қамтамасыз ету.

Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларын басқару

Қазақстан

Топтың металлургиялық және энергетикалық өндірісін Еуропалық одақта (ЕО) қабылданған қатты бөлшектердің мөлшері саласындағы атмосфералық ауа сапасының стандарттарына сәйкес келтіруге мүмкіндік беретін құны 480 млн АҚШ доллары¹ болатын 10 жылдық бағдарламаны іске асыру жалғасып жатыр.

Өмір сүру сапасын жақсарту және биоәртүрлілікті қолдау мақсатында Қазақстанда ағаштарды ауқымды отырғызу

Жергілікті халықтың өмір сүру сапасын арттыру және салауатты табиғи экожүйелерді қолдау жөніндегі жұмыстың шеңберінде ERG Экологиялық стратегиясында көзделген ауқымды ағаш отырғызу бағдарламасы іске асырылуда. Осы бағдарламаның аясында жұмыс істейтін өңірлерде 100 мыңнан астам ағаш отырғызылды. 2023 жылы тағы 100 мың ағаш отырғызу жоспарланып отыр. 2025 жылға қарай біз 2021 жылы басталған бағдарлама аясында барлығы 420 мыңға жуық ағаш отырғызуды жоспарлап отырмыз.

Бағдарлама сүзгілеудің озық технологияларын қолдануды (55-бет), сондай-ақ Қостанай облысындағы Қашар карьеріндегі қазандықты газға ауыстыруды көздейді. Соңғысы қатты бөлшектердің, азот пен күкірт оксидтерінің және парниктік газдардың шығарындыларын азайтуға мүмкіндік беріп қана қоймай, сондай-ақ кәсіпорын жұмысының тиімділігін арттырады және күл мен қождың түзілуін қысқартады.

Осы іс-шараларға қосымша, суды бүрку арқылы шаңды басу жүйелерін қолдану мен үйінділердің бетін реагенттермен жыл сайын өңдеуді қоса алғанда, күл және қож үйінділерінен атмосфералық ауаға шығарындыларды азайту жөніндегі жұмыс жалғасуда. Осы жұмыстың шеңберінде 2022 жылы Ақсу ферроқорытпа зауытында және Қазақстан алюминийі кәсіпорнының электр станциясы күл үйінділерінің шағын учаскесінде шаң басуға арналған экологиялық қауіпсіз реагенттерге тәжірибелік сынақтар жүргізілді.

Атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Шығарындылардың негізгі көздерінде және кәсіпорындарымыздың санитариялық-қорғау аймақтарының шекарасында газ тәрізді шығарындылар мен қатты бөлшектердің шығарындыларын мониторингтеу және талдау



жүйелерінің тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыс жалғасуда.

Атап айтқанда, келесі кәсіпорындар үшін шығарындылардың көздерінде автоматтандырылған мониторинг жүйелерінің жұмыс жобаларын әзірлеу жалғасып жатыр:

- Қазақстан алюминийі;
- ҚЭЗ;
- ЕЭК;
- З-Энергоорталық;
- Қазхром;
- ССКӨБ.

Бұдан басқа, 2022 жылы келесі кәсіпорындардың санитариялық-қорғау аймақтарының шекарасында орнатылған автоматтандырылған қашықтықтан мониторингтеу жүйелерін пайдалануға беру жөніндегі жұмыс басталды:

- Қазхром – Ақтөбе ферроқорытпа зауыты, Ақсу ферроқорытпа зауыты, Дөң ТКБК;
- ЕЭК – электр станциясы, «Шығыс» көмір разрезі.

Бұған қосымша, Павлодардағы Қазақстан алюминийі кәсіпорны объектілерінің санитариялық-қорғау аймақтарына автоматтандырылған мониторинг жүзеге асырылады. Павлодар алюминий зауыты мен жылу электр станциясынан келіп түсетін атмосфералық ауаның ластану деңгейі бойынша деректер нақты уақыт режимінде цифрлық ақпараттық таблоларда көрсетіледі.

Бұдан басқа, ЕЭК және Қазақстан алюминийі кәсіпорындарында деректерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін кейіннен Топтың Қазақстандағы қалған кәсіпорындарында енгізу мүмкіндігімен пилоттық іске қосу жоспарланып отыр.

Африка

Африкадағы ластаушы заттар шығарындыларының негізгі түрлеріне пайдалы қазбаларды өндіру мен көлік жұмысының нәтижесіндегі шаңның шығарындылары (осы шығарындыларды бақылау үшін су бүрку және шаң басатын құралдар қолданылады), сондай-ақ көлік құралдарының қозғалтқыштары мен дизель генераторларының жұмысы нәтижесіндегі ұсақ бөлшектердің шығарындылары жатады.

¹ 2022 жылы бағдарламаның құнын бағалау инфляция, бағдарламаның қамтуына жаңа жобаларды енгізу, бағалар бойынша жаңартылған ақпарат және жаңа өнім берушілерді тарту сияқты факторларды ескере отырып жаңартылды.

Тәуелсіз мамандарды тарта отырып дайындалған ауа мен судың сапасын мониторингтеу жоспарлары іске асырылып жатыр. Мониторинг өндірістік алаңдардың өзінде де, жергілікті елді мекендерде де жүргізіледі. Бұған қосымша тәуелсіз зертханалық талдау жүргізіледі. Мониторингтің нәтижелері жыл сайын ҚДР реттеуші органдарының қарауына ұсынылады; сондай-ақ бөгде ұйымдарды тарта отырып, олардың сапасына тәуелсіз бақылау жүзеге асырылады.

Шығарындыларды бақылаудың тиімділігі мен уақтылығын арттыру үшін 2022 жылы атмосфералық ауаның сапасын арттыру жөніндегі ағымдағы шараларға қосымша Metallkol кәсіпорнында шаңның көздерін анықтау және оның қозғалыс бағытын айқындау мақсатында оны бақылау ұйымдастырылды¹. Бұдан басқа, құрғақ маусымда мелассаны пайдалана отырып, жолдарды өңдеу жүргізілді, сондай-ақ дизель генераторларының жұмыс уақыты мен отын тұтынуды нақты уақыт режимінде мониторингтеу жүзеге асырылды.

ҚАЗАҚСТАНДА СУ РЕСУРСТАРЫН ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАР

Іске асырылған іс-шаралар

Облыс	Кәсіпорын	Іс-шаралар	Іске асыру жылы	Жылдық әсер
Ақтөбе	Ақтөбе ферроқорытпа зауыты	Нөсер суларын бөлу және оларды технологиялық процестерде қайтадан пайдалану	2022	Су алуды 700 мың текше метрге қысқарту
Қостанай	ССКӨБ	Күл үйіндісіндегі шаңды басу жүйесінде карьерлік суларды пайдалану	2021	Ластаушы заттардың төгіндісін 4 мың тоннаға
	ССКӨБ	Рудный ЖЭО-дағы технологиялық процестерде жерүсті суларды қайтадан пайдалану	2022	Су алудың 2 млн текше метрге күтілетін қысқаруы
	Қазақстан алюминийі	КБКБ ² Шығыс Аят боксит кенішінде мұнай өнімдерінен карьерлік суларды жинау және тазарту жүйесін салу	2022	Мұнай өнімдерінің төгінділерін 4 тоннаға қысқарту

1 Осы іс-шаралардың нәтижелері бойынша алдыңғы жылдары тіркелген диаметрі 10 мкм-ге дейінгі шаң мен қатты бөлшектердің шығарындылары бойынша лимиттердің уақытша асып кетуі осы кәсіпорынның қызметіне байланысты болмағаны расталды.

Бразилия

VAMIN кәсіпорнында Педра-де-Ферро темір кенді кен орнында қатты бөлшектердің шығарындыларына мониторинг жүзеге асырылды. Атап айтқанда, кәсіпорын аумағының жанында диаметрі 10 мкм-ге дейінгі қатты бөлшектердің шығарындыларын мониторингтейтін алты станция және диаметрі 2,5 мкм-ге дейінгі қатты бөлшектердің шығарындыларын мониторингтейтін екі станция жұмыс істейді. Кәсіпорында іске асырылатын шаңды басу жөніндегі шаралар желден қорғау құрылысжайларын салуды, кен қоймаларына су бүрку мен жолдарға су құюды қамтиды. Сонымен қатар, 2022 жылы атмосфералық ауаның сапасын мониторингтеудің автоматтандырылған жүйесі енгізілді.

Су объектілеріне төгінділерді басқару

Қазақстан

Біздің кәсіпорындарымыз технологиялық судың басым бөлігін өндірісте қайтадан пайдаланады. ERG резервуарларды, қалдықтарды орналастыруға арналған полигондарды, қалдыққоймаларды, қож үйінділерін, күл үйінділерін және осыған ұқсас құрылысжайларды қоса алғанда, әлеуетті ластау көздерінің айналасындағы байқау ұңғымаларын пайдалана отырып, сарқынды сулардың төгінділеріне мониторингті, сондай-ақ жерасты суларына мониторингті жүзеге асырады.

Іске асыру сатысындағы іс-шаралар

Облыс	Кәсіпорын	Іс-шаралар	Күтілетін жылдық әсер
Павлодар	Ақсу ферроқорытпа зауыты	Нөсер суларының жаңа тазарту құрылысжайларын салуды бастау (нөсер суларын бөлу және оларды технологиялық процестерде қайтадан пайдалану жөніндегі жобаның шеңберінде)	Су алуды 1 310 мың текше метрге қысқарту
Ақтөбе	Дөң ТКБК	Қоршаған ортаға төгінділерді толық болғызбау мақсатында шахталық суларды өндіріске қайтару	Ластаушы заттардың төгінділерін шамамен 1,2 мың тоннаға азайту
Қарағанды	Шұбаркөл Көмір	Тұрмыстық сарқынды сулар мен тасқын суларды тазарту құрылысжайларын реконструкциялау жобасын әзірлеу	Су тұтынуды жылына 500 текше метрден астамға төмендету

2 Краснооктябрь боксит кен басқармасы.

2022 жылы 57-беттегі кестеде сипатталған суды пайдалану тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыс жалғасты.

Африка

Топтың Африкадағы кәсіпорындарында су ресурстарын басқару бойынша бірқатар іс-шаралар іске асырылады, оның ішінде:

- **Frontier:** айдап шығарылатын карьерлік суды қоршаған ортаға төкпес бұрын ондағы қалқымалы қатты бөлшектердің мөлшерін азайту үшін тұндырғыш тоғандарды пайдалану;
- **Metalkol:**
 - Объектіден жоғары және төмен ағыс бойынша су сапасының кешенді мониторингі (жергілікті елді мекендердегі құдықтардан суды талдауды, сондай-ақ олардағы су деңгейінің мониторингін қоса алғанда);
 - Қышқыл тасығыштардың жүгін түсірудің автоматты жүйелерін және қышқыл сақтауға арналған арнайы резервуарларды пайдалануды, сондай-ақ резервуарларды бөгеттеуді қоса алғанда, персоналды, жергілікті халықты және сулы-батпақты алқаптарды қорғау үшін қышқылдың ағып кетуін болғызбау жөніндегі шараларды іске асыру.

Metalkol кәсіпорнында да біз технологиялық суды, оның ішінде жолдардағы шаңды басу үшін қайтадан пайдаланамыз.

Бразилия

Педра-де-Ферро темір кенді кен орнында әртүрлі нүктелерден сынамаларды ала отырып, жерүсті, жерасты және сарқынды сулардың мониторингін қоса алғанда, судың сапасына мұқият мониторинг жүзеге асырылады. Судың сапасы 23 параметр бойынша бағаланады.

Бұған қоса, жерүсті және жерасты сулардың деңгейіне, сондай-ақ жауын-шашынның мөлшеріне мониторинг жүзеге асырылады. Порту-Сулда салынып жатқан порттың сарқынды суларын тазартуды мамандандырылған лицензияланған компания жүзеге асырады.

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қазақстандағы кәсіпорындардағы қатты бөлшектер мен газдар шығарындыларының жалпы жылдық көлемі¹ рұқсат етілген жылдық лимиттер шегінде қалды. Су объектілеріне төгінділердің көлемі және олардағы ластаушы заттардың мөлшері² де рұқсат етілген жылдық лимиттер шегінде қалды.

Африкада, Frontier және Metalkol кәсіпорындарында атмосфералық ауаға шығарындылар рұқсат етілген жылдық лимиттерден аспады, алайда, Metalkol кәсіпорынында 2022 жылдың шілдесі мен қыркүйегі аралығында құрғақ ауа-райына байланысты шаңның уақытша асып кетуі байқалды. Жерүсті сулар мен төгілетін сарқынды сулардың сапасын мониторингтеу нәтижелері бойынша нормативтік көрсеткіштерден асып кету тіркелмеді.

Бразилияда Педра-де-Ферро кен орнында диаметрі 2,5 мкм-ге дейінгі және 10 мкм-ге дейінгі қатты бөлшектер шығарындыларының көлемі де 2022 жылғы желтоқсанда тіркелген уақытша асып кетудің бір жағдайын қоспағанда, белгіленген орташа жылдық лимиттерден аспады. Ішкі талдау негізінде оның объектіге жақын жерде бөгде көлік құралдарының қозғалысына байланысты болғаны анықталды.

2022 жылы кен орнында сарқынды суларды тазарту жүйесінің жұмысына байланысты экологиялық нормативтерді сақтамаудың бір жағдайы тіркелді. Осыған байланысты жүйені нормативтік талаптарға сәйкес келтіру бойынша бірқатар шаралар қабылданды.

АЛДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

2023 жылы мыналар жоспарланып отыр:

- Қатты бөлшектердің шығарындыларын қысқарту жөніндегі көпжылдық жұмыстың шеңберінде Топтың Қазақстандағы кәсіпорындарында сүзгілерді жаңғыртуды жалғастыру;
- ЕЭК, Қазақстан алюминийі және ССКӨБ кәсіпорындарының электр станцияларында азот және күкірт оксидтерінің шығарындыларын азайту үшін мүмкіндіктерді іздеу мақсатында қолданылатын әдістер мен технологияларды бағалауды жалғастыру;
- Жаңа тазарту құрылысжайларын салуды әрі сумен жабдықтау және су бұру инфрақұрылымын реконструкциялауды қоса алғанда, Дөң ТКБК-де және Қазақстан алюминийі мен Шұбаркөл Көмір кәсіпорындарында сарқынды суларды тазарту мен су тұтынудың тиімділігін арттыру бойынша бірқатар іс-шараларды іске асыру.

1 Тоқсан сайынғы өлшемдердің нәтижелері бойынша.

2 Тоқсан сайынғы өлшемдердің нәтижелері бойынша.

ЭНЕРГИЯ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНМӘТІН

Өзіміз жұмыс істейтін өңірлердің орнықты дамуы: Біздің 2025-Стратегиямыздың басымдықтарының бірі өзіміз жұмыс істейтін өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың әл-ауқатын арттыру болып табылады. Жұмыс істейтін өңірлердегі әл-ауқатты арттыру мақсатында халықаралық стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысымыз парниктік газдардың шығарындыларын бақылауды және жаңартылатын көздерден энергияны пайдалануды қамтиды.

Релевантты БҰҰ ОДМ

🕒 БҰҰ ОДМ тиісті міндеттері **100-бетте** ұсынылған



ERG Қазақстандағы электр энергиясын ірі өндірушілердің бірі болып табылады. Белгіленген қуаты 3 387 МВт болатын Топтың энергетикалық объектілері ERG-дің өз кәсіпорындарының қажеттіліктері үшін, сондай-ақ үшінші тұтынушыларға жеткізу үшін электр энергиясын өндіреді. Қазақстандағы ERG кәсіпорындары тұтынатын электр энергиясының 81%-ы көмірден өндіріледі (2021 жыл: 81%), бұл парниктік газдардың едәуір шығарындыларына алып келеді. Ұзақ мерзімді перспективада біз қызметіміздің көміртегі сыйымдылығын төмендетуді жоспарлап отырмыз. Ол үшін біз сонымен бірге, энергияға деген тікелей ішкі және сыртқы қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, баламалы көздерден электр энергиясының үлесін біртіндеп ұлғайтуды жоспарлап отырмыз (төменде қараңыз). Бұл процесс біртіндеп жүреді, алайда біз осы мақсатқа жету үшін жұмыс істеуге нық бел будық.

Сонымен бірге, Қазақстанның энергетика саласындағы жағдайды ескере отырып, қысқа мерзімді перспективада өнеркәсіптік белсенділіктің өсуіне және басқа электр станцияларында жөндеулер жүргізу қажеттілігіне негізделген елдегі тапшылықты жою мақсатында Топтың электр станцияларының электр энергиясын өндіруін ұлғайту қажеттілігі бар.

Жаһандық энергетикалық көшу кобальтқа, мысқа, алюминий мен басқа да металдарға сұраныстың болжанып отырған ұзақ мерзімді өсуін ескере отырып, Топ алдында едәуір коммерциялық мүмкіндіктерді ашады. Бұдан бөлек, біз энергетикалық көшу газ, жел және атом энергетикасының жаңа инфрақұрылымын дамыту үшін қажетті ферроқорытпаларға сұраныстың өсуіне де ықпал етеді деп есептейміз.



ҚДР-де біздің кәсіпорындарымыз тұтынатын электр энергиясының негізгі бөлігін су электр станциялары өндіреді. Бразилияда біздің BAMIN кәсіпорнымыз да электр энергиясының басым бөлігін жаңартылатын көздерден тұтынады.

БІЗДІҢ ЖОБАЛАРЫМЫЗ БЕН БАСТАМАЛАРЫМЫЗ

Біздің басым міндеттеріміз кәсіпорындардың энергия тиімділігін арттыруды, көмір электр станциялары өндіретін электр энергиясын пайдалануды біртіндеп қысқартуды, сондай-ақ жаңартылатын көздерден электр энергиясын өндіру бойынша меншікті қуаттарды салуды қамтиды.

Бұл көзқарас бізге Қазақстанда алдағы уақытта көміртекті реттеуді қатаңдатуға дайындалуға, сондай-ақ тауарлардың көміртегі ізіне қарай олардың импортына баждарды белгілеуді көздейтін ЕО-да трансшекаралық көміртекті реттеуді (CBAM¹) жоспарланып отырған енгізудің әлеуетті әсерін жұмсартуға мүмкіндік береді (CBAM толық іске қосылуы 2026 жылға жоспарланған).

2022 жылдан бастап Қазақстанда біз басым инвестициялық жобаларды айқындау мақсатында көміртегінің ішкі бағасын қолданамыз.

1 Carbon Border Adjustment Mechanism.

Климаттық тәуекелдерді бағалау және басқару

ERG парниктік газдары шығарындыларының негізгі көлемі Қазақстандағы кәсіпорындарымыздың үлесіне тиесілі. 2021 жылы жүргізілген талдаудың¹ нәтижелері осы елдегі төмен көміртекті экономикаға көшуге байланысты Топ бірқатар тәуекелдерге тап болғанын көрсетіп отыр. Олар парниктік газдардың шығарындыларына квоталардың қысқаруына және (немесе) парниктік газдардың шығарындыларына салықтың енгізілуіне, ЕО-дағы трансшекаралық көміртекті реттеудің әсеріне, оның ішінде Топ алюминийінің жеткізілімдеріне қатысты, сондай-ақ кредиторлардың ESG-өлшемшарттарын қолдануы нәтижесінде пайыздық мөлшерлемелердің жоғарылауына байланысты.

Бұл талдаудың нәтижелері мынадай факторлардың ілесіп талдау нәтижелерімен қатар, біздің Көміртексіздендіру жөніндегі стратегиямызды әзірлеу кезінде ескеріледі:

- Кәсіпорындарымызды көміртексіздендіру үшін технологиялық мүмкіндіктер;
- Парниктік газдардың шығарындыларына квоталар құнының оның өзіндік құнына қосатын үлесін ескере отырып, өніміміздің бәсекеге қабілеттілігі;
- Үкіметтің көміртексіздендіру саласындағы ұлттық мақсаттарға жету жөніндегі жоспарлары.

Бұған қосымша, 2022 жылы біз Қазақстандағы, Африка мен Бразилиядағы кәсіпорындарымыз үшін климаттың өзгеруіне байланысты физикалық тәуекелдерге де талдау жүргіздік. Оның нәтижелері де біздің стратегиямызды әзірлеу кезінде пайдаланылады.

Бұдан бөлек, 2023 жылдың басында Қазақстанда Климаттың өзгеруіне әсер ету мен бейімделуді басқару жөніндегі саясат қабылданды.

Өзгелермен қатар, онда мынадай міндеттемелер бекітілген:

- Бүкіл құнды жасау тізбегі бойынша бизнес-шешімдерді қабылдау кезінде парниктік газдар шығарындыларының құнын ескеру;
- Біздің қызметіміздің көміртегі ізін қысқарту, оның ішінде энергия тиімділігін, сондай-ақ ресурстарды пайдалану мен қалдықтармен жұмыс істеу тиімділігін арттыру арқылы мүмкіндіктерді анықтау және оларға басымдық беру;
- 3-қамту саласы шығарындыларының есеп-қисабын жүргізу және серіктестерімізді, мердігерлеріміз бен өнім берушілерімізді өздерінің көміртегі ізіне бағалау жүргізуге және оны қысқарту бойынша шаралар қабылдауға ынталандыру;
- Ұзақ мерзімді перспективада парниктік газдардың шығарындыларын қысқартуды қамтамасыз ететін және тұйық цикл экономикасы тұжырымдамасын ілгерілетуге ықпал ететін болжамды жағдайларды қалыптастыруға бағытталған идеялар мен ұсыныстарды ұсына отырып, климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу;
- Басқа тау-кен металлургиялық және технологиялық компаниялармен, сондай-ақ мамандандырылған акселератор тұғырнамамен ынтымақтастық жасау арқылы төмен көміртекті инновациялық технологияларды енгізуге жәрдемдесу.

2022 жылы Топ алюминийінің, ферроқорытпалары мен темір кенді шикізатының көміртегі ізін есептеу жөніндегі жоба да жалғасын тапты. Бұл бізге келешекте ЕО-да алдағы трансшекаралық көміртекті реттеуді енгізу қандай әсер ететіні туралы түсінік алуға (жоғарыда қараңыз), өнімдеріміздің көміртегі ізін қысқарту үшін әлеуетті мүмкіндіктерді анықтауға және клиенттеріміздің бұл мәселені анағұрлым

нақты түсінуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы процестің шеңберінде біз өнім берушілерімізден өздері жеткізетін ең көміртегі сыйымды өнімдер түрлерінің көміртегі ізі туралы ақпаратты сұратамыз.

Қазақстандағы энергия тиімділігі

ERG-дің энергия өндіретін кәсіпорындары² ISO 50001 энергия менеджменті жүйесінің стандартына сәйкес сертификатталған.

2022 жылы ERG энергия тиімділігінің нысаналы индикаторларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бірлескен пысықтау қорытындысы бойынша бекітті. Қазақстандағы кәсіпорындарымыздың энергия тиімділігін едәуір арттыра алатын стратегиялық жобалардың мысалдары мыналарды қамтиды:

- Қазақстан алюминий кәсіпорны Павлодар алюминий зауытының жылу үнемділігін арттыру жөніндегі бағдарламаны іске асыру;
- Қазақстан алюминий кәсіпорнының жылу электр станциясында, Қазақстан электролиз зауытында, Ақсу және Ақтөбе ферроқорытпа зауыттарында жылуды кәдеге жарату жөніндегі әлеуетті жобалар;
- Қазақстан алюминий кәсіпорнында, Ақсу және Ақтөбе ферроқорытпа зауыттарында компрессорлық қондырғыларды анағұрлым тиімді қондырғыларға ауыстыру мүмкіндігі;
- ССКӨБ ЖЭО-да № 1 және № 3 қазандарды реконструкциялау;
- Алдағы уақытта пайдалану регламенттерін әзірлеу үшін негіз болатын «мінсіз» ЖЭО-ның цифрлық тұжырымдамалары мен тиімділігінің модельдерін әзірлеу³.

Бұған қосымша, шығарылған технологиялық газдарды пайдалы энергетикалық кәдеге жаратуды ұлғайту жөніндегі жұмыс жалғасуда. Қазіргі уақытта Ақтөбе ферроқорытпа зауыты және Шұбаркөл Көмір кәсіпорнындағы арнайы коксты өндіру жөніндегі зауыт перспективалы алаңдар болып табылады.

Сонымен қатар, біз Энергия тиімділігін арттыру жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған жаңартылған іс-шаралар жоспарын іске асыруды жалғастырамыз, оның шеңберінде 2022 жылы 99 іс-шара орындалды. Бұл іс-шаралар жиынтығында электр энергиясын тұтынуды 1 339 ТДж-ға қысқартуға мүмкіндік берді (2021 жыл: 390 ТДж). Іс-шаралардың мысалдары мыналарды қамтиды:

- **ЕЭК:** салқындатқыш судың ағынын оңтайландыру үшін орталықтан тепкіш сорғылардың жұмыс доңғалақтарының қалақтарын реттеу;
- **Казхром:** № 4 цехта нөсер мен жаңбыр суын қайтадан пайдалану;
- **ССКӨБ:** жылу желілері мен жылу тұтынудың ішкі жүйелерін реттеу және олардың тиімді жұмысын арттыруа;
- **3-Энергоорталық:** будың шығысын азайту мақсатында конденсат бұрғыштарды орнату.

1 Ол климаттың өзгеруі туралы Париж келісімі шеңберінде Қазақстанның ұлттық деңгейде айқындалатын үлестерін, ЕО-дағы парниктік газдардың шығарындыларына квоталар құнының динамикасы мен болжамды деңгейін талдауды, алға қойылған мақсаттарды саладағы басқа компаниялармен салыстыруды, сондай-ақ баға сезімталдығын талдауды қамтиды.

2 3-Энергоорталықты қоспағанда, онда қазіргі кезде ISO 50001 бойынша сертификаттауға дайындалу жөніндегі жұмыс жүргізіліп жатыр.

3 Біз қазірдің өзінде ССКӨБ ЖЭО-сы үшін меншікті базалық цифрлық модельді әзірлеп қойдық. Павлодар алюминий зауытының ЖЭО-сында өнеркәсіптік цифрлық модельді енгізу үшін мердігерлерді іріктеу басталды. Ойдағыдай болған жағдайда біз осы модельді ERG-дің Қазақстандағы қалған энергетикалық объектілеріне енгізуді жоспарлап отырмыз.

Жаңартылатын энергия көздері

Қазақстанда жаңартылатын көздерден (ЖЭК)¹ электр энергиясын өндіру бойынша белгіленген ұлттық мақсаттарға жету жөніндегі жұмыстың шеңберінде біз мынадай іс-шараларды іске асырамыз:

- Заңнаманың талаптарына сәйкес жаңартылатын көздерден электр энергиясының белгіленген көлемін сатып алу;
- Жаңартылатын энергетика саласындағы жобаларды дамыту.

Соңғы жағдайда жабдықтарды тиісті берушілер мен мердігерлерді таңдауды қоса алғанда, Дөң ТКБК ауданында қуаты 155 МВт жел электр станциясын (Хромтау-1) салу жөніндегі жоспарларды әзірлеу жалғасуда. Құрылысты бастау – 2023 жылға, ал объектіні пайдалануға

беру 2024 жылға жоспарланған. Бұған қосымша, қуаты 150 МВт қосымша электр станциясын салу арқылы осы алаңда жел генерациялайтын қуаттарды одан әрі кеңейту үшін мүмкіндіктер де қаралып жатыр.

Сонымен қатар, біз алдағы 5-10 жылда Қазақстандағы басқа алаңдарда жел және күн генерациясы саласындағы қосымша ауқымды жобаларды іске асыру үшін мүмкіндіктерді зерделуді жалғастырамыз – қазіргі кезде жел мониторингі жүргізіліп жатқан алты әлеуетті алаң таңдап алынған.

Африкадағы кәсіпорындарымыз, негізінен, гидроэлектр энергиясын пайдаланады, сондықтан бұл өңірдегі парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі салыстырмалы түрде төмен. Дегенмен, 2022 жылы біз Metalkol кәсіпорнын жаңартылатын көздерден электр энергиясымен жабдықтау

бойынша мүмкіндіктерді пысықтауды жалғастырдық, бұл сыртқы энергиямен жабдықтаудың сенімсіздігі, сондай-ақ шығындардың өсуі проблемасын шешуге мүмкіндік береді (төменде қараңыз).

Кен орнына, теміржол мен портқа қызмет көрсету үшін Бразилиядағы VAMIN кәсіпорны электр энергиясын реттелетін нарықта сатып алады. Сатып алынатын электр энергиясының негізгі көлемін су электр станциялары өндіреді, бұл кәсіпорын қызметінің нәтижесіндегі парниктік газдардың шығарындыларын қысқартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, күн және жел электр станциялары өндіретін электр энергиясын пайдалануды ұлғайту жоспарлануда. 25-бетте айтылғандай, Педра-де-Ферро кен орнында өндірілетін кендегі темірдің жоғары мөлшері кенді тасымалдау және балқыту кезінде шығарындыларды қысқартуға ықпал ете отырып, климаттың өзгеруін болғызбау тұрғысынан артықшылықтар береді.

Африкада энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету

Электр энергиясының негізгі көлемін Metalkol, Frontier және Boss Mining кәсіпорындарына ҚДР-дегі SNEL мемлекеттік энергетикалық компаниясы жеткізеді, бұл ретте осы энергияның едәуір бөлігін су электр станциялары өндіреді. Елде бірінші кезекте электр энергиясының құрылымдық тапшылығынан, ағымдағы жөндеулер көлемінің жеткіліксіздігінен, инфрақұрылымның қанағаттанарлықсыз жай-күйі мен судың аздығынан туындаған энергиямен жабдықтаудағы іркілістер бұрыннан бері байқалып келеді². 2022 жылы өңірдегі энергиямен жабдықтау проблемалары шиеленісе түсті. Бұл, атап айтқанда, жаңа бөгде

тау-кен өндіру кәсіпорындары тарапынан электр энергиясына деген сұранысқа, ағымдағы ауа-райы жағдайларына, сондай-ақ вандалдардың әрекеттері нәтижесінде SNEL электр желісінің зақымдануына негізделген. Осы проблемалар электр энергиясына жұмсалатын шығыстардың едәуір өсуіне және пайдаланылуы салыстырмалы түрде жоғары шығындармен ұштасқан әрі парниктік газдар шығарындыларының өсуіне алып келетін резервтік дизель генераторларын анағұрлым белсенді пайдалануға алып келді.

Осы проблемаларды шешу мақсатында алдын ала техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу жүргізіліп, мыналар үшін мүмкіндіктер белсенді зерделеніп жатыр:

- Орта мерзімді перспективада баламалы көздерден қымбат емес электр энергиясының жеткізілімдерін қамтамасыз ету үшін жаңартылатын энергетика саласындағы (оның ішінде күн және су энергетикасы саласындағы) жобаларды әлеуетті іске асыру және (немесе) қолдау;
- Дизель генераторларын іске қосу үшін қажетті уақытқа энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етіп, электр қуатының жиілеп кеткен және болжау қиын өшірілуінің салдарын азайту үшін жылдам қосылу мүмкіндігі бар Metalkol кәсіпорнында аккумуляторлық батареяларға негізделген резервтік энергиямен жабдықтау жүйесін пайдалану.

Сонымен қатар, біз мемлекеттік энергетикалық жүйені, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестіктер шеңберінде жетілдіруге бірлесіп жәрдемдесу үшін мүмкіндіктерді зерделеу мақсатында осы өңірде қызметін жүргізетін басқа да компаниялармен өзара іс-қимыл жасаймыз.

ERG-дің Қазақстандағы жасыл қаржыландыру саласындағы жаңа саясаты

2022 жылы ERG-дің Жасыл қаржыландыру саласындағы саясаты әзірленді, оның мақсаты Қазақстанда жасыл қаржыландыру құралдарын пайдалана отырып инвестициялар тарту стандарттарын белгілеу болып табылады. Атап айтқанда, Саясат жасыл қаржыландыруды тарту талаптары мен шарттарын, сондай-ақ кредиторлар мен инвесторлар қоятын, есептілікке қойылатын талаптарды айқындайды. Саясат Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығының Жасыл

облигациялар қағидаттарын (GBP) және Кредиттік нарық қауымдастығының, Азия-Тынық мұхиты кредиттік нарығының қауымдастығы мен Синдикатталған кредиттеу және қайталама кредиттік нарығы қауымдастығының Жасыл кредиттеу қағидаттарын (GLP) ескере отырып әзірленді.

- 🔗 Толығырақ ақпаратпен мына сілтеме арқылы танысуға болады: erg.kz

1 Елде электр энергиясын өндіру бойынша ұлттық мақсаттар белгіленген: (1) 2030 жылға қарай жаңартылатын көздерден (жел, күн және шағын су электр станциялары) 15%; және (2) 2060 жылға қарай жаңартылатын және баламалы көздерден (атом электр станциялары сияқты) 50%.

2 Замбиялық ZESCO мемлекеттік энергетикалық компаниясының қуаты 750 МВт Kafue Gorge Lower су электр станциясындағы бірнеше генератордың біріншісін іске қосу өңірдегі энергия теңгерімін жақсартудағы алғашқы қадам болады деп болжанған болатын, алайда бұл шара әзірше нәтиже бермеді.

ЭНЕРГИЯНЫ ТҰТЫНУ (ТДж)

Түрі	Энергия көзі	2022	2021	2020
ТІКЕЛЕЙ	Көмір	223 185	226 857	221 950
	Бензин	111	102	113
	Мазут	6 815	6 566	6 750
	Дизель отыны	9 787	10 278	9 074
	Табиғи газ	33 233	32 959	29 014
	Керосин	14	14	14
	БАРЛЫҒЫ	273 145	276 776	266 915
ЖАНАМА ¹	Электр энергиясы	2 875	2 811	3 005
	Жылу энергиясы	179	188	168
	Бу	51	66	110
	БАРЛЫҒЫ	3 104	3 065	3 282
ЖИЫНЫ	276 250	279 841	270 197	

ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (ТОННА CO₂-БАЛ)²

	2022	2021	2020
Тікелей шығарындылар (1-қамту) ³	29 877 178	30 142 643	29 594 438
Жанама шығарындылар (2-қамту) ⁴	53 508	125 590	115 602
ЖИЫНЫ	29 930 686	30 268 233	29 710 040

1 Топтың кәсіпорындарында өндірілген электр энергиясын ішкі сатып алуды есепке алмағанда.

2 2021 және 2020 жылдардағы парниктік газдар шығарындылары бойынша деректер қайта есептелді, бұл 2022 жылы Қазақстандағы технологиялық процестер шығарындыларының (яғни, тікелей көздерден энергияны тұтыну нәтижесінде шығарындыларға қосымша) көрсетілуіне байланысты. Бұл өзгеріс салыстыруды қамтамасыз ету үшін 2022, 2021 және 2020 жылдардағы деректерге қолданылды. Осылайша, осы кезеңдегі деректерді 2020 жылға дейінгі кезеңдермен салыстыруға болмайды.

3 Яғни, тікелей көздерден энергияны тұтыну нәтижесінде пайда болатын парниктік газдар шығарындылары электр энергиясын өндіру, жылыту/бу өндіру және шығаруда, өндірісте және көлік қызметінде қолданылуын (тек CO₂, CH₄ және N₂O) бақылайтын қызмет, сондай-ақ Қазақстандағы технологиялық процестердегі парниктік газдар шығарындыларының өзге де көздері. Есептеу коэффициенттері стационарлық және мобильді көздердің қызметі нәтижесінде парниктік газдар шығарындыларын Ұлттық есепке алу бойынша 2006 жылғы КӨҮСТ нұсқауларынан алынған. Қазақстандағы квоталауға жататын кәсіпорындардағы талаптар мен ұлттық әдістемелерге сәйкес, сондай-ақ парниктік газдар шығарындыларына түгендеу жүргізіледі. Нәтижелерді ақылға қонымы сенімділікті қамтамасыз ете отырып, тәуелсіз аккредиттелген орган куәландырады.

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

2022 жылы Топтың кәсіпорындарында энергия тұтынудың жалпы көлемі 276 250 ТДж-ға дейін төмендеді (2021 жыл: 279 841 ТДж), бұл, бірінші кезекте, күрделі жөндеулер жүргізуге және Топтың кейбір электр станцияларының генерациялаушы қуатының төмендеуіне байланысты Қазақстандағы ЕЭК электр станциясында көмір тұтынудың қысқаруына негізделді. Бұл сазбалшық өндірісінің ұлғаюына байланысты Қазақстан алюминий кәсіпорнында көмір тұтынудың өсуі, сондай-ақ тұрмыстық тұтынушыларға энергия жеткізілімдерін, негізінен, ERG жүзеге асыратын Павлодар қаласында жылытуға деген сұраныстың өсуі арқылы ішінара өтелді.

Бұл ретте, негізінен, Қазақстандағы кәсіпорындарға тиесілі парниктік газдар шығарындыларының көлемі 29,9 млн тонна CO₂-экв дейін төмендеді. (2021 жыл: 30,3 млн тонна CO₂-экв.), бұл, ең алдымен, ЕЭК кәсіпорнында көмір тұтынудың қысқаруына байланысты болды.

АЛДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

2023 жылы Қазақстандағы көміртексіздендіру жөніндегі стратегияны әзірлеуді аяқтау жоспарланып отыр. Оның негізгі міндеті осы саладағы ұлттық және халықаралық бастамаларды іске асыру нәтижесінде нормативтік талаптар мен нарықтық конъюнктураның өзгеруіне тиімді ден қоюды қамтамасыз ету болады. Бұл парниктік газдардың шығарындыларын қысқарту жөніндегі қызметімізді жүйелендіруді және тиісті нысаналы көрсеткіштерді белгілеуді көздейді, бұл ұзақ мерзімді перспективада қызметіміздің көміртегі сыйымдылығын біртіндеп төмендетуді және өнімдеріміздің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, біз:

- Жаңартылатын көздерден энергияны өндіру жөніндегі меншікті қуаттарды дамытуды жалғастыру мен жаһандық энергоауысуына жәрдемдесетін активтерге инвестициялауға баса назар аударуды;
- Африкадағы жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын жеткізу жөніндегі мүмкіндіктерді, сондай-ақ Metalkol кәсіпорны үшін резервтік қуат беру жөніндегі мүмкіндіктерді зерделеуді жалғастыруды жоспарлап отырымыз.

4 Яғни, ERG-ге тиесілі емес және оның бақылауындағы емес бөге өнім берушілерден сатып алынған жанама көздерден энергияны тұтыну нәтижесіндегі парниктік газдардың шығарындылары. Активтерді операциялық бақылау деректеріне негізделген. Есептеу коэффициенттері: (1) Сатып алынатын электр энергиясы – Орнықты даму жөніндегі дүниежүзілік кәсіпкерлер кеңесі (WBCSD) мен Әлемдік табиғи ресурстар институты (WRI) ел үшін айқындаған деректер: Парниктік газдар шығарындыларының хаттамасы – Сатып алынатын электр энергиясының көлемдерін есептеу құралы, 4.3-нұсқа (2008 жылғы деректер); және (2) Сатып алынатын жылу және бу энергиясы – стационарлық және мобильді көздер жүзеге асыратын парниктік газдардың шығарындыларын ұлттық есепке алу бойынша 2006 жылғы КӨҮСТ Басшылық қағидаттарынан алынған өнім берушілердің деректері мен көрсеткіштері.

ҚАЛДЫҚҚОЙМАЛАР МЕН ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНМӘТІН

Өзіміз жұмыс істейтін өңірлердің орнықты дамуы: Біздің 2025-Стратегиямыздың басымдықтарының бірі өзіміз жұмыс істейтін өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың әл-ауқатын арттыру болып табылады. Осы жұмыстың шеңберінде қалдықтарды сақтайтын ірі объектілерді қауіпсіз басқаруға, сондай-ақ қалдықтарды басқаруға, оларды қайта өңдеуге қатысты жауапты көзқарастарды қолдануға және тұйық цикл экономикасы тұжырымдамасын енгізуге жәрдемдесуге ерекше көңіл бөлінеді.

Релевантты БҰҰ ОДМ

🔗 БҰҰ ОДМ тиісті міндеттері **100-бетте** ұсынылған



Қазақстан мен Африкадағы ERG қалдықтарын сақтайтын қолданыстағы ірі объектілерде заңнамада көзделген бақылау тексерулері үнемі жүргізіледі. Аталған іс-шараларды мемлекеттік инспекторлар, кәсіпорындардың персоналы, сондай-ақ тәуелсіз мамандар жүргізеді.

Сонымен қатар, ERG Recycling компаниясы Қазақстанда қалдықтарды қайта өңдеу, қайтадан қолдану және коммерциялық пайдалану жөніндегі жұмысты жүргізеді, ал Африкада Metalkol кәсіпорны жинақталған қалдықтарды қайта өңдеуді жүзеге асырады.

БІЗДІҢ ЖОБАЛАРЫМЫЗ БЕН БАСТАМАЛАРЫМЫЗ

Қалдықтарды сақтайтын ірі объектілерді басқару

Біздің кәсіпорындарымызда түзілетін аршыманы, қалдықтарды, шламдарды, қождар мен күлді басқару қолданыстағы экологиялық менеджмент жүйелеріне және ұлттық заңнаманың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Жерасты суларының, өзендер мен көлдердің ластануын болғызбауға, шаңның түзілуін болғызбау мен қысқартуға, сондай-ақ қалдықтарды сақтайтын ірі объектілердің физикалық тұтастығына ерекше көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, объектілердің өмірлік циклі аяқталғаннан кейін оларды пайдаланудан қауіпсіз шығару мен аумағын қалпына келтіруді қамтамасыз ету үшін тарату қорлары құрылды. 2022 жылы қалдықтарды сақтау объектілерін басқарудың тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыс жалғастырылды, ол мыналарды қамтыды:

- Қазақстандағы қалдыққоймаларды басқару жөніндегі жауапты менеджерді тағайындау;
- Геотехникалық өзгерістерді анықтау мақсатында ССКӨБ қалдыққоймаларының жай-күйін спутниктік мониторингтеу жөніндегі пилоттық жобаны жүргізу. Пилоттық жобаны іске асыру қорытындысы бойынша бұл көзқарасты Қазақстандағы қалдықтарды сақтайтын басқа да ірі объектілерде қолдану мүмкіндігі зерделеніп жатыр;

Қалдыққоймалардың тәуекелдерін тәуелсіз бағалау

Біздің кәсіпорындарымызда ішкі бағалауға қосымша халықаралық сарапшыларды тарта отырып, тәуекелдерді тәуелсіз бағалау іске асырылады. Ол объектілерді пайдалану шарттарын, олардың жобалық параметрлерге сәйкестігін қарауды, сондай-ақ жергілікті халық пен қоршаған орта үшін әлеуетті тәуекелдерді бағалауды қамтиды. Бағалауға қатысты көзқарас қолданылатын ұлттық заңнамаға, Канаданың бөгеттерді салу қауымдастығының (CDA) Бөгеттердің қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулығына және Аустралияның ірі бөгеттер жөніндегі ұлттық комитеттің (ANCOLD) Қалдыққоймалар жөніндегі басшылығына сүйенеді.

2019-2021 жылдары мыналар жүргізілді:

- Африкадағы кәсіпорындар үшін тәуекелдерді бастапқы және қайталама бағалау;

- Ақсу ферроқорытпа зауыты, Қазақстан алюминий кәсіпорнының жылу электр станциясы, Дөң ТКБК (Қазхром), Павлодар алюминий зауыты, ССКӨБ және ЕЭК электр станциясы жанындағы күл үйіндісі үшін тәуекелдерді бастапқы бағалау.

2022 жылы Қазақстан алюминий кәсіпорнында тәуекелдерді қайтадан бағалау жүргізілді.

Бағалау нәтижелері бойынша гидротехникалық құрылысжайлардың жай-күйі мен қауіпсіздік деңгейі бойынша деректерді нақтылау мақсатында қосымша зерттеулер жүргізуді, қосалқы техникалық және пайдалану құжаттамасын әзірлеуді жалғастыруды, автоматтандырылған өлшеу жүйелерін енгізу мүмкіндігін қоса алғанда, бірқатар ұсынымдарды орындау жөніндегі жұмыс жалғасып жатыр.

- Кәсіпорындар қалдыққоймалар үшін белгілеген тиімділік көрсеткіштері бойынша күнделікті, апта сайынғы және ай сайынғы есептерді дайындауды, сондай-ақ жыл сайынғы тәуелсіз тексерулер жүргізуді қоса алғанда, Африкадағы қалдыққоймаларды басқару рәсімдерін жетілдіру.

🔗 Толығырақ ақпарат 92-бетте ұсынылған.

ERG Recycling Қазақстанда

ERG Recycling компаниясы Қазақстанда қалдықтарды қайта өңдеу, қайталама қолдану және коммерциялық пайдалану жөніндегі іс-шараларды іске асырады. Бұл компанияның қызметі қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттемелерімізді қысқартуға және активтеріміздің құнын барынша арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ тұйық цикл экономикасы тұжырымдамасына сәйкес келеді.

Осы бағыт шеңберіндегі жұмыс, бірінші кезекте, Ақтөбе ферроқорытпа зауытына (Қазхром) жұмылдырылған, онда жатып қалған қож бен ұсақ дисперсті қождарды қайта өңдеу жалғасуда. Соның нәтижесінде алынатын хром концентраты өндіріске қайтадан тартылады, ал инертті материалдар құрылыс материалдарын өндіруде және жол құрылысында пайдаланылуы мүмкін.

Сонымен қатар, жаңа ерітінді-бетон кешені пайдалануға берілді. Ол шикізат ретінде жатып қалған қожды қайта өңдеу кезінде түзілетін инертті материалдарды пайдалана отырып, жоғары маркалы бетон мен оның негізіндегі өнімдерді шығарады.

Дөң ТКБК-де аршылған тау жыныстардың үйінділерінен бабына жетпеген және «жоғалған» кендерді өндіру жалғасты, бұл феррохром мен хром кенін өндіруді ұлғайтуға ықпал етті. Сонымен қатар, ERG Green жобасы шеңберінде шламды қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жаңа кешеннің құрылысы аяқталды (22-бет). Бұл объектіде құрамындағы хром оксидінің 60%-ынан астамын ала отырып, шламды қалдықтарды байытуды едәуір арттыруға мүмкіндік беретін инновациялық технология қолданылады. Келешекте кешеннің өнімділігі жылына 500 мың тоннадан астам хром концентратын құрайды. Оның жұмысы кәсіпорынның шламды қалдықтарының қоршаған ортаға әсерін азайтуды қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа, ERG басқа өндірістер үшін, оның ішінде жалпы және жол құрылысында, металлургия және химия өнеркәсібінде шикізат ретінде пайдаланылатын қалдықтардың сан алуан түрлерін өткізеді.

Metalkol-да қалдықтарды қайта өңдеу

ҚДР-дегі Metalkol кәсіпорнының қызметі шаң шығарындыларының көзі болып табылатын Кингамьямбодағы құрғақ қалдыққоймада жинап қойылған 30 млн тоннаға жуық жинақталған қалдықтардың, сондай-ақ Мусонои өзенінің аңғарына төгілген 80 млн тоннаға жуық қалдықтардың теріс әсерін біртіндеп төмендетуге ықпал етеді. Бұл олардың қоршаған ортаға теріс әсерін біртіндеп азайтуға ықпал етеді. Бұл қалдықтар кәсіпорынның зауытына шығарылады, онда оларды озық технологияларды қолдана отырып қайта өңдеу жүзеге асырылады, содан кейін олар мұқият бақыланатын заманауи орталықтандырылған қалдыққоймаға жиналып қояды. Осы объектіде тұрақты тексерулер жүргізіледі және ішкі мониторинг пен есептілік жүргізіледі. Бұл жұмысты арнайы тағайындалған жауапты инженер-жобалаушы және тәуелсіз талдау зертханасы орындайды.

Соның нәтижесінде Metalkol жаңа энергия көздеріне жаһандық көшу үшін қажетті шикізаттың екі маңызды түрі – кобальт пен мыстың едәуір көлемін өндіреді. Оның қызметі жинақталған қалдықтардың осы өңірдегі судың, топырақ пен атмосфералық ауаның сапасына теріс әсерін біртіндеп төмендетуді де қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, кейбір учаскелерде қалдықтарды шығару аяқталғаннан кейін өсімдік жамылғысын қалпына келтіруді қоса алғанда, қалпына келтіру жөніндегі жұмыс басталды.

BAMIN-де қалдықтарды құрғақ жинап қою технологиясын қолдану

Бразилияда BAMIN кәсіпорнының Педра-де-Ферро кен орнында қалдықтарды құрғақ жинап қою технологиясын қолдану жоспарланып отыр. Осы жұмыстың аясында сүзгілеу технологиясын пайдалана отырып, қайта өңдеу жөніндегі зауыт салынады. Біздің жоспарымызды Бразилияның Ұлттық тау-кен өндіру агенттігі мақұлдап қойды және біз Баия штатының Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі агенттігінің мақұлдауын күтіп жатырмыз, оны 2023 жылдың соңына қарай алуды жоспарлап отырмыз.

Қалдықтарды құрғақ жинап қою технологиясы шайынды және үйінді типті қалдыққоймалармен салыстырғанда апатты зақымданулар мен жерасты суларының ластану тәуекелін айтарлықтай төмендетуді қоса алғанда, бірқатар артықшылықтарды қамтамасыз етеді. Оны қолдану объект алып жатқан алаңды едәуір қысқартуға, су алу және реагенттерді регенерациялау көрсеткіштерін арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ объектілердің аумағын анағұрлым тезірек қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Мәселен, бағалау бойынша, осы көзқарасты қолдану қайтадан пайдаланылатын технологиялық судың көлемін 18%-ға, яғни 90%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

2022 жылы Metalkol кәсіпорнында құрғақ қоймадан шамамен 5,1 млн тонна жинақталған шламды қалдық (2021: 5,5 млн тонна), сондай-ақ Мусонои өзенінің аңғарынан шығарылған 3,1 миллион тонна шламды қалдық (2021: 2,5 млн тонна) қайта өңделді, содан кейін олар заманауи орталықтандырылған қалдыққоймаға апарылды¹. Бұл ретте 99,8 мың тонна мыс пен 22,5 мың тонна кобальт гидроксиді алынды (2021 жыл: 94,8 мың тонна мыс пен 20,7 мың тонна кобальт гидроксиді).

Қазақстанда ERG Recycling компаниясы мыналарды қоса алғанда, қалдықтарды қайта өңдеу нәтижесінде 1,7 млн тоннадан астам қайталама өнім өндірді:

- Ақтөбе ферроқорытпа зауытында 5 мың тоннадан астам хром брикеті (2021 жыл: 16,7 мың тонна). Өндіріс көлемінің төмендеуі 2022 жылдың ортасында кен тапшылығы нәтижесінде өндірістің уақытша тоқтатыла тұруына байланысты болды;
- Ақтөбе ферроқорытпа зауытындағы қождан алынған 7 мың тоннаға жуық жоғары сапалы хром концентраты (2021 жыл: 4,8 мың тонна);
- Ақтөбе ферроқорытпа зауыты жанындағы ерітінді-бетон кешенінде 6 мың текше метрден астам тауарлық бетон. Алынған бетон кәсіпорынның жеке құрылыс қажеттіліктері мен құрылыс материалдарын өндіру үшін пайдаланылды;
- Қазхром кәсіпорнының «Шығыс Қамыс» кенішіндегі аршымадан алынған 236,2 мың тонна марганец кенінің елендісінен тауарлық концентрат өндіру.

Бұдан басқа:

- Дөң ТКБК-де аршымадың үйінділерінен 285 мың тонна «жоғалған» кен өндірілді, бұл хром концентратын ала отырып, қайта өңдеу үшін шикізаттың қосымша көлемдерін қамтамасыз етті. Бұған қосымша, Мирный карьерінің үйіндісінде бұрын «бабына жетпеген» санатына жатқызылған 284 мың тонна кеннің сыныптамасы қайта қаралды;
- Бөгде ұйымдарға шамамен 317 мың тонна қалдық сатылды (2021 жыл: шамамен 1 миллион тонна). 2022 жылы өткізудің төмендеуі ССКӨБ-те өндірістің қысқаруынан туындады;
- ERG Recycling құрылыс материалы ретінде пайдаланылатын 620 мың тонна қиыршықтасты (2021 жыл: 520 мың тонна) қоса алғанда, қалдықтарды қайта өңдеуден 840 мың тоннадан астам өнімді өткізді.

АЛДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

2023 жылы Топтың барлық кәсіпорындарында (жергілікті жағдайлар мен нормативтік-құқықтық талаптарды ескере отырып) осы саладағы көзқарастар мен процестерді стандарттау арқылы қалдыққоймаларды басқаруға қатысты көзқарасымыздың халықаралық озық практикаларға сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру жоспарланып отыр. Бұл іс-шаралар Қалдыққоймаларды басқарудың жаһандық салалық стандартын (GISTM) енгізу, сондай-ақ автоматтандырылған мониторинг жүйелері арқылы Қазақстандағы қалдықтарды сақтайтын ірі объектілер мониторингінің тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыс шеңберінде іске асырылады.

Бұған қосымша:

- Қазақстанда қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жобаларды іске асыру жалғасады;
- Metalkol екінші кезегін іске асыру кәсіпорынның жинақталған қалдықтарының теріс әсерін одан әрі төмендетуге жәрдемдесуді жалғастырады.

1 2021-2022 жылдары қайта өңдеу көлемдерінің динамикасы мыстың оңтайлы өндірісін қамтамасыз ету үшін қажетті шикізаттың құрамына байланысты.

Қоғам

өміріндегі ERG рөлі



Біз құндылықты жасау және стейкхолдерлердің сенім деңгейін арттыру арқылы қоғам өмірінде оң рөл атқаруға ұмтыламыз. Бұл экономикалық құнды орнықты бөлуді қамтиды, ол бүгін және ұзақ мерзімді перспективада түсім алу қабілетімізге байланысты болады. Өз кезегінде, бұл өзіміз жұмыс істейтін елдердің үкіметтері мен қоғамдарын қоса алғанда, серіктестеріміздің, сондай-ақ біздің өнімдерімізді сатып алушылар мен түпкілікті пайдаланушылардың сеніміне едәуір дәрежеде байланысты.

Кем дегенде, бұл қызметіміздің нәтижесіндегі әсерді жауапты басқаруды талап етеді, сондай-ақ біз жеткізілімдеріміздің тізбектері шеңберінде жанама әсерлерді белсенді түрде басқарып, өндірістік-өткізу тізбегінің кейінгі кезеңдеріне қатысушыларға сенімді кепілдіктер беруге тиіспіз дегенді білдіреді.

➤ Осы саладағы басқаруға қатысты көзқарасымыз туралы қосымша ақпарат Қосымшаның 92-бетінде ұсынылған.

2022 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРДЫҢ МЫСАЛДАРЫ

- > \$7 254 млн – стейкхолдерлер ара-сында бөлінген экономикалық құн
- > Қазхромның ICDA¹ «Жауапты хром өндірушісі» мәртебесін және EcoVadis Платина медалін алуы

¹ Хром өндірушілердің халықаралық қауымдастығы.
² Пайдалы қазбаларды жауапты берушілерді таңдау жөніндегі бастаманың минералды ресурстардың жауапты шығу тегін қамтамасыз ету процесі.

ЕЛЕУЛІ
МӘСЕЛЕЛЕР

ҚҰНДЫЛЫҚТЫ
БӨЛУ

➤ Толығырақ 66-бетте

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОСА
АЛҒАНДА, ӘДЕП ЖӘНЕ
КОМПЛАЕНС

➤ Толығырақ 71-бетте

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОСА АЛҒАНДА,
ӘДЕП ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС

➤ Толығырақ 76-бетте

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА
ІС-ҚИМЫЛ ЖӘНЕ ЗАҢНАМА

➤ Толығырақ 81-бетте

ҚҰНДЫЛЫҚТЫ БӨЛУ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНМӘТІН

Өзіміз жұмыс істейтін өңірлердің орнықты дамуы: Біздің барлық басым бағыттары, сайып келгенде, бізге қазір де, ұзақ мерзімді перспективада да құндылық жасауға көмектеседі. Өз кезегінде, бұл өзіміз жұмыс істейтін өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу жөніндегі мақсаттарымызға жетуге ықпал етеді. Бұл экономикалық құнды жергілікті, өңірлік және ұлттық деңгейлерде бөлуді қамтиды.

Релевантты БҰҰ ОДМ

БҰҰ ОДМ тиісті міндеттері **100-бетте** ұсынылған



Ұзақ мерзімді перспективада акционерлер үшін құндылық жасау қабілетіміз Top алатын түсімге (14-бет), сондай-ақ стейкхолдерлеріміздің кең тобына экономикалық игіліктер ұсынуға байланысты болады. Оларға мыналар жатады:

- Біздің қызметкерлеріміз;
- Жергілікті қоғамдастықтар (және тұтастай алғанда, қоғам);
- Top жұмыс істейтін елдердің (сондай-ақ басқа да елдердің) үкіметтері;
- Өнім берушілер;
- Акционерлер мен кредиторлар.

Topтың қызметкерлері мен жергілікті қоғамдастықтар арасында құндылықты бөлуге қатысты көзқарасымыз туралы ақпарат тиісінше 30-бетте және 42-бетте ұсынылған.

Жұмыс істейтін елдерде Top мемлекетке төлейтін салықтар туралы және жергілікті өндірушілерді қолдау жөніндегі шаралар туралы толығырақ ақпарат одан әрі ұсынылған.

БІЗДІҢ ЖОБАЛАРЫМЫЗ БЕН БАСТАМАЛАРЫМЫЗ

Жергілікті өндірушілерді қолдау

Қазақстан

Біз өзіміздің қызметімізді және тұтастай алғанда, саланы қолдау үшін жаңа отандық кәсіпорындарды дамыту мақсатында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен, «Атамекен» Қазақстанның Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және QazIndustry қазақстандық индустрия және экспорт орталығымен ынтымақтастық жасаймыз. Бұған қосымша:

- Отандық өнім берушілердің халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етуге және оларға инвесторларды тартуға (оның ішінде тауарлар мен қызметтерді жеткізуге ұзақ мерзімді немесе оффтейк-шарттар жасасу арқылы) көмектесуге арналған Импортты алмастыру және тауарларды жергіліктендіру бағдарламасы іске асырылып жатыр;
- Біз бизнесіміздің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кәсіпорындар құруға жәрдем көрсетеміз. 2022 жылы бұл біздің жабдықтарымызға арналған бөлшектерді өндіру жөніндегі компанияны, сондай-ақ біздің өндірісіміз үшін конвейерлік аунақшаларды жеткізу жөніндегі компанияны құруды қамтыды;

Цифрлық жобалардың әлеуметтік әсерін арттыру

2019 жылы ERG адамдардың өмір сүру сапасын арттыруға, әлеуметтік орнықтылықты нығайтуға және кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған цифрлық әлеуметтік бастамаларды іске асыруға жәрдемдесетін Eurasian Digital Ventures I LP венчурлік қорын (бұдан әрі – «Қор») құрды.

Қордың негізгі инвестициялары цифрлық технологиялар (GovTech) базасында мемлекеттік сервистерді дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің бейінді ведомстволарымен белсенді ынтымақтастық жасайтын BTS Digital компаниясына бағытталған. Олардың қатарына мыналар кіреді:

- Digital ID – eGov мемлекеттік порталына интеграцияланған, биометриялық деректерді пайдалана отырып, азаматтарды онлайн-сәйкестендірудің бірегей сервисі. Осы шешімнің көмегімен 9

миллионнан астам адам электрондық мемлекеттік қызметтерге қол жеткізді;

- Eotinish тұғырнамасы - азаматтар мемлекеттік органдарға ресми өтініштер, шағымдар мен сот ісін жүргізе алатын бір терезе сервисі. Осы тұғырнаманы пайдаланушылар саны 2022 жылы айына 200 мыңнан астам адамды құрады. Жоба 2021 жылы іске қосылған сәттен бастап осы сервисінің көмегімен жеке және заңды тұлғалардың 2,5 млн-нан астам өтініштері өңделді;
- e-Tutynushy тұтынушылардың құқықтарын қорғау сервисі.

2022 жылы BTS Digital:

- eotinish тұғырнамасымен жұмыс істеу бойынша мемлекеттік қызметшілер үшін оқытуды ұйымдастырды, веб-сайтты, сервисінің мобильді нұсқасын және талдау

мен арнайы мүмкіндіктер бөлігінде қосымша функционалды әзірледі;

- Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің әлеуметтік бастамаларын қолдау үшін пилоттық режимде «Әлеуметтік әмиян» жобасын іске қосты, ол халыққа мемлекеттік қолдау көрсету үшін бірыңғай құрал болмақ. BTS Digital осы шешімді әзірлеуші болды.

Қор EduNavigator және «Жаңа кәсіптер атласы» (36-бет) жобаларын мемлекетке беру мүмкіндігін қарауда.

Қор жобаларының бір бөлігі өз дамуында олардың одан әрі дамуын қамтамасыз ету үшін стратегиялық серіктестерді тарту қажет болатын кезеңге өтті. Сонымен бірге, өз мақсаттарына жетпеген жобалар уақыт өте келе тоқтатыла тұруы мүмкін.

- Отандық өндірушілерден, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал санаттарының өкілдері жұмыс істейтін компаниялардан өнім сатып алу ниеті туралы ұзақ мерзімді меморандумдарға қол қойылады;
- Орнықты даму саласындағы күш-жігерді қоса алғанда, өнім берушілеріміздің, оның ішінде отандық өнім берушілердің күш-жігерін тану, сондай-ақ оларға сапа мен стандарттарды арттыру есебінен экспорттық әлеуетті нығайтуға көмек көрсету үшін Астанада жыл сайынғы ERG Supplier Awards конкурсы өткізіледі.

Астанада біздің өнім берушілердің, оның ішінде отандық өнім берушілердің күш-жігерін мойындау үшін жыл сайынғы ERG Supplier Awards байқауы өткізіледі. Конкурс шеңберінде сондай-ақ «Sustainability Award» санатындағы өнім берушілерді бағалау жүргізіледі, онда өнім берушінің адам құқықтарын сақтауды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды және қоршаған ортаны қорғауды қоса алғанда, орнықты даму саласындағы үздік практикаларға сәйкестігі бағаланады.

Қазіргі уақытта біз Қазақстандағы жергілікті өнім берушілерден¹ сатып алатын тауарлар мен қызметтердің негізгі санаттары геологиялық-барлау, аршу және бұрғылау-жару жұмыстарын, сондай-ақ шикізатты, жанар-жағармай материалдары мен жеке қорғану құралдарын және арнайы киімді қамтиды.

Африка

2022 жылы ERG үшін басым міндет 2018 жылғы ҚДР жер қойнауын пайдалану туралы кодексында белгіленген жергілікті қамтуға қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету болып қала берді. Атап айтқанда, Кодексте материалдар мен қызметтердің 90%-дан астамы ҚДР-де орналасқан лицензияланған компаниялардан сатып алынуға тиіс деп көзделген².

Осы елдегі өнеркәсіптің салыстырмалы түрде төмен даму деңгейін ескере отырып,

айтарлықтай дәрежеде біз негізгі ресурстарды шетелден импорттайтын жергілікті компанияларды тартамыз.

Біз ҚДР-дегі компаниялармен жұмыс істеуге басты назар аударамыз әрі оларға халықаралық стандарттарға сәйкестікке қол жеткізуге және біздің кәсіпорындарымызға қызмет көрсету үшін қажетті құзыреттерді дамытуға жәрдем көрсетеміз (бұл жергілікті қамтуды барынша елеулі қолдау болып табылады). Бұл, қажет болған жерде, олардың даму деңгейін арттыру мүмкіндіктерін анықтауға ерекше назар аудара отырып, ERG-мен ынтымақтастық жасайтын өнім берушілердің тиімділігіне ай сайынғы бағалау жүргізуді қамтиды. Сонымен қатар, біз ERG жұмысына жергілікті және отандық өнім берушілердің қатысуын ынталандыруға арналған «Өнім беруші күні» атты жаңа бастаманы іске асыруды жоспарлап отырмыз. Алғашқы іс-шараны 2023 жылы өткізу жоспарлануда.

Біз ҚДР-де және тұтастай алғанда, Африка өңірінде жергілікті өнім берушілерден сатып алатын тауарлар мен қызметтердің негізгі санаттары химиялық өнімдерді, жанар-жағармай материалдарын, мердігерлік ұйымдардың қызметтері мен техникалық қызмет көрсетуді қамтиды.

Бразилия

2022 жылы BAMIN кәсіпорны кен орнын игеруді және теміржол мен порт салуды қоса алғанда, кәсіпорын қызметінің барлық бағыттары бойынша Жергілікті өнім берушілерді дамыту бағдарламасын іске асыру мақсатында мамандандырылған компанияны тартты. Бағдарламаның шеңберінде жергілікті өнім берушілердің BAMIN жеткізілімдер тізбегіне интеграциялануы үшін қажетті сапа және ESG саласындағы стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында оларға қолдау көрсетілетін болады.

FIOL 1 теміржолын салу арқасында Баия штатының экономикалық дамуына жәрдемдесу

BAMIN кәсіпорнының Бразилияда FIOL 1 теміржолы мен Порту-Сул порттық терминалын салу жөніндегі жобасы (25-бет) жергілікті өнім берушілерді дамытуға ғана емес, сондай-ақ тұтастай алғанда, Баия штаты экономикасының өсуіне де үлес қосады деп күтілуде. Құрылыс аяқталғаннан кейін теміржол мен терминалдың BAMIN өндірген темір кенін тасымалдау және экспорттау үшін қажетті мөлшерден тыс едәуір артық қуаттары болады (FIOL 1 үшін артық қуаттардың шамамен 50%-ы және Porto Sul үшін шамамен 60%), оларды бөгде ұйымдардың жүктері үшін пайдалануға болады. Сыртқы сарапшылардың

қолдауымен жүргізілген зерттеу (2022 жылғы) BAMIN үшін қосымша кірістерден бөлек, жоғарыда санамаланған жобаларды іске асыру өңірлік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының (сояны, жүгері мен тыңайтқыштарды өндірушілерді қоса алғанда) көлік қажеттіліктеріне қызмет көрсете алатын, сондай-ақ отынның ел ішінде бөлінуін жақсартуға ықпал ете алатын маңызды жаңа өңірлік дәліз құратынын көрсетті. Бұл біз үшін өңірлік экономиканы орнықты түрде ауқымды дамыту мүмкіндігін ұсынады.

Сонымен қатар, басқа компаниялармен ынтымақтастық жасау үшін мүмкіндіктер қаралады. Қазіргі уақытта BAMIN негізгі міндеті әлеуетті өнім берушілерді іздеу және оларға бағалау жүргізу мен оларды дамыту жөніндегі жұмыс (оқытуды, тәлімгерлік пен семинарлар өткізуді қоса алғанда) басталғанға дейін олармен өзара іс-қимыл жасау болып табылады. Бастапқы кезеңде инфрақұрылымды салу және оған қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді көрсететін кәсіпорындарға басым көңіл бөлінеді. Бұл жергілікті кәсіпкерлер мен микрокәсіпорындарды қолдауға (біліктілік, кәсіпкерлік, кәсіптік даярлық және кіріс алу мәселелері бойынша қолдауды қоса алғанда), сондай-ақ жергілікті халықтың кәсіптік дағдыларын нығайтуға бағытталған ағымдағы серіктестік бағдарламаларына қосымша болып табылады.

Салық төлемдері және айқындық

Топтың салық саясаты бізді (өзгелермен қатар) тиісті салық заңдары мен нормативтік актілердің әріптерін ғана емес, сондай-ақ рухын да ұстануға міндеттейді. Трансферттік баға белгілеуге қатысты барлық топшілік транзакциялар нарықтық шарттармен жүргізіледі және баға белгілеу әрбір компанияның экономикалық функциялары мен тәуекелдерінің сипатына сәйкес айқындалады. Бұдан басқа, біз ЭЫДҰ-ның Трансферттік баға белгілеу жөніндегі басшылық қағидаттарында жазылған әдістер мен қағидаттарды ұстанамыз, сондай-ақ осы қағидаттардың сақталуын дәлелдеу үшін топшілік транзакциялар бойынша тиісті құжаттаманы сақтаймыз³.

1 «Өнім берушілер» термині тауарларды және/немесе қызметтерді берушілерге қатысты.
2 Конгода тиісті құзыреті бар компанияларды тарту мүмкіндігі болмаған жағдайларды қоспағанда.

3 2021 жылғы желтоқсанда Еуропалық комиссия ЭЫДҰ әзірлеген Pillar 2 қағидаларының ЕО заңнамасының ережелерімен үйлесімділігін және олардың қолданылуының осы ережелерге сәйкестігін қамтамасыз етуге арналған Директиваны қабылдау жөнінде ұсыныс жасады. ERG директиваның толық орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Pillar 2 қолдануының Топқа әсерін талдады.

Топтың салық қызметінің жұмыс істеу регламенті, атап айтқанда, салықтық есептілік, трансферттік баға белгілеу, салық дауларын шешу және салық тәуекелдерін басқару жөніндегі егжей-тегжейлі басшылықты, сондай-ақ салықтық бақылау рәсімін қамтиды.

Топ Қазақстанда, КДР мен Замбияда Өндіру саласындағы айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі бастаманың (EIT1) шеңберінде қажетті есептілікті ұсынады¹.

Бұдан бөлек, Топ Люксембургтің салық органдарына мынадай есептілік түрлерін ұсынады:

- Еуропалық одақтың (ЕО) Бухгалтерлік есепке алу туралы директивасына сәйкес үкіметтерге төлемдер туралы есеп (2013/34/ЕО)²;
- ЭЫДҰ-ның салық салынатын базаның бұлыңғырлануына және пайданы салық салудан шығаруға (BEPS) қарсы іс-қимыл жөніндегі 13-ші іс-қимылы шеңберінде ЭЫДҰ-ның елдік есебі.

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

2022 жылы стейкхолдерлерге бөлінген экономикалық құн 7 254 млн АҚШ долларын немесе Топ түсімінің 94%-ын құрады (2021: 6 240 млн АҚШ доллары немесе 78%). Бұл ұлғаю өзгелермен қатар, мыналарға негізделді:

- Қалпына келтіргіштердің, реагенттердің, дизель отыны мен қышқылдың сатып алу бағасының көтерілуі, сондай-ақ анодтарды тұтынудың өсуі;
- Өндірістің өсуін қолдау үшін Африкадағы персонал санының ұлғаюы, сондай-ақ Қазақстандағы жалақыны индексстеу;
- Акционерлерге төленетін дивидендтік төлемдердің ұлғаюы;

ЖАСАЛҒАН ЖӘНЕ БӨЛІНГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН (\$ МЛН)

	2022 жылғы көрсеткіш					2021	2020
	Қазақстан	Африка	Бразилия	Өзгелер	Жиыны	Жиыны	Жиыны
Жасалған экономикалық құн	5 071	2 444	107	128	7 750	7 994	5 209
Бөлінген экономикалық құн							
Операциялық шығыстар / өнім берушілерге төлемдер	(1 724)	(926)	(110)	(42)	(2 802)	(2 412)	(1 911)
Қызметкерлерге жалақылар мен жеңілдіктер	(796)	(138)	(13)	(188)	(1 135)	(956)	(802)
Акционерлер мен кредиторларға төлемдер	(294)	(22)	-	(568)	(884)	(677)	(642)
Салықтарды төлеуге арналған шығыстар	(626)	(601)	(7)	(23)	(1 257)	(1 426)	(683)
Әлеуметтік инвестициялар	(86)	(8)	(2)		(96)	(65)	(65)
Өзге ³	(813)	(163)	(103)	(1)	(1 080)	(704)	(508)
ЖИЫНЫ	(4 339)	(1 858)	(235)	(822)	(7 254)	(6 240)	(4 611)
Бөлінбеген құн							
Бөлінбеген түсім	732	586	(128)	(694)	496	598	598

- Қазақстандағы күрделі шығындардың, оның ішінде Шұбаркөл Көмір арнайы коксты өндіру жөніндегі зауытын салуға, Дөң ТКБК-де ERG Green жобасын іске асыруға, Қазхром кен орындарын игеруді жалғастыруға, әртүрлі табиғат қорғау жобаларын іске асыруға, сондай-ақ Frontier кәсіпорнының тау-кен техникасы паркін кеңейтуге шығындардың ұлғаюы.

Сонымен бірге, Ресейге темір кенді өнімдердің жеткізілімдерін тоқтата тұруды қоса алғанда, бірқатар факторлардың әсері нәтижесінде (14-бет) түсімінің жалпы көлемі қысқарды. Дегенмен, ферроқорытпалар мен алюминийдің бағасы кірістердің осы төмендеуін ішінара өтеп, көтерілді. Сонымен қатар, біздің хеджирлеуден болған іске асырылған залалдарымыз деривативтік келісімшарттардың мерзімінен бұрын бұзылуына байланысты азайды (бұл халықаралық санкциялардың енгізілуіне де байланысты болды, 14-бет).

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР (\$ МЛН)

Шығыстардың типі	2022	2021	2020
Жергілікті өндірушілерден сатып алудың жалпы көлемі (топ ішіндегі транзакцияларды қоса алғанда)	2 318	1 975	1 412
Жергілікті өндірушілерден сатып алудың жалпы көлемі (топ ішіндегі транзакцияларды қоспағанда)	1 127	908	775
Сатып алудың жалпы көлеміндегі жергілікті өндірушілерден сатып алу үлесі ⁴	44%	49%	52%

ЖЕРГІЛІКТІ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРДЕН ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП АЛУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ДЕРЕКТЕР

Қазақстан	Африка	Бразилия
44% Сатып алынған ел ішінде өндірілген тауарлар мен қызметтердің үлесі (2021 жыл: 49%)	18% ⁵ Біздің моноқала-лармызда ⁶ жұмыс істейтін кәсіпо-рындардан сатып алынған тауарлар мен қызметтердің үлесі (2021 жыл: 21%)	99% Бразилиялық компаниялардан сатып алу үлесі (2021 жыл: 99%)
	86% Осы өңір елдерінде тіркелген компаниялардан сатып алуға жұмсалған шығыстардың жалпы көлеміндегі сатып алулардың үлесі (2021 жыл: 85%)	43% Баия штатында орналасқан компаниялардан сатып алудың үлесі (2021 жыл: 40%)

1 EIT1 бастамасына қатысатын Топтың қатысушы елдерінің тізімін 93-беттен және *eiti.org* сайтында қараңыз.

2 EО, 2013/34/ЕО Директивасы: *eur-lex.europa.eu*

3 «Өзге» санаты күрделі шығындарды, яғни қарыздар бойынша капиталдандырылған шығыстар мен еңбекке ақы төлеуге арналған капиталдандырылған шығыстарды шегере отырып, негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге капиталдандырылған шығыстарды қамтиды. Күрделі шығындар негізгі құралдардың шығуын есепке алмағанда, жалпы мәнде ұсынылған.

4 Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді қоса алғанда.

5 Top ішіндегі сатып алуды қоса алғанда.

6 Есепке мына моноқалалар қосылды: Ақсу, Екібастұз, Арқалық, Лисаков, Рудный және Хромтау.

ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ БОЙЫНША САЛЫҚ ТӨЛЕМДЕРІ (\$ МЛН)



ТИПИ БОЙЫНША САЛЫҚ ТӨЛЕМДЕРІ (\$ МЛН)



Қазақстандағы отандық өнім берушілерден сатып алу көлемі баға инфляциясы, сондай-ақ топшілік келісімшарттардың артуы нәтижесінде ұлғайды. Сонымен бірге, жергілікті өнім берушілерден сатып алу үлесі жалпы сатып алу көлемінде (топшілік сатып алуды есепке алмағанда) импорт үлесінің ұлғаюы нәтижесінде қысқарды.

Салықтар және өзге де міндетті төлемдер

Мемлекеттік органдарға салықтар және өзге де міндетті төлемдер түріндегі төлемдер 1 815 млн АҚШ долларын құрады (2021 жыл: 1 083 млн АҚШ доллары). Бұл динамика, негізінен, мыс пен кобальт бағасының өсуіне және Metalkol сату көлемдерінің өсуіне байланысты болды. Бұдан басқа, Топтың Қазақстандағы кәсіпорындарында 2021 жылғы төлемдердің бір бөлігі 2022 жылға ауыстырылды, бұл да 2022 жылы төленетін салықтар мен алымдардың ұлғаюына алып келді. 42,8%-ды (2021 жыл:

27,5%) құрайтын Топтың пайда салығының тиімді мөлшерлемесі біз өндіру және қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және Топтың барлық салықтарының 97%-дан астамын төлейтін елдерде (2021 жыл: 97%-дан астам) заңмен белгіленген пайда салығының мөлшерлемелерін көрсетеді. Ол сондай-ақ кейінге қалдырылған салық активтері танылмаған бірқатар юрисдикциялардағы салық шығындарын көрсетеді.

АЛДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

Жасалған және бөлінген экономикалық құнның көлемін қолдау және ұлғайту бойынша жоспарланып отырған шаралар туралы толығырақ ақпарат 21-беттегі «Бизнесімізді болашаққа дайындау» тарауында ұсынылған.

¹ Жалпы сома басқа елдерде төленген салықтарды да қамтиды (2021 жылы 100 мың АҚШ долларынан аз), олар дөңгелектеу себебінен кестеде бөлек көрсетілмеген.

Қазақстанда қоғам үшін құндылық жасау

Біз қоғам үшін ұлттық деңгейден жергілікті деңгейге дейінгі әртүрлі деңгейлерде құндылық жасаймыз. Бұл жұмыс орындарын құру мен халықты жұмыспен қамтуды қолдауға, салықтар мен роялтиді төлеуге, жергілікті қоғамдастықтарға инвестицияларға, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерді сатып алуға тікелей және жанама үлесті қамтиды.

Біз, бұл мүмкін болатын жерде, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған ұлттық даму міндеттерін шешуге жәрдемдесуге ұмтыламыз. Атап айтқанда, біздің әлеуметтік инвестицияларға қатысты кешенді көзқарасымыз жергілікті, өңірлік және ұлттық деңгейлердегі дамудың басым міндеттерін шешуге, сондай-ақ біздің қызметкерлеріміз бен олардың отбасыларының әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

ОБЛЫСТАР БОЙЫНША КӨРСЕТКІШТЕР²

ТӨЛЕНГЕН САЛЫҚТАР (\$МЛН)

Ақтөбе	303
Қостанай	324
Павлодар	161
Қарағанды	69
Шымкент	2

ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР (\$МЛН)

Ақтөбе	8,1
Қостанай	5,2
Павлодар	5,5
Қарағанды	0,8
Шымкент	0,2

ЖЕРГІЛІКТІ ӨНДІРУШІЛЕРДЕН САТЫП АЛУ (\$МЛН)

Ақтөбе	124,8
Қостанай	363,9
Павлодар	731,0
Қарағанды	155,3
Шымкент	20,0

ҚҰРЫЛҒАН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ (АДАМ)

Ақтөбе	13 971
Қостанай	18 654
Павлодар	23 367
Қарағанды	3 619
Шымкент	489

СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРГЕ ӘСЕР ЕТУ

ERG Қазақстандағы ең ірі салық төлеушілердің бірі болып табылады. 2020 жылы Top елдегі салықтық төлемдердің жалпы көлемінің 2,8%-ын қамтамасыз етті³. Бұдан бөлек, біз мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын ескере отырып, ұлттық деңгейде әлеуметтік-экономикалық дамуға елеулі ерікті қолдау көрсетеміз. Мәселен, 2022 жылғы қаңтарда «Қазақстан халқына» қоғамдық

әлеуметтік қорын құруға 65 млн АҚШ доллары⁴ бөлінді (47-бет). Қордың қызметі қоғамға, оның ішінде денсаулық сақтауды, білім беру мен әлеуметтік қызметтерді жетілдіру арқылы оң әсер етеді.

Біздің әлеуметтік бастамаларымыздың көбі Қазақстандағы мемлекеттік органдармен ұлттық және өңірлік деңгейлерде құрылымдалған және айқын ынтымақтастық шеңберінде іске асырылады. Бұл экономиканы әртараптандыруды (мысалы, жергілікті халықтың кәсіби біліктілігін арттыру арқылы), цифрландыруды, кәсіпкерлікті, кадрлық әлеуетті дамытуды, жұмыс орындарын құруды, инфрақұрылымды дамыту мен өңірлік

дамуды қоса алғанда, басым мемлекеттік міндеттерді есепке алуды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, осы бастамалар қызметкерлеріміздің отбасыларының өмір сүру жағдайларын жақсартуға көмектеседі және олардың балаларын туып-өскен өңірлерінде ұзақ әрі табысты еңбек қызметін жүргізуге ынталандырады.

Біз шикізаттан бастап пайдалы қазбаларды өндіру қызметтеріне дейін бірқатар отандық компаниялардан тауарлар мен қызметтерді сатып аламыз. Бұл біздің монокалаларымызда және олардың шегінен тыс жерлерде экономиканың дамуына жанама үлес қосады.

министрлігімен, «Атамекен» Қазақстанның Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және QazIndustry қазақстандық индустрия және экспорт орталығымен ынтымақтастық жасаймыз (66-бет).

Жаңа отандық кәсіпорындарды құруға жәрдемдесу мақсатында Индустрия және инфрақұрылымдық даму

Сонымен қатар, біз электр энергиясы мен өнеркәсіптік жабдықтарды өндіріміз әрі отандық өнеркәсіптік және тұрмыстық тұтынушылардың мұқтажы үшін теміржол қызметтерін көрсетеміз.

Біз Қазақстанда 64 мыңнан астам адам үшін сапалы жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін ұсынамыз, олардың көбі осы елдің азаматы болып табылады. Біз өндірудің озық әдістерінен бастап цифрлық технологияларды қолдануға дейінгі әртүрлі бағыттар бойынша қызметкерлерді оқыту мен олардың біліктілігін арттырудың нысаналы бағдарламаларын іске асырамыз (35-бет).

Жұмыс орындарын құруға қосатын үлесіміз біздің қызметіміздің шеңберінен анағұрлым кең болып табылады. Мәселен, ЕУ зерттеуінің деректері бойынша 2020 жылы өзіміз жұмыс істейтін өңірлерде халықты жұмыспен қамтуға қосқан үлесіміз 137 298 адамды құрады⁵

1 Top ішіндегі сатып алуды қоса алғанда.

2 Өздері бойынша деректер кестеде ұсынылмаған басқа салаларға қосқан үлесті қоса алғанда. Есеп-қисапқа ERG-дің Шымкент қаласының дамуына қосқан үлесі ғана қосылған

3 2021 жылы ЕУ жүргізген ERG қызметінің әсерін бағалау деректері бойынша.

4 Осы есеп пен 2021 жылғы Орнықты даму туралы есепте осы көрсеткіштің мәндері арасындағы алшақтық теңегің АҚШ долларына қатысты бағамының өзгеруіне негізделді.

5 2021 жылы ЕУ жүргізген ERG қызметінің әсерін бағалау деректері бойынша.

Қоғам
\$913 МЛН
төленген салықтар

Жергілікті қоғамдастықтар
\$86 МЛН
әлеуметтік инвестициялар

Өнім берушілермен сатып алушылар
\$2 318 МЛН
жергілікті өндірушілерден
сатып алу көлемі¹

Қызметкерлер
64 246
ERG құрған тікелей
жұмыс орындары

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОСА АЛҒАНДА, ӘДЕП ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНМӘТІН

Қатаң әдеп нормаларына, оның ішінде адам құқықтарына қатысты нормаларға сәйкестік қызметіміздің негізі болып табылады. Осы саладағы кез келген сәйкессіздік басқа адамдарға теріс әсер етіп қана қоймай, сондай-ақ біздің беделімізге нұқсан келтіруі, қалыптасқан қарым-қатынастарға зиян келтіруі, қаржыландыруды тарту қабілетіміз бен бизнесіміздің ұзақ мерзімді мақсаттарына жетуге теріс әсер етуі мүмкін.

Релевантты БҰҰ ОДМ

БҰҰ ОДМ тиісті міндеттері **100-бетте** ұсынылған



Іскерлік әдеп мәселелеріне қатысты көзқарасымыз заңнамада қатаң айқындалған міндеттемелерді орындаумен шектелмейді. Бұдан бөлек, біз өз саясаттарымыздың 74-бетте қаралатын адам құқықтары саласындағы тиісті стандарттарды қоса алғанда, экология, әлеуметтік даму және корпоративтік басқару (ESG) саласындағы заңнаманың жаңа талаптарына және тез өзгеретін стандарттар мен қағидаттарға толық сәйкестігін қамтамасыз етуге ұмтыламыз.

2022 жылы сыртқы ортада, оның ішінде халықаралық санкциялар, өнім берушілерді жауапты таңдауға қойылатын талаптар және парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама саласында қарқынды өзгерістер орын алды. Осыған қарамастан, біз бұл ретте оны үнемі жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыра отырып, комплаенс саласында қабылданған көзқарасты берік ұстандық.

2022 жылы комплаенс саласындағы негізгі тәуекелдер туралы қосымша ақпарат Қосымшаның **85-бетінде** ұсынылған.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Комплаенс саласындағы саясаттарымыз ақша қаражатын жылыстатуға, парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, санкцияларды сақтау, адам құқықтарын құрметтеу және дербес деректерді қорғау сияқты аспектілерді қамтитын Топтың тәуекелге бағдарланған Комплаенс-менеджмент жүйесі арқылы іске асырылады. Бұл жүйенің негізгі элементтері комплаенс саласындағы тәуекелдерді анықтау мен оларды басқаруды, контрагенттерді кешенді тексеруді, оқытуды, мониторинг пен есептілікті қамтиды.

Толығырақ ақпарат eurasianresources.ru сайтында ұсынылған.

Комплаенс мектебі шеңберінде қызметкерлердің біліктілігін және ұйымдастырушылық әлеуетін арттыру

Комплаенс мектебі - бұл Топтың комплаенс-мамандарының және комплаенс функциясының жаңа қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға, сондай-ақ біздің бизнестің барлық бөлімшелерінде, оның ішінде сыртқы сарапшылардың қатысуымен семинарлар өткізу арқылы жалпы базалық білімді қалыптастыруға бағытталған ERG ішкі жобасы. Бұл ретте

сәйкестіктің «бейіндік» мәселелеріне ғана емес, сонымен қатар геосаясатқа, қызметті жүргізуге арналған әлеуметтік лицензияға, цифрландыруға, жеткізу тізбегіндегі үзілістерге және т. б. байланысты неғұрлым жалпы сипаттағы мәселелерге де назар аударылады.

Процестерге бағдарланған ішкі бақылау моделіне көшу

Комплаенс функциясы комплаенс саласындағы ERG саясаттары мен рәсімдерінің ішкі қолданылуын бақылауды қамтамасыз етеді. 2022 жылы кәсіпорындар деңгейіндегі бақылау моделінен бір немесе бірнеше кәсіпорын шеңберіндегі процестерге бағдарланған модельге көшу басталды. Бұл көзқарас процестердің иелерін бақылау тетіктерінің жеткіліктілігін, тиісінше ұйымдастырылуы мен тиімділігін, сондай-ақ тұтастай алғанда, комплаенс-тәуекелдерді түсінуді қамтамасыз етуге анағұрлым белсенді тартуды көздейді. Бастапқы кезеңде Африкадағы ERG кәсіпорындарында тиісті жұмыс жүргізіліп жатыр, алайда келешекте бұл көзқарас Топтың барлық кәсіпорындарында енгізілетін болады.

Бақылау саласындағы бұл іс-шаралар тек қана нормативтік-құқықтық талаптарды сақтау мәселелерімен шектелмейді. Олар мыналарды қоса алғанда, тиісті ішкі және (немесе) сыртқы стандарттардың сақталуын да қамтамасыз етуге арналған:

- «Таза кобальт пен мыс» бағдарламасының қағидаттары (Metalkol, 77-бет);
- RMI сатып алуды жауапты ұйымдастыру стандарттары (Metalkol, 77-бет);

- EcoVadis орнықтылық рейтингтерін беру өлшемшарттары (Қазхром, 76-бет);
- Toyota Production System өндірістік жүйесінің қағидаттары (Ақтөбе ферроқорытпалар зауыты, 27-бет).

Оқыту және коммуникация

Топтың бизнес-серіктестерінің, басқару органдарының мүшелері мен қызметкерлердің оның әдеп стандарттарын терең түсінуді қамтамасыз ету үшін ERG Комплаенс саласындағы оқыту мен ақпараттандырудың тиімді бағдарламасын іске асырады. Бағдарламаның негізгі элементтері мыналарды қамтиды:

- Комплаенс мәселелері бойынша басшылықтың үндеулері;
- Қызметкерлерге арналған электрондық оқу модульдері, оның ішінде мынадай тақырыптар бойынша:
 - ERG Корпоративтік тәртіп кодексі;
 - Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
 - Адам құқықтарын сақтау;
 - Мүдделер қақтығысы;
 - Дербес деректерді қорғау;

- ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексіне арналған үшінші тараптар үшін электрондық оқу модулі;
- Жоғары тәуекелдерге ұшырайтын (әлеуметтік инвестициялар, сатып алу, сату және қаржы сияқты) процестерге қатысатын қызметкерлер үшін комплаенс саласындағы мамандандырылған күндізгі оқыту: олар контрагенттерді кешенді тексеруді (ККТ) жүргізу, дербес деректерді қорғау, адам құқықтары мен санкцияларды сақтау мәселелері бойынша қосымша оқытудан өтеді.

2022 жылы жақында жаңартылған Корпоративтік тәртіп кодексімен танысу мақсатында Қазақстандағы кәсіпорындар мен корпоративтік кеңселердің қызметкерлері үшін оқытуды жүргізуге ерекше көңіл бөлінді. Сонымен қатар, коронавирустық шектеулердің күші жойылғаннан кейін ҚДР мен Бразилиядағы кәсіпорындарда күндізгі оқытуды қайта бастау үшін шаралар қабылданды.

Санкциялар

ERG-дің ресейлік жеткізушілермен, клиенттермен және кредиторлармен қарым-қатынасының болуына, сондай-ақ 2022 жылы санкциялар саласындағы ахуалдың құбылмалылығына байланысты біз бақылау тетіктерін тиімді енгізуге, қолданылатын процестерді жаңартуға және компанияның басқа бөлімшелеріне (Жаһандық дағдарыс штабын қоса алғанда) тиісті тәуекелдерге ден қоюда белсенді жәрдемдесуге ерекше көңіл бөлдік.

ERG-дің санкцияларды сақтау жөніндегі бағдарламасы АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC) 2019 жылы шығарған Комплаенс-міндеттемелер жүйесіне және ЕО-ның 2018 жылғы Жалпы сыртқы саясаты мен қауіпсіздік саясаты шеңберінде шектеу шараларын (санкцияларды) қолдану және бағалау жөніндегі басшылыққа сәйкес әзірленді. Сонымен қатар,

біз басқа да басшылықтар мен нормативтік-құқықтық актілер жаңартуларының жариялануына қарай оларды талдап, ескереміз. Бағдарламаның негізгі элементтері нақты тұжырымдалған саясат қағидаттарын, оқытуды, нақты уақыт режимінде өзекті ақпаратты ұсынуды, тәуекелдерді мониторингтеу мен бағалауды, іскерлік қатынастарды тұрақты талдауды, санкциялық тәуекелді тексеруді (оның ішінде ККТ шеңберінде), сценарийлік жоспарлауды, сондай-ақ шарттарға тиісті ережелерді қосуды қамтиды.

Ресейге қарсы санкциялар

Украинадағы қақтығысқа байланысты санкцияларға қатысты мәселелерді шешу үшін арнайы Жаһандық дағдарыс штабы қалыптастырылды. ERG-дің Санкцияларды сақтау жөніндегі бағдарламасы шеңберінде Жаһандық дағдарыс штабына, сондай-ақ Ақарушы комитет пен Комплаенс жөніндегі комитетке нақты уақыт режимінде санкциялардың мониторингі мен есептілікті ұсынуды қамтитын қолдау көрсетіледі. Осы жұмыстың нәтижелері бойынша басшылық өздеріне қарсы санкциялар енгізілген клиенттерге өнімдердің жеткізілімдерін тоқтата тұруды, сондай-ақ санкцияларға жататын өнім берушілермен өзара іс-қимылды тоқтата тұруды қоса алғанда, бірқатар тиісті шараларды қабылдады. Атап айтқанда, ресейлік негізгі сатып алушылардың біріне темір кенінің жеткізілімдері тоқтатыла тұрды, сондай-ақ солардың шеңберінде ERG бұрын өздеріне қатысты санкциялар енгізілген бірқатар ресейлік банктермен белсенді өзара іс-қимыл жасаған қаржылық келісімдердің шарттары қайта қаралды.

Бұдан басқа, ағымдағы және ықтимал халықаралық санкциялардың ERG қаржылық жағдайына әсерін түсінуді қамтамасыз ету мақсатында 2022-2023 жылдарға арналған сценарийлер әзірленді.

Контрагенттерді кешенді тексеру

ККТ процесі

Топтың комплаенс-мамандары комплаенс саласындағы сенімді сыртқы ақпарат көздері мен дерекқорларды пайдалана отырып, ККТ жүргізеді. Бұл процесс Топтың барлық кәсіпорындарын қамтиды және әрбір транзакция мен контрагентке тәуекел санаттарын беруге, сондай-ақ тиісті тәуекелдерді азайту үшін қажетті шараларды айқындауға мүмкіндік береді. ККТ барысында, өзгелермен қатар, санкцияларды бұзу, заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын заңдастыру, парақорлық пен сыбайлас жемқорлық және адам құқықтарын бұзу сияқты аспектілер бойынша ақпарат талданады. Сонымен қатар, ЭЫДҰ Тиісті сақтықтың басшылық қағидаттарына сәйкес CAHRA² аймақтарын анықтау және талдау бойынша жұмыс жүргізіледі.

TPRM ПРОЦЕСІ



2022 жылы британдық заң фирмасымен бірлесіп ККТ процесін қайта қарау бойынша жұмыс жүргізілді. Оның барысында процесті практикалық іске асырудың әдістемесі мен тәсілдері талданды, сондай-ақ одан әрі жақсартуларды енгізу бойынша ұсыныстар берілді.

Үшінші тараптардың тәуекелдерін басқару бағдарламасы (TPRM)

Топтың TPRM бағдарламасын әзірлеу жалғасуда. Ол ERG қолданатын ККТ процесіне сүйенеді және:

- Шарттар қолданылатын бүкіл мерзім ішінде оларды сүйемелдеуге анағұрлым жалпы және кешенді көзқарасты енгізуге;
- ESG саласындағы нормативтік талаптарды өзгерту мен кеңейтуге дайындалуға және тиісті ден қою шараларын қабылдауға мүмкіндік береді.

1 Бұрын, 2021 жылы Африка мен Бразилиядағы ERG қызметкерлері үшін осы курс бойынша қашықтықтан оқыту жүргізілді.

2 Қақтығыс аймақтары және жоғары тәуекел аудандары.

2022 ЖЫЛЫ КОМПЛАЕНС САЛАСЫНДАҒЫ ОҚЫТУ БОЙЫНША КӨРСЕТКІШТЕР (ОҚЫТУДАН ӨТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНЫ)

Бұзушылықтардың типі	Жоғары басшылық ¹	Менеджерлер	Қызметкерлер	Барлығы
Корпоративтік жүріс-тұрыс кодексі	106	2 004	7 358	9 468
ККТ	72	133	2 082	2 287
Дербес деректерді қорғау	71	182	1 887	2 140
Мүдделер қақтығысы	41	12	1 554	1 607
Парақорлыққа қарсы іс-қимыл	55	27	1 701	1 783
Адам құқықтары	69	837	3 967	4 873

2022 ЖЫЛЫ КОРПОРАТИВТІК ЖҮРІС-ТҰРЫС КОДЕКСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАР (БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ТИПТЕРІ БОЙЫНША)

Бұзушылықтардың типі	Барлық хабарлар	Расталған хабарлар (анықталған тәуекелдер)
Алаяқтық/ жымқыру	74	19
Еңбек жағдайлары	69	14
Сатып алу	53	25
Өзге	50	14
Мүдделер қақтығысы	8	4
Өндірістік қауіпсіздік және экология	16	8
Парақорлық және сыбайлас жемқорлық	1	–
Деректерді қорғау/құпия ақпаратты құқыққа сыйымсыз пайдалану	1	–
Адам құқықтары	12	–
Барлығы	284	84

¹ Жоғары буын басшылары, бас инженер, бас бухгалтер және т.б.

TPRM бағдарламасы үшінші тараптардың тәуекелдерін басқарудың бірқатар құралдары мен процестерін біріктіреді. Толық іске қосылғаннан кейін ол барлық ERG контрагенттерін қамтиды және комплаенс/ESG саласындағы көрсеткіштерді есептеу мен талдауды қамтитын болады. Бағдарлама шарттар жасасар алдында және ынтымақтастық аяқталғанға дейін сатып алу рәсімдерін жүргізу/контрагенттерді тексеру кезеңінен бастап қолданылады.

2022 жылы біз сыртқы озық практикалар мен нормативтік-құқықтық базаның жуырдағы өзгерістерін есепке алуды, сондай-ақ ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің қажеттіліктерін тиісінше есепке алуды қамтамасыз ету үшін TPRM-ге қатысты қолданылатын көзқарасқа (сондай-ақ британдық заң фирмасымен ынтымақтастықта) талдау жүргіздік.

Бұзушылықтар туралы ақпарат беру

Біз, бұл қажет болған жерде, олардың өтініштерінің құпиялылығын сақтай отырып, күдікті бұзушылықтар туралы адал хабарлайтын қызметкерлерді қорғауға міндеттенеміз. 2021 жылы өткізілген өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша 2022 жылы Топтың Жедел желісі (erg.integrityline.org) жұмысының тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылданды.

Негізгі өзгерістер мыналарды қамтыды:

- Жедел желіге қызмет көрсету үшін жетілдірілген шешімдерді қолданатын жаңа тәуелсіз операторды тарту;
- ESG мәселелерін ескеретін бұзушылықтарды тіркеудің жетілдірілген тәртібін қолдану;

- Өтініштерді тексеру бойынша ішкі командамызды одан әрі оқыту және дамыту;
- Өтініштерді тексеруге басқа функциялардың мамандарын тарту тәртібін жетілдіру (қажет болған кезде).

Бұдан басқа, Комплаенс департаменті мен Топтың басқа да департаменттерінің қызметкерлері үшін оларды тергеп-тексеру жүргізудің жетілдірілген процестерімен және көзқарастарымен таныстыру мақсатында семинар өткізілді.

ENRC-ге қатысты SFO тергеп-тексеруі

2023 жылдың тамызында Аса ірі мөлшердегі алаяқтыққа қарсы күрес жөніндегі бюро (SFO) Eurasian Natural Resources Corporation-ға (ENRC) қатысты көпжылдық тергеуді ресми түрде аяқтады.

SFO мәлімдемесіне сәйкес, 2013 жылы басталған бұл тергеп-тексерудің негізгі нысансы Африкадағы тау-кен активтерін сатып алу кезінде алаяқтық, парақорлық және сыбайлас жемқорлық айыптары болды. Тергеу нәтижелері бойынша ENRC немесе оның шенеуніктеріне қарсы тағылған айыптар болған жоқ.

ҚДР-дегі болжалды бұзушылықтар туралы RAID мәлімдемелері

2021 жылғы қарашада Rights and Accountability in Development (RAID) үкіметтік емес ұйымы ҚДР-дегі мыс және кобальттың бірқатар өнеркәсіптік кен орындарында, оның ішінде Metalkol RTR-мен ынтымақтастық жасайтын мердігерлік ұйымдарда жұмыс істейтін Конго азаматтарын бұрында орын алған қанау және олардың еңбек құқықтарын бұзу жағдайлары туралы баяндаманы жариялады. Біз RAID баяндамасында қамтылған мәлімдемелерді зерделедік және тиісті ден қою шараларын қабылдадық. 2022 жылғы қаңтарда осы мәлімдемелерге егжей-тегжейлі жауап жарияланды (41-бет). Сонымен қатар, біз «Таза кобальт пен мыс» бағдарламасының қағидаттарына сәйкестік туралы кезекті есепте тиісті (оның ішінде қолданылатын басқару жүйелері мен бақылау тетіктері туралы) ақпаратты аштық, оның тәуелсіз куәландыруын бөгде ұйым жүргізді (77-бет).

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН САҚТАУҒА ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

Біз өз қызметімізден туындаған немесе оған байланысты адам құқықтарына әлеуетті теріс әсерді анықтау, болғызбау және барынша азайту бойынша жұмыс істейміз. Осы мақсатта БҰҰ адам құқықтары аспектісіндегі Кәсіпкерлік қызметтің басшылық қағидаттарын ескере отырып әзірленген процестер қолданылады. ERG қызметі адам құқықтарына теріс әсер ететін немесе осындай әсердің пайда болуына ықпал ететін жағдайларда, біз оны болғызбау, барынша азайту және жою жөніндегі жұмысқа тиісті жәрдем көрсетеміз. Бұл бөлімде адам құқықтарын сақтауға қатысты көзқарасымызға

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

2022 жылы ERG-ге қатысты қандай да бір:

- Реттеушілердің елеулі сот шешімдері немесе санкциялары (оның ішінде әлеуметтік, экономикалық және (немесе) еңбек саласындағы әсерге байланысты);
- Қолданыстағы халықаралық санкциялар тұрғысынан тергеп-тексерулер, талап қоюлар немесе қорытындылар;
- Жария не ішкі және сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимылдың қолданыстағы процестері шеңберінде және (немесе) шағымдарды беру және қарау тетіктерін (оның ішінде қауіпсіздік және адам құқықтары мәселелері бойынша) пайдалана отырып, қолданылатын процестер шеңберінде қойылған адам құқықтарын бұзуда жаңа айыптаулар қозғалып, шығарылмады.

Корпоративтік жүріс-тұрыс кодексінің ережелерін бұзудың расталған 84 жағдайын (2021 жыл: 95) қоса алғанда, Топтың Жедел желісі арқылы қызметкерлеріміз бен іскерлік серіктестерімізден 284 өтініш (2021 жыл: 289

шолу ұсынылған. Қосымша және (немесе) ілеспе ақпарат келесі бөлімдерде ұсынылған:

- Денсаулық және өндірістік қауіпсіздік (31-бет);
- Еңбек қатынастары (39-бет);
- Жергілікті қоғамдастықтарға әсер (39-бет);
- Ауа мен суға әсерді басқару (43-бет);
- Жауапты өндірістік-өткізу тізбектері (76-бет).

өтініш) алынды. Барлық жағдайларда бизнесті бақылау тетіктерінің тиімділігін арттыру шараларынан бастап тәртіптік шараларға дейін түзету шаралары қабылданды.

Көрсетілген кезеңде 24 мыңнан астам (2021 жыл: 17 мың) ККТ орындалды, сондай-ақ мыналар өткізілді:

- 9 468 қызметкер үшін (2021 жыл: 2 455 қызметкер) Корпоративтік жүріс-тұрыс кодексі бойынша оқыту¹. Бұл өсу Топтың барлық қызметкерлері үшін жаңа оқу циклінің басталуына, сондай-ақ пандемиядан кейін жұмыс режимінің қалыпқа келуіне негізделді;
- Біздің өндірістік объектілерімізде жұмыстарды орындайтын мердігерлік ұйымдардың 635 қызметкері үшін ERG Өнім берушілерінің жүріс-тұрыс кодексі бойынша оқыту;
- Африкадағы жекеменшік күзет ұйымдарының 2 393 қызметкері үшін (бұл өңірдегі жекеменшік күзет ұйымдары қызметкерлерінің 100%-ын құрайды) қауіпсіздік пен адам құқықтарына қатысты Ерікті қағидаттарды қолдану мәселелері бойынша оқыту.

Бұдан басқа, біз тиісті персоналға өзгеріп жатқан санкциялық режимдер туралы ақпарат беру үшін Топ ішінде электрондық пошта арқылы 78 хабар жібердік.

АЛДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

2023 жылға негізгі саясаттарды (Халықаралық экономикалық санкциялар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі саясатты және тиісті басшылықтарды қоса алғанда) қайта қарау, біздің кешенді тексеру процестеріміздің ЭЫДҰ Тиісті сақтықтың басшылық қағидаттарының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі одан әрі жұмыс, сондай-ақ оған адам құқықтарына байланысты мәселелердің анағұрлым кең тобын енгізе отырып, кешенді тексерулердің қамтуын кеңейту жоспарланған.

Адам құқықтарын сақтау саясаты

Біздің адам құқықтарын сақтау жөніндегі міндеттемелеріміз Корпоративтік тәртіп кодексінде, ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексінде бекітілген және Адам құқықтарын сақтау саясатының (74-бет) және персоналды басқару саясатының ережелерімен бекітілген. Өзгелермен қатар, Адам құқықтарын сақтау саясаты мынадай міндеттемелерді көздейді:

- Адам құқықтарын сақтау;
- Адам құқықтарына әлеуетті теріс әсерді анықтау, болғызбау және барынша азайту жөніндегі жұмыс;

- Адам құқықтарының бұзылған жағдайлары туралы хабарлау үшін шағым беру тетігін қамтамасыз ету;
 - Адам құқықтары бұзылуының барлық жағдайларын тіркеу, қарау және тергеп-тексеру;
 - Қызметкерлерді Адам құқықтарын сақтау саясатына оқыту;
 - ERG стандарттарымен салыстыруға болатын адам құқықтары саласындағы стандарттарды қолданатын бөгде ұйымдармен жұмыс.
- Толығырақ ақпарат eurasianresources.lu сайтында ұсынылған.

¹ Адам құқықтарына байланысты мәселелерді қоса алғанда.

Топтың барлық бөлімшелерінде іске асырылатын іс-шаралар

Топ деңгейінде тәуекелдерді бағалау

Біз жоғары тәуекел деңгейімен сипатталатын барлық юрисдикцияларда адам құқықтарының сақталмау тәуекелдеріне бағалау жүргіземіз. Соңғы бағалау 2018-2019 жылдары жүргізілді. Жоғары тәуекел деңгейімен ерекшеленетін өндірістік кәсіпорындар үшін бағалау нәтижелері 2021 және 2022 жылдары жаңартылды. Бағалаудың негізгі нәтижелері Metalkol және Boss Mining кәсіпорындарының Адам құқықтары жөніндегі міндеттемелер туралы мәлімдемелерінде көрсетілген (төменде қараңыз). Жүргізілген бағалаудың нәтижелері кәсіпорындар деңгейінде тәуекелдерді басқарудың тиісті процестеріне интеграцияланған.

Оқыту

2022 жылы біз нормативтік талаптарды сақтауға бағдарланған қолданыстағы оқыту бағдарламаларымызға қосымша адам құқықтары және ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексі бойынша қосымша электрондық оқыту курстарын іске қостық (74-бет). Адам құқықтары жөніндегі қосымша оқу модулі аға және басқарушы буын қызметкерлеріне, сондай-ақ Өнім берушілердің жүріс-тұрыс кодексіне оқыту шеңберінде негізгі өнім берушілерге арналған.

Шағымдарды беру және қарау тетіктері

Стейкхолдерлер мыналарды пайдалана отырып, адам құқықтарының бұзылу жағдайлары туралы хабарлай алады:

- Тәуелсіз оператор қызмет көрсететін бұзушылықтар туралы хабарлауға арналған құпия жедел желі (73-бет);
- Персоналды басқарудың стандартты арналары (41-бет);
- Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасау процестері (90-бет);
- Кәсіпорындарда қолданылатын шағымдарды беру және қарау тетіктері (43-бет).

Бұзушылықтың барлық жағдайлары ERG Корпоративтік тәртіп кодексінің ережелеріне, ішкі регламенттер мен қолданыстағы заңнаманың нормаларына сәйкес тіркеледі, шаралады және тергеп-тексеріледі әрі ден қою шаралары қабылданады.

Өнім берушілер және бөгде ұйымдар

Біз жеткізушілерге ККТ процесінің (72-бет) талаптарына сәйкес талдау жүргіземіз. Олардың ERG Корпоративтік тәртіп кодексінің, ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексі мен Адам құқықтарын сақтау саясатының ережелерін сақтауы олармен ынтымақтастық жасаудың қажетті шарты болып табылады. ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексі ЭЫДҰ Тиісті сақтықтың басшылық қағидаттарының талаптарын ескеріп қана қоймайды, сондай-ақ мәжбүрлі және балалар еңбегін қолдануға тікелей тыйым салады.

Бұдан басқа, Кодекстің ережелеріне сәйкес өнім берушілер және олар тартатын қосалқы мердігерлер мыналарды сақтауға міндетті:

- ERG адам құқықтарын сақтау саясаты;
- БҰҰ адам құқықтары аспектісіндегі Кәсіпкерлік қызметтің басшылық қағидаттары;
- Қауіпсіздік пен адам құқықтарына қатысты ерікті қағидаттар (бұдан әрі – «Ерікті қағидаттар»).

Қажет болған кезде (мысалы, жеткізушілерге (және) немесе жоғары тәуекел деңгейімен ерекшеленетін өңірлерге, оның ішінде Африкаға қатысты) жеткізілімдер тізбегімізде мәжбүрлі және балалар еңбегін пайдалану тәуекелін одан әрі барынша азайту мақсатында қосымша рәсімдер қолданылады және (немесе) іс-шаралардың нысаналы жоспарлары іске асырылады. Олар біз жүргізетін аудит шеңберінде жеткізушілер қолданатын еңбек практикаларын егжей-тегжейлі талдауды, сондай-ақ тәуелсіз аудиторлардың осы процестер мен жүйелерді бағалауын қамтиды (xx-бетті қараңыз). Сонымен қатар, жұмыспен қамту жөніндегі брокерлер жыл сайынғы егжей-тегжейлі аудиттен өтеді.

ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексі мен Адам құқықтарын сақтау саясатына сәйкес, болжалды бұзушылықтар туралы мәлімдемелер бөгде ұйымдарға қатысты жасалған жағдайларда, біз жағдайды анықтау үшін шаралар қабылдаймыз және қажет болған кезде аудиттер жүргізу мен түзету іс-шараларын іске асыруды қоса алғанда, консультациялар өткіземіз және қолдау көрсетеміз.

Жекелеген кәсіпорындар мен өңірлерді қамтитын іс-шаралар

КДР-дегі кәсіпорындар қызметінің әсерін бағалау

Африкада адам құқықтарының сақталуын кешенді тексеру, негізінен, «Таза кобальт пен мыс» бағдарламасы аясында жүргізіледі. Мысалы, Metalkol кәсіпорнында және (2022 жылдан бастап) Boss Mining кәсіпорнында адам құқықтары жөніндегі жұмыс топтары жұмыс істейді, олардың құрамына әртүрлі функционалды бөлімшелердің өкілдері кіреді. Бұл топтар бағдарламаның іске асырылуын және әрбір кәсіпорында¹ Адам құқықтары жөніндегі міндеттемелер туралы тиісті мәлімдемелердің орындалуын бақылайды. Кәсіпорындарда БҰҰ Басшылық қағидаттарын ескере отырып, тәуекелдер мен әсерлерді тұрақты бағалау жүргізіледі. Бұл ретте әлеуетті тәуекелдің қолданыстағы салаларына (қауіпсіздік, еңбек брокерлерінің қызметтерін пайдалану, жол қозғалысының қауіпсіздігі, атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары және су объектілеріне төгінділер сияқты) ерекше назар аударылады. Алдағы уақытта арнайы тағайындалған менеджер іске асырылатын іс-шараларға тұрақты мониторингті жүзеге асырады.

2022 жылы жұмысымыздың негізгі бағыттарының бірі RAID үкіметтік емес ұйымының еңбек құқықтарының болжалды бұзушылықтары туралы мәлімдемелеріне байланысты тергеп-тексерулер жүргізу, сондай-ақ еңбек жағдайларына аудит жүргізу болды. Осы іс-шаралардың қорытындысы бойынша осы салада қандай да бір шешілмеген проблемалар анықталған жоқ (74-бет).

➤ Толығырақ ақпарат келесі сілтемелер бойынша берілген: *Metalkol Адам құқықтары жөніндегі міндеттемелер туралы мәлімдеме*, *Boss Mining-тің адам құқықтары жөніндегі міндеттемелер туралы мәлімдемесі*, *2022 жылғы «Таза кобальт және мыс» бағдарламасының қағидаттарына сәйкестік туралы есеп және тәуелсіз куәландыру нәтижелері бойынша қорытынды*, *«Таза кобальт және мыс» бағдарламасының қағидаттарына сәйкестік туралы есеп мыс 2023 жылға және тәуелсіз куәландыру нәтижелері бойынша қорытынды*.

КДР-дегі қауіпсіздік пен адам құқықтары

Біз КДР-дегі кәсіпорындарымыздың Ерікті қағидаттарды сақтауын қамтамасыз етуге ұмтыламыз және қызметкерлер үшін нұсқамалықтарды, плакаттар орналастыруды және кәсіпорындар мен мердігерлік күзет ұйымдары қауіпсіздік қызметтерінің персоналы үшін оқыту өткізуді қоса алғанда, ақпараттық науқандар өткіземіз. КДР-дегі кәсіпорындарымызды күзететін тиісті мемлекеттік күзет ұйымдарымен өзара түсіністік туралы меморандумдар жасалды немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл құжаттарда адам құқықтары саласындағы міндеттемелеріміз жазылып, бекітілген. КДР-дегі кәсіпорындарымызға қызметтер көрсететін жекеменшік күзет ұйымдары да Ерікті қағидаттарды сақтауға және тиісті саясаттар мен рәсімдерді енгізуге міндетті. Күзет ұйымдары Ерікті қағидаттарды қолдану мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастыруға міндетті және жеткізушілер аудитінің жоспарымызға сәйкес аудиттен өтеді.

2022 жылы Metalkol, Boss Mining, Comide және Frontier кәсіпорындарындағы жекеменшік күзет ұйымдары қызметкерлерінің 100%-ы Ерікті қағидаттарды қолдану мәселелері бойынша оқытудан өтті.

¹ Сонымен қатар, Frontier және Comide кәсіпорындарында адам құқықтары бойынша жұмыс топтарын құру жөніндегі жұмыс жүргізіліп жатыр.

ЖАУАПТЫ ӨНДІРІСТІК-ӨТКІЗУ ТІЗБЕКТЕРІ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНМӘТІН

Өзіміз жұмыс істейтін өңірлердегі қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен әлауқатына жәрдемдесуіміз біздің тікелей қызметіміз бен жұмыс істейтін аумақтардың шеңберінен шығады. Сонымен қатар, біз мердігерлеріміз, өнім берушілеріміз бен саладағы басқа да компаниялар арасында жауапты жүріс-тұрысты ынталандыруға және өнімдерімізді сатып алушылар мен тұтынушыларға олардың теріс экологиялық, әлеуметтік немесе басқарушылық салдарға алып келмейтін жауапты түрде өндірілгеніне кепілдік беруге ұмтыламыз.

Релевантты БҰҰ ОДМ

🔗 БҰҰ ОДМ тиісті міндеттері **100-бетте** ұсынылған



Біз жеткізілімдер тізбегімізді жауапты басқаруды қамтамасыз етуге ұмтыламыз. Бұдан басқа, біз үшін кейінгі қайта бөліністерге қатысушыларға біздің өнімдеріміз бен саладағы басқа компаниялар өнімдерінің шығу тегі туралы ақпарат беру маңызды. ҚДР-де өндірілетін кобальтқа қатысты ғана емес, сондай-ақ, көбінесе, өнімдеріміздің басқа да түрлеріне қатысты тиісті талаптар қойылады.

БІЗДІҢ ЖОБАЛАРЫМЫЗ БЕН БАСТАМАЛАРЫМЫЗ

Жеткізілімдердің тізбегін жауапты басқару

ERG өнім жеткізушілерінің тәртіп кодексі

2022 жылы Топтың жеткізушілері арасында ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексін енгізудің бірінші кезеңі аяқталды. Бұл бағыттағы жұмыс Кодексті негізгі жеткізушілерге жіберуді, оның ережелерін жасалатын шарттардың талаптарына енгізуді және шарт жасасар алдында жеткізушілерге кешенді тексеру жүргізу кезінде Кодекстің талаптарын ескеруді қамтыды. Сонымен қатар, біз Metalkol-дан бөлек, ҚДР-дегі басқа кәсіпорындарды оған қоса отырып, негізгі жеткізушілер үшін тиісті оқыту мен аудиттердің қамтуын кеңейттік, сондай-ақ Қазақстан мен Бразилиядағы жеткізушілер үшін осыған ұқсас оқытуды өткізуді бастадық.

ERG жеткізушілері Кодекстің талаптарын сақтауға, сондай-ақ өздерінің қосалқы мердігерлерінің оларды сақтауын қамтамасыз етуге міндетті. Кодексте регламенттелетін негізгі аспектілер еңбекті қорғау мен өндірістік қауіпсіздікті, парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды, сондай-ақ адам құқықтарын қамтиды.

Бұл бағыттағы қызмет кешенді ККТ процесіне, сондай-ақ әзірленіп жатқан TPRM бағдарламасына (72-бет) сүйенеді.

🔗 Толығырақ ақпарат eurasianresources.ru сайтында ұсынылған.

Қазхромға «Жауапты хром өндірушісі» мәртебесінің берілуі

2021 және 2022 жылдары Хром өндірушілердің халықаралық қауымдастығы (ICDA) Қазхромға бұл кәсіпорын өндірістің жауапты және орнықты әдістерін қолданатынын мойындау белгісі ретінде «Жауапты хром өндірушісі» мәртебесін берді. 2022 жылғы маусымда Қазхром ең жоғары баға алған қара металлургия кәсіпорындарының ең үздік 1%-ына кіріп, EcoVadis Платина медалін алды (бұрын бұл кәсіпорын EcoVadis күміс медалін алған).



Қазақстанда іске асырылатын қосымша іс-шаралар

ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексі Қазақстанда сақталатын жеткізілімдер тізбегін жауапты басқару практикаларына қосымша ретінде қызмет етеді. Оның талаптары шарт жасасар алдында өнім берушілер мен мердігерлерді құқықтық мәртебесі, қаржылық өміршеңдігі және заңнамалық талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бағалауды, сондай-ақ кеңейтілген контрагенттерді кешенді тексеруден (ККТ) өтуді көздейді. Бұдан басқа, Қазақстандағы өндірістік алаңдарда жұмыс істейтін өнім берушілер мен мердігерлерге қатысты:

- Шарттарға заңнаманың талаптарынан асатын өндірістік қауіпсіздік және экология саласындағы талаптар енгізіледі;
- Өздерін бұзғаны үшін белгіленген мөлшерде айыппұлдар алынатын қауіпсіздік талаптарының сақталуын алдын ала бағалау жүргізіледі;
- Тәуекел деңгейі жоғары жұмыстарды орындайтын мердігерлермен жасалатын шарттар қосымша қадағалау және бақылау шараларын көздейді.

2022 жылы ERG-дің негізгі жеткізушілерімен жасалған шарттарға орнықты даму саласындағы қосымша талаптар, оның ішінде парниктік газдардың шығарындылары бойынша деректерді ұсыну туралы талап та енгізілді.

Африкадағы ұлттық және өңірлік өнім берушілермен жұмыс

Африкадағы кейбір өнім берушілеріміз Топ белгілеген стандарттардан асатын жоғары тәуекел деңгейімен ерекшеленеді. Олардың қатарына жергілікті тұрғындарды немесе азаматтарды жалдайтын, қауіпті материалдарды тасымалдауды жүзеге асыратын, еңбек брокерлерінің қызметтерін пайдаланатын немесе күзет қызметтерін көрсететін ҚДР-дегі, ОАР мен Замбиядағы компаниялар кіреді. Осы компанияларға қатысты жоғарыда сипатталған өнім берушілер аудитінің процестері, сондай-ақ шарттарға енгізілетін қосымша талаптар қолданылады.

Жергілікті қызмет жағдайларын, сондай-ақ 2018 жылғы ҚДР Жер қойнауын пайдалану туралы кодексіне (67-бет) белгіленген жергілікті қамтуға қатысты талаптарды ескере отырып, біз осы елдердегі жеткізушілермен олардың біздің талаптарымызға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін сындарлы ынтымақтастықты жүзеге асырамыз.

1 Жеткізушілердің жұрыс-тұрыс кодексі жанжал аймақтарынан және ЭЫДҰ-ның жоғары тәуекел аудандарынан пайдалы қазбаларды жеткізу тізбегін жауапты басқару үшін тиісті байқампаздықтың басшылық қағидаттарын (ЭЫДҰ-ның тиісті байқампаздықтың басшылық қағидаттары) ескере отырып әзірленді.

Кобальт пен мыстың өндірістік-өткізу тізбектерінің сенімділігін қамтамасыз ету

Клиенттеріміз кәсіпорындарымызда өндірілген кобальт пен мысты сенімді түрде сатып алу үшін бірқатар бастамаларды іске асырамыз. (төменде қараңыз).

«Таза кобальт пен мыс» бағдарламасы және Минералды ресурстардың жауапты шығу тегін қамтамасыз ету процесі (RMAP)

«Таза кобальт пен мыс» бағдарламасы ЭЫДҰ Тиісті сақтықтың басшылық қағидаттарының талаптарын сақтауды ғана емес, сондай-ақ асып кетуді де көздейді. Бұл біздің кәсіпорындарымыздың жанындағы жергілікті халықтың өмір сүру жағдайын жақсартуда маңызды рөл атқарады. 2022 жылы бағдарлама оның қамтуына Metalkol кәсіпорнын ғана емес, сондай-ақ ҚДР-дегі барлық өндірістік активтерімізді де қоса отырып жаңартылды.

Бағдарлама RMAP RMI процесінен өту жөніндегі міндеттемелерді көздейді. Бұл ЭЫДҰ Тиісті сақтықтың басшылық қағидаттарының талаптарына, сондай-ақ ЕО мен АҚШ-тың жанжалды минералдарға¹ қатысты нормативтік талаптарына сәйкес әзірленген тиісті RMI стандарттарының сақталуын көрсетуге мүмкіндік береді. Metalkol кәсіпорнында RMAP процесінің алғашқы аудиті 2022 жылдың басында аяқталды. Оның нәтижелері бойынша

кәсіпорын қызметінің тиісті RMI стандарттарының талаптарына сәйкес келетіні анықталды. 2023 жылы бұл сәйкестікті растау алынды (80-бет).

📌 RMAP Процесі туралы толығырақ ақпарат responsiblemineralsinitiative.org сайтында ұсынылған.

Бұған дейін, 2022 жылғы шілдеде Metalkol-дың «Таза кобальт пен мыс» бағдарламасының қағидаттарына сәйкестігі туралы екінші Есеп жарияланды. PwC компаниясы Есепті тәуелсіз куәландыруды жүргізді, оның қорытындысы бойынша Metalkol кәсіпорнының онда мәлімделген қағидаттарды сақтауы расталды. Metalkol-дің «Таза кобальт және мыс» бағдарламасының принциптеріне сәйкестігі туралы үшінші Есеп және оның тәуелсіз сенімділігі туралы қорытынды 2023 жылдың маусымында жарияланды.

📌 Толығырақ ақпарат келесі сілтемелер бойынша берілген: *«Таза кобальт және мыс» бағдарламасы, 2022 жылғы «Таза кобальт және мыс» бағдарламасының қағидаттарына сәйкестігі туралы есеп және тәуелсіз куәландыру нәтижелері бойынша қорытынды, 2023 жылғы «Таза кобальт және мыс» бағдарламасының қағидаттарына сәйкестігі туралы есеп және тәуелсіз куәландыру нәтижелері бойынша қорытынды.*



Өндірістік-өткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде кепілдіктер беру мақсатында басқа ұйымдармен ынтымақтастық Аккумуляторлық батареялар секторына арналған жаһандық альянс

Аккумуляторлық батареялар секторына арналған жаһандық альянсқа BASF және Tesla сияқты компанияларды, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам ұйымдарын қоса алғанда, 135-тен астам ұйым кіреді. Оларды аккумуляторлық батареялардың өндірістік-өткізу тізбегінің барлық кезеңдерін, олардың ашықтығын және орнықты даму қағидаттарына сәйкестігін қадағалау мүмкіндігін қамтамасыз ету деген ортақ мақсат біріктіреді (78-бет). ERG GBA негізін қалаушылардың бірі болып табылады, ал GBA Байқаушы кеңесінің Тең төрағасы лауазымын ERG Бас атқарушы директоры атқарады.

GBA флагмандық жобасы Аккумуляторлық батареялар паспорты болып табылады. Бұл орнықты даму қағидаттарына сәйкес келетін аккумуляторлық батареяларды кешенді айқындау негізінде ESG негізгі көрсеткіштері мен бүкіл өмірлік цикл бойынша өнімнің параметрлері бойынша ақпаратты ұсынатын цифрлық құрал.

GBA ортақ мақсаттарға жету үшін басқа да ұйымдармен ынтымақтастық жасайды. Олардың қатарына мыналар кіреді:

- Battery Pass жобасы;
 - Парниктік газдар шығарындылары нөлдік деңгейдегі автомобильдерге көшу жөніндегі кеңес (ZEVTC);
 - Орнықты нарықтар жөніндегі бастама;
 - Catena-X.
- 📌 Толығырақ ақпарат thebattery.pass.eu, zevtc.org, sustainable-markets.org және catena-x.net сайттарында ұсынылған.



GBA аккумуляторлық батареялар паспорты – өндірістік-өткізу тізбегінің барлық буындарын ұсынатын стейкхолдерлер әзірлейтін алғашқы және жалғыз паспорт. Бұл оны аккумуляторлық батареялар секторының айқындығын арттыру процесінің флагманы етеді.

Бенедикт Сobotка

Eurasian Resources Group Бас атқарушы директоры

¹ Жанжалды минералдар туралы регламентті (ЕО) 2017/821 және Уолл-стритті реформалау және тұтынушыларды қорғау туралы Заңның (Додд – Франк Заңы) 1502-бөлімін қоса алғанда.

Аккумуляторлық батареялардың паспортын әзірлеу

2022 жылы Аккумуляторлық батареялардың паспортын пилоттық енгізу басталды, ол физикалық аккумулятордың цифрлық егізін құруды көздейді және оның шығу тегі, өндірісі және ESG-көрсеткіштері туралы ақпаратты қамтиды. Бұл жаңашыл бастама шеңберінде ReSource инновациялық блокчейн-тұғырнамасы қолданылады (29-бет).

Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форум аясында 2023 жылдың басында сәтті пилоттық іске қосудан кейін Аккумуляторлық батареялардың паспорты тұжырымдамасын тексеруге бастамашылық жасалды. Бұл айқындықты арттыру және аккумуляторлық батареялар өмірлік циклінің барлық кезеңдерін қадағалау мүмкіндігін қамтамасыз ету бойынша көпжақты жұмыстың жаңа кезеңінің басталуын белгіледі.

ҚАДАҒАЛАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ...

ReSource

ReSource - ERG, Glencore және IXM құрған және тау-кен және өндірістік компанияларды қамтитын бірлескен салалық жоба. ReSource - аккумуляторлық батарея төлқұжатын енгізудің негізгі шешімдерінің бірі. Ол материалдардың қозғалысын бақылау үшін блокчейн технологиясын, сондай - ақ кен орнынан бастап дайын өнім өндірушіге дейінгі барлық кезеңдерде ESG көрсеткіштерін пайдалануды қарастырады. ReSource шешімі оны енгізу бойынша үш пилоттық жобаның екеуін іске асыру кезінде қолданылды.

Блокчейн

Цифрлық деректердің ағындарын материалдың физикалық қозғалысына байланыстыру үшін блокчейн технологиясын және ақпаратты нөлдік жариялаумен дәлелдеу хаттамаларын пайдалану

Биг-бэгтерді тіркеу

Кобальттың шығу тегі туралы деректердің тұтастығын, биг-бэгтердің қорғалған берілуін, олардың қозғалысын құжаттамалық есепке алу мен бақылауды қамтамасыз ететін тіркеу модульдері

Автоматтандырылған пломбау

Адамның араласуынсыз деректерді автоматтандырылған беруді қамтамасыз ететін пломбау

Материалдық балансты есептеу


Өнімнің қозғалысын қадағалаудың сенімділігін қосымша арттыруға мүмкіндік беретін, қайта өңдеу нәтижесінде алынған кобальт шикізаты мен кобальт өнімдерінің массасын есептеуге арналған алгоритмдер



Ірілеп қайта өңдеу



Ұсақтап қайта өңдеу



Прекурсорларды өндіру



Катодтарды өндіру



Аккумуляторлық элементтерді өндіру



Аккумуляторлық батареяларды өндіру



Электрмобильдерді өндіру



Қайталама пайдалану және/немесе қайта өңдеу

Жоба серіктестеріне Albemarle, CMOС, ERG, Glencore, Kryha, LG Energy Solution, RCS Global, Tesla және Umicore кіреді

...СТАНДАРТТАРДЫ ЕНГІЗУ ЖӘНЕ КЕПІЛДІКТЕРДІ БЕРУ

GBA-дің «Аккумуляторлық батареялардың паспорты» жобасы

2023 жылғы қаңтарда Аккумуляторлық батареялардың паспорты тұжырымдамасын алғашқы пилоттық тексеруге бастамашылық жасалды. Бұл жоба орнықты даму қағидаттарына сәйкес келетін аккумуляторлық батареяларды кешенді айқындау негізінде орнықты даму мен өмірлік циклге қойылатын барлық қолданылатын талаптар туралы ақпарат қамтылған физикалық аккумулятордың цифрлық егізін жасауды көздейді. Ол орнықтылық көрсеткіштерін қоса алғанда, өндірістік циклге барлық қатысушылардың бірқатар аспектілер бойынша сенімді деректерді беруі есебінен аккумуляторлық батареялардың жаһандық өндірістік-өткізу тізбегі ашықтығының жаңа деңгейін қамтамасыз етеді.

Адам құқықтарын сақтау индексі

Мынадай аспектілерді қоса алғанда, адам құқықтарын бұзу тәуекелдерін басқаруға қойылатын тиісті талаптарды қамтиды:

- Саясат;
- Тәуекелдер мен әсерлерді бағалау;
- Тәуекелдерге басымдық беру, оларды болғызбау және азайту;
- Мониторинг және есептілік;
- Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасау;
- Түзету іс-шаралары.

Балалар еңбегін болғызбау индексі

Адам құқықтарын сақтау индексі сияқты, бірақ балалар еңбегіне қатысты дәл сондай кезеңдерді қамтиды. Бұл, атап айтқанда, келесі аспектілерге қатысты талаптарды қамтиды:

- Ең төмен жас;
- Жасын тексеру;
- Балалар еңбегін пайдалану себептерін жою;
- Балалардың құқықтары бойынша оқыту;
- Отбасыларды қолдау шаралары.

Парниктік газдардың шығарындыларын қысқарту саласындағы көрсеткіштерді қолдану жөніндегі басшылық

Литий-ионды аккумуляторлық батареялардың (бүкіл өндірістік цикл бойы) көміртегі ізін салыстырмалы көрсеткіштерін есептеуді қамтамасыз ететін техникалық басшылық

Аккумуляторлық батареялар төлқұжаты бойынша басшылықтар

2022 жылдың соңында GBA «Аккумуляторлық батареялар паспорты» жобасы бойынша үш басшылықты жариялады және балалар еңбегін болғызбау, адам құқықтары және парниктік газдардың шығарындыларын қысқарту саласындағы тиісті бағалау индекстерін іске қосты. Бұл көпжақты бастамаға қатысушылар бірлесіп әзірлеген әлемдегі алғашқы осындай көрсеткіштер жүйесі. Ол балалар еңбегін жоюға және адам құқықтарын қорғауға қосқан үлесі тұрғысынан сандық көрсеткіштерді есептеуге және аккумуляторлық батареялардың өндірістік-өткізу тізбегіндегі компанияларды немесе өнім түрлерін бағалауға, сондай-ақ электромобильдерге арналған литий-ионды аккумуляторлардың өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде парниктік газдардың шығарындыларын есептеу мен қадағалауға арналған.

Аккумуляторлық батареялар паспорты тұжырымдамасын іске қосу және ойдағыдай тексеру

2023 жылғы қаңтарда GBA Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форумның жыл сайынғы отырысында Аккумуляторлық батареялар паспортын ұсынды. Бұл Аккумуляторлық батареялар паспортын енгізу бойынша үш пилоттық жобаны қамтыды, олардың барысында Audi және Tesla компаниялары, сондай-ақ өндірістік-өткізу тізбегі шеңберіндегі олардың серіктестері мынадай аспектілер бойынша деректердің мысалдарын ұсынды:

- Аккумуляторлардың техникалық сипаттамалары;
- Шикізаттың шығу тегі;

- Мынадай көрсеткіштер бойынша деректерді (жоғарыда аталған басшылықтардың талаптарына сәйкес) ішінара ашуды қоса алғанда, орнықты даму саласындағы негізгі тиімділік көрсеткіштері:

- Аккумуляторлық батареяның көміртегі ізі;
- Аккумулятор батареясына және оны өндіру кезінде пайдаланылған материалдарға қатысты балалар еңбегін пайдалануды болғызбау және адам құқықтарын қорғау жөніндегі қызметтің көрсеткіштері;
- Өндірістік-өткізу тізбегінің әртүрлі кезеңдерінде деректерді жинау туралы ақпарат.

Үш пилоттық жобаның екеуін іске асыру кезінде ReSource блокчейн-тұғырнамасы қолданылды, ол кен орнынан бастап электромобильге дейінгі барлық кезеңдерде шикізаттың қозғалысын қадағалауға мүмкіндік береді. Аккумуляторлық батареялар паспортын енгізу жөніндегі пилоттық жобалардың нәтижелері globalbattery.org сайтында ұсынылған.

Пилоттық жобалар барысында қалайша Аккумуляторлық батареялар паспортының сатып алушыларға сатып алу туралы негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретіні және келешекте өнім берушілерді таңдауға, қайта өңдеу мен өндіруге қатысты орнықты көзқарастарды қалыптастыруға ықпал ететіні көрнекі түрде көрсетілді. Бұл ретте Аккумуляторлық батареялар паспорты 2026 жылдан бастап «аккумуляторлық батареялардың цифрлық паспорттарын» міндетті түрде қолдануды көздейтін аккумуляторлық батареялар туралы ЕО жаңа регламентінің талаптарына сай келеді. Бұл талаптар GBA жұмысының нәтижелерін ескере отырып әзірленген¹.

- Толығырақ ақпарат globalbattery.org, eurasianresources.lu (тұжырымдаманы іске қосу және тексеру), eurasianresources.lu және re-source.tech сайттарында ұсынылған.



Артельдік және шағын ауқымды кобальт өндіруді басқаруға қатысты көзқарас

2020-2022 жылдары GBA ҚДР-де жауапты артельдік және шағын ауқымды кобальт өндіруге қойылатын бірыңғай халықаралық талаптарды айқындайтын Артельдік және шағын ауқымды кобальт өндіруді басқаруға қатысты көзқарасты әзірлеуге жердем көрсетті². Бұл бастаманың мақсаттары артельдік және шағын ауқымды өндіруді заңдастыру бойынша ҚДР-де жүргізіліп жатқан жұмысқа жәрдемдесуді қамтыды.

2022 жылғы наурызда GBA Көзқарасты енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыру және ҚДР-де

(ҚДР Үкіметінің қолдауымен) тиісті пилоттық жобаларды іске асыруды бастау мақсатында RMI-ға қатысушылармен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Сонымен бірге, GBA тұйық цикл экономикасы пайдалы қазбалардың жауапты және орнықты өндірістік-өткізу тізбектерін, сондай-ақ аккумуляторлық батареялардың өндірістік-өткізу тізбектерін қалыптастыру жөніндегі жұмысты осы бастамаға қоса отырып, оның қамтуын кеңейтеді.

- Толығырақ ақпарат responsiblemineralsinitiative.org сайтында ұсынылған.

1 Толығырақ europarl.europa.eu.

2 Стейкхолдерлердің кең тобының қатысуымен іске асырылатын бұл бастама бұрын RMI жүргізген жұмыстың нәтижелеріне сүйенеді және Fair Cobalt Alliance (FCA) бірлестігінің негізін қалаушылар бастаған артельдік және шағын ауқымды кобальт өндіруге қатысты көзқарастың жобасын әзірлеуді жалғастыруды көздейді. Бұл жұмыстың нәтижелері кері байланысты алу

мақсатында RMI мен «Кобальт өнеркәсібіндегі серіктестік» (CAP) бастамасына қатысушылардың қарауына ұсынылды. Содан кейін RMI және CAP қатысушылары ҚДР мен әлемнің басқа да елдеріндегі негізгі стейкхолдерлермен кіріспе кеңестер, осы көзқарастың ҚДР-дің тиісті стандарттары мен заңнамасының, сондай-ақ артельдік және шағын ауқымды өндіруді реттейтін басқа да стандарттардың талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізді және негізгі стейкхолдерлерден алынған кері байланысты ескере отырып, оған түзетулер енгізді.

Алюминийдің өндірістік-өткізу тізбегінің сенімділігін қамтамасыз ету

ҚЭЗ алюминий өнімдері Лондон металдар биржасының (LME) «бекітілген брендтер» тізіміне енгізілген және оған өнім берушілерді таңдауға қатысты LME Жауапты көзқарасының талаптары қолданылады. Алюминий жеткізілімдерінің тізбегінде пайдаланылатын бүкіл шикізатты біздің меншікті кәсіпорындарымыз өндіреді. Бұл ERG-ге оның шығу тегін қадағалап отыру мақсатында қадағалау мен бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Дегенмен, өндірістік-өткізу тізбектеріміздің сенімділігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс шеңберінде біз «Алюминийді жауапты өндіру» бағдарламасын іске асырамыз. Ол адам құқықтарына, іскерлік әдепке, өндірістік қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғауға байланысты тәуекелдерді басқаруды халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асыратынымызды және өнім берушілерді таңдауға қатысты LME Жауапты көзқарасының талаптарын сақтайтынымызды көрсетуге мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, бұл бағдарламада адам құқықтарын сақтау және ЭЫДҰ Тиісті сақтықтың басшылық қағидаттарының талаптарына сәйкес алюминийдің орнықты өндірісін қамтамасыз ету жөніндегі ERG міндеттемелері бекітілген. Оның негізгі элементтері мыналарды қамтиды:

- ККТ процесі қақтығыс аймақтары мен жоғары тәуекел аудандарын (CAHRA) талдау қағидаттарын қамтиды (72-бет);
- Сыбайлас жемқорлық жағдайлары, санкциялар және өзге де проблемалар анықталған кезде тәуекелдерді Қосымша бағалау;

- ERG өндірістік алаңдарында жұмыс істейтін өнім берушілерге/мердігерлерге қатысты заңнаманың талаптарынан асатын өндірістік қауіпсіздік және экология саласындағы талаптарды қолдану;
- Тәуелсіз куәландыру.

Болашақта ERG басқа да өнім бағыттарын осы бағдарламаға қоса отырып, оның қамтуын кеңейту жоспарланып отыр.

🔗 Толығырақ ақпарат erg.kz және eurasianresources.lu сайттарында ұсынылған.

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

2022 жылы Топтың кәсіпорындарында 24 мыңнан астам ККТ жүргізілді (2021 жыл: 17 мыңнан астам). Комплаенс-тәуекелдер анықталған жағдайда, шарт жасасудан бас тартуды және (немесе) қолданыстағы шарттарды бұзуды қоса алғанда, тиісті бақылау шаралары қабылданды.

Metalkol кәсіпорнына қатысты мынадай іс-шаралар іске асырылды (тәуелсіз куәландырумен «Таза кобальт пен мыс» бағдарламасының қағидаттарына сәйкестігі туралы екінші Есепті жариялауға қосымша – 77-бет):

- 2022 жылғы тамызда RMI Metalkol қызметі кобальт өндірушілерін кешенді тексеру бойынша RMAP Стандартының (2018 жылғы) және мыс, қорғасын, никель және мырыш қосылыстарын өндірушілерді кешенді тексеру бойынша RMAP Бірлескен стандарты (2021 жылғы) тиісті бөлімдерінің талаптарына сәйкес келетінін анықтады.

Бұрын, 2022 жылдың басында кәсіпорында RMAP процесінің шеңберінде алғашқы аудит жүргізілді, сондай-ақ Топтың есептілігі мен CAHRA рәсімін¹ енгізуге байланысты кейбір мәселелерді шешу мақсатында шаралар қабылданды. RMAP процесі шеңберіндегі екінші аудиттің қорытындысы бойынша қосымша ескертпелер болған жоқ және 2023 жылғы наурызда кәсіпорынның RMAP талаптарына сәйкестігінің жаңа растамасы алынды;

- Кәсіпорында орнықты дамудың бірқатар өлшемшарттары бойынша клиенттердің талаптарына сәйкестіктің бірнеше аудиті (оның ішінде бірқатар ірі автомобиль компаниялары атынан екінші тараптың көшпелі аудиті) жүргізілді. Осы аудиттердің қорытындысы бойынша елеулі проблемалар анықталған жоқ.

2023 жылы Metalkol-дың «Таза кобальт пен мыс» бағдарламасының қағидаттарына сәйкестігі туралы үшінші Есеп жарияланды және оны тәуелсіз куәландыру жүргізілді (77-бет). Бұдан басқа, өнім берушілерді таңдауға қатысты LME Жауапты көзқарасының талаптарына сәйкес ҚЭЗ кәсіпорнының алюминийіне қатысты тәуекелдерді Бағалау нәтижелері бойынша есеп дайындалды. 2023 жылғы маусымда осы талаптарға сәйкестіктің ақылға қонымды сенімділігін қамтамасыз ететін есепті сыртқы куәландыру алынды.

АЛДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

2023 жылы және одан әрі біз GBA Аккумуляторлық батареялар паспортын әзірлеу мен енгізуде, сондай-ақ қосымша көрсеткіштерді әзірлеуде жетекші рөл атқаруды жалғастыруды жоспарлап отырмыз. Біздің кәсіпорындарымызда біз Frontier және Comide кәсіпорындарында RMAP талаптарын енгізуге дайындалуды жоспарлап отырмыз.

Бұдан басқа, біз ERG өнім жеткізушілерінің тәртіп кодексін және кеңейтілген ККТ процесін енгізуді қоса алғанда, жеткізілімдер тізбектерімізді басқаруға қатысты жауапты көзқарасты енгізу жөніндегі жұмысты жалғастырамыз.

1 Бұл рәсім 2021 жылы енгізілді. Ол қақтығыс аймақтарын және жоғары тәуекел аудандарын айқындауды көздейді және сол арқылы жеткізілімдер тізбегінің алдыңғы және кейінгі кезеңдеріндегі тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз етеді.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӘНЕ ЗАҢНАМА

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНМӘТІН

Біз өзара іс-қимыл жасайтын үкіметтер мен мемлекеттік мекемелер біздің неғұрлым маңызды стейкхолдерлеріміздің бірі болып табылады. Бұл олардың мемлекеттік саясат, заңнама және реттеу арқылы қызметімізге іс жүзінде немесе әлеуетті әсер етуіне негізделген. Қазақстан Республикасының Үкіметі ERG акцияларының 40%-ын иеленеді және Топтың ерекше маңызды стейкхолдері болып табылады. Біз өз қызметімізді жүргізетін елдердің үкіметтері біздің ең маңызды стейкхолдерлеріміздің бірі болып табылады. Бұл олардың мемлекеттік саясат, заңнама және реттеу арқылы қызметімізге іс жүзінде немесе әлеуетті әсер етуіне негізделген. Қазақстан Республикасының Үкіметі Топтың аса маңызды стейкхолдері болып табылады, өйткені ол ERG акцияларының 40%-ын иеленеді.

Релевантты БҰҰ ОДМ

🔗 БҰҰ ОДМ тиісті міндеттері **100-бетте** ұсынылған



ERG жұмыс істейтін елдер мен басқа да елдердің үкіметтерімен қарым-қатынаста бизнесті әдепті жүргізудің жоғары қағидаттарын ұстанады. Сонымен қатар, біз Топ жұмыс істейтін елдердің үкіметтері айқындаған әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін қоса алғанда, олардың мемлекеттік саясатының заңды басымдықтарын іске асыруға жәрдемдесу үшін мүмкіндіктер туралы анағұрлым нақты түсінік алу үшін олармен белсенді түрде өзара іс-қимыл жасаймыз.

БІЗДІҢ ЖОБАЛАРЫМЫЗ БЕН БАСТАМАЛАРЫМЫЗ

Қазақстан Республикасының Үкіметімен өзара қарым- қатынастар

Қазақстан Республикасының Үкіметі ERG акцияларының 40%-ын иеленеді. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың Менеджерлер кеңесінің құрамына Үкіметтің келесі өкілдері кірді¹:

- Ерұлан Жамаубаев мырза – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі;
- Серік Жұманғарин мырза – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі.

Бұдан басқа, Топ қызметінің ауқымына, оның экономикадағы рөліне, өңірлік қатысу географиясы мен жергілікті қоғамдастықтарға салынған әлеуметтік инвестициялардың көлеміне байланысты, ERG Қазақстанда жергілікті және ұлттық деңгейде стратегиялық маңызды әлеуметтік-экономикалық рөл атқарады.

Біз Үкіметпен белсенді өзара іс-қимыл жасаймыз және бұл қызметіміздің мақсаттарына сәйкес келетін жерлерде мемлекеттік стратегияны іске асыруға жәрдем көрсетеміз. Қазақстан Республикасының Үкіметі елдің экономикалық дамуы, халықтың өмір сүру

деңгейін арттыру және әлеуметтік үйлесімділікті қамтамасыз ету сияқты мәселелерге елеулі көңіл бөледі. Бұл экономиканы әртараптандыру, цифрландыру, кәсіпкерлікті қолдау, кадрлық әлеуетті дамыту, жоғары сапалы жұмыс орындарын құру, мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және өңірлерді дамыту сияқты міндеттерді шешуді көздейді.

Бұл тұрғыда біз Қазақстан қоғамы үшін, оның ішінде жұмыс орындарын құру, цифрландыру, әлеуметтік инвестициялар, кәсіптік дағдыларды дамыту және жергілікті өндірушілерден сатып алу арқылы құндылық жасауға бейілміз (xx-бет).

Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылдың негізгі бағыттары 2022 жылы мынадай бағыттарды қамтыды:

- Өзіміз жұмыс істейтін өңірлерде және оның шегінен тыс жерлерде, оның ішінде өңірлік атқарушы билік органдарымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар жасау арқылы әлеуметтік-экономикалық дамуға жәрдемдесу (47-бет);
- Экономикалық өсуді қамтамасыз ету және халықтың әлеуетін дамыту, оның ішінде цифрлық инновацияларды енгізуге жәрдемдесу (28-бет), кәсіпкерлікті қолдау (47-бет) және жергілікті өндірушілерді дамыту (66-бет), сондай-ақ кәсіби біліктілікті арттыру (35-бет) арқылы экономикалық өсуді қамтамасыз ету және халықтың әлеуетін дамыту;
- Металдарға әлемдік бағалар мен инвестицияларды тарту жөніндегі іс-шаралар жағдайында тау-кен металлургия саласындағы салық салу мәселелері.

Бұған қосымша, өзара іс-қимыл мынадай мәселелер бойынша да жүзеге асырылды:

- 2023 жылдың басында бекітілген Төмен көміртекті даму тұжырымдамасын әзірлеу. Тұжырымдаманы іске асыру 2060 жылға қарай елде көміртегі бейтараптығына қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс, бұл жаңартылатын энергетиканы дамытуды қоса

алғанда, Қазақстанда көміртектендіру жөніндегі бастамаларымызды іске асыруға жаңа серпін берді (61-бет);

- Жасыл экономикаға көшу жөніндегі мемлекеттік тұжырымдаманы, Климатының өзгеруі туралы Париж келісімі шеңберінде ел қабылдаған міндеттемелерді, сондай-ақ 2021 жылғы шілдеде күшіне енген жаңа Экология кодексінің талаптарын қолдау және Топ қызметінің олармен келісілуі (56-бет).

Бұдан бөлек, Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстың қазақстандық компаниялар мен тұтастай алғанда, сауда қатынастарына әсерін жұмсарту жөніндегі шараларға байланысты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жалғасуда. Бұл жағдайдың ERG қызметіне әсері туралы толығырақ ақпарат 19-бетте ұсынылған.

Африкадағы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл

ҚДР Үкіметі Gécamines мемлекеттік өндіруші компаниясы арқылы Metalkol, Frontier, Boss Mining және Swanmines кәсіпорындарына тікелей қатысу үлестерін иеленеді. 2022 жылы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылдың негізгі бағыттары мынадай мәселелерді қамтыды:

- Елдегі электр энергиясының тапшылығы мен оның тау-кен өндіру саласына әсерін қоса алғанда, энергетикалық қауіпсіздік;
- 2018 жылғы Жер қойнауын пайдалану туралы кодекстің енгізілуі және оның елдегі инвестицияларға әсері;
- Пайдалы қазбаларды заңсыз артельдік және шағын ауқымды өндіруді болғызбау және Boss Mining-ті қоса алғанда, оның Топ кәсіпорындарының жанында тұратын жергілікті қоғамдастықтарға әсерін азайту жөніндегі шаралар (51-бет);

¹ Осы есеп жарияланған күнге бұл екі өкіл де Директорлар кеңесінің құрамында қалған. Толығырақ ақпарат xx-бетте ұсынылған.

- Жергілікті қоғамдастықтар үшін, оның ішінде кәсіпорындарымыздың Міндеттемелер тізілімдері шеңберінде (23-бет), сондай-ақ мемлекеттік даму бағдарламаларына қатысу арқылы (21-бет) артықшылықтарды қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, 2019 жылы консервацияланған Boss Mining кәсіпорнының жұмысын 2022 жылы қайта бастауға байланысты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жүзеге асырылды. Metalkol және Frontier кәсіпорындарына инвестициялармен қатар, бұл ҚДР-ге инвестиция салуды жалғастыру және сайып келгенде, Топтың Африкадағы бизнесін белсенді дамыту ниетімізді айқын көрсетеді (21-бет).

2023 жылғы маусымда ҚДР Тау-кен өндіру өнеркәсібі министрлігі Boss Mining-ке жергілікті су тасқынынан кейін қызметін уақытша тоқтата тұру нұсқама берді. ERG бұл шешімге шағым жасады; осы есепті жасау кезіне Министрліктен жауап күтілуде. Толығырақ ақпарат 44-бетте ұсынылған.

Бразилиядағы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл

Бразилиядағы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл, негізінен, муниципалитеттер (мэрлер мен жергілікті әкімшіліктің өкілдерін қоса алғанда) деңгейінде жүзеге асырылады. Бұл бізге қызметіміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси мәнмәні туралы, сондай-ақ FIOL 1 теміржолын салуды қоса алғанда, BAMIN кәсіпорнының қызметін жоспарланып отырған кеңейтуге байланысты әсерлер, тәуекелдер мен мүмкіндіктер туралы анағұрлым нақты түсінік алуға мүмкіндік береді. Сонымен бір мезгілде біз штаттар деңгейінде және федералдық деңгейде уәкілетті лауазымды адамдармен және ведомстволармен өзара іс-қимыл жасаймыз. Бұл өзіміз жұмыс істейтін өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесуге, орнықты даму саласындағы міндеттемелерімізді орындауға және темір кенін өндіруді, тасымалдау мен экспорттауды жүзеге асыратын әлемдік деңгейдегі кәсіпорын құруға деген ұмтылысымызды көрсетеді.

2022 жылғы қазанда федералдық сайлау және Бразилия штаттарының заң шығарушы органдарына сайлау өткізілгеннен кейін біз олардың BAMIN қызметіне әлеуетті әсері туралы анағұрлым нақты түсінік алу үшін саясат пен нормативтік-құқықтық реттеудегі өзгерістерді де қадағалаймыз.

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Корпоративтік тәртіп кодексінің ережелеріне сәйкес, ERG Менеджерлер кеңесімен келісу бойынша айрықша жағдайлардан басқа, ERG тікелей немесе жанама түрде саяси мақсаттарға жарналарды жүзеге асырмайды. Саяси мақсаттарға кез келген жарналарды жүзеге асыру ERG ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне және қолданылатын заңнамаға сәйкес келісуге жатады. 2022 жылы ERG саяси партияларға қаржылық немесе материалдық қолдау көрсетпеді.

Топ әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметімен және өңірлік атқарушы билік органдарымен ынтымақтастық жасайды. Бұл заңнамада және (немесе) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда көзделген міндеттемелерді орындауды, сондай-ақ бизнесіміздің мүдделерін ескере отырып, Үкіметтің саясатын іске асыруға ықпал ететін жобаларға ерікті қатысуды қамтиды.

Бұл ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

- Өңірлік атқарушы билік органдармен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар шеңберінде жергілікті қоғамдастықтардың дамуына жәрдемдесу (47-бет);
- Топ жұмыс істейтін өңірлерді дамытуға міндетті инвестициялар.

ҚДР-де біз 2018 жылғы Жер қойнауын пайдалану туралы кодекстің талаптарына сәйкес жергілікті қоғамдастықтарды дамыту жөніндегі жобаларды іске асырамыз (51-бет).



АЛДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

Біз қоғам үшін құндылықты жасау (11-бет) және экология саласындағы алға қойылған ұлттық міндеттерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметімен өзара іс-қимылды жалғастырамыз. Бұл ұлттық даму мәселелерін шешуге қолдау көрсетуді де қамтиды.

ҚДР-де біз елдегі қатысуымызды кеңейту және жергілікті халық үшін артықшылықтарды жасау үшін мүмкіндікті қарау мақсатында Үкіметпен ынтымақтастық жасауды жалғастырамыз. Бұл ретте пайдалы қазбаларды артельдік және шағын ауқымды өндіруді заңдастыру мәселелеріне ерекше назар аударылатын болады.

Бразилияда BAMIN кәсіпорнының дамуын қамтамасыз ету және ERG-дің, жергілікті қоғамдастықтар мен тұтастай алғанда, Баия штаты экономикасының мүддесінде оның әлеуетін толық ашу үшін муниципалитеттермен, Баия штатымен және жаңа федералдық үкіметпен қарым-қатынас орнату жөніндегі жұмыс жалғасады.

ҚОСЫМША

Корпоративтік басқару, оның құрылымы және тәуекел-менеджмент

Біз ұзақ мерзімді перспективада бизнесіміздің орнықтылығын арттыруға бағытталған оны қайта құру жөніндегі жұмысты бастадық. Сіздің назарыңызды бұл бөлімде 2022 жылғы жағдай бойынша компанияның тиісті құрылымдары туралы ақпараттың ұсынылғанына аударамыз.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ


ERG акционерлері Менеджерлер кеңесін тағайындайды, қаржылық нәтижелерді бақылайды және акционерлерге бекітілген белгілі бір мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

Менеджерлер кеңесі бес мүшеден тұрады:

- Александр Антонович Машкевич (акционер-құрылтайшы);
- Патох Каюмович Шодиев (акционер-құрылтайшы);
- Шухран Алиджанович Ибрагимов (2021 жылы Менеджерлер кеңесінің мүшесі болып тағайындалды);
- Ерұлан Кенжебекұлы Жамаубаев (2022 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі);
- Серік Мақашұлы Жұманғарин (2022 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі)².

Менеджерлер кеңесі Топтың стратегиясын айқындайды және іске асырады, Топтың Атқарушы директоры мен негізгі басшыларын тағайындайды, сондай-ақ қызметтің негізгі мәселелерін қарайды. Менеджерлер кеңесі Топтың бизнесті әдепті жүргізудің жоғары стандарттарына сәйкестігін, сондай-ақ ERG өз қызметін жүзеге асыратын жерлерде оның

Топтың корпоративтік басқару құрылымы



жергілікті және халықаралық заңнаманы сақтауын бақылайды. Менеджерлер кеңесі ERG корпоративтік жүріс-тұрыс кодексін және Топтың комплаенс саласындағы саясаттарын бекітті.

Менеджерлер кеңесі басқарудың негізгі салаларында оның функцияларын жүзеге асыруды қолдау үшін төрт комитетті құрды. Менеджерлер кеңесінің жанындағы барлық комитеттер өздерінің міндеттері мен өкілеттігі

саласы егжей-тегжейлі сипатталатын нақты айқындалған ережелер негізінде жұмыс істейді:

- **Комплаенс жөніндегі комитет:** Топтың комплаенс-жүйелерін, саясаттары мен бақылауларын қарау, қадағалау және бекіту, сондай-ақ Топтың комплаенс-бөлімшесінің тиімділігін мониторингтеу үшін жауап береді;
- **Сыйақылар жөніндегі комитет:** ERG жоғары буын басшыларының сыйақыларын мониторингтеу және Топтың сыйақы беру жүйесін мониторингтеу үшін жауап береді;

- **Орнықты даму және біріктіру мен сіңіру (M&A) жөніндегі комитет:** контрагенттерді кешенді тексеруді, тәуекелдерді бағалау мен азайтуды, жобаларды құрылымдау мен іске асыруды, сатып алғаннан кейін интеграциялауды, сондай-ақ Топтың бизнесін трансформациялауды және оның орнықтылығын қамтамасыз етуді қоса алғанда, M&A саласындағы қызметті мониторингтеу үшін жауап береді;

1 Ерұлан Кенжебекұлы Жамаубаев 2022 жылдың басында Бейбіт Бәкірұлы Атамқұлов қызметінен кеткеннен кейін Менеджерлер кеңесінің мүшесі болып тағайындалды.

2 Серік Мақашұлы Жұманғарин 2022 жылдың соңында Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтанов қызметінен кеткеннен кейін Менеджерлер кеңесінің мүшесі болып тағайындалды.

ҚОСЫМША жалғасы

- **Аудит жөніндегі комитет:** ERG қаржылық есептілігінің тұтастығын, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды, ішкі аудит функциясының тиімділігін мониторингтеу және сыртқы аудиторларды тарту үшін жауап береді.

Атқарушы комитет

Атқарушы комитет (бұдан әрі – Комитет) Топ деңгейінде корпоративтік басқару мақсаттары үшін құрылған алқалы басқару органы болып табылады. Комитетке өз қызыретіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдауға уәкілеттік берілген; сонымен қатар, ол Топтың қызметіне қатысты мәселелер бойынша консультациялар мен ұсынымдар береді. Комитеттің шешімдері, консультациялары мен ұсынымдары Топтың қызметін үйлестіру және Топтың жекелеген компанияларының басқару органдарына шешім қабылдауға жәрдемдесу үшін қажет.

Комитеттің стратегиялық функциясы мыналардан тұрады:

- Топ қызметінің жалпы тиімділігін бақылауды жүзеге асыру;
- Менеджерлер кеңесі бекіткен мақсаттар мен стратегияға сәйкес әрекет ету;
- Ұзақ мерзімді қаржылық жоспар мен негізгі тиімділік көрсеткіштерін әзірлеу;
- Негізгі процестер және олардың коммуникациясы бойынша стандарттар мен саясаттарды өңірлер деңгейіне енгізу;
- Топтың негізгі міндеттемелер мен міндеттерді орындауы үшін негізгі ресурстарды айқындау және бөлу.

ESG мәселелері жөніндегі комитет

2021 жылы Топтың стратегиясы мен шешім қабылдау процестеріне орнықты даму қағидаттарын енгізу үшін жауап беретін ESG мәселелері жөніндегі комитет құрылды. 2022 жылы Комитет 2030 жылға дейінгі стратегиялық ESG-мақсаттарды және Топ қызметінің басым бағыттары бойынша тиісті іс-шаралар жоспарларын әзірлеу жөніндегі жұмысты жалғастырды (12-бет).

2022 жылы Комитет төрт отырыс өткізіп, мынадай мәселелерді қарады:

- Өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы көрсеткіштер;
- Орнықты даму саласындағы корпоративтік есептілік туралы ЕО Директивасының ережелерін қоса алғанда, орнықты даму саласындағы есептілікке қойылатын талаптар;
- ESG-рейтингтердің талаптары;
- Қоршаған ортаны қорғау;
- Энергия тиімділігін арттыру бағдарламалары;
- Өндіріс қалдықтарын қайтадан пайдалану және кәдеге жарату;
- Жасыл қаржыландыруды тарту үшін мүмкіндіктер.

Денсаулық, қауіпсіздік, экология және жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл мәселелерін өңірлік басқару

Қазақстан

ERG-де, өзгелермен қатар, мынадай өңірлік комитеттер құрылды, олардың құрамына өңір деңгейіндегі жоғары буын басшылары мен кәсіпорындардың бас директорлары кіреді:

- Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет;
- Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі комитет;
- Инвестициялық комитет.

Бұл комитеттер:

- Өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы стратегиямызды айқындайды;
- Тиісті саясаттарды, регламенттер мен бастамаларды қарайды;
- Бақылау тетіктерін енгізу және жетілдіру барысы туралы тұрақты есептерді алады.

2022 жылы Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеттің отырыстары өткізілмеді, ал экология саласындағы стратегиялық мәселелерді Топтың ESG мәселелері жөніндегі комитеті қарады. Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі комитет бір отырыс өткізді, еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласындағы мәселелерді де ESG мәселелері жөніндегі комитет қарады.

Африка

Африкада денсаулық, өндірістік қауіпсіздік және орнықты даму (SHS) саласындағы қызметтің нәтижелері туралы есептер ай сайын Ұзақ мерзімді жоспарлау және стратегия жөніндегі өңірлік комитеттің мүшелеріне, кәсіпорындардың бас директорларына, кәсіпорындардың SHS жөніндегі менеджерлеріне, сондай-ақ кейбір жоғары буын менеджерлеріне ұсынылады. Бұл процеске қатысушылар елеулі оқиғалардың себептерін, сондай-ақ оларды болғызбау жөніндегі шараларды қарайды.

Мынадай мәселелерді қарауға ерекше көңіл бөлінеді:

- Оқиғалар; шағымдарды беру және реттеу тетіктері;
- Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер мониторингінің нәтижелері;
- Ішкі/сыртқы аудиттердің нәтижелері негізінде жақсартуларды енгізу және ішкі ESG-мақсаттарға жету жөніндегі жұмыс;
- Жергілікті қоғамдастықтардың қажеттіліктері және әлеуметтік жобаларды іске асыру;
- Артельдік және шағын ауқымды өндірудің мониторингі және тиісті ден қою шаралары;

- Қауіпсіздік пен адам құқықтары саласындағы тәуекелдерді бағалау және стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасау.

ҚДР-дегі кәсіпорындарда жергілікті заңнаманың талаптарына сәйкес Өндірістік қауіпсіздік және еңбек гигиенасы жөніндегі ресми комитет жұмыс істейді.

Бразилия

2022 жылы BMIN кәсіпорнында Орнықты даму жөніндегі комитет құрылды. Комитеттің негізгі міндеті ESG саласындағы қызметтің көрсеткіштерін мониторингтеу және стратегияны әзірлеу, ESG-бағдарламаны іске асыру болып табылады. Бұдан басқа, Комитет тәуекелдерді азайту және елеулілікті бағалау нәтижелері бойынша анықталған мәселелерді басқару жөніндегі шараларды іске асыруға жәрдемдесу мақсатында басшылық пен қадағалауды жүзеге асырады.

ҚОСЫМША жалғасы

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Біздің тәуекелдерді басқару жүйеміз бизнесіміздің орнықтылығы, сондай-ақ мүмкіндіктер үшін әлеуетті қауіптерді анықтау мен түсінуді қамтамасыз етеді. Бұл қызметкерлерімізге, жергілікті қоғамдастықтарға және қоршаған ортаға, сондай-ақ операциялық және стратегиялық мақсаттарымызға жетуге әсер етуі мүмкін ең елеулі орнықты даму мәселелерін қамтиды.

ERG тәуекелдерді басқару саясаты ISO 31000 тәуекелдерді басқарудың халықаралық стандартын ескере отырып әзірленді. Тәуекелдерді бағалау кезінде ISO 31010 стандартына сәйкес ұсынылған әдістер қолданылады. Сонымен қатар, британдық Бизнесінің үздіксіздігі институтының «Озық практикалар бойынша ұсынымдарын», сондай-ақ «Бизнесінің үздіксіздігінің менеджмент жүйелері» атты ISO 22301 халықаралық стандартының талаптарын ескеретін бизнесінің үздіксіздігін басқаруға қатысты көзқарастар қолданылады.

Тәуекелдерді басқару процесі қауіптер мен мүмкіндіктерді тиімді басқаруды қамтамасыз ете отырып, Топтың барлық деңгейлерін қамтиды. Қолданылатын «үш қорғау желісі» моделі тәуекелдерді басқару тиімділігіне және оның саясаттарымызға, стандарттарымыз бен рәсімдерімізге сәйкестігіне қажетті сенімділікті қамтамасыз етеді.

ERG ұшырайтын негізгі тәуекелдердің (ағымдағы және қалдық) әлеуетті әсері мен ықтималдығын бағалау, сондай-ақ тәуекелді төмендету жөніндегі шаралардың тиімділігіне және тиісті бақылау тетіктеріне мониторинг тұрақты түрде жүргізіледі.

ERG ұшырайтын негізгі тәуекелдер төмендегі кестеде ұсынылған. Сонымен қатар, Топқа белгісіз қосымша тәуекелдер және қазіргі уақытта елеулі деп есептелмейтін, бірақ Топтың қызметі мен қаржылық нәтижелеріне әлеуетті түрде әсер етуі мүмкін өзге де тәуекелдер туындауы мүмкін.

НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТӨМЕНДЕТУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ШАРАЛАР

Негізгі тәуекелдер

Саяси тәуекелдер

Біз саяси үрдістердің үнемі өзгеруі және күтпеген тәуекелдерді іске асыру мүмкіндігі тән күрделі сыртқы ортада жұмыс істейміз. Сонымен қатар, геосаяси шиеленіс пен қарулы қақтығыстар біздің негізгі нарықтарымызға, жеткізу маршруттарына, өнім берушілер мен клиенттерге теріс әсер етуі мүмкін.

Реттеушілік және құқықтық тәуекелдер

Өзіміз жұмыс істейтін елдер үкіметтерінің жаңа заңдар мен нормативтік актілерді қабылдауын (немесе қолданыстағыларын өзгертуін) қоса алғанда, қызметіміздің нормативтік мәнмәтініне әсер етіп, бизнесіміз үшін тәуекелдер туғыза алатын бірқатар факторлар бар.

Персоналды басқаруға байланысты тәуекелдер

Шалғай өңірлерде жұмыс істей отырып, ERG білікті персоналға қол жеткізуге және қызметіміз үшін қажетті дағдылары бар персоналды тарту, дамыту және ұстап қалу қабілетіне байланысты тәуекелдерге ұшырайды. Көбі салыстырмалы түрде шалғай өңірлерде тұратын персоналымызға анағұрлым кең әлеуметтік жеңілдіктерді ұсыну қабілетсіздігі таланттар мен дағдыларды жоғалтуға алып келеді және жаңа қызметкерлерді алуды қиындатады.

Тәуекелді төмендету бойынша негізгі шаралар

- Жұмыс істейтін өңірлердегі саяси және макроэкономикалық үрдістерді мониторингтеу және талдау;
- Санкциялар бойынша үнемі ұсынылатын өзекті ақпаратты, сондай-ақ міндеттемелер тізіліміміздің өзектілігін қамтамасыз ету мақсатында оны мұқият мониторингтеу;
- Сыртқы заң консультанттарымен үнемі өзара іс-қимыл жасау.
- Заңнамалық және реттеушілік базадағы әлеуетті өзгерістерді мониторингтеу;
- Қызметкерлеріміз білімінің өзектілігі мен нормативтік ортадағы өзгерістерді түсінудің бірлігін қамтамасыз ету үшін оқыту мен хабардарлықты арттырудың ішкі бағдарламаларын іске асыру;
- Кәсіби ұйымдар/қоғамдастықтар арқылы ERG мүдделерін білдіру;
- Алынған лицензиялар мен рұқсаттарда көзделген міндеттемелердің сақталуын бақылау.
- Персоналдың бәсекеге қабілетті жалақысын қолдау;
- Қажетті дағдыларды қолдап отыру үшін персоналды оқыту және дамыту (35-бет);
- Персоналдың қанағаттануы мен қатысуын үнемі мониторингтеу;
- Жас мамандарды тарту мақсатында жергілікті ЖОО-лармен ынтымақтастықты қолдау, сондай-ақ білім беру мекемелерімен өзара іс-қимыл жасау;
- Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау бағдарламаларын іске асыру (төмендегі «Әлеуметтік тәуекелдер» бөлімін қараңыз).
- Сабақтастықты жоспарлауды қолдану;

ҚОСЫМША жалғасы

Негізгі тәуекелдер

Өндірістік қауіпсіздікке байланысты тәуекелдер

Кәсіпорындарымыздың қызмет профилі мен орналасқан жері келесідей: тиісті бақылау құралдары болмаған кезде қызметкерлеріміздің, мердігерлеріміз бен жергілікті тұрғындардың денсаулығы мен әл-ауқаты тәуекелге ұшырауы мүмкін. Өз кезегінде, бұл реттеуші органдар қабылдайтын ден қою шаралары, қызметкерлердің көңіл күйі, өндірістегі іркілістер және объектілеріміздің физикалық тұтастығы тұрғысынан Топ үшін тәуекелдер туғызуы мүмкін.

Әлеуметтік тәуекелдер

Топтың қызметі өндірістік объектілеріміздің жанында тұратын жергілікті қоғамдастықтарға, оның ішінде адам құқықтары тұрғысынан теріс әсер етуі мүмкін (ERG-дің адам құқықтарын сақтауға қатысты көзқарасының сипаттамасы хх-бетте ұсынылған). Осыған орай, қызметті жүргізуге арналған әлеуметтік лицензияны жоғалту тәуекелі туындайды. Бұдан басқа, көбі салыстырмалы түрде шалғайдағы моноқалаларда тұратын Қазақстандағы қызметкерлерімізге әлеуметтік артықшылықтарды беру жөніндегі міндеттемелерді орындамау білікті персоналдың кетуіне алып келеді және жаңа қызметкерлерді жалдауды қиындатады.

Экологиялық тәуекелдер

Біздің қызметіміз бен процестеріміздің сипаты келесідей: тиісті бақылау құралдары болмаған кезде қоршаған ортаға нұқсан келтірілуі мүмкін. Өз кезегінде, бұл бизнесіміз үшін реттеушілік тәуекелдердің туындауына және қызметті жүргізуге арналған әлеуметтік лицензияны жоғалтуға алып келуі мүмкін.

Климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер

Парниктік газдардың шығарындыларына байланысты және тиісті шараларды қабылдауды талап ететін реттеушілік және нарықтық тәуекелдер туындайды. Бұдан басқа, қолайсыз ауа райы жағдайлары, сондай-ақ төтенше температуралар, су тасқындары және басқа да төтенше ауа райы құбылыстары біздің өндірістік объектілерімізге теріс әсер етуі мүмкін.

Тәуекелді төмендету бойынша негізгі шаралар

- Қазақстанда ISO 45001 стандарты бойынша сертификаттаудан өткен өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйелерін және Африкада ISO 45001 стандартын ескере отырып әзірленген өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйелерін қолдану (31-бет);
- Өндірістік қауіпсіздік саласындағы негізгі тәуекелдерге қатысты нөлдік төзімділік қағидатын іске асыру және оқыту, стандарттарды енгізу және қызметкерлермен өзара іс-қимыл жасау арқылы қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру;

- Өзіміз жұмыс істейтін елдердегі өңірлік экономикалық дамуға жәрдемдесуді қоса алғанда, демеушілік қолдау мен жергілікті қоғамдастықтарға стратегиялық әлеуметтік инвестицияларды ұсыну арқылы жергілікті қоғамдастықтар үшін орнықты ұзақ мерзімді артықшылықтарды қамтамасыз ету (47-бет);
- Міндеттемелер тізілімдерін жасау және КДР-де «Таза кобальт пен мыс» бағдарламасын іске асыру (50-бет);
- Жұмыс істейтін өңірлердегі қоғамдық пікірді мониторингтеу және жергілікті қоғамдастық мүшелерінің шағымдарын қарау тетіктерін қолдану (90-бет);

- Сертификаттаудан өткен және/немесе ISO 14001 стандартына сәйкес келетін басқару жүйелерін енгізу (54-бет);
- Негізгі кәсіпорындарда ауаны сүзгілеу мен сапасын мониторингтеудің озық технологияларын кезең-кезеңімен енгізуді қоса алғанда, ERG Экологиялық стратегиясын енгізу (55-бет);

- Топтың Қазақстандағы кәсіпорындары үшін Климаттың өзгеруіне әсер ету мен бейімделуді басқару жөніндегі жаңа саясатты енгізу;
- Жаңартылатын энергетиканы дамыту жөніндегі жобалардың мүмкіндіктерін зерделеу және оларды іске асыру (61-бет);
- Қазақстандағы кәсіпорындарымызда энергия тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды іске асыру, сондай-ақ Қазақстанда ISO 50001 стандарты бойынша сертификаттаудан өткен энергетикалық менеджмент жүйелерін енгізу (60-бет);

- Қауіптерді сәйкестендіру әдіснамаларын (HAZID) пайдалана отырып, тәуекелдерді бағалау;
- Өндірістік қауіпсіздік жүйелерінің аудиті;
- Өндірістік қауіпсіздік саласындағы нысаналы көрсеткіштерді менеджерлердің НТК жүйесіне интеграциялау;
- Қызметкерлеріміздің денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін тәуекелдерді барынша азайту және COVID-19 жағдайында операциялық қызметтің үздіксіздігін қолдау жөніндегі іс-шаралардың мамандандырылған бағдарламасын іске асыру.

- Қызметкерлер үшін тұрғын үй бағдарламаларын іске асыру, қызметкерлерге әлеуметтік жеңілдіктерді ұсыну және жергілікті қалалық ортаны абаттандыру (47-бет);
- Адам құқықтарын сақтау саясатын қолдану және оны іске асыру жөніндегі іс-шараларды орындау (төменде «Комплаенс және корпоративтік басқару саласындағы тәуекелдер» бөлімін қараңыз);
- Ұжымдық шарттың талаптары бойынша қызметкерлерді әлеуметтік қолдау.

- Тәуекелдерді тұрақты түрде талдау және қалған қалдықтарды сақтайтын объектілерді техникалық сараптау (63-бет);
- Бразилиядағы VAMIN кәсіпорнының Педра-де-Ферро кен орнында қалдықтарды құрғақ жинап қою технологиясын жоспарланып отырған енгізу (ол қалдыққоймалардың дәстүрлі типтерімен салыстырғанда көбірек орнықтылық пен физикалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді деп есептеледі).

- Қызметіміздің көміртегі ізін басқару үшін оны бағалау;
- Тиісті әсерлер туралы анағұрлым толық түсінік алу және оларды анағұрлым тиімді басқару үшін, сондай-ақ парниктік газдардың шығарындыларын қысқарту бойынша болашақ стратегияны әзірлеу үшін төмен көміртекті экономикаға көшуге байланысты тәуекелдерді талдау (60-бет);
- Коммерциялық тұрғыдан бұл орынды болатын жерлерде шығарындыларды қысқарту мақсатында ұзақ мерзімді инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде парниктік газдар шығарындыларының салдарын есепке алу (59-бет).

ҚОСЫМША жалғасы

Негізгі тәуекелдер	Тәуекелді төмендету бойынша негізгі шаралар	
<p>Комплаенс саласындағы тәуекелдер</p> <p>Санкцияларға, құпиялылыққа, жеке деректерді қорғауға, адам құқықтарына, ақша қаражатын жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға, сондай-ақ парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты міндеттемелерді қоса алғанда, ERG-ге комплаенс саласындағы бірқатар ішкі және сыртқы міндеттемелер қолданылады. Осы міндеттемелерді кез келген орындамау қаржылық және қаржылық емес санкцияларға алып келуі, сондай-ақ Топтың беделіне нұқсан келтіруі мүмкін.</p>	<ul style="list-style-type: none"> Саясаттар мен басшылық қағидаттарды (ERG корпоративтік жүріс-тұрыс кодексін, ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексін және т.б.) оқытуды және олардың сақталуын мониторингтеуді қоса алғанда, Топтың Комплаенс-бағдарламасын іске асыру (71-бет); Адам құқықтары мен ЭЫДҰ Тиісті сақтықтың басшылық қағидаттарын сақтауға ерекше назар аудара отырып, контрагенттер мен жеткізілімдер тізбегіне қатысушыларды кешенді тексерудің жаңартылған процестері¹ (72-бет); Санкцияларды сақтау бойынша ERG бағдарламасын іске асыру (72-бет); 	<ul style="list-style-type: none"> О деректерді қорғау жөніндегі жалпы регламенті (GDPR) мен өзге де қолданылатын заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында дербес деректерді қорғау бағдарламасын іске асыру (71-бет); Бұзушылықтар туралы ақпарат беру жүйесін қолдау (73-бет); Тәуекелдерді бағалауды, оқытуды, шағымдарды қарау тетіктерін, контрагенттерді кешенді тексеруді және ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексін енгізуді қоса алғанда, Адам құқықтарын сақтау саясатын қолдану және оны іске асыру жөніндегі іс-шараларды орындау (76-бет).
<p>Баға тәуекелдері</p> <p>Өнім бағаларының құбылмалылығы қаржылық көрсеткіштер мен өтімділікті қоса алғанда, ERG қызметіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін.</p>	<ul style="list-style-type: none"> Шикізат тауарларының портфелімізді кеңейту және әртараптандыру үшін мүмкіндіктерді зерделеу; Қысқа және орта мерзімді перспективада нарықтың негізгі көрсеткіштерін үнемі талдау және болжау (тұтыну, ұсыныс, қолжетімділік және т.б.); 	<ul style="list-style-type: none"> Тауарлардың бағасын бенчмарктерге байланыстыра отырып, ұзақ мерзімді сатып алу-сату шарттарын жасасу; Бағаларды талдау және шикізат тауарларының бағасын хеджирлеу; Баламалы өткізу арналарын дамыту.
<p>Өндірістік және операциялық тәуекелдер</p> <p>Компанияның өндірістік қызметі жабдықтың істен шығу тәуекелдеріне, геологиялық формациялар мен минералданудағы тұрлаусыздыққа, техногендік және табиғи сипаттағы авариялар тәуекелдеріне ұшырайды.</p>	<ul style="list-style-type: none"> Тәуекелдерді бағалауды ескере отырып, сенімділік пен техникалық қызмет көрсетуді жоспарлау; Машиналар мен жабдықтардың тәуелсіз техникалық диагностикасын жүргізу; Шикізаттың сапасын бақылау; Қызметтің үздіксіздігін басқару процестерін енгізу; 	<ul style="list-style-type: none"> Өндірістің тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кешенді техникалық регламенттерді қолдану; Мүлікке нұқсан келтіру және өндірістің тоқтап қалу тәуекелдерін сақтандыру; Пайдалы қазбалардың ресурстары мен қорларын үнемі бағалау.
<p>Жеткізілімдердің тізбектері мен логистикаға байланысты тәуекелдер</p> <p>Жеткізілімдер тізбегінің ауқымдарына байланысты Топ өнім берушілердің шарттық міндеттемелерді орындамауына, келік ресурстарының тапшылығына және жеткізілімдердің кешігуіне, бағалардың ауытқуы мен халықаралық санкцияларға байланысты тәуекелдерге ұшырайды.</p>	<ul style="list-style-type: none"> Санкциялар мен логистикалық шектеулер нәтижесінде негізгі өнім берушілермен ынтымақтастықты тоқтату тәуекелін анықтау мақсатында жеткізілімдер тізбегін талдау; Жеткізілімдер тізбегіміз үшін баламалы / анағұрлым тиімді логистикалық маршруттарды құру бойынша тұрақты күш-жігер; Негізгі тауарлар/қызметтер үшін жеткізушілермен ұзақ мерзімді келісімшарттар мен санаттық стратегияларды қолдау; Өзіміз жұмыс істейтін елдерде жергілікті және отандық жеткізушілерді дамыту жөніндегі бастамаларды іске асыру; 	<ul style="list-style-type: none"> Теміржол вагондарының меншікті паркін күтіп-ұстау; Тауарлар мен қызметтер жеткізілімдерінің сапасын, ерекшеліктерін, жиынтықтылығын бақылау; Сыни шикізаттың, ТМҚ мен жабдықтардың қосымша қорларын қалыптастыру және қолдау (жеке қорғану құралдарын қоса алғанда); Жеткізілетін тауарлардың сапасын бақылау.
<p>Күрделі жобаларды орындамау тәуекелдері</p> <p>Жоспарланған мерзімдерге, бюджеттерге және сапа өлшемшарттарына сәйкес ірі күрделі жобаларды орындамау Топтың рентабельділігі мен беделіне теріс әсер етуі мүмкін (болашақта қаржыландыруды тарту қабілетімізді қоса алғанда).</p>	<ul style="list-style-type: none"> Жобаларды іске асырудың жүйелі және ашық кезеңдік процесін қолдану; Әрбір кезеңді аяқтамас бұрын жобаларды сараптау және тәуелсіз талдау процестерін жетілдіру; Жобалардың кестесі мен құнын сақтамау тәуекелдерін сандық талдау нәтижелері бойынша күтпеген жағдайларға ден қою жоспарларын әзірлеу; 	<ul style="list-style-type: none"> Құрылыс тәуекелдерін және маңызды күрделі жобаларды пайдалануға беруді кешіктіруге байланысты тәуекелдерді сақтандыру; Жобаның орындалу мерзімдерін, бюджетті, өндірісті жобалық қуатқа шығаруды және басқа да параметрлерді мониторингтеу/ бақылау.

¹ Қақтығыс аймақтары мен тәуекелі жоғары аудандардан пайдалы қазбалардың жеткізілімдер тізбегін жауапты басқару үшін ЭЫДҰ-ның тиісті сақтық жөніндегі Басшылық қағидаттары.

ҚОСЫМША жалғасы

Негізгі тәуекелдер

Қаржылық тәуекелдер

Топтың қажетті операциялық және инвестициялық қызметті жүзеге асыру қабілетіне байланысты тәуекелдер және бұл қабілетке кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі, валюталық және пайыздық тәуекелдердің теріс әсер ете алу мүмкіндігі.

Ақпараттық технологияларға (IT) және ақпараттық қауіпсіздікке байланысты тәуекелдер

Цифрландыру және ақпараттық технологиялар саласындағы қызметі тұрғысынан ERG бұл оны IT-инфрақұрылымға қолжетімділікті жоғалтуға; бизнес-процестердегі іркілістерге; ішкі және/немесе сыртқы алаяқтыққа; деректердің таралып кетуіне және деректер құпиялылығының бұзылуына; ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптарды сақтамауға байланысты әлеуетті тәуекелдерге, сондай-ақ осы саладағы өзге де тәуекелдерге ұшырататынын түсінеді.

Тәуекелді төмендету бойынша негізгі шаралар

- Санкциялардың әрекетіне жатпайтын қолданыстағы кредиторлармен берік қарым-қатынасты қолдау, сондай-ақ кейбір қаржылық келісімдердің тиісті шарттарын қайта қарау және кейбір кредиторлармен бірқатар мәмілелерді бұзу мақсатында келіссөздер жүргізу;
- Өзімізге қолжетімді қаражат пулын кеңейту, борыштық портфельді, кредиттеу мүмкіндіктері мен шарттарын жақсарту бойынша жұмыс (қолданыстағы санкциялық шектеулер жағдайында);
- Сенімді киберқауіпсіздік жүйесін құру;
- IT-сервистердің жұмысындағы іркілістер мен киберқауіпсіздікке байланысты оқыс оқиғаларға жедел ден қою;
- Негізгі IT-процестер үшін үздіксіздікті қамтамасыз ету жоспарларын енгізу;
- Сақтық қаржылық саясат (ақша қаражатының қозғалысы жоспарын үнемі жаңартып отыруды, өтімділік деңгейін бақылауды, ковенанттарды сақтауды, ашық валюталық позицияны мониторингтеу мен салық заңнамасының талаптарын сақтауды қоса алғанда);
- Кредиттік бақылаудың ретке келтірілген процесі;
- Контрагенттердің кредит қабілеттілігін талдау.
- Бағдарламалық қамтылымға арналған лицензиялық шарттар талаптарының сақталуын мониторингтеу;
- Пайдаланушыларды оқыту;
- Барлық сыни маңызды жүйелер үшін резервтік көшіруді тексеру және авариялық қалпына келтіру.

Басқаруға қатысты көзқарастар

БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

Біздің құндылықтарымыз біздің өз қызметімізді қалай жүргізуге ниет білдіргеніміздің көрінісі және бизнесіміздің орнықтылығын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысымызға көмектесетін бағдар болып табылады. Біз жоғары басшылықтан бастап кіші қызметкерлерге дейін Топтың барлық деңгейлерінде әрбір шешім қабылдау кезінде осы құндылықтарды басшылыққа аламыз.



Қауіпсіздік

- Біз қауіпсіз тәртіпті бәрінен жоғары қоямыз
- Біз барлық қызметкерлеріміз бен мердігерлерімізге қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеміз, барлық жарақаттану түрлерін болғызбау бойынша үнемі жұмыс істейміз



Бірлік

- Біз бір бей-жай емес команда ретінде жұмыс істейміз – алға қойылған мақсаттарға жетуге қарай бірге жүреміз
- Біз өзіміз жұмыс істейтін өңірлердегі мәдени дәстүрлерге құрметпен қараймыз



Тиімділік

- Біз жұмыс үшін емес, нәтиже үшін жұмыс істейміз
- Нәтижеге қол жеткізе отырып, біз өз ресурстарымызға ұқыпты қараймыз
- Біз маңызы көбірек нәрсеге басымдық береміз
- Біз құндылық әкелмейтін күш-жігерді барынша азайтамыз



Даму

- Біз қызметкерлерімізді бағалаймыз және олардың дамуы үшін жағдай жасаймыз
- Біз жаңа технологияларды ұтымды енгіземіз және ұйым ретінде дамымыз
- Біз Топтың орнықты дамуын қамтамасыз етеміз



Жауапкершілік

- Біз қызметкерлеріміздің, олардың отбасыларының, клиенттеріміздің, серіктестеріміздің, акционерлеріміз бен қоғам алдында өзімізге алған міндеттемелерді орындаймыз
- Біз өзімізге сеніп тапсырылған ресурстарға және қоршаған ортаға жауапты қараймыз
- Біз Топта, сондай-ақ серіктестермен және клиенттермен өзара сенім және құрмет мәдениетін құрамыз

ERG Қазақстанда қолданатын менеджмент жүйелерінің негізгі стандарттары

- ISO 45001. Денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы басқару жүйесінің стандарты
- ISO 50001. Энергия менеджменті жүйесінің стандарты¹
- ISO 14001. Экологиялық менеджмент жүйесінің стандарты
- ISO 9001. Сапа менеджменті жүйесінің стандарты
- ISO/IEC 27001. Ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің стандарты

Төменде персоналды басқару, жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасау, қоршаған ортаға әсер мен ERG-дің қоғам өміріне қатысуын басқару саласындағы міндеттемелеріміз бен басқаруға қатысты көзқарастарымыз туралы қосымша ақпарат ұсынылған.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ

- 🔍 Толығырақ ақпарат 30-беттегі «Адамдарымыздың өркендеуіне көмектесе отырып» тарауында ұсынылған.

Біз өндірісте нөлдік нұқсанға қол жеткізу мақсатындағы жұмысты жалғастырып жатырмыз және барлық қызметкерлеріміз бен мердігерлеріміз үшін қауіпсіз, нәтижелі және тұрақты жұмыс ортасын қамтамасыз етуге ұмтыламыз. Бұл өндірістік қауіпсіздік пен

еңбекті қорғау деңгейін тұрақты түрде арттыру жөніндегі жұмысты қамтиды. Осы саладағы міндеттемелеріміз Еңбек қауіпсіздігі, оны қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі корпоративтік саясаттың (ЕҚЖҚЖҚОҚ), Адам құқықтарын сақтау саясатының, ERG корпоративтік тәртіп кодексінің және ERG жеткізушірінің тәртіп кодексінің талаптарымен бекемделеді.

ЕҚЖҚЖҚОҚ жөніндегі саясат бізді:

- Нәтижелілігімізді үнемі жақсартуға;
- Тәуекелдерді бағалауға және оларды басқаруға;
- Оқыту, коммуникация жүргізуге және есептілікті ұсынуға;
- Аудит және талдау рәсімдерін енгізуге міндеттейді.

¹ Энергия генерациялайтын кәсіпорындарымызды (яғни, 2018 жылы сатып алынған «3-Энергоорталық» кәсіпорнын қоспағанда, Қазхром, ССКӨБ, ЕЭК және Қазақстан алюминийі) және ҚЭЗ-ді қоса алғанда.

ҚОСЫМША жалғасы

Қазақстандағы барлық кәсіпорындарымыз¹ ISO 45001 стандартына сәйкес сертификатталған. ҚДР-дегі Metalkol кәсіпорнында осы стандарт бойынша сертификаттауды алуға дайындық жалғасуда. Топтың Африкадағы басқа кәсіпорындарында ISO 45001 стандартын ескере отырып әзірленген басқару жүйесі қолданылады. Бразилиядағы BAMIN интеграцияланған темір кенді және логистикалық кәсіпорнында ISO 45001 стандартының талаптарын ескере отырып әзірленген өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесі қолданылады. Бұдан басқа, біз Top жұмыс істейтін елдердегі кәсіпорындарда бірқатар профилактикалық шараларды іске асыруды қоса алғанда, COVID-19 пандемиясына ден қою жөніндегі кешенді іс-шараларды іске асыруды жалғастырып жатырмыз.

2022 жылы BAMIN кәсіпорнында Еңбекті қорғау жөніндегі жаңа комитет құрылды (33-бет).

Төтенше жағдайларға дайындық

Қазақстандағы кәсіпорындарымызда төтенше жағдайларға дайындықты қамтамасыз ету жоспарлары әзірленді. Осы жоспарларға сәйкес шұғыл жағдайларды жою бойынша жаттығулар, сондай-ақ тәуекелдерді мерзімді бағалау үнемі жүргізіледі. Бұл командаларымыздың төтенше жағдайларға ден қою жөніндегі құзыретінің қажетті деңгейін қамтамасыз етуге, қосымша дайындық қажеттілігін анықтауға және төтенше жағдайларға ден қоюға арналған жабдықтарды тиісті жай-күйде ұстауға мүмкіндік береді.

Африкада SHS интеграцияланған жүйесінің бір бөлігі болып табылатын төтенше жағдайларды басқару рәсімі қолданылады.

Бразилиядағы BAMIN интеграцияланған темір кенді және логистикалық кәсіпорнында төтенше жағдайларға ден қою бағдарламасы әзірленді. Осы бағдарламаға сәйкес оқиғалардың даму сценарийлері мен дағдарысты жағдайлардағы іс-қимыл жоспарларын әзірлеу, сондай-ақ жаттығулар өткізу үшін жауап беретін шұғыл жағдайларға ден қою жөніндегі команда қалыптастырылды.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚ-ТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Толығырақ ақпарат 42-беттегі «Жергілікті қоғамдастықтарды дамыту және олардың әл-ауқаты» тарауында ұсынылған.

Біз әлеуметтік саладағы қызметіміздің нәтижелілігін ұдайы арттыруға ұмтыламыз және өзіміз жұмыс істейтін өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың дамуына жәрдемдесеміз. Атап айтқанда, біз оң әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге ықпал ететін әлеуметтік бағдарламаларды қолдауға ұмтыламыз. Топтың Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) және демеушілік қолдау саласындағы жобалар жөніндегі саясатына сәйкес басты назар мынадай бағыттарға аударылады:

- Денсаулық сақтау;
- Өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау;
- Инфрақұрылым және әлеуметтік қамсыздандыру;
- Жастарға білім беру және оларды қолдау;
- Спорт және салауатты өмір салтын насихаттау;
- Мәдени мұраны сақтау;
- Экономикалық даму, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтар үшін білім беру мен дамуға бағытталған бағдарламалар;
- Адам құқықтары (мысалы, балалар еңбегін жоюға бағытталған сыртқы бастамалар).

Бұл саясат жүйелендірілген рәсімдер арқылы іске асырылады. Бұл жобаларды айқындауға, оларды іске асыруға, әлеуметтік инвестицияларды бақылау мен талдауға қатысты кешенді және мақсатты көзқарасты қамтамасыз етеді (47-бет).

Бұдан басқа, осы саладағы көзқарасымыз жергілікті қоғамдастықтармен құрылымдалған, атаулы өзара іс-қимыл жасауға сүйенеді, бұл олардың басым қажеттіліктерін ескеруді қамтамасыз етеді (43-бет).

Біздің Құндылықтарымызға, сондай-ақ Адам құқықтарын сақтау саясатымызға сәйкес, біз қызметіміздің теріс әсерін азайтуға ұмтыламыз және өзіміз жұмыс істейтін өңірлердегі мәдени дәстүрлерге құрметпен қараймыз (74-бет).

Біз мүмкіндігінше жергілікті тұрғындарды мәжбүрлеп көшіруден аулақ болуға ұмтыламыз. Бұл мүмкін болмаған жағдайларда біз жергілікті халықпен консультациялар мен қоғамдық тыңдау өткізуді қоса алғанда, инклюзивті өзара іс-қимылдың нәтижелері бойынша әділ өтемақы төлеуді және бұл қозғаған қоғамдастықтардың өмір сүру жағдайларын жақсарту жөніндегі шараларды қоса алғанда, тиісті шараларды қабылдаймыз.

Қазақстанда жергілікті қоғамдастықтарға әсер етуді басқару бірінші кезекте халықаралық стандарттарға сәйкес келетін экологиялық менеджмент жүйелері арқылы жүзеге асырылады. Олар қоршаған ортаға ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділерін анықтауға, болғызбауға және (немесе) барынша азайтуға бағдарланған (55-бет).

Сонымен қатар, Қазақстанда кез келген ірі жобаларды немесе операциялық өзгерістерді іске асыру басталғанға дейін әсерді кешенді бағалау және қоғамдық тыңдау өткізіледі (43-бет). Бұдан басқа, жергілікті қоғамдастық өкілдерінің шағымдарды беруі үшін Топтың жалпыға бірдей қолжетімді Жедел желісі пайдаланылады <https://erg.integrityline.org/>.

Африкада жергілікті қоғамдастықтарға әсерді басқару SHS интеграцияланған жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Ол мыналар үшін негізді қамтамасыз етеді:

- Жергілікті қоғамдастықтарға теріс әсер ететін факторларды анықтау, бағалау және басқару;
- Қоғамдастықтардың наразылықтары мен шағымдарын басқару, мониторингтеу және бақылау;
- Жергілікті қоғамдастықтармен ашық әрі ұзақ мерзімді қарым-қатынасты сақтау;
- Жобаның өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде қоғамдастықтардың белсенді қатысуы және олармен өзара іс-қимыл жасау;
- Мәдени мұра мен мәдени әртүрліліктің құндылығын тану, сондай-ақ мәдени мұра объектілерін қорғау;
- Орнықты әлеуметтік даму жобаларын іздеу және оларды іске асыруда қолдау көрсету (жергілікті қоғамдастықтармен консультациялардың қорытындысы бойынша).

Сонымен қатар, Африкадағы кәсіпорындарымызда қоғамдастықтардан келетін шағымдарды реттеу жөніндегі рәсімдер енгізілді. Жергілікті халыққа белгіленген өзара іс-қимыл процестері шеңберінде кәсіпорындар қолданатын шағымдарды қарау тетігі туралы ақпарат беріледі. Біз шағымдарды беру үшін көптеген арналарды, оның ішінде халықпен байланыс жөніндегі қызметкерлеріміз арқылы, сондай-ақ елді мекендерде орналасқан шағымдарды қабылдау пункттері арқылы ұсынамыз.

¹ «3-Энергоорталық» АҚ кәсіпорнын қоспағанда.

ҚОСЫМША жалғасы

Metalkol және Boss Mining кәсіпорындарында артельдік және шағын ауқымды өндіруге байланысты мәселелерді шешуге қатысты құрылымдалған көзқарас қолданылады, оның негізінде мыналар жатыр:

- Артельдік және шағын ауқымды өндіруге байланысты мәселелерді басқарудың арнайы әзірленген рәсімдері;
- Тиісті іс-шаралар жоспарлары мен рәсімдер, оның ішінде өндірудің осы түрі жүзеге асырылатын концессиялық учаскелерде артельдік және шағын ауқымды өндіруге байланысты мәселелерді басқаруға қатысты жауапты көзқарасты қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарлары мен рәсімдер, бұл кәсіпорындарымыздың осы көздерден алынған кенді сатып алмайтынына немесе одан пайда алмайтынына кепілдік беруге мүмкіндік береді;
- Адам құқықтарын сақтау саясаты және тиісті рәсімдер (74-бет);
- Әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін басқару жөніндегі рәсімдер және тиісті іс-шаралар (42-бет)

Бұдан бөлек, біз жергілікті қоғамдастықтардың өкілдерімен (кен іздеуші қауымдарды қоса алғанда), уәкілетті мемлекеттік органдармен¹ және басқа да тау-кен өндіруші компаниялармен тұрақты сындарлы өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз.

VAMIN кәсіпорнында Педра-де-Ферро кен орнын, Порту-Сул портын және FIOLE 1 теміржолын қамтитын шағымдарды реттеу және жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасау жүйесі енгізілді. Ол жергілікті халықтың шағымдарын қарауды, қабылданатын шараларды және шағымдарды реттеу мерзімдерін күшейтілген бақылауды қамтамасыз етеді. Ол жергілікті тұрғындар сұрау салуларын беріп, кері байланыс бере алатын

құрылымдалған коммуникация арнасын да қамтамасыз етеді.

VAMIN шағымдарды реттеу жүйесінің жұмыс істеуі қоғаммен өзара іс-қимыл жасаудың іске асырылып жатқан кешенді бағдарламасымен толықтырылады. Осы бағдарлама аясындағы жұмыстың негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

- Бірқатар қоғамдық тыңдауды өткізу мен объектілерге бару;
- Қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік әсер ету мәселелері бойынша ақпараттық материалдарды тарату;
- Стейкхолдерлердің тұрақты сауалнамалары, олардың нәтижелері міндетті әлеуметтік және экологиялық бағдарламаларды іске асыру кезінде ескерілетін болады (45-бет).

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАСҚАРУ

🔗 Толығырақ ақпарат 54-беттегі «Экология саласындағы тиімді басқару» тарауында ұсынылған.

ERG өзіміз жұмыс істейтін өңірлерде орнықты дамуды қолдайтын практикаларды қолдану арқылы салауатты табиғи ортаны сақтау мен қолдауға ұмтылады. Біз қоршаған ортаны қорғау саласындағы, оның ішінде су ресурстарына, энергияға және климаттың өзгеруіне қатысты қызметіміздің тиімділігін үнемі арттыруға ұмтыламыз, сондай-ақ биоәртүрлілікті сақтауға жәрдемдесеміз және жерді пайдалануды жоспарлауға қатысты кешенді көзқарасты қолданамыз.

Осы саладағы міндеттемелерімізге Топтың еңбек қауіпсіздігі, оны қорғау және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚЖҚЖҚОК) жөніндегі саясатының талаптары арқылы қолдау көрсетіледі.

Осы саясатқа сәйкес біз:

- Озық халықаралық практикаларға сәйкес келетін ЕҚЖҚЖҚОК саласындағы мәселелерді басқару жүйелері мен бағдарламаларын әзірлеуге, енгізу мен жақсартуға;
- Тәуекелдерді бағалауды ескере отырып, ЕҚЖҚЖҚОК саласындағы нәтижелілікті жақсарту үшін барлық ERG кәсіпорындарында жоғары буын басшыларының жауапкершілігін қамтамасыз етуге;
- Барлық қызметкерлердің ЕҚЖҚЖҚОК саласындағы өз міндеттерін түсінуін қамтамасыз етуге;
- Қызметті жоспарлау және шешім қабылдау процестерінде ЕҚЖҚЖҚОК мәселелерін ескеруге міндеттенеміз.

Африкада Топтың ЕҚЖҚЖҚОК саласындағы саясаты денсаулық, өндірістік қауіпсіздік және орнықты даму (SHS) саласындағы өңірлік саясатымен толықтырылады, оның аясында біз мыналарды орындауға ұмтыламыз:

- Қоршаған ортаға теріс әсерді жүйелі түрде анықтау, бағалау және басқару;
- Жоспарлау, іске асыру, тексеру және жақсартуларды енгізу циклі арқылы қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметтің тиімділігін тұрақты негізде арттыруға ұмтылу;
- Экожүйелердің ластану, бұзылу және (немесе) тозу деңгейінің төмендеуін қамтамасыз ету;
- Қолданыстағы заңнама мен нормаларға сәйкестікті, сондай-ақ бұл мүмкін және орынды болатын жерлерде, талаптардан асып түсуді қамтамасыз ету. Бұл халықаралық практикаға, мысалы, көпұлтты кәсіпорындар үшін SHS саласындағы ХҚҚ Қызмет стандарттары мен ЭЫДҰ-ның тиісті Басшылық қағидаттарына сәйкестікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты қамтиды.

ҚДР-дегі жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда заңнамада талап етілетін Экологиялық және әлеуметтік әсерді тәуелсіз бағалау (ЭӘӘБ) жүргізіледі, сондай-ақ тиісті іс-шаралар жоспарлары әзірленеді. Олар атмосфералық ауаға шығарындылардың (мысалы, қатты бөлшектер, күкірт пен азот оксидтері шығарындыларының) және суға төгінділердің (мысалы, қалқымалы бөлшектер, қатты заттар мен ауыр металдар төгінділерінің) үнемі мониторингін көздейді.

Бұдан басқа, 2023 жылдың басында Топтың Қазақстандағы кәсіпорындары үшін Климаттың өзгеруіне әсер ету мен бейімделуді басқару жөніндегі жаңа саясат бекітілді.

Біздің Қазақстандағы кәсіпорындарымыз (2023 жылы сертификат алу жоспарланып отырған 3-Энергоорталықты қоспағанда) ISO 14001 стандартына сәйкес сертификатталған. Біздің Африкадағы кәсіпорындарымыздағы SHS басқару жүйесі ISO 14001 стандартының талаптарын ескере отырып әзірленген; 2023 жылы Metalkol кәсіпорнында осы стандарт бойынша сертификаттаудан өту жоспарлануда. Бразилияда VAMIN экологиялық лицензиялардың барлық талаптарын орындауға арналған экологиялық менеджмент жүйесін енгізді (45-бет).

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметіміз қызметті жүргізуге арналған әлеуметтік лицензиямен тығыз байланысты. Бұл жергілікті қоғамдастықтардан стейкхолдерлермен және азаматтық сектордың ұйымдарымен экологиялық мәселелер бойынша айқын әрі сындарлы өзара іс-қимыл жасау қажеттілігін негіздейді. Бұдан басқа, біз өзіміз жұмыс істейтін барлық өңірлерде қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша жергілікті қоғамдастықтармен консультациялар өткіземіз.

¹ ҚДР-дегі Пайдалы қазбаларды артельдік және шағын ауқымды өндіруге қатысты стратегияны және Артельдік және шағын ауқымды өндіру саласында техникалық көмек көрсету жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарын қоса алғанда (SAEMAPE, бұрын – SAESSCAM).

ҚОСЫМША жалғасы

Қазақстанда осы саладағы қызметіміз мыналарды да қамтиды:

- Павлодар алюминий зауыты мен Қазақстан алюминий кәсіпорнының ЖЭО-сында атмосфераға шығарындылар бойынша деректерді нақты уақыт режимінде ақпараттық таблоларда көрсету;
- Жария іс-шараларға қатысу – атап айтқанда, 2022 жылы біз Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні шеңберінде (БҰҰ Даму бағдарламасының қолдауымен) Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі ұйымдастырған кәсіпорындардың экологтерімен конференцияға, сондай-ақ ECOJER¹ екінші халықаралық конгресіне қатыстық;
- Экологиялық ҰЕҰ өкілдерінің мәселелері мен проблемаларымен танысу, сондай-ақ осы проблемаларды шешуге қатысты көзқарасымызды түсіндіру мақсатында олармен кеңестер өткізу;
- Павлодарда қоғамдастықтарды тарту жөніндегі іс-шараларға қатысу (атап айтқанда, 2022 жылы ұтымды табиғат пайдалануға, ағаш отырғызуға, биоәртүрлілікті сақтауға және қоршаған ортаны қорғауды басқару жөніндегі бағдарламаларымызбен танысуға арналған іс-шаралар өткізілді), сондай-ақ Павлодардағы Орхус орталығының жәрдемдесуімен экологиялық ақпаратты жариялау.

Бұдан басқа, қоршаған ортаның жай-күйін мониторингтеу нәтижелері Қазақстан Ластағыштарының шығарындылары мен көшірілуінің мемлекеттік тіркелімінде жариялау үшін мемлекеттік органдарға ұсынылады. Бұл тіркелім ашықтықты қамтамасыз ететін және жұртшылық тарапынан бақылауды арттыруға ықпал ететін құрылымдалған дерекқор болып табылады.

Қазақстанда, Африка мен Бразилияда қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі қызмет шеңберінде жергілікті қоғамдастықтармен консультациялар да өткізіледі.

Қалдықтарды басқару

Қазақстан мен Африкадағы ERG-дің қалдықтарды сақтайтын қолданыстағы ірі объектілерінде заңнаманың талаптарында көзделген бақылау тексерулері үнемі жүргізіледі (63-бет). Бразилияда VAMIN кәсіпорнының Педра-де-Ферро кен орнында қалдықтарды құрғақ жинап қою технологиясын қолдану жоспарланып отыр (64-бет).

2021 жылы күшіне енген Қазақстан Республикасы жаңа Экология кодексінің ережелеріне сәйкес Тоқты осы елдегі кәсіпорындарында түзілетін өнеркәсіптік қалдықтар қауіпті және қауіпті емес болып бөлінеді. Қауіпті қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді және (немесе) кетіруді, әдетте, тәуелсіз мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады. Бұл ретте мердігерлерде қажетті өндірістік алаңдардың, жабдықтардың, көліктің, білікті персоналдың болуы, сондай-ақ тиісті экологиялық рұқсаттардың болуы тексеріледі.

2022 жылы Африкадағы ERG кәсіпорындарында қалдықтармен жұмыс істеудің кешенді өңірлік бағдарламасы әзірленді.

Бразилияда тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі жоспар іске асырылып жатыр, оның негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

- Қалдықтардың түзілу көздерін анықтау, олардың түзілуін қысқарту, қалдықтарды сұрыптау және өңдеу;
- Кәсіпорынның және (немесе) бөгде ұйымдарды тарта отырып (қажет болған кезде), қалдықтарды сақтауы, жинауы, тасымалдауы және кәдеге жаратуы.

ERG-ДІҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНЕ ҚАТЫСУЫН БАСҚАРУ

📖 Толығырақ ақпарат 65-беттегі «Қоғам өміріндегі ERG рөлі» тарауында ұсынылған.

Біз қоғамға пайда әкеліп және мүдделі тараптардың сенімін нығайта отырып, қоғамда оң рөл атқаруға ұмтыламыз. Атап айтқанда, біз:

- Өзіміз жұмыс істейтін елдердің әлеуметтік-экономикалық және институционалдық дамуына жәрдемдесуге;
- Корпоративтік басқарудың тиімді жүйелерін және бизнесті әдепті жүргізу қағидаттарын қолдануға және орнықты дамуға жәрдемдесу мақсатында ашықтықты қамтамасыз етуге;
- Қызметіміз әсер ететін қызметкерлер мен жергілікті қоғамдастықтарға қатысты адам құқықтарын сақтауға ұмтыламыз.

Біздің көзқарасымыздың негізінде Құндылықтарымыз, Корпоративтік жүріс-тұрыс кодексі, тұрақты түрде қайта қаралуға жататын саясаттар мен рәсімдер жатыр. Оның қоғаммен өзара іс-қимыл жасауын регламенттейтін Топтың тиісті саясаттары мыналарды қамтиды, атап айтқанда:

- **Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясат:** ERG жауапты түрде, адал әрі әдепті әрекет етуге, парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қатыспауға және олардың кез келген нысанда көрініс табуына жол бермеуге міндеттенеді;
- **Агенттердің корпоративтік нормалар мен ережелерді сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі саясат:** саясат біздің атымыздан әрекет ететін агенттерді қолданылатын заңдар мен нормативтік актілерді, сондай-ақ ERG Корпоративтік тәртіп кодексі мен саясаттарын сақтауға міндеттейді;
- **Ақша қаражатын жылыстатуға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясат:** саясат бізді қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға немесе терроризмді қаржыландыруға байланысты қызметке қатыспауға міндеттейді;
- **Адам құқықтарын сақтау саясаты:** саясат ERG-дің, оның қызметкерлері мен өнім берушілерінің адам құқықтарын сақтауын талап етеді (төменде қараңыз);
- **Монополияға қарсы заңнамаға және бәсекелестікті қорғау туралы заңнамаға сәйкестікті қамтамасыз ету саясаты:** саясат бізді қолданылатын монополияға қарсы заңнамаға және бәсекелестікті қорғау туралы заңнамаға қайшы келетін кез келген әрекеттерге қатыспауға және мұндай әрекеттерге жол бермеуге міндеттейді;
- **Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және демеушілік қолдау саласындағы жобалар жөніндегі саясат:** саясат процесті регламенттейді, әлеуметтік немесе демеушілік жобаларды іске асыру кезіндегі өлшемшарттар мен келісу тәртібін белгілейді;
- **Халықаралық экономикалық санкциялар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі саясат:** саясат бізді тиісті үкіметтер, ұлттықтан жоғары немесе халықаралық ұйымдар белгілеген экономикалық санкциялардың халықаралық режимдерін сақтауға міндеттейді;
- **Дербес деректерді қорғау жөніндегі саясат:** саясат бізді өз қызметімізді жүргізетін елдерге қолданылатын деректерді қорғау мен құпиялылыққа қатысты барлық заңдар мен ережелерді сақтауға міндеттейді;
- **Топтың салық саясаты:** саясатта салық заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге өзіміз қолданатын көзқарасқа қатысты біздің міндеттемелеріміз бекітілген.

¹ Қазақстандық өңірлік экологиялық бастамалар қауымдастығы. Мына жерде қараңыз: ecojer.kz

ҚОСЫМША жалғасы

Санамаланған саясаттар **Корпоративтік жүріс-тұрыс кодексімізді** толықтырады, оның ережелері біздің барлық қызметкерлеріміз, басшыларымыз және Менеджерлер кеңесінің мүшелері үшін міндетті болып табылады. Кодекс мынадай салаларда бірқатар міндеттемелерді белгілейді:

- Заңнамалық және нормативтік актілерді, ішкі қағидалар мен регламенттерді сақтау;
- Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- Жұмысқа орналасудың әділ практикасы;
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау;
- Халықаралық сауда, экспорттық бақылау, қаржылық, экономикалық және саяси санкциялар және өзге де шектеулер;
- Адам құқықтары;
- ERG тарапынан саяси және өзге де мақсаттарға жарналар, қайырымдылық қайырымалдықтары мен демеушілік қолдау.

Бұдан басқа, **ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексі** біздің жеткізушілеріміз бен мердігерлеріміздің тәртібіне қатысты болжалдарымызды айқындайды.

Комплаенс саласындағы басқару органдары

Комплаенс саласындағы жұмысты Менеджерлер кеңесінің жанындағы COMPLAENС жөніндегі комитет реттейді, ол мыналар үшін жауап береді:

- Топтың COMPLAENС-бағдарламасын, комплаенс саласындағы саясаттарды, бақылау жүйелері мен тетіктерін бекіту және олардың іске асырылуын бақылау;
- COMPLAENС функциясының тиімділігін мониторингтеу.

2022 жылы басқарушылық деңгейде COMPLAENС жөніндегі комитеттің жұмысын Тәуекелдерді басқару және комплаенс жөніндегі комитет

қолдады, ол комплаенс саласындағы үрдістерді, тәуекелдер мен айрықша жағдайларды талдады, сондай-ақ комплаенс-міндеттер мен қызметті Стратегия-2025-пен келісті. Топ деңгейіндегі комплаенс бөлімшесінің басшысы Бас атқарушы директорға және Менеджерлер кеңесінің жанындағы COMPLAENС жөніндегі комитетке бағынады (83-бет). ERG басшылары тәуекелдің негізгі бағыттары туралы ақпарат үнемі алып отырады.

Комплаенс-менеджмент

ERG комплаенс-менеджмент жүйесінің негізінде Корпоративтік тәртіп кодексі, ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексі, сондай-ақ контрагенттерді кешенді тексеру (ККТ) процесі сияқты ілеспе саясаттар мен рәсімдер жатыр. 2022 жылы қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл, дербес деректерді қорғау және олардың тиімділігі мен сыртқы талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында адам құқықтарын сақтау жөніндегі қолданыстағы ERG саясаттары қайта қаралып, жаңартылды. Жаңартылған саясаттар 2023 жылы бекітілді және жылдың соңына дейін енгізілетін болады. Бұдан басқа, қолданыстағы Корпоративтік ақпарат беру мен іскерлік әдеп қағидаларын сақтау саясаты қайта қаралды, сондай-ақ Өтініштерге тексеру жүргізу жөніндегі жаңа басшылық енгізілді, оларда осы мәселелерге біздің жетілдірілген көзқарасымыз бекітілген (71-бет).

🔗 Толығырақ ақпарат eurasianresources.lu сайтында ұсынылған.

Салықтар және төлемдердің айқындығы

Топтың Менеджерлер Кеңесі бекіткен Салық саясатына сәйкес біз ұлттық заңнаманың әріптерін ғана емес, сондай-ақ рухын да ұстанамыз. Атап айтқанда, біз өзіміз жұмыс істейтін елдерде Өндіру саласындағы ашықтықты қамтамасыз ету жөніндегі бастама (EITI) шеңберінде қажетті есептілікті ұсынамыз.

Комплаенс саласындағы тәуекелдер

Төменде 2022 жылы анықталған комплаенс саласындағы негізгі тәуекелдер санамаланған:

- Украинадағы қақтығысқа байланысты Ресейге қарсы енгізілген санкциялардың әлеуетті әсеріне байланысты тәуекелдерді қоса алғанда, санкцияларды сақтамау;
- Өзіміз жұмыс істейтін кейбір елдер жасырын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің салыстырмалы түрде жоғары деңгейімен сипатталатынын ескере отырып, парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптарды сақтамау;
- Африкадағы ERG учаскелерінде немесе олардың жанында пайдалы қазбаларды артельдік және шағын ауқымды өндіруді жүзеге асыруға, сондай-ақ өндірістік-өткізу тізбегінің кейінгі кезеңдеріне қатысушыларға кепілдік беру қажеттілігіне байланысты тәуекелдерді қоса алғанда, адам құқықтарының бұзылу тәуекелдері;
- Өзіміз жұмыс істейтін кейбір елдерінде бар жасырын тәуекелдерді қоса алғанда, ақша қаражатын жылыстатуға қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптарды сақтамау;
- ЕО Деректерін қорғау жөніндегі жалпы регламенттің (GDPR) ережелерін, сондай-ақ ERG өз қызметін жүзеге асыратын басқа да юрисдикциялардағы ұқсас шараларды қоса алғанда, дербес деректерді қорғау жөніндегі талаптарды сақтамау.

ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ЕЛДЕРДІҢ ЕІТІ БАСТАМАСЫН ЕНГІЗУ МӘРТЕБЕСІ

Өзекті/ әлеуетті елдер	EITI мәртебесі (валидациялық бағалау)
Бразилия	Қатысушы болып табылмайды
ҚДР	Қатысушы (прогрестің жоғары деңгейі)
Қазақстан	Мерзімдерді сақтамау салдарынан қатысуы тоқтатылды
Мали	Қатысушы (прогрестің салыстырмалы түрде төмен деңгейі)
Мозамбик	Қатысушы (орташа прогресс)
ОАР	Қатысушы болып табылмайды
Замбия	Қатысушы (айтарлықтай прогресс)
Зимбабве	Қатысушы болып табылмайды

ERG үшін қандай мәселелер елеулі болып табылады және неліктен?

	Елеулі мәселе	Стратегия-2025-тің тиісті мақсаты	ERG үшін өзектілігі	Стейкхолдерлер үшін өзектілігі	Беті
Бизнесімізді болашаққа дайындау	Активтерді (қорлар мен ресурстарды қоса алғанда) дамыту және қолдау	Теңгерімді түрде өсіп келе жатқан портфель	Ресурстар мен қорларды алмастыру және ұлғайту, қолданыстағы жобаларға қызмет көрсету/оларды жаңғырту және жаңа коммерциялық мүмкіндіктерге қол жеткізу	Жаңа жобаларды жасау (барлық ілеспе оң және (немесе) теріс әсерлерді ескере отырып), қолданыстағы жобалардың коммерциялық өміршеңдігін қолдау және ұзақ мерзімді перспективада экономикалық құнды жасау мен бөлуді қамтамасыз ету	21 бет
	Технологиялар, тиімділік және цифрландыру	Барлық нәрседегі тиімділік	Қысқа, орта және ұзақ мерзімді перспективада, оның ішінде шығындарды қысқарту, бәсекеге қабілеттілік пен өнімділікті арттыру арқылы бизнестің орнықты дамуын қамтамасыз ету	Кірістілік деңгейіне әсер ету, акционерлер мен кредиторлар үшін құндылық жасауды қамтамасыз ету, сондай-ақ экономикалық құнды орнықты бөлу (төменде қараңыз)	26 бет
	Қаржылық нәтижелер және құндылықты бөлу	Жұмыс істейтін өңірлердің орнықты дамуы Қаржылық тұрақтылық	ERG-дің қызметті жалғастыру және одан әрі өсуді қамтамасыз ету қабілетін қамтамасыз ету үшін кірістің қажеттілігі, сондай-ақ бизнестің сыртқы күйзелістерді ойдағыдай еңсеру және дамуды жалғастыру қабілетін қолдау	Бизнестің құндылықты жасау және бөлу қабілетін қолдау, сондай-ақ ілеспе тікелей емес және жанама экономикалық әсерді қоса алғанда, өнім берушілерге, қызметкерлерге, акционерлер мен кредиторларға, мемлекеттер және жергілікті қоғамдастықтарға тікелей төлемдер нәтижесінде оң экономикалық әсер ету	14,66 бет
Адамдарымыздың өркендеуіне көмектесе отырып	Денсаулық және өндірістік қауіпсіздік	Бақытты және кәсіпқой ұжым	Бұл дұрыс қана емес, сондай-ақ операциялық қызметтің үздіксіздігін, қызметкерлеріміздің тиімділігі мен уәдемесін қамтамасыз етуге ықпал етеді	Қызметкерлер мен мердігерлерді өндірістік жарақаттанудан, сондай-ақ кәсіптік аурулардан қорғау	31 бет
	Персоналды тарту, дамыту және ұстап тұру	Бақытты және кәсіпқой ұжым дамуы	Жоғары білікті персоналды тарту, дамыту, ынталандыру және ұстап қалу арқасында құндылықты жасау және бизнесіміздің трансформациясын жүзеге асыру қабілетімізді қолдау (жоғарыда қараңыз)	Қызметкерлердің кәсіби өсуі, сондай-ақ олардың өз әлеуметтік-экономикалық, кәсіби және жеке әлеуетін іске асыру қабілеті	35 бет
	Еңбек қатынастары	Бақытты және кәсіпқой ұжым	Топтың нәтижелілігін, тиімділігі мен рентабельділігін тікелей қолдайтын нәтижелі, позитивті жұмыс мәдениетін қалыптастыру	Қолайлы еңбек жағдайларын, әділ ақы төлеу мен жеңілдіктерді қамтамасыз ету, басшылықтың туындайтын мәселелерге жедел ден қоюы, сондай-ақ қызметкерлеріміз бен олардың отбасыларының әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру және өмір сүру деңгейін арттыру (олардың көбі ERG қызметіне едәуір дәрежеде тәуелді Қазақстанның шалғай елді мекендерінде тұрады)	39 бет
Жергілікті қоғамдастықтарды дамыту және олардың әл-ауқаты	Жергілікті қоғамдастықтарға әсер	Жұмыс істейтін өңірлердің орнықты дамуы	ERG әсерін жауапты басқару және стейкхолдерлермен сындарлы қарым-қатынасты қолдау	ERG қызметінің оң әсері, сондай-ақ осы қызметтің нәтижесінде жергілікті халықтың әлеуметтік және экономикалық мүдделеріне нұқсан келтірілмеуін қамтамасыз ету қажеттілігі	43 бет
	Әлеуметтік инвестициялар	Жұмыс істейтін өңірлердің орнықты дамуы	Қызметті жүргізуге арналған әлеуметтік лицензияны сақтап қалу және олардың көбі өзіміз жұмыс істейтін өңірлерде тарихи түрде қалыптасқан қалаларда қызметкерлеріміз бен жергілікті тұрғындардың жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету. Бұл шаралар қызметті жүргізуге арналған лицензиялардың шарттарында көзделген әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдауға арналған міндетті шығыстарға қатысты заңнамада көзделген талаптарды толықтырады	Қазақстандағы (жұмысқа орналасу және әлеуметтік қызметтер тұрғысынан ERG-ге тәуелді экономиканы әртараптандыру деңгейі төмен шалғай өңірлерде тұратын), сондай-ақ Африка мен Бразилиядағы (онда көптеген жергілікті қауымдар кедейлік жағдайында және ресми жұмысқа орналасу үшін шектеулі мүмкіндіктермен тұрады) жергілікті қоғамдастықтар тап болатын әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу Артельдік және шағын ауқымды өндірумен айналысатын кен іздеуші қауымдардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жақсарту және іздеушілердің балалар еңбегін пайдалануын тоқтату жөніндегі шаралар	47 бет

ҚОСЫМША жалғасы

	Елеулі мәселе	Стратегия-2025-тің тиісті мақсаты	ERG үшін өзектілігі	Стейкхолдерлер үшін өзектілігі	Беті
Экология саласындағы тиімді басқару	Ауа мен суға әсерді басқару	Жұмыс істейтін өңірлердің орнықты дамуы	Қызметіміздің қоршаған ортаға теріс әсерін болғызу/ азайту арқылы заңнамалық талаптарды сақтау және қызметті жүргізуге арналған әлеуметтік лицензияны сақтап қалу	ERG қызметі (өндіруді, балқытуды, қайта өңдеуді, электр энергиясын өндіруді және теміржол тасымалдарын қоса алғанда) адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға теріс әсер етуі мүмкін ластануға алып келуі мүмкін	55 бет
	Энергия және климаттың өзгеруі	Жұмыс істейтін өңірлердің орнықты дамуы	Парниктік газдар шығарындыларын реттеу саласындағы ағымдағы және (немесе) болашақ заңнамаға сәйкестік, сондай-ақ болашақта осы саладағы салық жүктемесін азайту; энергияны тұтынуға байланысты шығыстарды азайту, парниктік газдардың шығарындылары бойынша айқындығына және (немесе) оларды қысқартуға қатысты клиенттердің талаптарын орындау, сондай-ақ тұтастай алғанда, қызметті жүргізуге арналған әлеуметтік лицензияны сақтап қалу	ERG-дің климаттың өзгеруіне әсер ету әлеуеті (ұзақ мерзімді перспективада), ілеспе теріс экологиялық және әлеуметтік-экономикалық әсер, сондай-ақ ERG-дің бүкіл өмірлік цикл бойына өндірістік-өткізу тізбегінің кейінгі кезеңдерінде серіктестер өнімдерінің көміртегі ізіне қосатын үлесі.	59 бет
	Қалдыққоймалар мен қалдықтарды басқару	Жұмыс істейтін өңірлердің орнықты дамуы	Ірі тоннажды қалдықтарды (бос таужыныстарды, қалдықтарды, шламдарды және өнеркәсіптік қалдықтарды қоса алғанда) физикалық және экологиялық басқаруға байланысты нормативтік талаптарды сақтау, қызметтің үздіксіздігін және әлеуметтік лицензияның талабын қамтамасыз ету, сондай-ақ қалдықтарды қайта өңдеуге байланысты әлеуетті коммерциялық мүмкіндіктер	Қалдықтарды сақтайтын ірі объектілерде апатты зақымдануларды және соған байланысты адамдар, экономика мен қоршаған орта үшін нұқсанды болғызуға қажеттілігі, сондай-ақ олай болмаған жағдайда топырақтың, су объектілерінің немесе атмосфералық ауаның ластану көзіне және (немесе) адамдардың денсаулығы және (немесе) қоршаған орта үшін елеулі зардаптары бар оқиғалардың себебі болуы мүмкін қалдықтармен жауапты түрде жұмыс істеу қажеттілігі	63 бет
Қоғам өміріндегі ERG рөлі	Әдеп және комплаенс	Бұл мәселе Стратегия-2025-тің барлық бағыттары үшін өзекті болып табылады	Қолданылатын заңнаманың талаптарын сақтау, серіктестеріміздің тарапынан сенімді нығайту және беделді қорғау, сондай-ақ қызметіміздің мәнмәтінін жақсартуға жәрдемдесу	Тараптардың заңды мүдделерінің (экономикалық, әлеуметтік, саяси, коммерциялық, оның ішінде адам құқықтарының әлеуетті бұзылуын, басқару жүйелерінің беделін түсіруді, сондай-ақ осындай жүріс-тұрысқа байланыстылықты қабылдауды және соған байланысты беделге нұқсан келтіруді болғызуға	71 бет
	Жауапты өндірістік-өткізу тізбектері	Жұмыс істейтін өңірлердің орнықты дамуы	ERG жеткізілімдер тізбегінде әлеуетті түрде бар жанама теріс факторлардан туындауы мүмкін бедел шығындарына жол бермеу, сондай-ақ клиенттер мен өндірістік-өткізу тізбегінің кейінгі кезеңдеріне қатысушыларға жауапты өндіріс пен жеткізілімдердің кепілдіктерін беру	Қызметкерлер мен жеткізілімдер тізбегіндегі басқа стейкхолдерлердің теріс әсерге ұшырамауын қамтамасыз ету қажеттілігі, сондай-ақ компанияның қызметі және (немесе) өзара қарым-қатынастары нәтижесінде туындауы мүмкін кез келген жанама теріс әсерлердің (оның ішінде адам құқықтарына байланысты) нәтижесінде беделге нұқсан келтіруді болғызуға қажеттілігі	76 бет
	Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл және заңнама	Бұл мәселе Стратегия-2025-тің барлық бағыттары үшін өзекті болып табылады	Мемлекеттік саясат, салық салу, заңнама және реттеу, сондай-ақ жаңа лицензиялар беру арқылы ERG-дің пайданы генерациялау және рентабельділікті сақтау қабілетіне мемлекеттің әлеуетті әсері. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Үкіметі 40% иелену үлесімен ERG акционері болып табылады, ал ҚДР Үкіметі ERG-дің бірқатар еншілес кәсіпорындарында қатысу үлестерін иеленеді	Басқа стейкхолдерлердің заңды мүдделеріне нұқсан келтіруді болғызуға үшін бизнес пен мемлекет арасындағы ашық әрі сындарлы өзара іс-қимыл жасау қажеттілігі, сондай-ақ ойластырылған және теңдестірілген мемлекеттік саясатты әзірлеуге жәрдемдесу	81 бет
	Геосаясат	Қаржылық тұрақтылық	Топтың қаржыландыруды тарту қабілетіне, оның клиенттермен және өнім берушілермен қарым-қатынастарына және логистикалық мүмкіндіктеріне әсер ету, сондай-ақ тиісті санкциялардың сақталуын қамтамасыз ету	Топтың өз клиенттеріне өнімді беру қабілеті, кредиторлармен және санкцияларға жататын басқа да үшінші тараптармен ынтымақтастық/келісімдерге қатысты шектеулер, сондай-ақ Топтың шет елдердің үкіметтері енгізген санкцияларды сақтауы	18 бет

Стейкхолдерлермен өзара іс-қимылға шолу

Біз орнықты даму мәселелері бойынша стейкхолдерлермен белсенді, сындарлы және айқын өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз және қызметіміздің нәтижелері туралы ақпаратты ашамыз.

Өзара іс-қимыл жасау үшін стейкхолдерлерді таңдау мынадай факторлардың негізінде жүзеге асырылады:

- Стейкхолдерлердің ERG бизнес-мақсаттарына жетуге іс жүзіндегі/әлеуетті әсері (оның ішінде оның қызметінің қаржылық нәтижелері тұрғысынан);

- ERG-дің стейкхолдерлер мен олардың мүдделеріне іс жүзіндегі/әлеуетті әсері (оң немесе теріс).

Басымдықтарды анықтау, айқындау және стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасау бізге:

- Стейкхолдерлерге ететін әсерімізді түсінуге;
- Теріс әсерді азайтуға және оң әсерді күшейтуге;
- Қызметімізге мониторингті жүзеге асыруға;
- Стейкхолдерлеріміз біздің бизнесіміз үшін ұсынатын тәуекелдер мен мүмкіндіктерді, сондай-ақ біздің қызметіміздің осы

тәуекелдер мен мүмкіндіктерге қалайша әсер ететінін түсінуге;

- Мүмкіндіктерді айқындауға және серіктестіктер құруға;
- Кәсіпорындардағы еңбек жағдайларын жақсартуға мүмкіндік береді.

Өзара іс-қимыл жасау мынадай деңгейлерде жүзеге асырылады:

- Корпоративтік деңгей (стратегиялық мәселелер);
- Өңір деңгейі (стратегиялық/ операциялық мәселелер);
- Кәсіпорын деңгейі (операциялық мәселелер).

Стейкхолдерлермен өзара іс-қимылымыздың негізгі мысалдары төмендегі кестеде ұсынылған.

Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл туралы ақпарат

Санаты	Стейкхолдерлер тобы	Өзара іс-қимыл жасау тәсілі	Мәселелер	Есептің тиісті бөлімі	
Коммерциялық қызмет	Клиенттер	<ul style="list-style-type: none"> • Өнім және сапа кепілдіктері мәселелері бойынша тікелей өзара іс-қимыл • Клиенттердің сұрау салуларына кері байланыс беру • ККТ/КҮС рәсімдері 	<ul style="list-style-type: none"> • Жеткізілімдердің тұрақтылығы/болжамдылығы • Ораманы қоса алғанда, өнімнің техникалық сипаттамалары және (немесе) жеткізу шарттары • Сандық талдау мен салмақты айқындау дәлдігі, сондай-ақ дауларды/наразылықтарды реттеу тәртібі • Өнімнің сапасы/бағасы • Жауапты өндіріс 	<ul style="list-style-type: none"> • Өндірістік-өткізу тізбектерінің сенімділігін қамтамасыз ету және ESG саласында кепілдіктер беру (адам құқықтарын қоса алғанда) • Өмірлік циклдің барлық кезеңдерінде өнімнің көміртегі ізі • Санкцияларды сақтау • КҮС рәсімі шеңберінде сұрау салуларға ден қою • Логистиканы жоспарлау/оның сенімділігі 	Кіріспе, 1, 5
	Өнім берушілер, бизнес-серіктестер мен мердігерлер	<ul style="list-style-type: none"> • Бизнес-қауымдастықтар мен бастамалар арқылы өзара іс-қимыл жасау • Өндірістік қауіпсіздік, оқыту және аудит мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау • ERG өнім берушілерінің жүріс-тұрыс кодексі • ККТ/КҮС рәсімдері 	<ul style="list-style-type: none"> • Келісімшарттардың тұрақтылығы • Заңнамалық және нормативтік талаптарды сақтау, КҮС рәсімі және шарттар жасасар алдындағы тексерулер • Мәмілелердің тиімділігі • Логистиканы жоспарлау/оның сенімділігі • Өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау, парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, адам құқықтары және еңбек қатынастары саласындағы стандарттар 	<ul style="list-style-type: none"> • Жергілікті өндірушілерді тарту және жергілікті өнім берушілердің әлеуетін дамыту үшін мүмкіндіктер • Жауапты өндіріс • ESG саласында кепілдіктер беру • Импортты/экспортты реттеу 	Кіріспе, 5

ҚОСЫМША жалғасы

Санаты	Стейкхолдерлер тобы	Өзара іс-қимыл жасау тәсілі	Мәселелер	Есептің тиісті бөлімі	
Қаржы	Акционерлер	<ul style="list-style-type: none"> Веб-сайтта жаңарту, жаңалықтарды, мәлімдемелерді және операциялық есептерді жариялау Кездесулер мен көшпелі таныстырылымдар 	<ul style="list-style-type: none"> Қаржылық орнықтылықты, операциялық икемділікті, инновацияларды, цифрландыруды және ESG қағидаттарын интеграциялауды қоса алғанда, бизнестің орнықты дамуы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған саясат және дамудың басым міндеттері 	<ul style="list-style-type: none"> Дивидендтік саясат Корпоративтік бедел Күрделі шығындар Геосаяси тәуекел Санкцияларды сақтау 	Kіріспе, 1, 5
	Кредиторлар	<ul style="list-style-type: none"> Қаржылық қызметтер, олардың құрылымы, көлемдері мен құны мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау 	<ul style="list-style-type: none"> Жобаларды табысты іске асыру Геосаяси тәуекелдерді қоса алғанда, қарыздарға байланысты тәуекелдер Заңнаманы сақтау Кредиттік және борыштық келісімдер 	<ul style="list-style-type: none"> Климаттың өзгеруі және ESG саласындағы қызметтің көрсеткіштері Санкцияларды сақтау Жасыл қаржыландыру құралдарын пайдалану үшін мүмкіндіктер 	Kіріспе, 1, 4, 5
Мемлекеттік органдар	Ұлттық үкіметтер	<ul style="list-style-type: none"> Рұқсаттар беру бойынша өзара іс-қимыл жасау, заңнаманың талаптарына сәйкестік және қызметті қадағалау Заңнаманы және мемлекеттік саясатты әзірлеу Мемлекеттік-жекешелік серіктестіктер (мысалы, Қазақстандағы өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдар) Әлеуметтік-экономикалық даму жобаларын іске асыру 	<ul style="list-style-type: none"> Салықтар мен роялти төлемдері Ұлттық әлеуметтік-экономикалық даму Жергілікті халықтың дағдылары мен әлеуетін дамыту Жергілікті өндірушілерден сатып алу Қазақстанда климаттың өзгеруіне қарсы күрес саласындағы күн тәртібі 	<ul style="list-style-type: none"> Қазақстанның Экология кодексі ҚДР-дегі құқықтық/қаржылық реттеу жүйесі ҚДР-де энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету ҚДР-дегі артельдік және шағын ауқымды өндіру 	1, 2, 3, 4, 5
	Өңірлік билік органдары		<ul style="list-style-type: none"> Қазақстандағы, оның ішінде өңірлерді дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасы шеңберіндегі өңірлік әлеуметтік-экономикалық даму Топтың ҚДР-дегі кәсіпорындарының Міндеттемелер тізімінде көзделген әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламалары 	<ul style="list-style-type: none"> ҚДР-дегі Boss Mining кәсіпорнының жұмысын қайта бастау (және кейіннен уақытша тоқтата тұру (44-бет)) Топтың Бразилиядағы кәсіпорындары үшін әзірленген Табиғат қорғау іс-шараларының базалық жоспарларында көзделген әлеуметтік және экологиялық бағдарламалар Тұтастай алғанда, Баия штаты (Бразилия) экономикасының дамуына жәрдемдесу 	3
	Реттеуші органдар		<ul style="list-style-type: none"> Қазақстандағы атмосфералық ауаға шығарындыларды қоса алғанда, қоршаған ортаға әсер Өлімге алып келетін жазатайым оқиғалар және қызметкерлердің жарақаттануы Қалдыққоймаларды басқару және олардың қауіпсіздігі Санкцияларды сақтау 		2, 4, 5

ҚОСЫМША жалғасы

Санаты	Стейкхолдерлер тобы	Өзара іс-қимыл жасау тәсілі	Мәселелер	Есептің тиісті бөлімі	
Қоғам	Жергілікті қоғамдастықтар	<ul style="list-style-type: none"> Қоғамдық тыңдау мен кездесулер Шағымдарды реттеу тетіктері мен рәсімдері Ауқымды сауалнамалар және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды салыстырмалы талдау Кері байланыстың ресми тетіктері (Қазақстандағы Tugan Qala («Родной город») бағдарламасын қоса алғанда) Әлеуметтік жобалар Жергілікті БАҚ-тағы ақпарат ҚДР-дегі Міндеттемелер тізілімдері Білім беру мекемелері 	<ul style="list-style-type: none"> Өмір сүру құнының өсуі Жұмысқа орналасу мүмкіндіктері және жұмыс орындарын құру Жергілікті өмір сүру жағдайлары және инфрақұрылым Жергілікті өнім берушілерден сатып алу және кәсіпорындарды алға жылжыту Баламалы кіріс көздері Қазақстандағы қатты бөлшектердің шығарындыларын қоса алғанда, қоршаған ортаға ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділері 	<ul style="list-style-type: none"> Өндірістік алаңдарға байланысты көлік қозғалысы, шу және шаңның шығарындылары Қалдыққоймаларды басқару және олардың қауіпсіздігі ҚДР-дегі қауіпсіздік, артельдік және шағын ауқымды өндіру Қазақстан мен Африкада жергілікті білім беру мекемелеріне инвестициялар және оқытушылар мен оқушылардың құзыреттерін дамыту ҚДР-дегі Boss Mining кәсіпорнының жұмысын қайта бастау (және кейіннен уақытша тоқтата тұру (44-бет)) Бразилияда суға қол жеткізу 	2, 3, 4
	ҮЕҰ, азаматтық қоғам ұйымдары және БАҚ	<ul style="list-style-type: none"> Салалық бастамаларға қатысу Көпжақты бастамалар мен серіктестіктер Әлеуметтік жобаларды іске асыру Әлеуметтік жобалар туралы баспасөз релиздері және басқа да жарияланымдар, қаржылық ақпарат, жобаларды іске асыру туралы ақпарат 	<ul style="list-style-type: none"> Климаттың өзгеруі Ұлттық және өңірлік әлеуметтік-экономикалық даму Қоршаған ортаны қорғау, биоәртүрлілік және экология саласындағы ағарту қызметі 	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қол жеткізу және ашықтық Бизнесті жүргізудің әдеп қағидаттары Адам құқықтары Қалдыққоймаларды басқару және олардың қауіпсіздігі 	3, 4, 5
	Қоғам		<ul style="list-style-type: none"> Климаттың өзгеруі және жаңа энергия көздеріне көшу Аккумуляторлық батареялардың жауапты өндірістік-өткізу тізбектері 	<ul style="list-style-type: none"> Тұйық цикл экономикасы Қоршаған ортаға әсер Жұмыс орындарын құру Адам құқықтары 	1, 4, 5

ҚОСЫМША жалғасы

Санаты	Стейкхолдерлер тобы	Өзара іс-қимыл жасау тәсілі	Мәселелер	Есептің тиісті бөлімі	
Қызметкерлер	Қызметкерлер және олардың өкілдері	<ul style="list-style-type: none"> Басшылық пен қызметкерлердің өзара іс-қимылы Ішкі коммуникация арналары Өнімділікті арттыру бойынша ұсыныстар мен идеялар Персонал қатысуының зерттеулері Кері байланыстың ресми тетіктері (Қазақстандағы «Белсенді қала тұрғыны мектебін» қоса алғанда) Еңбек қатынастарының белгіленген арналары арқылы қызметкерлермен өзара іс-қимыл жасау Ұжымдық шарттар және кәсіподақ ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау Оқиғаларды тергеп-тексерулер 	<ul style="list-style-type: none"> Өмір сүру құнының өсуі Өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау Психологиялық денсаулық және әл-ауқат Оқыту және дамыту Сыйақы беру және мансаптық өсу мүмкіндіктері Жалдау шарттары/ еңбек жағдайлары 	<ul style="list-style-type: none"> Қызметкерлер мен олардың отбасыларының өмір сүру жағдайлары Ұйымдық өзгерістер және корпоративтік мәдениет Кәсіподақтар мүшелерінің мүдделері Жеңілдіктер Әлеуметтік инвестициялар және Қазақстандағы моноқалаларда экономиканы әртараптандыру 	2, 3
	Жоғары буын басшылары		<ul style="list-style-type: none"> Ұйымдық өзгерістер және корпоративтік мәдениет Біліктілікті арттыру Кәсіби даму 	1, 2	

БҰҰ ОДМ-ына сәйкестік

Тарау	Бөлім	БҰҰ ОДМ-ына сәйкестік	БҰҰ айқындаған тиісті міндеттер ¹	
Бизнесімізді болашаққа дайындау	Активтерді дамыту және қолдау		8.2 Әртараптандыру, техникалық жаңғырту және инновациялық қызмет арқылы экономикадағы өнімділікті арттыруға қол жеткізу	 9.2 Толық қамтитын және орнықты индустрияландыруға жәрдемдесу және 2030 жылға қарай өнеркәсіптегі жұмыспен қамту деңгейі мен өнеркәсіптік өндірістің жалпы ішкі өнімдегі үлесін едәуір арттыру 9.4 2030 жылға қарай инфрақұрылымды жаңғырту және өнеркәсіптік кәсіпорындарды орнықты етіп, оларды қайта жабдықтау
	Технологиялар, тиімділік және цифрландыру		8.2 Әртараптандыру, техникалық жаңғырту және инновациялық қызмет арқылы экономикадағы өнімділікті арттыруға қол жеткізу	 9.5 Ғылыми зерттеулерді жандандыру, барлық елдерде, әсіресе, дамушы елдерде өнеркәсіптік секторлардың технологиялық әлеуетін ұлғайту
	Қаржылық нәтижелер және құндылықты бөлу		9.2 Толық қамтитын және орнықты индустрияландыруға жәрдемдесу және 2030 жылға қарай өнеркәсіптегі жұмыспен қамту деңгейі мен өнеркәсіптік өндірістің жалпы ішкі өнімдегі үлесін едәуір арттыру	
Адамдарымыздың өркендеуіне көмектесе отырып	Денсаулық және өндірістік қауіпсіздік		3.8. Денсаулық сақтау қызметтерімен жалпыға бірдей қамтуды қамтамасыз ету	 8.8 Еңбек құқықтарын қорғау және барлық еңбекшілер үшін сенімді және қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесу
	Қызметкерлерді тарту, дамыту және ұстап қалу		4.4 2030 жылға қарай жұмысқа орналасу, лайықты жұмысты алу және кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін сұранысқа ие дағдылары, оның ішінде кәсіптік-техникалық дағдылары бар жастар мен ересек адамдардың санын едәуір ұлғайту	 8.6 2020 жылға қарай жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіби дағдыларды меңгермейтін жастардың үлесін едәуір қысқарту
	Еңбек қатынастары		8.8 Еңбек құқықтарын қорғау және барлық еңбекшілер үшін сенімді әрі қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесу	 11.1 2030 жылға қарай жеткілікті, қауіпсіз және қымбат емес тұрғын үйлер мен негізгі қызметтерге жалпыға бірдей қол жеткізуді қамтамасыз ету және кедей түкпірлерді абаттандыру

¹ Сіздің назарыңызды БҰҰ айқындаған тиісті міндеттерге сілтемелер біздің әсерімізді, тәуекелдерімізді, мүмкіндіктеріміз бен нәтижелерімізді қарау үшін мәнмәтін ретінде келтірілгеніне және өздері ERG ресми түрде қабылданған мақсаттар болып табылмайтынына аударамыз.

ҚОСЫМША жалғасы

Тарау	Бөлім	БҰҰ ОДМ-ына сәйкестік	БҰҰ айқындаған тиісті міндеттер ¹		
Жергілікті қоғамдастықтарды дамыту және олардың әл-ауқаты	Жергілікті қоғамдастықтарға әсер		3.9 2030 жылға қарай қауіпті химиялық заттардың әсері әрі ауаның, судың және топырақтың ластануы мен улануы салдарынан болатын өлім мен аурулар жағдайларының санын едәуір қысқарту		6.3 2020 жылға қарай ластануды азайту, қалдықтардың төгілуін жою және қауіпті химиялық заттар мен материалдардың шығарындыларын барынша азайту арқылы судың сапасын арттыру
			5.2 Адам саудасы мен жыныстық және қанаудың өзге де нысандарын қоса алғанда, қоғамдық және жеке салалардағы барлық әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрлерін жою		12.4 2020 жылға қарай химиялық заттар мен барлық қалдықтардың бүкіл өмірлік циклі бойына оларды экологиялық тұрғыдан ұтымды пайдалануға қол жеткізу
	Әлеуметтік инвестициялар		1.2 2030 жылға қарай кедейлікте өмір сүретін барлық жастағы ерлердің, әйелдер мен балалардың үлесін кем дегенде жартысына қысқарту		6.1 2030 жылға қарай баршаға қауіпсіз және арзан ауызсуға жалпыға бірдей және тең құқылы қол жеткізуді қамтамасыз ету
			2.3 2030 жылға қарай ауыл шаруашылығының өнімділігі мен шағын азық түлік өндірушілерінің кірістерін екі есе арттыру		8.3 Нәтижелі қызметке, лайықты жұмыс орындарын құруға, кәсіпкерлікке, шығармашылық пен инновациялық қызметке ықпал ететін дамуға бағдарланған саясатты жүргізуге жәрдемдесу әрі микро, шағын және орта кәсіпорындарды ресми тану мен олардың дамуын көтермелеу
			4.4 2030 жылға қарай жұмысқа орналасу, лайықты жұмысты алу және кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін сұранысқа ие дағдылары, оның ішінде кәсіптік-техникалық дағдылары бар жастар мен ересек адамдардың санын едәуір ұлғайту		11.1 2030 жылға қарай жеткілікті, қауіпсіз және қымбат емес тұрғын үйлер мен негізгі қызметтерге жалпыға бірдей қол жеткізуді қамтамасыз ету және кедей түкпірлерді абаттандыру
	5.1 Барлық әйелдер мен қыздарға қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою				
Экология сала-сындағы тиімді басқару	Ауа мен суға әсерді басқару		3.9 2030 жылға қарай қауіпті химиялық заттардың әсері әрі ауаның, судың және топырақтың ластануы мен улануы салдарынан болатын өлім мен аурулар жағдайларының санын едәуір қысқарту		9.4 2030 жылға қарай инфрақұрылымды жаңғырту және өнеркәсіптік кәсіпорындарды орнықты етіп, оларды қайта жабдықтау
			6.3 2030 жылға қарай ластануды азайту, қалдықтардың төгілуін жою және қауіпті химиялық заттар мен материалдардың шығарындыларын барынша азайту арқылы судың сапасын арттыру		12.4 2020 жылға қарай химиялық заттар мен барлық қалдықтардың бүкіл өмірлік циклі бойына оларды экологиялық тұрғыдан ұтымды пайдалануға қол жеткізу
			8.4 2030 жылдың соңына дейінгі бүкіл мерзім ішінде тұтыну және өндіру жүйелерінде ресурстарды пайдаланудың жаһандық тиімділігін біртіндеп арттыру және экономикалық өсудің қоршаған орта жай-күйінің нашарлауымен қатар жүрмеуіне ұмтылу		
	Энергия және климаттың өзгеруі		7.2 2030 жылға қарай әлемдік энергетикалық баланста жаңартылатын көздерден алынатын энергияның үлесін едәуір ұлғайту		12.2 2030 жылға қарай табиғи ресурстарды ұтымды игеру мен тиімді пайдалануға қол жеткізу
			7.3 2030 жылға қарай энергия тиімділігін арттырудың жаһандық көрсеткішін екі есе арттыру		13.2 Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын ұлттық деңгейдегі саясатқа, стратегиялар мен жоспарлауға қосу
			8.4 2030 жылдың соңына дейінгі бүкіл мерзім ішінде тұтыну және өндіру жүйелерінде ресурстарды пайдаланудың жаһандық тиімділігін біртіндеп арттыру және экономикалық өсудің қоршаған орта жай-күйінің нашарлауымен қатар жүрмеуіне ұмтылу		
			9.4 2030 жылға қарай инфрақұрылымды жаңғырту және өнеркәсіптік кәсіпорындарды орнықты етіп, оларды қайта жабдықтау		

1 Сіздің назарыңызды БҰҰ айқындаған тиісті міндеттерге сілтемелер біздің әсерімізді, тәуекелдерімізді, мүмкіндіктеріміз бен нәтижелерімізді қарау үшін мәнмәтін ретінде келтірілгеніне және өздері ERG ресми түрде қабылданған мақсаттар болып табылмайтынына аударамыз.

ҚОСЫМША жалғасы

Тарау	Бөлім	БҰҰ ОДМ-ына сәйкестік	БҰҰ айқындаған тиісті міндеттер ¹		
Экология сала-сындағы тиімді басқару	Қалдыққоймалар мен қалдықтарды басқару		12.2 2030 жылға қарай табиғи ресурстарды ұтымды игеру мен тиімді пайдалануға қол жеткізу 12.4 2020 жылға қарай химиялық заттар мен барлық қалдықтардың бүкіл өмірлік циклі бойына оларды экологиялық тұрғыдан ұтымды пайдалануға қол жеткізу		12.5 2030 жылға қарай қалдықтардың түзілуін болғызбау, оларды қысқарту, қайта өңдеу және қайтадан пайдалану жөніндегі шараларды қабылдау арқылы қалдықтардың көлемін едәуір азайту
	Қоғам өміріндегі ERG рөлі	Әдеп және комплаенс		8.7 Мәжбүрлі еңбекті жою, заманауи құлдық пен адам саудасын жоқ қылу және балалар еңбегінің ең нашар нысандарына тыйым салу мен оларды жоюды қамтамасыз ету	
Жауапты өндірістік-өткізу тізбектері			8.7 Мәжбүрлі еңбекті жою, заманауи құлдық пен адам саудасын жоқ қылу және балалар еңбегінің ең нашар нысандарына тыйым салу мен оларды жоюды қамтамасыз ету 8.8 Еңбек құқықтарын қорғау және барлық еңбекшілер үшін сенімді әрі қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесу	 	16.5 Сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың ауқымдарын олардың барлық нысандарында айтарлықтай қысқарту 17.16 Орнықты даму мүддесінде жаһандық серіктестікті нығайту
Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл және заңнама			16.5 Сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың ауқымдарын олардың барлық нысандарында айтарлықтай қысқарту		17.16 Орнықты даму мүддесінде жаһандық серіктестікті нығайту 17.17 Мемлекеттік ұйымдар арасында, мемлекеттік және жекеменшік секторлар арасында әрі азаматтық қоғам ұйымдары арасында тиімді серіктестікті ынталандыру және көтермелеу

¹ Сіздің назарыңызды БҰҰ айқындаған тиісті міндеттерге сілтемелер біздің әсерімізді, тәуекелдерімізді, мүмкіндіктеріміз бен нәтижелерімізді қарау үшін мәнмәтін ретінде келтірілгеніне және өздері ERG ресми түрде қабылданған мақсаттар болып табылмайтынына аударамыз.

Сыртқы бастамаларға қатысудың негізгі мысалдары

Қатысу деңгейі	Ұйым
Топ	<p>ERG мынадай сыртқы бастамаларға Топ деңгейінде қатысады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Аккумуляторлық батареялар секторына арналған жаһандық альянс (құрылтайшы, Байқаушы кеңес пен Директорлар кеңесінің төрағасы) және оған байланысты бастамалар; • Дүниежүзілік экономикалық форум (стратегиялық қауымдастырылған серіктес)¹; • Пайдалы қазбаларды жауапты берушілерді таңдау жөніндегі бастама (RMI) – Минералды ресурстардың жауапты шығуын қамтамасыз ету процесі (RMAP)²; • Кобальт институты (қатысушы); • ReSource жобасы (құрылтайшы); • Хром өндірушілердің халықаралық қауымдастығы (қатысушы); • БҰҰ Жаһандық шарты (қатысушы); • Орнықты нарықтар жөніндегі бастама (нысаналы топтың көшбасшысы³), сондай-ақ оған байланысты Terra Carta хартиясы (қол қоюшы). <p>Бұдан басқа, ERG мынадай сыртқы бастамалардың қағидаттарын ұстанады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Өндіру саласында ашықтықты қамтамасыз ету жөніндегі бастама (EITI): ERG өзінің қатысу елдерінде, қажетіне қарай, EITI шеңберінде есеп беруді жалғастыруда⁴; • БҰҰ адам құқықтары аспектісіндегі кәсіпкерлік қызметтің басшылық қағидаттары: Қағидаттар Адам құқықтарын сақтау саясатына, Корпоративтік жүріс-тұрыс кодексіне және ERG өнім берушілерінің жүріс-тұрыс кодексіне интеграцияланған; • Эйдү-ның пайдалы қазбалар жеткізілімдерінің тізбегін жауапты басқару үшін тиісті сақтық жөніндегі Басшылық қағидаттары: ERG іске асыратын «Таза кобальт пен мыс» бағдарламасы Басшылық қағидаттардың сақталуын қамтамасыз етуге арналған; сонымен қатар, олар Корпоративтік жүріс-тұрыс кодексіне және ERG өнім берушілерінің жүріс-тұрыс кодексіне де интеграцияланған; • Қауіпсіздік пен адам құқықтарына қатысты ерікті қағидаттар: Қағидаттар Корпоративтік жүріс-тұрыс кодексіне және ERG өнім берушілерінің жүріс-тұрыс кодексіне интеграцияланған.

1 Оның ішінде: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы серіктестік» бастамасы; Тау-кен металлургия секторының басқарушы директорлары; Энергетикалық ауысу үшін пайдалы қазбаларды жеткізуді қамтамасыз ету; Экологиялық таза сутегіге көшуді жеделдету жөніндегі бастама; Көмірден жаңартылатын энергия көздеріне көшу жөніндегі бастама.

2 2022 жылғы тамызда RMI Metalkol RTR қызметінің кобальт өндірушілерін кешенді тексеру бойынша RMAP Стандартының (2018 жылғы) және мыс, қорғасын, никель және мырыш қосылыстарын өндірушілерді кешенді тексеру бойынша RMAP Бірлескен стандартының тиісті бөлімдерінің (2021 жылғы) талаптарына сәйкес келетінін анықтады. 2023 жылы бұл сәйкестікті растау алынды.

Қатысу деңгейі	Ұйым
Қазақстан	<ul style="list-style-type: none"> • Еуразиялық өнеркәсіптік қауымдастық; • Тау-кен өндіру және тау-кен металлургия кәсіпорындарының қауымдастығы; • «Атамекен» Қазақстанның Ұлттық кәсіпкерлер палатасы; • Қазақстан салық төлеушілерінің қауымдастығы; • «Қазақстан шетелдік инвесторларының кеңесі» қауымдастығы; • Орнықты даму үшін қазақстандық табиғат пайдаланушылар қауымдастығы; • «ECOJER» қазақстандық өңірлік экологиялық бастамалар қауымдастығы.
ҚДР мен Замбия	<ul style="list-style-type: none"> • Кобальт институты (Ұлыбритания – Директорлар кеңесіндегі өкілдік); • ҚДР тау-кен палатасы; • Замбия тау-кен палатасы; • Замбияның кадр ресурстарын басқару жөніндегі институты.
Бразилия	<ul style="list-style-type: none"> • БҰҰ Жаһандық шарты (қатысушы)⁵; • Бразилия тау-кен өнеркәсібі институты; • Баия штатының порттарын пайдаланушылар қауымдастығы; • Баия штатының өнеркәсіп федерациясы; • Бразилия тау-кен өндіру өнеркәсібін технологиялық дамыту жөніндегі агенттік; • Бразилия халықаралық қатынастар орталығы; • Ұлттық теміржол операторларының қауымдастығы (ANTF); • «Бразилияның тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі әйелдер» бастамасы; • Баия штатында металдарды, бағалы және асыл металдарды, асыл және жартылай асыл тастар мен магнетитті өндіру жөніндегі кәсіпорындардың бірлестігі (SINDIMIBA); • Бразилияның корпоративтік коммуникациялар жөніндегі қауымдастығы (ABERJE).

3 ERG Бас атқарушы директоры Бенедикт Сobotка Орнықты нарықтар жөніндегі бастаманың атқарушы емес директоры-құрылтайшысы болып табылады.

4 См. перечень стран присутствия Группы, участвующих в Инициативе EITI на стр. 93 и [eiti.org](#)

5 2022 жылғы тамыздан бастап VAMIN кәсіпорны БҰҰ Жаһандық шартының қатысушысы болып табылады. Сонымен қатар, ERG осы бастамаға Топ деңгейінде қатысады.

Негізгі операциялық активтердің тізбесі

Өнім/ дивизион	Саны	Атауы	Негізгі қызметі	Жұмыс істейтін елі
Ферро-қорытпалар	5	Ақсу ферроқорытпа зауыты («Қазхром» ТҰК» АҚ)	Өңдеу	Қазақстан
		Ақтөбе ферроқорытпа зауыты («Қазхром» ТҰК» АҚ)	Өңдеу	Қазақстан
		«Дөң тау-кен байыту комбинаты» ¹ («Қазхром» ТҰК» АҚ)	Өндіру және қайта өңдеу	Қазақстан
		«Қазмарганец» кен басқармасы («Қазхром» ТҰК» АҚ)	Өндіру және қайта өңдеу	Қазақстан
		«Жәйрем марганеці» АҚ	Өндіру	Қазақстан
Темір кені	3	«Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі» АҚ ²	Өндіру және қайта өңдеу	Қазақстан
		«Қашар Кені» АҚ	Өндіру және қайта өңдеу	Қазақстан
		Bahia Mineração S/ A ³	Өндіру және қайта өңдеу	Бразилия
Глинозем және алюминий⁴	3	Торғай боксит кен басқармасы («Қазақстан алюминийі» АҚ)	Өндіру және қайта өңдеу	Қазақстан
		Краснооктябрь боксит кен басқармасы («Қазақстан алюминийі» АҚ)	Өндіру және қайта өңдеу	Қазақстан
		Павлодар алюминий зауыты («Қазақстан алюминийі» АҚ)	Өңдеу	Қазақстан
		«Қазақстан электролиз зауыты» АҚ ⁵	Өңдеу	Қазақстан
Кобальт, мыс және өзге де түсті металдар⁶	6	Metalkol SA	Өндіру және қайта өңдеу	КДР
		Frontier SA	Өндіру және қайта өңдеу	КДР
		Chambishi Metals PLC ⁷	Өңдеу	Замбия
		Boss Mining SAS	Өндіру және қайта өңдеу	КДР
		Todal Mining (Pvt) Limited	Кен орындарын барлау	Зимбабве
		Sabot Management Limited	Көлік қызметтері	Орталық және Оңтүстік Африка ⁸
Энергетика	4	«Шығыс» разрезі («Еуроазиаттық энергетикалық корпорациясы» АҚ) ⁹	Өндіру	Қазақстан
		Ақсу электр станциясы («Еуроазиаттық энергетикалық корпорациясы» АҚ)	Электр энергиясын өндіру	Қазақстан
		«Шұбаркөл көмір» АҚ	Өндіру және қайта өңдеу	Қазақстан
		«З-Энергоорталық» АҚ	Электр энергиясын өндіру	Қазақстан
Логистика	1	«ТрансКом» ЖШС	Көлік қызметтері	Қазақстан

1 Есепте «Дөң ТКБ» ретінде аталады.

2 Есепте «ССКӨБ» ретінде аталады.

3 Есепте «ВАМИН» ретінде аталады.

4 Торғай боксит кен басқармасы («Алюминий Казахстана» АҚ) 2023 жылы жабылды.

5 Есепте «ҚЭЗ» ретінде аталады.

6 Sabot логистикалық компаниямыз «Өзге де түсті металдар» бөліміне қосылған, өйткені ол, негізінен, Африкадағы өндірістерімізді қолдау функцияларын орындайды.

7 Замбиядағы Chambishi Metals кәсіпорны қазіргі уақытта консервацияланған.

8 Sabot кәсіпорны Африканың бірқатар елдерінде қызметін жүргізетін бірнеше компаниядан тұрады.

9 Есепте «ЕЭК» ретінде аталады.

GRI мөлшерінің көрсеткіші

ERG GRI мазмұнының осы Нұсқағышында көрсетілген ақпаратты GRI Стандарттарының талаптарын ескере отырып, 2022 күнтізбелік жыл үшін есепте ашты. Осы есепті дайындау кезінде GRI 1: Негіздер (2021) пайдаланылды.

GRI стандарты	Көрсеткіш	Бет	Түсініктеме
GRI 2: Жалпы ашулар (2021)			
2-1	Ұйым туралы мәліметтер	4, 81, 83	Алдыңғы және артқы жағын-дағы беттер; ERG штаб-пәтері Люксембургте орналасқан.
2-3	Есепті кезең, есептілікті ұсыну жиілігі және байланыс ақпараты	2	
2-4	Деректерді қайта қарау	15, 50	
2-6	Қызмет, құнды жасау тізбегі және басқа да іскерлік қатынастар	8	
2-7	Қызметкерлер	8, 39	
2-9	Басқару органдарының құрылымы мен құрамы	83-84	
2-13	Әсерлерді басқару үшін жауапкершілікті табыстау	83-84	
2-22	Орнықты даму саласындағы стратегия туралы мәлімдеме	5-7, 8, 9, 10, 11, 12	
2-23	Ұйымның ішкі құжаттарында бекітілген міндеттемелер	71-75	
2-25	Теріс әсерлерді жою процестері	47, 52, 74, 75	
2-26	Консультациялар алуға жүгіну және проблемалар туралы хабарлау тетіктері	73, 75	
2-27	Заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтау	74	Жоқ
2-28	Қауымдастықтарға мүшелік	103	
2-29	Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасауға қатысты көзқарас	18, 96-99	
2-30	Ұжымдық шарттар	39	
GRI 3: Елеулі тақырыптар (2021)			
3-1	Елеулі тақырыптарды айқындау процесі	17, 96	
3-2	Елеулі тақырыптардың тізбесі	19, 94	
3-3	Елеулі тақырыптарды басқару	20-29, 30-41, 42-53, 54-64, 65-82, 85-88, 89-93	

GRI стандарты	Көрсеткіш	Бет	Түсініктеме
GRI 201: Экономикалық нәтижелілік (2016)			
201-1	Жасалған және бөлінген тікелей экономикалық құн	68	
GRI 203: Тікелей емес экономикалық әсерлер (2016)			
203-1	Инфрақұрылымға және қоғамдық маңызы бар қызметтерге инвестициялар	39-41, 47-53	
203-2	Елеулі тікелей емес экономикалық әсерлер	39-41, 43-46, 47-53	
GRI 204: Сатып алу практикалары (2016)			
204-1	Жергілікті өнім берушілерге жұмсалған шығыстардың үлесі	66-69	
GRI 205: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл (2016)			
205-1	Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер тұрғысынан бағаланатын өндірістік бөлімшелер	67, 69, 93	Біз Қазақстанда, Африкада және Бразилияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері саласында қолданылатын комплаенс-рәсімдердің талап-тарына сәйкестігі тұрғысынан біздің процес-теріміз бен мәмілелеріміздің 100% -ын бағалаймыз. Бұл аймақтар мен Топ деңгейіндегі тәуекелдерді басқару жүйесінің бөлігі болып табылады.
205-2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен әдістерін ақпараттандыру және оқыту	71-74	
205-3	Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайларының жалпы саны және қабылданған шаралар	74	Жоқ
GRI: 206 Бәсекелестікке кедергі			
206-1	Бәсекелестікке кедергіге және монополияға қарсы талаптардың бұзылуына байланысты ұйымға қатысты құқықтық әрекеттер		Жоқ
GRI 207: Салықтар (2019)			
207-1	Салық салуға қатысты көзқарас	67, 69, 93	

GRI мөлшерінің көрсеткіші

GRI стандарты	Көрсеткіш	Бет	Түсініктеме
207-2	Салықтарды басқару, тәуекелдерді бақылау және басқару	67, 88, 93	
207-3	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу және салыққа қатысты мәселелерді шешу	57, 103	
207-4	Салықтар және басқа да байланысты қаржылық көрсеткіштер туралы ақпарат (салық юрисдикциялары бойынша)	69	
GRI 302: Энергия (2016)			
302-1	Ұйым ішінде энергияны тұтыну	62	
302-4	Энергия тұтынуды қысқарту	62	
GRI 303: Су және төгінділер (2018)			
303-1	Ортақ ресурс болып табылатын суға әсер	51	
303-2	Суды ағызуға байланысты әсерлерді басқару	55-58	
303-3	Су алу	8	
GRI 305: Шығарындылар (2016)			
305-1	Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1-қамту)	62	
305-2	Жанама энергия тұтынудан парниктік газдардың шығарындылары (2-қамту)	62	
GRI 306: Қалдықтар (2020)			
306-1	Қалдықтардың түзілуі және қалдықтарға байланысты айтарлықтай әсерлер	63-64	
306-2	Қалдықтарға байланысты айтарлықтай әсерлерді басқару	63-64	

GRI стандарты	Көрсеткіш	Бет	Түсініктеме
GRI 401: Жұмыспен қамту (2016)			
401-2	Толық жұмыспен қамту жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер, олар уақытша немесе толық емес жұмыспен қамту жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейді	39	
GRI 402: Жұмыскерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынастары (2016)			
402-1	Ұйымның қызметіндегі өзгерістерге қатысты хабардар етудің ең аз кезеңі		Ең қысқа ескерту мерзімдері Top бойынша әр түрлі болады. Қазақстанда ең қысқа ескерту мерзімі бір ай немесе одан да көп уақыт ұжымдық шарттар бойынша қарастырылған (15-тен жоғары күнтізбелік күндер, еңбек кодексімен қамтамасыз етілген). ҚДР-де Metalkol RTR кәсіпорнында келісімшарт бойынша ең қысқа ескерту мерзімі бір ай. Бразилиядағы BMIN кәсіпорнында және басқа да Африкадағы кәсіпорындарымызда ең қысқа ескерту мерзімдері ұжымдық шарттар бойынша немесе жергілікті еңбек заңнамасы бойынша қарастырылмаған.
GRI 403: Денсаулық сақтау және өндірістік қауіпсіздік (2018)			
403-1	Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау мәселелерін басқару жүйесі	31-32, 34, 86, 89-90	
403-2	Қауіптерді сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру	31-34, 84, 86	
403-3	Кәсіби денсаулықты сақтау мақсатында ұсынылатын қызметтер	32, 33, 86	
403-4	Қызметкерлер үшін еңбекті қорғау жүйесін жақсартуға қатысу мүмкіндіктері, қызметкерлермен еңбекті қорғау мәселелері бойынша консультациялар мен коммуникациялар	32, 84, 99	
403-5	Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау мәселелері бойынша оқыту	32-33, 34	
403-6	Қызметкерлердің денсаулығын сақтау	33, 34, 40	
403-7	Кәсіби қызметке байланысты қызметкерлердің денсаулығы мен еңбек қауіпсіздігіне әсерлерді болғызбау және жұмсарту	33	
403-9	Өндірістік жарақаттану	31	
403-10	Кәсіптік аурулар	33	

GRI мөлшерінің көрсеткіші

GRI стандарты	Көрсеткіш	Бет	Түсініктеме
GRI 404: Дайындық және білім беру (2016)			
404-2	Өмір бойына дағдылар мен білім беруді дамыту бағдарламалары	27, 35-38	
404-3	Өздері үшін мансаптың нәтижелілігі мен дамуына мерзімді бағалау жүргізлетін қызметкерлердің үлесі	37-38	
GRI 406: Кемсітушілікке жол бермеу (2016)			
406-1	Анықталған кемсітушілік жағдайларының саны және жасалған әрекеттер	41	Жоқ
GRI 407: Бірлестіктер мен ұжымдық келіссөздер жүргізу бостандығы (2016)			
407-1	Бірлестіктер бостандығын пайдалану және ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығы елеулі тәуекелге ұшырауы мүмкін бөлімшелер мен өнім берушілер	41	Жоқ
GRI 408: Балалар еңбегі (2016)			
408-1	Балалар еңбегін пайдаланудың елеулі тәуекелі бар бөлімшелер мен өнім берушілер	52, 74-75	
GRI 409: Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек			
409-1	Мәжбүрлі немесе міндетті еңбекті пайдаланудың елеулі тәуекелі бар бөлімшелер мен жеткізушілер	74-75	
GRI 410: Қауіпсіздікті қамтамасыз ету практикалары (2016)			
410-1	Адам құқықтарының аспектілеріне қатысты саясаттар мен рәсімдер бойынша оқытудан өткен қауіпсіздік қызметі қызметкерлерінің үлесі	46-47	

GRI стандарты	Көрсеткіш	Бет	Түсініктеме
GRI 413: Жергілікті қоғамдастықтар (2016)			
413-1	Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасау бағдарламалары, жергілікті қоғамдастықтарға қызметтің әсерін бағалау бағдарламалары және жергілікті қоғамдастықтарды дамыту бағдарламалары іске асырылған бөлімшелер	43-46, 47-53	
413-2	Жергілікті қоғамдастықтарға елеулі іс жүзіндегі немесе әлеуетті теріс әсері бар бөлімшелер	43-46	
GRI 414: Өнім берушілердің қоғамға әсерін бағалау			
414-1	Қоғамға әсер ету критерийлері бойынша бағалаудан өткен жаңа өнім берушілер	76	
GRI: 415 Мемлекеттік саясат			
415-1	Саяси мақсаттарға жарналар	82	Жоқ

ҚОСЫМША жалғасы

БҰҰ Жаһандық шарты көрсеткіштерінің кестесі

Санаты	Қағидат	Беті
Адам құқықтары	1: Коммерциялық компаниялар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдауға және құрметтеуге тиіс.	74, 89, 90, 92, 103
Адам құқықтары	2: Коммерциялық компаниялар адам құқықтарын бұзуға қатысы болмауға тиіс.	43-46, 71-75, 76-80, 84
Еңбек қатынастары	3: Коммерциялық компаниялар бірлестік бостандығын және ұжымдық шарттар жасасу құқығын шынайы мойындауды қолдауға тиіс.	39, 41, 89
Еңбек қатынастары	4: Коммерциялық компаниялар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жоюды жақтауға тиіс.	74, 76-80, 89-90
Еңбек қатынастары	5: Коммерциялық компаниялар балалар еңбегін толығымен жоюды жақтауға тиіс.	52, 74, 76-80, 89-91
Еңбек қатынастары	6: Коммерциялық компаниялар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды жақтауға тиіс.	39, 41, 86, 89
Қоршаған ортаны қорғау	7: Коммерциялық компаниялар сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге қатысты көзқарасты қолдауға тиіс.	12-13, 54-58, 59, 63, 86, 89, 91
Қоршаған ортаны қорғау	8: Коммерциялық компаниялар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауға тиіс.	12-13, 55-58, 59-62, 63-64, 86, 91, 103
Қоршаған ортаны қорғау	9: Коммерциялық компаниялар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесуге тиіс.	21, 25, 55-58, 59-62, 63-64
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	10: Коммерциялық компаниялар бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы тұруға тиіс.	71-74, 76-80, 87, 92

Өлшем бірліктері

\$	АҚШ доллары
млн	Миллион
мың тонна	Мың тонна
жылына мың тонна	Жылына мың тонна
млн тонна	Миллион тонна
жылына млн тонна	Жылына млн тонна
ГВт*сағ	Гигаватт-сағат
МВт	Мегаватт
км	Километр
мЗ	Текше метр
нм	Нанометр
га	Гектар

Болжамды мәлімдемелер

Осы Орнықты даму саласындағы есеп болжамды сипаттағы белгілі бір мәлімдемелерді қамтиды. Мұндай мәлімдемелер тарихи фактілерге негізделмеген және табиғаты бойынша перспективалы болып табылады. Мәлімдемелердің болжамды сипатын, атап айтқанда, «ниеттену», «көздеу», «болжау», «күту», «бағалау», «жоспарлау», «пайымдау», «мүмкін», «тиіс», «болады», «әлеуетті», «ықтимал», «зерделеу», «зерттеу» сияқты терминдерді және осындай өзге де сөздерді пайдалану көрсетіп отыр.

Болжамды мәлімдемелер белгілі және белгісіз тәуекелдермен, тұрлаусыздықпен және өзге де факторлармен ұштасады, оларға байланысты іс жүзіндегі көрсеткіштер, оқиғалар мен нәтижелер осындай болжамды мәлімдемелерде тікелей айтылған немесе тұспалданған болжалдардан айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін. Мұндай факторлар, атап айтқанда, операциялық қызметтің іс жүзіндегі нәтижелерін, нарықтық жағдайларды, валюталарды айырбастау бағамдарының ауытқуларын, операциялық қызметтегі іркілістерді, макроэкономикалық динамиканы, саяси тұрлаусыздықты, мемлекеттік реттеуді және өзге де тиісті факторларды қамтуы мүмкін. Сондықтан мұндай болжамды мәлімдемелерге шамадан тыс сүйенбеген жөн.

Осы есепте қамтылған болжамды мәлімдемелер ол жарияланған күнге ғана жарамды. ERG осы күннен кейін осы есепте қамтылған қандай да бір болжамды мәлімдемелерді жаңарту немесе қайта қарау бойынша міндеттемелерді өзіне алмайды.



EURASIAN RESOURCES GROUP S.À R.L.

9, rue Sainte Zithe
L-2763 Люксембург

eurasianresources.lu

☎ +352 24 84 53 1

☎ +352 26 84 58 99

✉ info@erg.net